

Л 2018

2780 к

Әділ Ахметов




ҒАСЫР

ҒИБРАТЫ





Әділ Ахметов



ҒАСЫР
ҒИБРАТЫ

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана – 2018

ӘОЖ 327(574)
КБЖ 66.4(5Қаз)
А 94

А 94 Ахметов Ә.
Ғасыр ғибраты. – Астана: Фолиант, 2018. – 272 бет.

ISBN 978-601-302-893-4

Бұл туындыға белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Ресей және Қазақстанның Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академияларының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, елші-дипломат Әділ Ахметовтің жаһанданған әлемнің геосаяси келбеті мен егемен еліміздің әлемдік геосаясаттағы дара жолын айшықтайтын сараптамалық мақалалар топтамасы енгізілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 327(574)
КБЖ 66.4(5Қаз)

ISBN 978-601-302-893-4

© Ахметов Ә., 2018
© «Фолиант» баспасы, 2018

*Ғибраты мен тағылымы мол
бұл туындыны
балаларым мен немерелеріме
арнаймын*

ҮЙЛЕСІМНІҢ ҮЛГІСІ

Алғысөз

«Үндісті» аялаған үрдіс

*Тілімді өрге сүйреді,
Тексіздерді түйреді.
Бірақ «үндіс» жұртына,
Бұрып тұрар бүйрегі...*

(Тақырыптың тұздығы)

1990 жылдардың басында «Жас алаш» газетінің редакциясына тосындау бір қонақ келді. Тосындау дейтініміз, әдетте мұнда қазақтың танымал тұлғалары, әсіресе белгілі өнер адамдары жиі бас сұғатын. Ал мына кісі жер түбінен жетіпті. Азуын айға білеген Америка Құрама Штаттарының тұрғыны. Әлде ғалым, әлде жиһангез. Не кәсіп істейтіні есімізде қалмапты. Тірі америкалықты көру үшін бәріміз бас редактордың бөлмесіне жиналдық. Мұхиттың арғы жағын мекендейді демесең, екі иығы қушиған, көзге қораштау біреу. Оның есесіне әлгі мейманды осында ертіп келген келбеті келісті азаматқа көбірек назарымыз ауды. Жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, жанындағыларға ыстық ілтипаты зиялылардың зиялысы екенін аңғартып тұр. Өзі сондай салмақты. Ол тек АҚШ-тан келген кісіні ертіп жүру міндетін ғана атқармайтын сияқты. Белгілі тілші-ғалым, оған қоса кәсіби аудармашы көрінеді. Мұны америкалық қонақ келген сапарының жайын өз тілінде аз-кем мәлімдеген соң, оның сөзін бірден қазақшаға аударып, көсіле жөнелгенде байқадық. Өте көркем сөйлейді екен. Демек,

соның бәрін алдымен өз тілінде айтып отырған анау мейманың да мықты болды ғой. Біз сол сәтте америкалықтардың ішінде де аузымен құс тістеген шешен жігіттер бар екен ғой деген ой түйдік. Оның бәрі аудармашы шеберлігінің арқасы екенін қайдан білейік?! Мұхит асып келген мейманның әр сөзін әсерлі жеткізген жігіт ағасының есімі Әділ Ахметов екен. Алматы шет тілдері институтын бітіріп, сонда оқытушы болыпты. Енді АҚШ-тың Аризона штатының Тусон қаласында қызмет істейтін көрінеді. Ұмытпасам, ол кісі жанындағы серігін жастар басылымының журналистерімен жүздестіріп, бірер күн ел аралатқан соң көп ұзамай, Аризонасына аттанып кетті-ау деймін. Әйтеуір, сол жолы бәрімізге жақсы әсер қалдырды.

Көп ұзамай Әділ ағаның америкалық «үндістер», олардың түркілік тегі, тілдік ерекшеліктері туралы мақалалары «белгілі басылымдарда жиі жарық көре бастады. Бірінен бірі қызық. Жазуы сондай тартымды. Шетінен қиып алып сақтай бердік. Ақыры осы тақырып сәл кейінірек жақсы ағаның жанына жақындауымызға себепші болды. Бертінде өзіміз де мұхит астық. «Үндістердің» резервациясын аралап көрдік. Әділ ағаның талайды елеңдеткен танымдық мақалаларынан соң олардың тағдырына өзгеше көзбен зер салдық.

«Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған ғалымның АҚШ-тың байырғы тұрғындарының тегінен түркіліктің белгілерін іздеуі заңдылық сияқты көрінді. Ақыры осы ізденістері «Азия – Берингия – Америка немесе америкалық «үндістердің» азиялық тегі» атты ғылыми зерттеуге айналды. Бұл кітап қазақ және орыс тілдерінде бірнеше рет басылып шықты. АҚШ-қа барғанымызда жанымдағы серігім «үндістердің» бір өкіліне «Сендер бізге ұқсайсыңдар» дегені бар. Сонда қанша жаншылса да, рухы тапталмаған әлгі «үндіс»: «Жоқ, сендер бізге ұқсап тұрсыңдар!» деп жауап берді. Менің серігім де ежіктеп қояр емес: «Дегенмен бәрібір арамызда бір жақындық бар екені рас қой...». Сонда «үндіс» былайша асқақтықпен тіл қатты: «Мүмкін! Өйткені, аспан – біреу, жер – біреу!». Ал енді сол асқақтықтың сырын білгіңіз келсе, Әділ Ахметовтің аталған ғылымтанымдық кітабын қайыра оқып шығыңыз. Кітапты парақтап отырып, «Қайран «үндістерім-ай», қазақ жұртында қандай қамқоршыларың бар екенін білмейсіңдер-ау» деп күрсінесің.

Жалпы, шетелде қызмет істеген қазақ қаламгерлерінің бағы бар. Өзгелер тек өзіне тиісті міндетін ғана атқарса, олар мыңдаған адаммен жүздесіп, алуан тағдырды саралап, шығармашылығына азық іздейді. Адамның жан дүниесіне үңіледі, басқаларға байқала бермейтін түйткілдерді табады. Деректерге тіл бітіреді, фактілерді қалағанынша ойнатады.

АҚШ-та болған әр күнін ұтымды пайдаланған ғибратты ғалымдардың бірі – Әділ Ахметов. Ол «үндістердің» арғы тегіне ден қойып, жан-жақты зерттеу жүргізіп, көпшілікке батыл болжамдарын ұсынды. Кейіпкеріміз жер түбіндегі «үндістерге» ғана емес, кез келген қандасына, қаймана қазақтың бәріне құрметпен қарайды. Үлкенге де, кішіге де ілтипат пен ізет көрсетеді. Ал дос-жаранға адалдығы айрықша бағалауға лайық.

Дос-жаран демекші, соңғы жылдарда қазақтың елге қадірлі үш азаматының риясыз сыйластығына куә болып жүрміз. Олар – Әділ Ахметов, Қуаныш Сұлтанов және Бақберген Досманбетов. Үшеуі де көрнекті қоғам қайраткері. Үшеуі де ғылым докторы. Ең бастысы, ел-жұрт арасында қазақтың үш биіндей беделді. Бірін-бірі бұрын да қадірлейтін абзал ағалардың жолы Парламент Сенатының қабырғасында тоғысты. Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ететін жылы үш әріптес Еуропаға жиі сапарға шықты. Еуропарламенттің тыныс-тіршілігімен танысты. Сол сапарлардан Сенаттың түрлі деңгейдегі отырыстарына мәселе дайындады. Бұл сыйластық олардың Сенаттағы мерзімі аяқталғаннан кейін де жалғасып келеді. Енді ел ішін бірге аралайтын болды. Олар әсем Астананың төрінде жиі жүздесіп тұрады. Ал енді осы үштіктің бейресми жетекшісі Әділ аға секілді көрінеді маған. Елге танымал екі інісі оның жасы үлкендігін сыйлайды. Алдынан кесе өтпейді. Мәселен, аңшылығы аңызға айналған Бақберген Досманбетов Африкаға аң атуға аттанар кезде Әділ ағаға айтып кетеді. Келген соң қара құрлықтың қалың жынысынан қаншама аң аулағаны жөнінде ол кісіге есеп береді. Артық-кемі джунглидегі саят қызығының тасасында қалатын аңшының жырдан қызық әңгімесін үшеуі бірге отырып тыңдайды. Кәдімгі әйгілі картинаның кейіпкерлері секілді. Тек атақты суретші Василий Перовтің баршаға танымал әйгілі үш аңшысының орнына біздің үш ағамызды қоя салыңыз...

Ұстадан – тәлім, ұстаздан – тағылым

*Шуағы оның – ілімде,
Шырағы оның – білімде.
Шабыттанып сөйлейді
Шекспирдің тілінде.*

(Тақырыптың тұздығы)

Кейіпкеріміздің ілім-білімге жолы қалай басталып еді өзі? Ең алдымен, оның ауылындағы орта мектептің мұғалімдері мықты болды. Соғыстан соңғы кез. Білімге құштар ұрпақ. Әсіресе география пәні қызықты оқытылады. Бала біткен мұхиттар мен аралдардың, түбектер мен шығанақтардың, өзендер мен көлдердің атын жатқа біледі. Жер түбіндегі ұсақ мемлекеттердің елеусіз қалаларына дейін ұмытпайды. Әділ аға кейін шетелдерге сапар шеккенде кейбіреулердің өз елінің астанасын білмейтініне қайран қалды. Жалғыз география ғана емес, қазақ тілі, ағылшын тілі, математика, химия пәндерінің мұғалімдері де сабақты жан-тәнімен беріле түсіндіретін. Осындай іргелі білімді тіпті университетте де алмаған шығар. Сондай тегеурінді ұстаздардан өнеге көрген мектеп түлегі Әділ Ахметов Алматыға оқуға келді. Оның оқуға келу мәселесі де оңайлықпен шешілген жоқ. Мектеп бітірген соң комсомолдық жолдамамен ауылда еңбек етуге қалған-ды. Бірақ бригадада ұзақ аялдай қоймады. Қабылдау емтиханына екі-үш күн қалғанда астанаға аттанды. Мұғалімдерінің қай-қайсысы да өз пәнін зердесіне жақсылап құйғанына қарамастан, «нақ осыған түсемін» деп ең тағып келген оқуы жоқ еді. Сол мәселені кешкілік ақылдасып отырғанда ағасының досы Талдыбай деген жігіт былай деді: «Мына жерде ҚазПИ-дің шет тілдері факультетінің корпусы бар. Сен осыған түс! Тұратын үйіңе жақын». Сол тұста Ішкі істер министрлігінде жұмыс істейтін әлгі жігіт әп-сәтте болашақ ғалымның бүкіл тағдырын айқындап берді. Қазір қайда екені белгісіз осы Талдыбайдың теориясы оның бүкіл өміріне жол нұсқады. Шет тілін терең білген соң, алдынан мүмкіндік көздері көбірек ашылды. Шет елдерде қызмет істеді. Ел дипломатиясының көшбастаушыларының бірі болды. Тәртіп сақшысы Талдыбайдың аузына Құдай сөз салып тұр екен! Бұдан соң оны әулие демей көр! Кейде ойлаймыз: ал сол шет тілдері факультеті

Әдекеңнің уақытша тұрған үйінен едәуір алысырақта болғанда қайтер еді?! Сабақты салғаннан жақсы оқыды. Ағылшын тілін терең меңгеруге ден қойды. Жас өреннің көзінен от байқаған ұстаздары жүрегiнiң жылуын аямай төкті. Оның болашағына сеніммен қараған оқытушыларының бірі Александр Рогач еді. Ата-бабасы Ресейден АҚШ-қа ауған Александр Павлович ағылшыншаны да, орысшаны да өте жетік білетін. Ол санасы сергек, танымы бөлек студентке үнемі қамқор болды. Шамасы келгенше түрлі әділетсіздіктен қорғап бақты. Өзіміздің оқытушылар ара-тұра тоңмойын мінез көрсетіп, бағасын төмендетуге тырысса, Рогач үнемі араша түсетін. Мемлекеттік емтиханда да жанын салып қорғады. «Сендер болмашы нәрсеге бола жөнсіз қитықпаңдар! Оның айрықша ынта-ықыласын, жыл бойғы еңбегін неге ескермейсіңдер? Бір сөз үшін бағасын кемітуге болмайды ғой» деп басу айтатын. Оқу орнының ректоры Мәлік Ғабдуллиннің де бұған деген көзқарасы ерекше болды. Бүкіл студентті бауырына сыйғызатын батыр ректор Әділ ағамызды жақсы көретін. Бәлкім, зерделі шәкіртінің кейін өзі секілді ректор болатынын жүрегі сезген шығар?! Шет тілдері институтына айналған факультетті үздік бітірді. Ұстаздары оны оқу орнына алып қалды. Шынында да, институттың қатардағы оқытушысынан ректор қызметіне дейінгі даңқты жолдан өтті. Талай адам армандайтын тағылымды ғұмыр осындай-ақ болар! Тілді терең игеру мақсатымен көркем дүниелерді ағылшыншадан қазақшаға тікелей аударуға кірісті. Әйгілі детектив шебері Агата Кристидің таңдамалы шығармаларын ана тілімізде сөйлетті. 1973 жылы Алматыда өткен Азия-Африка жазушыларының халықаралық конференциясы қарсаңында сырт елдердің бірқатар танымал өкілінің әңгімелерін тәржімеледі. Тек талантты ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде ғана танылған жоқ. Парасатты педагог, ойлы оқытушы екенін де сан рет дәлелдеді. Өз әдістемесін қолданып, балаларды тілді тезірек игеруге баулыды. Оларды жұпқа бөліп оқытты. Қысқа әңгімелер жаттатты. Бір-біріне сұрақ қойдырды. Жұптарын ауыстырып, тағы да қайталатты. Бұл тәсіл көп ұзамай жемісін бере бастады. Студенттерге үнемі кітап оқуды міндеттеді. Өзі де жас күнінен кітапты көп «кемірген» баланың бірі еді. Әділ ағаны кітапқа қызықтырған туған нағашысы Ахмет ұста болатын. Темірден түйін түйетін ол білезіктен бастап арба-ша-

наға дейін жасай беретін. Сұңғыла Ахаң мықты ұста ғана емес, мықты ұстаз екенін де таныта білді. Ол ұғымтал жиені мен өз ұлы Әбдібек екеуіне үзбей кітап оқытты. Сол кездегі ең тәуір деген құндылықтың бәрінен қалыс қалдырған жоқ. Ауылға жаңа кітап келсе, қолдарына ұстата қояды. Күндіз оқыған дүниесі түнімен баланың түсіне кіреді. Әйгілі «Мың бір түнді» бұлар мектепте жүргенде-ақ тауысты.

Өмірде адамды ширықтырып, жеңіске жігерлендіретін сәттер болады. Шешесінің төрт ағасының кішісі Сүгірбек тентектеу адам еді. Сол кісі жиенінің оқуға барамын дегенін онша құп көрмей, «Шешенді кім бағады?» деп біраз қитықты. Ол аздай, «Кейін күніңді көре алмайсың, қоңыз теріп кетесің» деп кейістік білдірді.

Арада жылдар өтті. Біздің кейіпкеріміз биік белестердің бірінен соң бірін игере бастаған. Ел таныған ардақты азаматқа айналды. Бір күні нағашысы Алматыдағы үйіне қонаққа келе қалсын. Бәрі үстел басына жиналды. Осы арада Әдекеңнің нағашысымен ойнауға аңсары ауғаны. Дастархан үстіндегі тағам түрлерін меңзеп, «Мына қоңыздан алып отырыңыз» деп қалды. Нағашысы риясыз күлді. «Өй, сен әлі ұмытпай жүр екенсің ғой...» деді сосын. Жай аяқ астынан тіліне орала кеткен әзілі ғой. Нағашыға наз айтпайтын жиен бола ма?! Әйтпесе, өткенді қозғап, үлкен кісіні тығырыққа тірейін дейін деген ойы жоқ-ты. Дегенмен осындай қамшы боп тиер салмақты сөздердің алдағы асуларды алуға құлшындырғаны рас...

Саясат саңлақтарымен сырласу

*Ли Куан Юмен мұңдасып,
Альберт Гормен қырға асып...
Збигневке жүгінер,
Киссинджермен сырласып...
(Тақырыптың тұздығы)*

Осы кезге дейін жүзге тарта елдің топырағына табаны тиіпті. Ең алдымен көрген елі Германия болатын. Кеңестік кезеңде социалистік жүйенің мемлекеттеріне ғана жолың түсетін. Әділ Ахметов 1985 жылы Шет тілдері институтының прорек-

торы болып жүрген кезінде ГДР-ге делегация бастап барды. Өзі қызмет істейтін оқу орнының бірнеше оқытушысы бірге аттанды. Әдекең сапар барысында Германия көшесінде өздеріне үнемі бірер көліктің ілесіп жүретінін байқады. Содан соң жанындағылардан: «Бұлар кімдер, сіздердің туыстарыңыз емес пе?» деп сұраған. Олар үнсіз бас изеді. Сөйтсе, елден қоныс аударған жергілікті немістер ағайындарымен бір тілде сіп қалуға зар болып жүр екен ғой. Делегация басшысы бауырластардың жүздесуіне рұқсат берді. Тіпті әріптестерін соларға ілестіріп жіберді. Екі елдің немістері бір-бірімен қазақ дәстүрі бойынша қауқылдасып, мәз болып қалды. Осылай басталған жол кейін тәуелсіздік алған соң дүние жүзінің талай еліне жетеледі. Еуропадағы ең мықты мемлекеттердің бәрін армансыз аралады. Әсіресе бұған Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) төрағасы болған кезде мол мүмкіндік туды. Әділ Ахметов Ұйым төрағасының мұсылмандарды шеттету және кемсітумен күрес жөніндегі жеке өкілі болып тағайындалды. Қызмет барысында ЕҚЫҰ Парламенті Ассамблеясының төрағасы Жоао Соарештен көп нәрсе үйренді. Оның әкесі – Португалия Президенті болған Мариу Соареш. Өзі Лиссабонның мэрі болған. Жоао Соареш елімізге үнемі қолдау көрсетті. «Қазақстан 2010 жылғы саммитке аса тиянақты дайындықпен келді. Төрағалыққа мұндай асқан жауапкершілікпен әзірленген ел болған емес» деп жоғары баға берді.

Әділ ағамыз бала күнінен қалыптасқан, қолынан кітабы түспейтін дағдысынан жаңылған емес. Әлі де көп оқиды. Өзіне ұнайтын жаңа кітап жарық көрсе, қашан оқып шыққанша тағат таппайды. Әсіресе халықаралық тақырыптарға айрықша ден қояды. Мұндай дүниелерге түпнұсқадан қаныққанның жөні бөлек. Қазір оқып жатқан кітабы «Бақыт пен позитивтілік туралы ойлар» деп аталады. Авторы – Дубайдың шейхы Мұхаммед бен Рашид әл-Мактум. Автордың елдік ұстанымы жүрегіне жылы тиді. Ол «Әрбір арабқа пайдасы тимейтін келісімшартқа қол қоймаймын» дейді екен. Жеке басы көпке үлгілі адам. Он бір жылдан бері телефон нөмірін өзгертпепті. Оған кез келген араб ыңғайлы уақытта қоңырау шалады. Осы үрдісті жас буынның санасына сіңіру үшін танымал қайраткердің кітабын қолға алды.

Кейіпкеріміз әлемге әйгілі тұлғалардың жазған дүниелерін оқып, оны талдап-таразылаудан әсте жалықпайды. Өйткені мемлекет басқарған, ойтанымның биігіне көтерілген саңлақ саясаткерлердің үлгі-өнегесі жеткілікті болады. Мәселен, бір кезде ми батпақтың төсінде іргесін қалаған Сингапурды азғантай уақытта ертегілер еліне айналдырған Ли Куан Юдің тағылымды тәжірибесіне қалайша көңіл қоймасқа?! Немесе алпауыт мемлекеттің саясатын саралап, бедерлі болжамдарымен танылған идеолог Збигнев Бжежинскийдің «Strategic Vision: America and the Crisis of Global Power» («Стратегиялық көзқарас: Америка және әлемдік биліктің дағдарысы») атты монографиясын ойланбай оқу мүмкін бе? Әйгілі саясаткер Генри Киссинджердің «On China» («Қытай туралы») атты кітабы ше?! Тағы бір тұғырлы тұлға Альберт Гордың «An Inconvenient Truth» («Қолайсыз шындық») туындысы да назарыңды еріксіз аударады. Ол осының бәрін түпнұсқадан оқиды. Тегінде оқырман кітапты әр түрлі мақсатпен қолға алады. Бірі тақырыпқа қызығады, екіншісі өзіне қажет мәлімет іздейді, үшіншісі танымын кеңейту үшін зер салады, төртіншісі тек уақыт өткізеді... Ал Әділ Ахметов мұндай дүниелердің біздің елімізге пайдалы тұстарын жан-жақты қарастырады. Кітапты оқып қана қоймайды, өзіне ұнаған тұстарына арнайы белгі соғады, ой салатын салиқалы сөйлемнің астын сызады. Рухани әлемде құбылыс саналатын осындай құндылықтарды елге таныстырғанды жөн көріп, қолына қалам алады. Көп ұзамай өз толғаныстарын баспасөз бетінде жариялайды. Онда Қазақ елінің мүддесі алғашқы кезекте тұрады. Әлемдік саясат сардарларының ой өрнегінен, пікір-пайымынан ұлтымызды ілгерілетуге септігі тиетін титімдей нәрсе байқаса, соған ерекше мән береді. Ана сүтімен дарыған қадір-қасиеті осыған міндеттейді. Қазақ халқының ұлт ретінде ілгерілеуіне әркім әр түрлі жолмен үлес қосады. Бұл тұрғыдан Әділ Құрманжанұлының атқаратын рөлі өзгелерге ұқсамайды. Ол үш тілдегі құндылықтарды мейлінше игеріп, соның бәрін ұлтының мүддесіне бағындыра біледі. Әлемнің озық мемлекеттеріндегі ұтымды үрдістерді қазақ жұртына үлгі етіп ұсынады. Халықаралық сарапшы ретінде ел дамуының бағыт-бағдарларын ой елегінен өткізіп, өз пікірлерін ортаға салады. Әділ аға бірнеше елдегі елшілікті қоса атқарған қызметінде де жарқырай көрінді. Парасат-пайымы,

биік деңгейі, көркем мінезі халықаралық саясаттағы талай түйткілді мәселелердің оң шешілуіне жол ашты.

Осы жылдарда ел мен елді жақындастырып, ұлт пен жұртты табыстыра білетін білікті дипломат болып қалыптасты. Оның ілгеріде қолға алған ғылыми нысанасы – табу мен эвфемизмдердің табиғаты да қазақ халқы сан рет сүзгіден өткізген дала дипломатиясының талаптарымен толық үндесетін еді. Астарлап айту, тұспалдап аңғарту, жұқалап жеткізу Әділ Ахметовтің өз шаңырағынан алған ұлттық тәрбиесінің жемісі болса, тыйым сөздерді саралаған ғылыми еңбегі оның тынымсыз зерделеген қастерлі қисындарын бекемдеп берді. Осындай бір емес, екі даналық мектебінен өткен кейіпкеріміз халықаралық дипломатияға үлкен дайындықпен келді. Ұлысаралық қарым-қатынастарды ұдайы ұлттық мүддемен ұштастырды. Егер тілші ғалым болмағанда журналист болуы әбден мүмкін еді. Бірақ ол кезде де халықаралық журналистиканың шырқау биігіне шығары анық-ты. Парасатты профессор Әділ Ахметов «Хабар» агенттігінің басты студиясында әлемді алаңдатқан мәселелерді жілікше шағып, құрлықтар құлақ түрген оқиғаларға таза ағылшын тілінде талдау жасап отырғанын көргенде осындай ой келеді.

Сабыр сақтайтын сауыт

*Үлгі-өнеге аламыз,
Үйлесімін табамыз.
Үйіріп тұр үш тілді
Үш тұғырлы ағамыз.*

(Тақырыптың тұздығы)

Қазақта «әдемі қартаю» деген сөз бар. Бұл жасы ұлғайған сайын қадірі арта түсу дегенді білдіреді. Сыртқы сипаты сымдай тартылған генералды көзге елестететін, сымбатты Әділ ағамызға мейлі әдемі болсын, мейлі әсем болсын, «қартаю» деген ұғымды үйлестіре алмай отырғанымыз. Сондықтан абыройлы ақсақалдық немесе үлгілі үлкендік дегеніміз дұрыс шығар. Қазір ағылшын тіліне жете мән беріліп жатқаны белгілі. Бұл тілді білмейтін жастар некен-саяқ. Бірақ келешекте ағылшын

тілін жетік білетін қазақтың рухани келбеті қандай болмақ деген сауал туындайды. Жұртшылық көбіне соған алаңдайды. Бұған ұсынатын дайын үлгіміз бар. Ағылшын тілінде сөйлейтін қазақтың қоғамдағы бейнесі Әділ Ахметовтей болуы керек. Қазақшасы қалың елді ұйытады, орысшасы орыстың жүрегін жылытады, ағылшыншасы ағылшынды қуаныштан жылатады. Бәрібір ұлттық рухы алдыңғы кезекте тұр. Қазақшасы – оның мұхиттан өтер қайығы. Қалған екі тіл – сол қайықты алға жетелейтін егіз ескегі. Қазір өзіміз қайталап айта беретін үштұғырлы тілдің Әділ аға негіздеген қарапайым формуласы да осы. «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін» деп Қадыр ағамыз айтқандай, көп тіл үйренгендердің көп нәрсеге қол жеткізе алатынын көріп отырмыз. Әділ Ахметов те осы қағиданы жастай серік еткен.

«Өзге тілді білсең – өрге шығасың, өз тіліңді білсең – төрге шығасың» деген де сол Қадыр. Біздің кейіпкеріміз бірнеше тілді жетік меңгергенінің арқасында өрге де шықты, төрге де озды. Бірақ үнемі ана тілін Хантәңіріндей биігім деп санайды. Барлық еңбектері түркі тіл білімінің мәселелеріне арналды. Қалған екі тілді де өгейсіткен жоқ. Өйткені орыс тілі – әр елге, ағылшын тілі әлемге есік ашады. Ұлт перзенті Әділ Ахметовті осы екі тіл өзге жұртқа кеңінен танытты. «Тіл – тек адамға ғана тән аса құдіретті құрал» дейді көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасынов. Сол құралды Әділ аға өте ұқыпты пайдалана білді. Соның арқасында қазақтың сөз өнерінің зергеріне айналды.

Бүгінгі алмағайып заманда ұлтқа қажеті – көркем мінез. Оның үлгісін іздесеңіз де, алысқа бармай-ақ Әділ ағаның болмысына зер салыңыз. Көп сөйлемейді. Бір айтқанын мың қайталау әдетінде жоқ. Кейбір шалдуар әрі шақар шалдар секілді, сәл нәрсеге ашу шақыру – оның табиғатына мүлде жат нәрсе. Абай: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады» демеп пе еді?! Ұлы ақын айтқандай, мінезінің құтысын сабырға толтырып, соның өзін тұндырып қойған ба дерсің! Тұнық ойы, терең толғамы сені бірден баурайды. Орнықты пікір айтады. Ой-тұжырымдарының бәрі елді біріктіруге арналады. Айтқанын санаға сіңіресің. Айтпағанын да қас-қабағынан аңғарасың. Сені үнсіз отырып-ақ тәрбиелей біледі. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам

мінезін түзеп болмайды деген деген кісінің тілін кесер едім» деп тағы да Абай атам айтқандай, мінезіңіздің кедір-бұдырын жөндеймін десеңіз, үйренетін адамыңыз жырақта жүрген жоқ. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп ұлы ақынның меңзеген толыққанды тұлғасының бүгінгі бейнесі Әділ Ахметов десек, қателесе қоймаспыз. Ал қазақтың үлкенді-кішілі кеңселеріндегі бастықтың келбеті қандай болуға тиіс? Алуан түрлі бастық бар. Бірінің түсі суық, бірінің іші суық. Бірі күліп тұрып, күйретіп жібереді. Керісінше, енді бірі түксіп тұрып, тілеулестік танытады. Біздің кейіпкеріміз де талай мекемені басқарған адам. Қазақтың Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің, кейін Қазақстан-Британ техникалық университетінің ректоры, Білім комитетінің төрағасы, еліміздің Ұлыбританиядағы елшісі, Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болды. Басшы болу бақыты бұйырған адам осындай-ақ болсын. Бірақ ол бюрократияға бой ұрған жоқ. Ешкімге дауыс көтермеді, қарапайымдылығынан танбады. Алдына келген кісінің меселін қайтарған жоқ. Қызметкерлерін қадірлей білді. «Бұл менің қарамағымда істейді» деген ұғым ол кісінің лексиконында жоқ. Қанына сіңген дипломатияның үрдісімен «Біз бірге қызмет істейміз» дейді. Сондықтан оны бүкіл ұжым жақсы көреді. Міне, дәл осындай бастық болғыңыз келе ме? Ендеше, Әділ ағадан үлгі алыңыз.

Тағы бір бақыты – шаңырағының шаттығы. Сән-салтанаты келіскен апайымыз Дариға Кінәзбекқызы екеуі қатар келе жатқан кезде қай-қайсысынан да арғы аталарынан дарыған ақсүйектіктің белгілері байқалып тұрады. Жарасымды жұп Хантәңіріндей асқақ, Шалкөдедей көрікті. Бір-бірін толықтыра түседі. Үйлесімнің үлгісі отбасының алтын діңгегіне айналған. Ақсүйек демекші, бірде Әділ аға Елизавета Екіншіге Сенім грамотасын тапсырған сәтте Ұлыбритания патшайымы Қазақ елшісінің зайыбының ағылшыншасына ризалық білдіріпті. Қаламгер-қайраткер Қуаныш аға Сұлтанов өз мақаласында осылай деп жазды. Ақсүйектердің ақсүйегін сүйсіндірген текті әулеттің анасы өнегелі перзенттерді тәрбиелеп өсірді. Сіздің де осындай ешкімге өкпе артпайтын, шаңырақта ұрыс-керіс шығармайтын, қария мен кейуана болғанша бір-бірін аялайтын жайдары жұп болғыңыз келе ме? Ендеше, тәрбие-

нің тал бесігі саналатын осы отбасының өмір жолын зерделеңіз. Сосын... елуіңізде ентігіп, алпысыңызда алқынып қалмай, жетпіс жетіңізде де де сымдай тартылған жас жігіттей болып жүргіңіз келе ме? Әрине, келеді. Ендеше, сергектікті серік еткен Әділ Ахметовтің салауатты өмір салтын ұстаныңыз. Қадыр ақынның «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» деген өлеңі баршаға белгілі. Ал сол шетелдіктеріңізге мақтанышпен көрсетуге болатын келісті қазақтың бірі – Әділ аға. Ол – ұлтымыздың ең тәуір қасиеттерін бойына жинақтаған азамат. Қазақтың жақсысын асырып, жаманын жасыра біледі. Жас ұрпақты тектілікке тәрбиелеп, үздік үрдістерді үйрете алады. Қысқасы, ол – ізгіліктің бәрін жүрегіне тоғыстырған үйлесімнің үлгісі. Әйтеуір, мақаламыздың кейіпкері ұлы Абай айтқан «толық адамның» бейнесіне бүкіл болмысымен бір табан жақынырақ тұратын секілді көрінеді бізге...

*Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы,
профессор*



Бірінші бөлім

ЖАҢАНДАНҒАН ӘЛЕМНІҢ ГЕОСАЯСИ КЕЛБЕТІ

ЛИ КУАН Ю ӘЛЕМІ

2013 жылы айтулы саясаткер Генри Киссинджердің кіріспе сөзімен Сингапур өкіметін 31 жыл (1959-1990) басқарған, абырой-атағы бүкіл әлемге мәшһүр Ли Куан Ю туралы ағылшын тілінде ғибраты мол кітап жарық көрді. Бұл туынды АҚШ-тағы Гарвард университетінің ірі ғылыми орталықтарының жетекшілері Грэхем Аллисон, Роберт Блэквилл және Али Уайн сынды танымал ғалымдардың Ли Куан Юмен жүздесіп, Қытай мен Америка Құрама Штаттарының ертеңі және олардың келешек қарым-қатынастары, Индияның болашағы, әлемдегі терроризм мен экстремизмнің тамырлары, Сингапурдың ұлттық экономикасының өркендеуі, әлемдік геосаясат пен жаһандану және демократияның көкжиегі туралы сыр бөліскен сындарлы сұхбаттарына негізделген. Туындының авторлары Ли Куан Юдің өз қаламынан шыққан «From Third World to First: The Singapore Story» («Үшінші әлемнен бірінші әлемге: Сингапур тарихы») және де басқа еңбектері мен сөйлеген сөздерінде назарларынан тыс қалдырмаған.

Көреген көшбасшылығының арқасында көсемдіктің шыңына шығып, жаңа дәуірдегі Сингапурдың атасы атанған Ли Куан Ю ол кезде тоқсан бірде болатын. Жасының ұлғайғанына қарамастан, ол 2011 жылға дейін аттан түспей, екінші министр, ақылшы министр лауазымдарын да мінсіз атқарып, өкімет мүшелерінен абыздық ақыл-кеңесін аямаған. Ли Куан Юдің ғибратты мол өмір жолы кемел ақылдың тозбайтын құндылық екенін бүкіл әлемге паш етіп, тарихты тек отанын шексіз сүйетін, өзі сияқты дарын мен өне-

гесі мол, ұлтжанды көсемдер ғана жасай алатынын дәлелдеп тұрғандай әсер қалдырады.

1959 жылы Ли Куан Ю Сингапур Үкіметінің тізгінін қолға алған шақта, Оңтүстік Шығыс Азиядағы ұлтарақтай ғана аралда орналасқан елдің мемлекеттігі мен егемендігі қыл үстінде шатқаяқтап тұрған-ды. Сондықтан да ол кезде ел болашағының баянды болатынына көрші мемлекеттердің ғана емес, ел-жұрттың да ішкі сенімінен гөрі күдігі басым болатын. Алайда бұл күдік пен сенімсіздікті іскер де батыл, ғұлама Ли Куан Ю сейілтп қана қойған жоқ, бар болғаны отыз жылдың ішінде өз елін әлемдегі пәрменді экономика-лардың біріне айналдырып, Сингапур халқының сол кездегі жан басына келетін жұпыны табысының бүгінгі таңда 50 мың доллардан асып түсуіне аямай тер төккені байқалады.

Ли Куан Ю жетекшілік еткен жылдары Сингапур мемлекетінің қанаты тез қатайып, экономикасы қарыштай дамыды. Соның нәтижесінде арал-мемлекет аса маңызды халықаралық экономикалық хабқа айналып, бүкіл әлемге кеңінен танылды және Тынық Мұхит аймағындағы көп-жақты байланыстар мен тоғыз жолдың ең түйінді торабына ұласып, тамсанарлық жетістіктерімен бүкіл әлемді толас-сыз таңдандыруда.

Сондықтан да болар, соңғы жарты ғасыр ішінде әлем мемлекеттері басшыларының арасында Ли Куан Юмен жүздесуге тырыспаған немесе оның ақыл-кеңесін алуға ұмтылмағандар жоқтың қасы десек, артық айтқандық емес. Олардың қатарында АҚШ президенттері Ричард Никсон, Джордж Буш (Джордж Герберт Уокер), Билл Клинтон, Барак Обама, 1995-2007 жылдар аралығындағы Франция Президенті Жак Ширак, 1989-1994 жылдар арасындағы Оңтүстік Африка Президенті Ф.В. де Кларк, Қытай көшбасшылары Дэн Сяо Пин, Си Цзиньпин, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, сол сияқты өз замандарында Ұлыбританияның Үкімет тізгінін ұстаған Маргарет Тэтчер, Джон Мейджор, Тони Блэр, Германия канцлері Гельмут Шмидт, жаһандық корпорациялар мен экономикалық институттардың жетекшілері Руперт Мердок (News Corporation), Джон

Чемберс (Cisco Systems), Сэм Палмизано (IBM), Рекс Тиллерсон (Exxon Mobil), Роберт Золик және Джеймс Вулфенсон (World Bank), Мухтар Кент (Coca-Cola), сонымен қатар күллі әлемге әйгілі саясаткерлер Генри Киссинджер, Хиллари Клинтон, Джодж Шульц, Мадлен Олбрайт, Збигнев Бжежинский және қаламдары ұшталған Николас Кристоф («New York Times»), Дэвид Игнатиус («Washington Post»), Фарид Закария («Time») сынды атақты журналистер де бар.

Осыншама айтулы тұлғалардың назарын өзіне қаратқан тума талант иесі туралы жазылған жаңа туындыны сүзе оқыған кез келген оқырман, ең алдымен, о баста үшінші әлемге тән кедей елдердің бірі болған Сингапурды, тарихи қысқа мерзім ішінде бірінші әлемнің ең озық елдерінің қатарына қосудың Ли Куан Ю үшін оңай болмағанын бірден байқайды және оның сол бір қиыншылығы мол жылдардағы сын-қатерлерге қарамастан, Сингапур халқын жасампаз жобаларға жұдырықтай жұмылдырып, толағай табыстарға жетуге дем берген интеллектуалдық қуатының қыр-сырымен де жете танысады.

Шындығында да, «Ли Куан Ю жеткен жетістіктер мен ол алған биік асулардың сыры неде?» дейтін түйінді сұрақтың жауабын іздер болсақ, ғұламаның өзімен бетпе-бет жүздесіп, ішкі дүниесіне үңілген сұңғыла саясаткерлер мен іскер топтардың аталмыш туындыға енген түйінді пікірлеріне соқпай кету мүмкін емес. Ендеше, әңгіме өзегін де солай қарай бұрайық.

Отанға деген ыстық сезім отбасынан басталады емес пе? Ли Куан Ю 1923 жылы Сингапур қаласының тегі қытай отбасында дүниеге келеді. Туған қаласының мәдени құндылықтарынан сусындап, орта мектеп пен колледжді өз отанында бітірген соң, жоғарғы білімді Ұлыбританияның Кембридж университетінен алады. 1949 жылы туған еліне қайта оралып, алдымен адвокаттық жұмысқа кіріседі. Соңыра кәсіподақ қозғалысына атсалысып, саясатпен түбегейлі айналысады. Белсенді қызметінің нәтижесі болар, 1954 жылы «Халық әрекеті» партиясының бас хатшысы болып тағайындалады. 1959 жылғы сайлауда Ли Куан Юдің

беделді партиясы жеңіске жетіп, ол Сингапурдың тұңғыш Премьер-министрі лауазымын иеленеді де, ел билігін қолына алады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы ғана.

Солай бола тұрғанмен, осы бір қысқа мәліметтің өзінен-ақ, тума таланттың еліне деген сүйіспеншілігі мен ұлтжандылығының тамыры отбасынан басталғанын, Сингапурдағы беделді оқу орындарымен қатар әлемнің ең әйгілі университеттерінің бірінен алған терең білімі мен тағылымы, әсіресе ағылшын тіліне жетіктігі оның өз қатарынан оқ бойы суырылып шығып, жауапкершілігі мол саяси лауазымдарға көтерілуіне берік баспалдақ болғанын айқын сезінуге болады.

Биік парасат пен мызғымас тәртіп және кемел ақылдың байлықты алмастыра алатынына көзі кәміл жеткен әлемнің ғұлама саясаткері Генри Киссинджер осы қасиеттердің барлығын да Ли Куан Юдің бойынан тапқанын жасырмайды. Кітапқа жазған кіріспе сөзінде ол былай дейді: «Ұзақ жылдар бойы Ли Куан Юді Америка Құрама Штаттары өзінің ажырамас досы санады. Алайда билік иесі болғандығы үшін емес, керемет ақыл-ой мен биік парасат иесі болғандығы үшін. Ғұлама айтқан уәждердің дәлдігі мен тереңдігі сонша, онымен жүздескен адамдар біліміне білім қосып алғандай, рухани тұрғыдан бір байып қалатын. Сосын, ұзақ жылдар бойы ара-тұра Вашингтонға ат басын бұрған кезде, онымен жолығысуға ұмтылатындардың саны еш азаймайтын. Олардың ішінде АҚШ билігінің басында тұрған биік лауазымды тұлғалармен қатар, сыртқы саясат пен дипломатияның көрнекті өкілдері де жиі ұшырасатын».

Францияның бұрынғы Президенті Жак Ширактың: «Ли Куан Ю өз айналасына әлемнің озық стандарттарын өкімет жүйесіне енгізе алатын дарынды мамандар мен білігі мен қабілеті мол тұлғаларды ғана топтастыратын... Ол елге басшылық еткен жылдары мемлекеттік мүдде, білім мен еңбек, үнемділік және көрегендік секілді құндылықтарды үнемі бірінші орынға қоятын еді» деуі сегіз қырлы бір сырлы әрі нағыз меритократ тұлғаның адами қасиеттерін толық ашып тұрғандай.

АҚШ-тың заманауи интернет технологиялары мен құрал-жабдықтарын өндіріп-сатумен айналысатын трансұлттық «CISCO Systems» корпорациясының кәсіби жетекшісі Джон Чемберс жоғарыдағы пікірлерді одан да бетер толықтыра түсетін мына бір өзекжарды ойды ортаға салады: «Өмірде теңестіруші екі күш бар, оның бірі – Интернет, ал екіншісі – Білім. Ли Куан Ю болса, осы құндылықтардың екеуін де жете меңгеріп, олардың қуат-күшін іс жүзінде шегіне жеткізе пайдалана білген шебер тұлға. Сондықтан да ол – Сингапурды интернет экономикасының табысты мекеніне айналдырған әлемдік көшбасшы».

Бизнес әлемінің және бір ірі өкілі – трансұлттық «Coca-Cola» компаниясының жетекшісі Мухтар Кент Ли Куан Юдің сыртқы саясат пен халықаралық аренадағы ауқымды ролін былайша сипаттайды: «Тарихта өзінің туған елі мен Оңтүстік Шығыс Азияға Ли Куан Ю секілді соншама мол жақсылық жасаған мәртебесі биік тұлғалар саусақпен санарлық ғана. АСЕАН-ға (Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттері қауымдастығы) мүше елдер экономикасының өсуі мен дамуының артында тұрған қозғаушы күштің де Ли Куан Ю екені белгілі. Ол Оңтүстік Шығыс Азия аймағындағы миллиондаған халықтың бейбіт өмір мен экономикасы өркен жайған кеңістікте ғұмыр кешуіне көмегін аямады».

Кітап авторларының негізгі мақсаттарының бірі Ли Куан Юдей сұңғыла қайраткердің, әсіресе Қытай мен Америка Құрама Штаттарының, сол сияқты Индияның болашағы туралы пікірлерін тікелей өз аузынан естуге тырысқандары жасырын емес. Сондықтан да Гарвардтың сақа саясаткерлерінің төтесінен қойған сұрақтарының кез келгеніне өмір тәжірибесі мен білім тереңдігіне құрық бойламайтын Ли Куан Ю іркілмей жауап бере отырып, тұшымды да татымды ойларын бүкпесіз жайып салады.

«Қытай көшбасшылары әлемдегі бірінші экономика саналатын АҚШ-ты екінші орынға ығыстырып шығаруға шы-нымен-ақ дәмелі ме?» деген төте сұраққа Ли Куан Ю бөгелместен: «Әрине, дәмелі» деп, келте жауап береді де, неге олай дейтінін дәлелді де дәйекті айғақтармен тиянақтайды.

Біріншіден, ол Нью-Йорктегі «Goldman Sachs» атты әлемге танымал америкалық банк жүргізген зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып, келесі 20 жылда Қытай әлемнің ең үлкен экономикасына айналады деген нақты пікір қалыптасып отырғанын көлденең тартады.

Екіншіден, Америка секілді Қытай да космосқа адам ұшырып, істен шыққан жер серіктерін өз зымырандарымен атып түсіре алатын әлеуетке жеткеніне сілтеме жасайды.

Үшіншіден, Қытай мәдениетінің 4000 жылдық терең тарихы бар екенін естен шығармау керектігін еске салады.

Төртіншіден, Қытайдың бір миллиард үш жүз миллион халқының ішінен қанша қажет болса, соншама талант пен парасат иелерін таңдап алуға мүмкіндіктің жетіп артылатынын тілге тіиек етеді.

Бесіншіден, бүгінгі таңдағы Қытайдың әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан мемлекет екенін және бұл елдің әрбір азаматы Қытайдың Америка, Еуропа немесе Жапония секілді бай-бақуатты, оза дамыған, гүлденген және технологиялық бәсекеге толық қабілетті ел болғанын көксейтінін әрі осы ғасырда АҚШ-пен терезесінің теңелуіне бар күшін салатынын, сол үшін Қытай қазірдің өзінде-ақ, талантты жастарын таңдап алып, білімін ұштап, ғылым мен технологияға, экономика мен бизнеске және ағылшын тіліне белсенді баулуға қолдан келген мүмкіндіктердің бәрін де жасап жатқанын ескертеді.

Алтыншыдан, Қытайдың ең негізгі басымдығы әскери қуатында емес, керісінше, экономикалық ықпалының күштілігінде тұрғанын еске салып, жұмыс қолы мол әрі арзан болғандықтан, бұл елдің кез келген өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндігінің жеткілікті екенін және өзге мемлекеттерді қызықтыратындай ішкі нарығының шексіздігіне ерекше екіпін бере келіп, бұл тұрғыдан, Қытайдың экономикалық ықпалы мен ішкі мүмкіндіктерінің Америкамен салыстырғанда әлдеқайда басым тұрғандығын жасырмайды.

Америка Құрама Штаттарының болашағына қатысты қойылған өткір сауалдарға Ли Куан Юдің берген жауаптары да кез келген оқырманның көңілін көншітеді. Білікті

сарапшы әлемдегі бірінші державаның кәсіпкерлік пен бизнес, экономика, ғылым, әскери сала, технология, инновация, инвестиция, сыртқы саясат, инфрақұрылым, космос немесе өзге де салаларда қол жеткізген табыстары мен басымдықтарының өзге елдермен салыстырғанда оқ бойы озық тұрғанын бірауыздан мойындай отырып, әлгілердің түпқазығы мен іргетасы ағылшын тілімен тікелей байланысты екеніне ерекше мән берді.

Айтса айтқандай-ақ, бұл жерде Ли Куан Юмен келіспеу мүмкін емес. Өйткені халықаралық қатынас құралы ретінде ағылшын тілі бүгінгі таңда білім мен ғылымның, экономика мен геосаясаттың, технология мен инновацияның, компьютерлік бағдарламалар мен программалардың, бизнес пен кәсіпкерліктің, интернет коммуникациясы мен ақпарат құралдарының, банк жүйелері мен халықаралық қаржы институттарының, әлемдік ғылыми журналдар мен академиялық басылымдардың, халықаралық конференциялар мен форумдардың, халықаралық ұйымдар мен дипломатияның, халықаралық авиация мен туризмнің және сол салалармен байланысты қамсыздандыру қызметінің, халықаралық жарнама мен сауда-саттықтың, импорт пен экспорттың, телевидение мен аудио-видео өнімдерінің, қала берді, халықаралық заңдардың да тіліне айналып кеткенін жоққа шығару мүмкін емес.

Оның үстіне, ағылшын тілді Америка иммигранттар елі болғандықтан, бұл мемлекетке шетелдерден ағылшын тілін жетік білетін мыңдаған талантты жастар мен ғылымның шыңына шыққан ғұламалар да ағылып келіп, тез сіңіп жатады. Олардың ішінде әлемнің маңдайалды математиктері де, физиктері де, химиктері мен биологтері де, экономист ғалымдары да, өзге саланың өкілдері де жетіп артылады. Бұл пікірдің айғақты дәлелі ретінде тек Еуропа ғана емес, бүгінгі таңда бүкіл әлемнің көшбасшы ғалымдарының ағылшын тіліне өте жүйрік екенін айтсақ та жеткілікті.

Ал Америка Құрама Штаттары болса, аталған қыруар мүмкіндікті шебер пайдалана отырып, шеттен талант тартудан алдына жан салмайды. Есесіне, мұндай үдеріс

Американы инновациялық идеялар мен заманауи технологиялардың да, кәсіпкерліктің де, сан түрлі бизнестің де инкубаторына айналдырып отыр. Ендеше, Нобель сыйлығымен марапатталған әлем ғалымдарының басым көпшілігі неліктен осы елге тиесілі деген сұрақтың жауабы да жоғарыда аталған факторлармен тікелей байланысты екені айдан анық.

Дәл осы тұста Сингапур экономикасының атасы атанған Ли Куан Ю жүргізген табысты реформалардың бірі ғана емес, бірегейі де ағылшын тілін мемлекеттің әкімшілік және бизнес тіліне айналдырумен байланысты болғанын ерекше атай кетудің реті бар. Өйткені 1959 жылы Ли Куан Ю Сингапур өкіметінің билік тізгінін қолға алған кезде, халықтың саны 3 миллиондай ғана болғанына қарамастан, лингвистикалық қиындықтар шаш-етектен болатын. Себебі бірегей ортақ қатынас құралы болмағандықтан, ат төбеліндей ғана Сингапур халқы қытай, малай және тамиль тілдерінің бір-бірінен мүлде алшақ ішкі диалектілерінде сөйлейтіндіктен, үш этнос өкілдері бірін-бірі жете ұға бермеген. Сондықтан мұның экономикаға тигізетін зардабы да көп болатын. Енді, міне, 30 жыл бойы табандылықпен Ли Куан Ю жүргізген реформаның нәтижесінде, ресми тіл төртеу (ағылшын, қытай, малай, тамиль) болғанымен, халықтың басым көпшілігі ағылшын тілін жете меңгеріп алған. Соның арқасында Сингапур жарты ғасырдан бері өзінің ең жақын экономикалық әріптесі болып саналатын АҚШ-тың басымдықтары мен мүмкіндіктерін өте шебер пайдалана отырып, ол елден инновациялық технологиялар мен білікті мамандар тартуды да, тікелей инвестиция келтіруді де жақсы жолға қойып алған. Сондықтан да екі елдің арасындағы алыс-беріс жылдан-жылға көбеймесе, азайып отырған жоқ.

Солайы солай, бірақ Ли Куан Ю Америка Құрама Штаттарын бес саусақтай білетіндігі соншалық, алпауыт елдің етегіне жармасып отырған ішкі әлеуметтік кемістіктерінің де жеткілікті екенін айқара ашып береді.

Ең алдымен, Ли Куан Ю өзімен сұхбаттасып отырған америкалық ғалымдардың назарын сайлау кезіндегі олқылықтарға аудара отырып, Америка ақпарат құралдары жа-

санды бояуды қалыңырақ жағып, жабыла жарнамаласа, көшбасшылық лауазымдарға қабілеті мен ішкі дүниесі жұтаң азаматтар да сайланып кететінін көлденең тартқан. Бірақ олардың арасынан Черчилльдер мен Рузвельттер немесе де Голльдер шығады дегенге сене алмайтынын да жасырмаған.

Екіншіден, Ли Куан Ю Америка саясаткерлерінің дамуға тек демократия ғана алып келеді деген уәжін мүлде қоспамайтынын ашық айтқан. Оның пікірінше, елдің дамуы үшін демократия ғана емес, ең алдымен, еңбекқорлық пен тәртіп керек, өйткені демократия шектен шықса, тәртіпсіздік пен берекесіздікке соқтырып, дамуға қолбайлау болатынын ескерткен. Сондықтан мемлекеттің саяси жүйесінің мықтылығы, ең әуелі, халықтың басым көпшілігінің әл-ауқатын арттыруға қабілеттілігімен өлшенуі тиіс және күллі халықтың құқын теңгерімді ете алатындығымен таразылануы шарт.

Үшіншіден, Ли Куан Юдің топшылауынша, Америка мәдениетінің кейбір қырлары сын көтермейді. Себебі қауіпті қарулардың қолжетімділігі, есірткімен байланысты қылмыстардың жиілігі, көшедегі қаңғыбастық, зорлық, ұрлық-қарлық, көпе-көрінеу жасалатын жүгенсіздік пен сорақы қылықтар, түптеп келгенде, азаматтық қоғамның ірігенінің сипаты. Жеке бастың бостандығы мен еркіндігін асыра малданғандар күнбе-күн ойына не келсе соны істеп жатса, бұл күллі қоғамның бұзылып, моральдық құндылықтарының тозғандығын көрсетеді. Сосын, ара-тұра азиялықтар Америкаға бара қалса, ондағы заң мен тәртіптің бақылаусыздығын және жоғарыда аталған ұсқынсыз дүниелерді, оның ішінде, шіріген байлық пен сіңірі шыққан кедейлікті көргенде, төбешаштары тік тұрып қайтатынын Ли Куан Ю мүлде жасырмаған.

Төртіншіден, Ли Куан Ю америкалық ақпарат құралдарының кемшіліктерін де айқара ашып береді. Ғұлама тұлғаның ойынша, өкінішке қарай, әлгі ақпарат құралдарының өкілдері Американың төл мәдениетін зор санап, өзгелердікін қор санауға машықтанып алған. Сондықтан да, Сингапур басшыларына инеліктей қадалып, оларға автократтар, диктаторлар деген айдар тағады. Шектен шыққан

қатыгез әрі адам құқын тұншықтырушы қоғам иелері деп, кемсітіп, шеттетуге тырысады. Бұл туралы Ли Куан Ю өз ойын былай қорытады: «Неге дейсіз ғой? Себебі біздің ел басқару құндылықтарымыз бен ұстанымдарымыз олардың идеяларына сай келмейді. Бірақ солай екен деп, өзгелерге өзіміздің өмір сүру салтымызбен эксперимент жасауға жол бере алмаймыз. Оның үстіне, америкалық ақпарат құралдарының бізге таңбақшы болып отырған идеялары – мүлде дәлелденбеген теориялар. Ол теориялар кезінде Шығыс Азиядағы Американың отары болған Филиппинде де, ия болмаса Тайваньда да немесе Корея, Тайланд сияқты егемен мемлекеттерде де ешқашан құндылық болып саналған емес».

Сосын, Ли Куан Ю Сингапурдың мемлекет басқарудағы ұстанымдары мен құндылықтарының еш уақытта да өзгермейтінін шегелей түседі. «Егер ол құндылықтар өзгертін болса, Сингапур Оңтүстік Шығыс Азиядағы қызыл нүктеден қара нүктеге айналады» дейді ол. Артынша, жұмбақтау сөзінің мәнін ашып, мына бір батыл да асыл ойын ортаға тастайды: «Мемлекеттің ұлылығы тек жер көлемімен ғана өлшенбесе керек. Ұлылықты жұдырықтай жұмылған халықтың жігері мен бірлігі, табандылығы мен тәртібі және сол мемлекетті тарихтың құтты мекеніне айналдыруға ұмтылған ұлтжанды көшбасшылары мен көсемдерінің сапасы ғана сомдайды... Сондықтан да, мені Батыс әлемінің шаншу сөздері мен жөнсіз мін таға сынайтын қаңқу сөздері емес, керісінше, билік тізгінін өзіме сеніп тапсырған халқымның, түптеп келгенде, қандай баға беретіні көбірек ойландырады».

Ендеше, Ли Куан Юдің осындай өзекжарды ішкі сырлары мен тастүйін ұстанымдарын құрметтемеу мүмкін емес. Өйткені мұндай ізгі қасиеттер мен батылдық, ең алдымен, туған елі мен халқын қапысыз сүйетін ұлтжанды да әділетті тұлғалардың ғана еншісі екеніне көзің анық жетеді. Олай болса, өзгелерге өнеге болған және мәңгі бақи үлгі болып қала беретін Сингапурдың абыз көсеміне бәрекелді деуден басқа қосып-алар еш нәрсе жоқ. Өйткені ол – меритократ деген қастерлі де қасиетті ұғымның өлшемі және іш жүзіндегі нақты көрінісі.

ІЗГІЛІК ИІРІМІ

Ақылдыдан шыққан сөз талаптыға болсын кез.

Абай

Кез келген жұмыр басты пенденің бойындағы адами қасиеттерін биіктетіп, санасын самғататын, ақыл-ойын үздіксіз кемелдендіріп, намысын үнемі жанып отыратын әлемдегі ең үздік 50 классикалық шығарманың құнарлы құндылықтарын тобықтай етіп түйіндеп, тарының қауызына сыйғызған Том Батлер-Боудонның «Ғұмырыңызды өзгертуге серпінді шабыт сыйлайтын классикалық 50 кітап» (Tom Butler-Bowdon. 50 Self-Help Classics: 50 Inspirational Books to Transform Your Life», 2003) атты туындысымен жете танысқан зерделі оқырманның бірде-бірі бейжай қалмайтыны күмән тудырмайды. Өйткені 50 том емес, бір ғана кітап-қазынаға тоғытылған құндылық иірімінен сусындаған кез келген оқырманның ақ ниетті авторға тек қана риза болатыны шүбә келтірмейді.

Айтса айтқандай-ақ, Том Батлер-Боудон күні бүгінге дейін есімдері бүкіл әлемге әйгілі Лао-Цзы (б.з.д.VI-V ғғ.), Рим императоры Марк Аврелий (б.з.II ғ.), өз заманында іргелі мемлекет қайраткері болған Боэций (б.з. 480-524 жж.), АҚШ-тың іргетасын қалағандардың бірі, Бенджамин Франклин (1706-1790 жж.) сынды ондаған философтар мен тарихи тұлғалардың асыл ойларын ғана емес, бүгінгі әлемнің шоқ жұлдыздары саналатын Далай-лама, Дейл Карнеги, Дипак Чопра, Пауло Коэльо, Стивен Кови немесе ондаған басқа да кемеңгер ойшылдардың классикалық туындыларының ғибратқа толы сүзбесін өз шығармасының өзегіне үлкен шеберлікпен өре білген. Автордың мұндағы айтпақ ойы да, көздеген нысанасы да, жоғарыда атап өткендей, бүгінгі адамды, оның ішінде, әсіресе жеткіншек жас ұрпақты адамзат өркениетінің қоймасында бағзы замандардан бері жинақталған рухани құндылықтардың таза да кәусар бұлағынан сусындатып, ой-өрісі мен адами сапасын жетілдіру.

Мәселен, даосизмнің негізін қалаған данышпан Лао-цзы өз заманындағы ел тұтқасын ұстаған көшбасшыларды екі топқа бөліп қараған екен. Олардың біріншісі – көздеген мақсатқа тек білектің күшімен ғана жететін қара күштің иесі *ян* – еркек кіндікті батыр тұлға; екіншісі – *инь* – көпшілікті бірінші орынға қоятын ана тұлғалы емші-қолбасшы.

Данышпан Лао-цзы сондай-ақ былай депті: «Кемеңгер абыздар көптің ішінен ерекшеленіп тұрады, себебі олар өздерін бүтіннің бөлшегі деп есептейді. Олар көптің көзіне түсуге тырыспайды, сондықтан да олардың өңінен үнемі нұр төгіліп тұрады. Олар ұлы нысаналарға қол жеткізеді. Себебі олар атақ-даңқ іздемейді. Сосын, олардың абыздығы айтқан пікірлерінен ғана білінбейді. Бұл қасиет олардың тұла бойында тұнып тұрады. Олар ешкіммен бөске түспейді, себебі олармен ешкім пікір таластырмайды».

Демек, жасампаз халқымыздың «Ұлық болсаң, кішік бол» немесе «Бетегеден биік, жусаннан аласа бол» деген даналықтарының да астарының тым тереңде жатқанын, сосын олардың өзге халықтардың құндылықтарымен тең түспесе, кем түспейтінін де, адамзат ізгіліктерімен астасып жататын мыңдаған жылдық тарихы бар екенін де аңғару қиын емес.

Біздің заманымыздың 161-жылынан 180-жылына дейін 19 жыл Рим империясының тізгінін ұстаған Марк Аврелий соңына әділеттіліктің өшпес ізін қалдырған философ екен. Өзінің «Ойтолғау» («Meditations») деп аталатын әйгілі еңбегінде кемеңгер император кез келген кісі төңірегіндегі бұйымдар мен адамдарды өзінің қалауына сай пішіп-кесуге тырыспай, керісінше, оларды баз қалпында қабылдау керек деген қағиданы берік ұстанған. Сонымен қатар ғұлама философ әлемге басқа адамның көзімен қарауға тырысудың өзі де кез келген тұлғаның көкжиегін кеңейтетін құндылық екенін дәріптеген. Сосын, кісінің өзінен басқа жанды жек көруі, жақтырмауы немесе сыртынан ғайбаттауы табиғат заңына мүлде қайшы келетінін уағыздай отырып, ғаламдағы бүкіл болмыс, оның ішінде адам да бар, о бастан-ақ бір-бірімен тығыз байланысты екеніне абыз ғалым ерекше екпін берген.

Том Батлер-Боудон адамның ізгі қасиеттерінің кемелденуіне және қолға алған ісінің өркендеп-өсуіне ауадай қажет қағидалар мен дағдыларды АҚШ-тағы Гарвард университетінің түлегі, профессор Стивен Ковидің «Жолы болғыш адамдардың 7 дағдысы» (Stephen Covey. «The 7 Habits of Highly Effective People») атты 1990 жылдардың басында жарық көрген әрі әлемнің 32 тіліне аударылған туындысынан да табады.

Аталмыш еңбегінде кемеңгер Кови: *«Ой егіңіз. Ой ексеңіз, ізгілік әрекет орасыз. Ізгілік әрекет егіңіз. Ізгілік әрекет ексеңіз, әдет орасыз. Әдет егіңіз. Әдет ексеңіз, мінез орасыз. Мінез егіңіз. Мінез ексеңіз, тағдыр орасыз»* депті.

Стивен Кови туындысының қалың жұрттың назарына тез ілігіп, жыл сайын миллиондаған тиражбен таралуының тағы да бір сыры бар екен. Мәселен, өткен ғасырдың сексенінші жылдары Батыс әлемі «нәтижелілік» теориясы мен «уақытты меңгеру» қағидасын ту етіп көтеріп, бұл екеуінің де адамның жеке басының кеңістігіне тікелей қатысы барын дәлелдеуге тырысып, адам тағдырындағы кез келген сәтсіздіктің қолда бар ресурстарды, оның ішінде уақыт та бар, тиімді пайдаланбаудың салдарынан болады деген аксиомаға табан тіреген.

Алайда Стивен Кови әлгі теорияға да, одан туындайтын қағида мен аксиомаға да кез келген адамның көңіліне ұялап, көкейіне қонатын дара көзқарас танытады. Кемеңгер былай дейді: «Ең алдымен терең ойланып, өзіңізге ең маңызды басымдық не, соны айқындап алып, тек содан соң ғана таңдау жасаңыз. Сосын, әлгі таңдаудың өз өміріңіздің темірқазығы ма, соны жете зерделеп алған жөн. Істің нәтижелі болуын алдын ала ойламай тұра тұрыңыз. Өйткені қолға алған іс-әрекетіңіздің көпшілікке ешқандай пайдасы мен қайыры болмаса, оның нәтижелі болуы түкке де тұрмайды».

Демек, Стивен Кови қандай да бір іс-әрекеттің нәтижелілігінен гөрі оның қоғамға тиімділігін бірінші орынға қояды. Сонымен қатар кемеңгер Кови дағдыға айналған жауапкершілік сезімнің ең басты қасиет екеніне ерекше мән беріп, өз

туындысының атауында тұрған жеті дағдыға жөн сілтейді. Олар төмендегі ой-түйіндерден тұрады.

Біріншіден, белсенді болу – парыз. Өйткені еті тірі адамның бұл дағдысының алмайтын асуы болмайды.

Екіншіден, іс-әрекет бастағанда оның көздеген нысанаға жететініне деген берік сенімділікті әдетке айналдыру қажет.

Үшіншіден, ең әуелі, кезек күттірмейтін шаруаларды бірден тындырып тастауды дағдыға айналдыру аса қажет.

Төртіншіден, өзім де ұтайын, өзге де ұтсын деген қағиданы бек ұстану абзал. Бірақ бұл қағида бір адамның жеңісі мен ұтысы екінші адамның қол жеткізген табысының арқасында болады деген ұғымды білдірмейді. Керісінше, бұл қағида адамды әлемге өзгенің көзімен қарай білуге және мұны дағдыға айналдыруға бағыттайды.

Бесіншіден, алдымен кісінің сөзін тосып, пікірін тыңдап, ойын ұғып, тек содан кейін ғана өз көзқарасыңды ұқтыруға ұмтыл. Басқаларға өзіңді сыйлату үшін бұл әдет ауадай қажет.

Алтыншыдан, синергияға қол жеткізу لازم. Синергия – алдыңғы дағдыларды түгелдей тиімді пайдалана білудің арқасында ғана қол жеткізетін нәтиже. Демек, бұл дағдыны қалыптастыру адамнан үлкен табандылық пен шыдамдылықты талап ететіні көрініп тұр.

Жетіншіден, адам өзін үздіксіз жанып, үнемі қамшылап отыруы керек. Сосын, қолға алған іс-әрекеттің тиімділігі мен берекеттілігін арттыру үшін, кез келген адам өз бойындағы физикалық, рухани, жүйкелік және әлеуметтік өлшемдердің тепе-теңдігін бір қалыпта ұстай білуді дағдыға айналдыруы қажет. Олай етпеген жағдайда әлгі қасиеттер мен дағдылардың моқалып қалатынын естен шығармаған жөн.

Том Батлер-Боудон өз туындысына енгізген кемеңгерлердің енді бірі АҚШ-тың Егемендік Декларациясы мен Конституциясын сомдаған қаламы қарымды авторлардың бірі, XVIII ғасырда Батыстың саяси өмірі мен өнеркәсіп әлеміне үлкен ықпал еткен, электр энергиясының ұңғыл-шұңғылын эксперимент арқылы зерттеп-зерделеген, бүкіл әлемге есімі әйгілі ғалым әрі тарихи тұлға – Бенджамин Франклин.

Франклиннің биографы Ричард Амачердің пікірінше, ке-
меңгер ғалымның «Автография» деп аталатын туындысы –
Америкада бұрын-соңды жарық көрген бірінші ұлы кітап.

Кемеңгер Франклиннің аталмыш шығармасынан оның
сегіз қырлы, бір сырлы болып қалыптасуы мен адами қа-
сиеттерінің ұшталып, кемелденуіне саналы түрде өзі ден
қойған шешендік өнердің себеп болғаны және әлгі өнерді
игерудің жалғыз жолы кітап оқу екені тайға таңба басқан-
дай көрініп тұр.

Айтса айтқандай-ақ, Бенджамин Франклин жас кезінде
кітап дүкенінде істейтін өзінің жақын досынан таңдаулы
кітаптарды бір түнге сұрап алып, таң атқанша, көзінің
майын тауыса оқып тастайтынын әдетке айналдырғанын
жасырмайды. Себебі ол әлемнің даңқты көшбасшыларының
басым көпшілігінің қол жете бермейтін биіктерге тек құн-
ды кітаптар оқудың арқасында жеткенін жақсы білген.
Сондықтан да сұңғыла ғалымның күллі адамның кемелде-
ну этикасының авторы атануы затына жарасып тұр.

Ғұлама ғалымның кемелдікке жеткізетін этикалық
қағидаларының ұзын саны – 13: *артық астан тыйылу,*
бос сөз айтпау, тәртіп сақтау, тәуекелге бел буа білу,
ысырапшылдықтан аулақ болу, еңбекқорлық, ой пәктігі,
әділеттілік, шектен шықпау, тазалық, сабырлылық, нәп-
сіні шектей білу, биязылық.

Ниеттенген адамның бойы мен ойын түзеп, кемелдік пен
кемеңгерлікке тәрбиелейтін, биік асуларды алып, көздеген
мұратқа жетуге бағыт-бағдар сілтейтін жоғарыдағыдай ада-
ми қасиеттердің құнды топтамасын Том Батлер Боудонның
туындысына енген үздік шығармалардың бәрінен табыла-
тыны күмән туғызбаса керек. Алайда олардың бәрін тізіп
шығу бұл мақаланың мақсаты емес. Оның үстіне, олардың
барлығын тауып оқимын деген оқырманға ақпарат техно-
логиясы аса дамыған мына заманда мүмкіндіктер жетіп
артылады.

Сондықтан дәл осы тұста оқырман назарын мүлде басқа
арнаға бұрып, атап айтқанда, Том Батлер-Боудонның жи-
нағын қоса есептегенде, 51 кітапқа жүк болған парасат

құндылықтарының өзіміздің төл өркениетіміздегі көріністері қайда деген сауалдың жауабын іздеп көрелік. Бұл ізденіс бірден ұлы Абайға жол сілтейді. Өйткені осы уақытқа дейін тілге тиек етіп, өзгелерден сүзіп алған кемеңгерлік пен данышпандықтың озық үлгілерінің бәрі де өз мәдениетіміздің тұңғыық Тынық Мұхиты – Ұлы Абайдың тарының қауызындай ғана жыр жолдарында тұр. Неткен шеберлік десеңізші! Қысқа да нұсқа әрі ғибратқа толы ақиық ақынның заңғар ой-түйіндері таңдай қақтырып, тамсандырып қана қоймайды. Сонымен қатар Түркі әлемінің қара шаңырағының иесі – Қазақ Елінің кез келген ұлтжанды азаматын терең де шексіз мақтаныш сезімге бөлейді. Бұл сөздердің бұлтартпас дәлелдері хакім Абайдың өміршең де жасампаз поэзиясынан менмұндалап, Шолпан жұлдыздай, адамзаттың санасына сәуле шашып тұр:

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек...
...Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туганға...
Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз...*

*Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз...
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз...
Көп орында көріне айтпа,
Біздің сөзге ерсеңіз...
Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.
Егер қисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлап құлаққа іл.
Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі пұл.
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме,
Сізге айтамын, қаупім – бұл.
Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл...*

Ақыл-ойдың кені, данышпан Абайдың жоғарыдағы бағдаршамдарының тек өз ұлтымыз ғана емес, бүкіл адамзаттың асыл мұрасына жататын құндылық екені күмәнсіз.

Сөз соңында о бастан-ақ, әкенің баласы болуды емес, адамның баласы болуды армандаған кемеңгер абыз, хакім Абайдың 150 жылдығына арналған 1995 жылы 9 тамызда Алматы қаласында өткен салтанатты жиында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың те-

біреніске толы сындарлы сөзінен төмендегі жолдарды бүгінгі жасампаз жастардың санасына жеткізуді үлкен парыз деп санаймын: «Ерекше жағдай ерекше ізденістер мен ерекше әрекеттерге бастайтыны белгілі. Ерен талант пен ерен жігер де сондайда керек. Әрдайым алға ұмтылып, биікке ұмсынған адамзат нәсілі ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани күресіне адастырмас нысана, алжастырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем тұлғаларды әрдайым сусай аңсаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген. Өйткені ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып, ар-намыс шыңдалмайды. Ар-намыссыз азамат, өзгелердің көсегесі түгіл, өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. Онсыз қоғам дамудың даңғыл жолына түсе алмай, үйреншікті үрдістің солғын соқпағынан шыға алмай, заманалар шырғалаңында бас айналып, дағдарыс хал кешеді. Ондай дағдарыстан шығар жолды тарих пен табиғаттың айрықша пейілі түскен перзенттері ғана сілтеп бере алады. Абай да – дәл сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр».



СҰҢҒЫЛАНЫҢ ПАЙЫМДАРЫ

Кезінде АҚШ-тың отыз тоғызыншы Президенті Джимми Картердің Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшісі болған, сол сияқты, осы алпауыт мемлекеттің сыртқы саясатының сұңғыла сарапшысы әрі ғұмырының соңына дейін аттан түспеген идеологі Збигнев Бжежинскийдің «Стратегиялық көзқарас: Америка және әлемдік биліктің дағдарысы» («Strategic Vision: America and the Crisis of Global Power») атты монографиясы 2013 жылы жарыққа шыққан бойда, «New York Times» газеті оны ең таңдамалы туындылар санатына қосқан болатын. Сондай-ақ белгілі сыншы әрі Пулитцер сыйлығының иегері Мичико Какутани аталмыш кітаптың авторы туралы: «Әлемнің гравитациялық өзегінің Батыстан Шығысқа қарай ойыса бастаған дәл бүгінгідей шешуші сәтін, құралайды көзге атқан мергендей, уәлі де өткір тілімен дөп басқан» деп лебіз білдірсе, АҚШ-тың 2006-2011 жылдар аралығындағы Қорғаныс министрі – Роберт Гейтс жаңа туындыға берген өз бағасын былайша түйіндепті: «Аса қажетті әрі дер кезінде соғылған ұйқы ашар қоңырау. Егер Америка қордаланып қалған ішкі дағдарыстарын сәтті ауыздықтай алмаса, оның халықаралық салдарының қайда апарып соқтыратыны туралы тұшымды сараптама жатыр мұнда... Әдеттегідей, оқырманын бірден үйіріп әкететін Бжежинский ұсынып отырған бұл ойлы кітапты міндетті түрде оқу парыз».

Айтса айтқандай-ақ, аталмыш туындысында З. Бжежинский бүгінгі таңда әлем мемлекеттерінің бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне өте тәуелді екенін тілге тиек ете отырып, планета бетіндегі адамзат үшін ең көкейкесті мәселе заманауи сын-қатерлерден қалай аман қалудың амалдарын іздестіру болып табылатынын көлденең тартады. Сонымен қатар З. Бжежинский әдетте ақпарат құралдарының назарынан бір сәт те тыс қалмайтын халықаралық жанжалдар мен қарулы қақтығыстардың кейінгі кезде тасада қалып қоя беретініне де назар аударады.

Автор сонымен қатар бүгінгі таңда қара бұлттай төніп келе жатқан экологиялық, климаттық, әлеуметтік-экономикалық, азық-түліктік және демографиялық сын-қатерлердің алдын алуға немесе оларды болдырмауға бағытталған түбегейлі шараларды, әзірше, алпауыт мемлекеттердің қолға алмай отырғанын көлденең тарта келіп, дәл қазір геосаяси тұрақтылыққа қол жеткізудің де мүмкін емес екенін, сондай-ақ әлгі геосаяси тұрақтылық болмаған жерде жаһандық ықпалдастыққа бағытталған шаралардың толық іске асуы да екіталай екенін көкейге қонымды түйіндеген.

Осылармен қоса, автор жаһандық билік векторының белсенді өзгеруі мен саяси сілкіністердің күшеюі халықаралық жағдайдың өте жылдам шиеленісуіне тікелей түрткі болып отырғанын да жасырмаған. Мысалы, экономикалық қауһары мен геосаяси мүдделері екпіндеген сайын Қытай, Ресей, Индия және Бразилия мемлекеттерінің арасында әлемдік табиғи ресурстар мен жаһандық қауіпсіздікке немесе экономикалық басымдықтарға бағытталған сайыстардың үдей түсетініне және мұның салдары болашақта міндетті түрде орын алатын сын-қатерлер мен шиеленістерге ұрындыратынына шек келтірмейді және мұндай мүдделі іс-қимылдардың, өз кезегінде, Америка Құрама Штаттарын да өзге мемлекеттермен ықпалдасуға немесе тиімді геосаяси әріптестік орнатуға итермелейтінін көлденең тартады.

Жоғарыда аталған көкейкесті мәселелерді жан-жақты зерделей отырып, аталмыш туындысында З. Бзежинский бүгінгі Америка мен жаһандақ билік дағдарысына қатысты бірнеше сауалды алға тартады.

Біріншіден, автор жаһандық биліктің өзгеріске ұшырап, Батыстан Шығысқа қарай ойысуының себебін қалай түсіндіруге болады және бұл үдеріске қалыптасып отырған әлемдік болмыс пен адамзаттың оянып келе жатқан саяси белсенділігінің қандай ықпалы бар?

Екіншіден, Американың бұрынғы тартымдылығы неге бәсеңдеп келеді және оның халықаралық аренадағы құлдырауының басты белгілері қандай? Сонымен қатар бейбітшілікпен аяқталған қырғи-қабақ соғыстың нәтижесінде

қол жеткізген жаһандық мүмкіндіктерінен АҚШ қалайша айырылып қалды? Ендігі жерде Американы қайта серпілтетін күш қандай болмақ? Сосын, АҚШ-қа бұрынғы әлемдік басымдығын қайта қалпына келтіру үшін ендігі жерде қандай геосаяси бағыт ұстану керек секілді өткір мәселелерді де автор айналып өтпейді.

Үшіншіден, егер Америка құлдырап, өзінің жаһандық басымдығы мен билігінен мүлде айырылып қалатын болса, мұның геосаяси салдары қандай болады және мұндай құлдыраудың тікелей құрбандары кімдер болмақ? Сосын, бұл сын-қатерлердің жиырма бірінші ғасырдағы жалпыпланеталық мәселелерге тигізетін ықпалы қандай болады? Сондай-ақ, автор 2025 жылға қарай әлемдік аренадағы Америкаға тән басымдыққа Қытай ие бола ала ма деген іргелі риторикалық сұрақтың жауабын да қоса іздейді.

Төртіншіден, 2025 жылдан әрмен қарай қайта түлеуге мүдделі Америка өзінің ұзақмерзімді геосаяси нысаналарын қалай айқындауы керек және өзінің дәстүрлі еуропалық одақтастарымен қанаттаса отырып, бұрынғыдан да зор әрі қуатты Батысты қалыптастыру үшін АҚШ Ресей мен Түркияны ішке тартудың тиімді жолдарын қалай үйлестіре алады? Сонымен қатар Америка өзінің Шығыстағы қос мүддесінің арасындағы тепе-теңдікті бұзып алмай, бірқалыпты ұстауға қалай қол жеткізе алады? Олардың біріншісі Қытаймен ықпалдасуға бағытталған мүдде болса, екіншісі Азиядағы Американың конструктивті ролінің тек Қытаймен ғана шектеліп қалмауын және, ең бастысы, Азия кеңістігіндегі қауіпті шиеленістер мен қақтығыстарға арандап қалмаудың амалдарын мұқият ойластыру болып табылады.

Аталмыш сауалдардың жауабын іздестіру барысында автор АҚШ-тың таяу болашақтағы ролі әлі де болса салмақты болатынына сенімді екенін жасырмайды. Солай бола тұрғанмен, бүкіләлемдік геосаяси арқаудың Батыстан Шығысқа қарай жылжитынын да жадынан шығармайды. Сондықтан да болар, жаңа Шығыспен жаһандық байланыс орнататын жаңа Американың экономикалық тұрғыдан қуатты, әлеуметтік тұрғыдан тартымды, жауапкершілік тұрғысынан

пәрменді, стратегиялық тұрғыдан сақ, халықаралық тұрғыдан абыройлы және тарихи тұрғыдан өнегелі болуын көксейді және олай болмаған жағдайда алпауыт елдің діттеген мақсатына жетуінің мүлде оңай болмайтынын да ашық айтады.

Алдына жоғарыдағыдай іргелі мақсаттар қойған Американың бүгінгі жай-күйі қандай деген көкейкесті сұрақ та туынды авторын мазалайтыны айқын көрініп тұр. Бұл мәселеге келгенде де З. Бзежинский өз ойын бүгіп қалмайды. Ащы шындықтың бетін айқара ашып тастайды. Мұның дәлелі соңғы сауалға берілген жауаптан анық байқалады. Мәселен, автордың пікірінше, Американың бүгінгі болмысы мен көңіл-күйі мәз емес. Өйткені тарихи тұрғыдан келгенде, Американың құлдыраудан қашып құтыла алмайтын нышанды сипаттары баршылық. Алайда «Бөрі арығын білдірмес, сыртқа ішін қампайтар» демекші, автор әлгіндей сипаттардың жаңалық емес екенін ескерте келіп, пессимизмге бой алдырмауға жөн сілтейді.



НАРЫҚ ПЕН МОРАЛЬ

2013 жылы Гарвард университетінің профессоры, америкалық саясаткер әрі философ Майкл Дж. Санделдің «Ақша не сатып ала алмайды. Нарықтардың моральдық шегі» (Michael J. Sandel. «What money can't buy. The moral limits of markets») атты туындысы жарық көрген болатын. Кітап айдарынан сезіліп тұрғандай, Майкл Сандел бұл шығармасында нарық экономикасы мен моральдық-этикалық құндылықтардың арасына түскен сызаттың бүгінгі таңда тым ұлғайып кеткенін дәлелдейтін мынадай пайымды алға тартады: «2008 жылғы қаржы дағдарысына түрткі болған үдеріс одан көп бұрын, атап айтқанда, қоғамның өсіп-өркендеуінің, еркіндігінің және табысқа кенелуінің кілті өкіметтердің қолында емес, керісінше, нарықтық экономиканың уысында деп, АҚШ Президенті Рональд Рейган мен Ұлыбритания Премьер-министрі Маргарет Тэтчер жар салған, сонау 1980 жылдары басталған болатын. Соңыра, алдыңғылар секілді, Билл Клинтон мен Тони Блэрден де қолдау тапқан әлгі либералдық эйфория 1990 жылдарға дейін жалғасты. Солай бола тұрғанмен, дәл бүгінгі таңда нарықтық экономикаға деген шексіз сенім әлсіреді. Себебі тым әсіреленіп, асқақтамадақталып, қоғамды шамасы келмес тәуекелдерге бел буғызған әлгі дәуірдің күні өтіп кетті...».

Шындығында, М. Санделдің бұлайша түйіндеуіне негіз болатын дәйектер бүгінгі болмыста жетіп артылады. Біріншіден, 2008 жылғы қаржы дағдарысы жиырмамыншы ғасырдың отызыншы жылдарында әлем экономикасын жаппай күйретіп кеткен Ұлы дағдарыспен тең түспесе, кем түспегені даусыз. Екіншіден, аталмыш автор айтпақшы, ХХІ ғасырдың бастапқы онжылдығында басталған қаржы-экономикалық дағдарыстың миллиондаған жұртты сансыратып, сондай-ақ жұмыссыздықты шарықтатып жібергені былай тұрсын, адамзат санасын да у шашып кеткені шындықтан алыс емес.

Осы орайда, кез келген нарықтың қозғаушы күші мен тетігі сұраныс пен ұсыныс дей тұрғанмен, М. Сандел әлгі

капиталистік нарықты мораль мен этика тұрғысынан таразылай келе, оның көлеңкелі астарының да бар екенін оқырман қауымға жайып салады және өз пайымын дәлелдеу үшін келтірген ұтымды дәйектерінің барлығын дерлік көкейге қонымды етіп, нарықтық экономиканың мораль мен этиканы көзге ілмей, ол құндылықтардан аттап-бұттап өте шығатын тұстарын өте дәл суреттейді.

Айтса айтқандай-ақ, сұраныс пен ұсыныс қатар жүрген бүгінгі нарық заманында болсын, өткен нарық дәуірлерде болсын, ақшаның сатып ала алмайтын дүниесі мүлде болмаған сияқты әсер қалдырады. Мұның нақты дәлелдерінің бірі ретінде автордың өркениеттер тарихында құлдыққа адамдар сатылған ұсқынсыз дәуірдің де орын алғанын бүгінгі қоғамның есіне түсіруі өте орынды.

Алайда әлгі дәуір мен заман өтті, келмеске кетті деу өлі ертерек сияқты. Өйткені саясаткер-философ Майкл Сандел келтірген дәйектердің ішінде бүгінгі таңда да «Ақшаң болса қалтаңда, талтаңдасаң талтаңда» секілді кеудемсоқ қағиданы малданатындардың құлақтары қылтиып тұрғанын байқамау мүмкін емес. Заман өзгерді дегенмен, нарықтың заңы – сұраныс пен ұсыныс – өзгерген жоқ. Демек, нарық заманының субъектісі – адам да өзгерген жоқ. Тек сатылатын тауар мен қызмет түрлері ғана өзгерді дей келіп, саясаткер философ әлгі түйінді пайымының астарын аша түсетін және бірнеше айқын мысалдар келтіреді: бүгінгі нарықтың сұранысына сай, бағасы удай яхталар мен жүйрік спорт автомобильдері де, алтынмен апталып, күміспен күптелген жиһаздар мен көздің жауын алатын алқа, білезік, жүзік, сырғалар да, гауһартаспен нақышталған өзге бағалы бұйымдар да, таңдаулы өнер туындылары да, құны аспан тіреген жылжымайтын немесе жылжитын мүліктер де, тіпті нарықтан ауылы алыстау білім, денсаулық сақтау, отбасылық өмір, қоршаған орта секілді ұғымдарға қатысты қызмет түрлері де ақшаға сатылып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі адамзат нарық экономикасынан нарық қоғамына жаппай сырғып кеткендей әсер қалдыратынын кітап авторы дәп басқан.

Ғалымның бұлай демесіне мүлде негіз қалмаған сияқты. Өйткені бүгінгі нарық жұмыртқадан жүн қырқудың айла-тәсілін шегіне жеткізе игеріп алған сыңайлы. Автор келтірген төмендегі негіздемелерге құлақ түрсек, бояушы-бояушы десе, сақалын бояйды демекші, нарықтық болмыстың қоғам мен әлеуметті терідей илеп алғаны соншама, оның үстемдігі халықаралық аэропорттарда да айқын сезіледі. Мысалы, қауіпсіздік үшін ұйымдастырылған тексеріс бекетінен өту үшін, әдетте, жолаушылар ирек-ирек кезекке тұрады. Бұл – қалыпты жағдай. Алайда ондай кезектерді айналып өтудің әдіс-айласы әлдеқашан ойластырылып қойған. Мәселен, бірінші немесе бизнес-класс билет иегерлері соларға арналған арнайы жолақ арқылы, кезек күтпей-ақ, қауіпсіздік бекетінен, майға салған пышақтай, бір демде өте шығатыны өтірік емес. Әлемнің кейбір аэропорттарында кезектен аттап кетудің өзге де тәсілі бар: белгіленген мөлшерде ақша төленсе болды, әлгі мүмкіндікті сатып алу түкке де тұрмайтыны шындық.

Автор келтірген төмендегі дәйектер де назар аударуға тұрарлық дүниелер: әлемнің әйгілі парктеріндегі қызықты аттракциондарды тамашалау үшін де адамдар тайлы-таяғымен ирелеңдеген кезектерге тұрады. Ондай парктерде де, кезекті айналып өту ақшаға тіреледі; АҚШ-та кептелісі көп жолдардан құтылу үшін белгілі мөлшерде ақша төлеп, жылдам жолақпен зымырау мүмкіндігін сатып алуға болады; Нью-Йорк қаласының Орталық паркінде орналасқан Халық театры әр жаз сайын ашық алаңда Шекспирдің пьесаларын тегін қояды, бірақ көрермен үміткерлердің көптігі сондай, әлгі паркке бас сұғу оңайға соқпайды екен. Мұндай кезде паркке кіру билетін сатып алу үшін қарақұрым адам кезекте сағаттап тұрады. Дәл сондай кездерде интернет-сайттарға 125 долларлық ақысы төленсе, билет алып беруге дайын кезекке тұрғыштардың, нақтырақ айтқанда, алыпсатарлардың ұзын тізімі жарияланады. Бұл ұсынысқа сұраныс талезде табыла кетеді. Уақыты жоқ немесе жұмыстан қолы мүлде тимейтіндер, сұранысқа ұсыныс демекші, ақшасын беріп, алыпсатарлардың қызметін малданады. Есесіне, ке-

зекте тұрған өзге жұрттың құқы бұзылады. Демек, мұндайда мораль мен этика жайына қалады.

Жұмыртқадан жүн қырқатын нарықтың мұнымен шектелмейтіні де автор назарынан тыс қалмаған. Мәселен, әлгіндей үрдіс медицина саласында да байқалады. Айтса айтқандай-ақ, кейбір елдерде әйгілі клиникалардың кәсіби білімі мен білігі аса жоғары дәрігерлерге көрініп шығуға үміткерлер де ұшы-қиыры жоқ кезекке тұруға мәжбүр болатын көрінеді. Ал кезекке тұруды ұнатпайтын қалталылар болса, мұндай мүмкіндікті қалт жібермей, кезегін сатып, мал табуды кәсіпке айналдырған делдалдардың ақылы қызметіне жүгінеді де, көздеген мақсатына өзгелерден бұрын жетеді. Міне, бұл жерде де мораль мен этика жайына қалады.

Кітап авторы келтірген ендігі бір деректердің кейбірі білім саласына да қатысты. Мәселен, АҚШ мектептерінде оқушылардың үлгерімін арттыру үшін ата-аналар тарапынан ақшалай сыйақы тағайындау үрдісі белең алған. Естімеген елде көп демекші, тіпті емтихан-сынақ кезінде жоғары ұпай жинаған оқушылармен қатар, көп кітап оқыған оқушылар мен олардың мұғалімдеріне де ақшалай сыйақы төлеуді өз мойнына алған мектептер де кездесетін көрінеді.

Кітап авторының келтірген енді бір деректеріне қарағанда, бүгінгі таңда 500 000 доллар инвестиция құйған кез келген адам отбасымен АҚШ-қа көшіп келуіне мүмкіндік алады екен. Бұл жай ғана құрғақ сөз емес, автор айтпақшы, арнайы заңмен бекітілген рұхсат көрінеді.

Майкл Санделдің сараптамалық туындысы нарықтық сұраныс пен ұсынысты қалт жібермей, оларға дер кезінде қол бұлғап, бас шұлғитын «епті кәсіпкерлердің» сан алуан түрлерін, тіпті естімеген елде көп демекші, үлкен шаралар мен мерейтойларда айтылатын мадақ сөздердің небір даяр нұсқаларын сатып мал табатындардың да бар екеніне оқырман көзін анық жеткізеді, бірақ олардың бәрін бұл жерде тізіп шығу мақсат емес.

Сонымен, нарық не істетпейді, ақша не сатып алмайды? Саясаткер-философ қойған бұл риторикалық сұрақтардың жауабын табуды оқырманның өзіне қалдырған дұрыс бо-

лар. Бірақ бір шындық мынау: дәл бүгінгі таңда сатып алуға болмайтын парасат пен шынайы достық, пәктік пен имандылық, кішілік пен кісілік, табиғи сап таза ауа мен таза су, сол сияқты, зиянды қоспасы жоқ ішім-жем де таптырмайтын құндылықтар әрі бүгінгі таңда олар мүлде сиреп бара жатыр. Тіпті кіршіксіз мораль мен этикалық құндылықтардың да әлемдік нарықтың табанына түсіп, тапталып бара жатқаны айқын көрініп тұр.

Алайда әлемде өзгермейтін еш нәрсе жоқ екенін ескерсек, философ Майкл Санделдің жанайқайына үн қосатын саналы қоғамның да қайта қалыптасып, нарықтық қоғамның жасанды құндылықтарын ауыздықтайтын заманның да қайта түлейтін мезгілі де алыс емес демекпіз. Сосын елімізде қайта белең алып, қайта өрістеп келе жатқан рухани жаңғырудың да басты нысанасы – сол құндылықтар.



XXI ҒАСЫР: ФУТУРИСТІҢ КӨЗІМЕН

Әлемде өзгелермен терезесі тең болуды және геосаяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, демографиялық, мәдени, әскери және қауіпсіздік тұрғысынан әлеуеті кең болуды қаламайтын, сонымен қатар халқының әл-ауқатының зор болуы үшін, тұрақты дамудың сара жолына түсуді көздемейтін немесе өз қатарының арасынан суырылып шығып, арындап алға кеткен мықтылардың ортасына қосылуды көксемейтін бірде-бір мемлекет жоқ десек, артық айтқандық емес.

Мұның дәлелін алыстан іздеудің де қажеті жоқ, себебі алдына стратегиялық мегамақсаттар қойып, мәңгілік ел болуға бел буған Қазақ елі – жоғарыда айтылғанның бұлтартпас дәлелі. Алайда асқақ армандарды іске асыру кез келген субъектінің қолынан келе бермейтіні де шындық. Себебі геосаяси мүдделер неғұрлым ауқымды және көздеген нысаналар неғұрлым биік болған сайын оларға қол жеткізудің де соғұрлым оңай болмайтыны хақ. Содан соң, биік мұратқа қажырлы еңбек етпей, тер төкпей қол жеткізу мүмкін емес екені де белгілі. Бірақ, солай бола тұрғанмен, соқтықпалы соқпағы көп бұл жолда тұйыққа тіреліп қалуға да, көксегеннен түңіліп, еңсе түсіруге де болмайды. Керісінше, кез келген субъект, мейлі ол мемлекет болсын, мейлі компания ұжымы болсын, тіпті қатардағы кәсіпкер болсын, қайрат пен жігерін үнемі жанып, жақсыдан үйрене, жаманнан жирене жүріп, көздеген нысанаға жебесін дәл тигізетін жол табуға толассыз тырысуы шарт.

Міне, дәл осы тұрғыдан келгенде, халқымыздың «жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың аты шықпас» немесе «қалауын тапса, қар жанар» деген аталы сөздерінің босқа айтылмағанына және кез келген субъектінің, жатпай-тұрмай ізденсе, өзіне көмек қолын созуға ықыласты әріптесті міндетті түрде таба алатынына көз жеткіземіз. Мұның дәлелі ретінде тағы да өз еліміздің ұтымды тәжірибесі мен тағылымды өнегесі алдымыздан шығады.

Мәселен, экономикалық және жоғарыда аталған өзге әлеуеттерін үздіксіз өрістету мақсатында, Қазақстан бүгін геосаяси тұрғыдан күллі әлемге танымал, іргетасы мықты бірнеше халықаралық қаржы және банк институттарымен [Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Халықаралық Қайта құру және даму банкі, Халықаралық Қаржы корпорациясы, Еуропа Қайта құру және даму банкі, Азия Даму банкі, Ислам Даму банкі] тығыз байланыс орнатып, олардың сараптамалық зерттеу орталықтарының қызметінде белсенді пайдаланып отыр. Солайы солай болғанмен, дәл осы тұста еліміздің назарында болуға тиісті өзге де халықаралық нысандардың бар екенін атап өтуіміз керек. Солардың бірі емес, бірегейі – абырой-атағы әлемге жайылған жекеменшік «Стратфор» («Stratfor») барлау-сараптамалық орталығы. Бұл нысанның негізін 1996 жылы америкалық саясаттанушы, сұңғыла стратег Джордж Фридман қалаған екен.

Кәсіби тұрғыдан өте мықты мамандандырылған бұл орталық таяу немесе ұзақ мерзімді болашақта халықаралық қатынастар мен әлемдік геосаясат векторларының қалай құбылатынын дөп басып, дәл анықтап қана қоймай, шеберлігі шыңдалған сарапшы мамандарының кәсіби білігінің арқасында бүкіл әлем ғана емес, кез келген елдің кешегі және бүгінгі болмысы мен экономиканың күллі салаларындағы әлеуетін сол елдің ішкі ашық ақпарат көздерімен қатар, күллі әлем қоржынында жинақталған сан алуан дерек көздерінің негізінде талдап-таразылап алып, өте мұқият сүзгіден өткізген соң, сол елдің болашағына қатысты футуристік сұңғыла болжамдар жасайды. Бұл тұрғыдан келгенде, аталған орталық бүгінгі таңда алдына жан салмайды деуге лайық.

Мұның нақты дәлелі ретінде «Стратфор» компаниясының 1990-2015 жылдар аралығында жасаған ондаған футуристік болжамдарының мүлт кетпегенін ерекше атап өткен жөн. Атап айтқанда, «Стратфор» барлау-сараптамалық орталығы Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінде 1995-2005 жылдар аралығында орын алған қаржы дағдарысын,

2000 жылдардың басында, алдымен АҚШ-та басталып, соңында Еуропа аймағын күйреткен қаржы дағдарысын, 2005 жылдан бастап, «әл-Каиданың» бас көтеріп, Таяу Шығыс елдерінде жиһадтық терроризмнің белең алатынын және оның 2009-2014 жылдар аралығында Арабстанға жайылатынын, 2014 жылы Левант (Кипр, Мысыр, Ирак, Израиль, Иордания, Ливия, Палестина, Сирия) мемлекеттерінде радикалдық және экстремистік топтардың күшейетінін, сол сияқты, Иранда, ТМД елдерінде, Сауд Арабиясы мен Йемен арасында, Аргентинада, Испанияда, Мексикада, Шығыс Африкада және Грекияда орын алатын шиеленістер мен дағдарыстарды алдын ала дәл болжаған. Сондықтан да болар, бұл орталық қазірдің өзінде 175 мемлекетпен және оның сыртында, ең іргелі 500 трансұлттық корпорациялармен де, сондай-ақ іргелі халықаралық қаржы институттарымен де терең әріптестік орнатып алған. Сонымен қатар «Стратфор» бүкіл планетаны өз назарының фокусында ұстап отыр деуге де негіз бар. Себебі Жер шарын географиялық аймақтарға бөліп-бөліп тастап, әр аймақты өз жауапкершілігіне алған жоғары білікті, кәсіби мамандар әлемнің 29 тілінде іс жүргізе алады және өз объектілеріне қатысты сараптамалық қызмет түрлерін шегіне жеткізе игеріп, ортақ кәсіптерін үлкен шеберлікпен дөңгелетіп отыр.

2015 жылы «Стратфордан» кетсе де, Джордж Фридман, көп ұзамай, қазіргі адам айтқысыз үлкен жылдамдықпен дамып келе жатқан заманауи ақпарат технологияларының мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, таяу болашаққа тән, бірақ жаһандық мәні бар геосаяси уақиғалар мен құбылыстар тізбегіне сараптама жасап беруді мақсат тұтқан «Geopolitical Futures» («Геосаяси болашақ») атты жаңа консалтинг-басылым компаниясын іске қосты. Бұл компания да «Стратформен» тең түспесе, кем түспейді. Тіпті артықшылығы да жоқ емес. Мәселен, бұл жаңа орталық өз өнімдеріне алдын ала сұраныс берген субъектілерді онлайн тәсілімен дер кезінде қамтамасыз етуге қауқарлы. Дж. Фридман, сонымен қатар «New York Times» газетінің

ең жоғары санаттағы авторларының бірі. Оның қаламынан 2009 жылы жарық көрген «Келесі 100 жыл» («The Next 100 Years») атты футуристік монографиясы күні бүгінге дейін күллі әлемде үлкен сұранысқа ие. Өйткені 1996 жылдан бермен қарай, «Стратфордың» әлгі монографияға топтастырған синергиялық синтездері бәсекеге аса қабілетті АҚШ, Канада, Қытай, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Франция, Австралия сынды оза дамыған мемлекеттердің болашағына қатысты терең сараптамалық болжамдармен қатар, бүгінгі таңда айтулы қарқынмен дамып келе жатқан Мексика, Бразилия, Аргентина, Үндістан, Түркия, Ресей, сондай-ақ Шығыс Еуропа, Балқан, Таяу Шығыс, Кавказ, Африка жә не Орта Азия мемлекеттерінің (оның ішінде Қазақстан да бар) де таяу болашақтағы геосаяси мүдделері мен тарихи, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, әскери және демографиялық әлеуеттерінің қалай өзгеретінін тап басып талдап, таразылап қойған.

Дж. Фридманның кейінгі он жыл аралығында жарық көрген туындыларына [«Соғыстың болашағы: Билік, технология және Американың ХХІ ғасырдағы әлемдік үстемдігі» («The Future of War: Power, Technology and American World Dominance in the Twenty-First Century»), 1996; «Барлаудың шебі» («The Intelligence Edge»), 1997; «Американың құпия соғысы» («America's Secret War»), 2004; «Келесі он жыл» («The Next Decade»), 2011; «Шиеленіс ошақтары: Еуропаға төніп келе жатқан дағдарыс» (Flashpoints: The Emerging Crisis in Europe»), 2015] да жете мән бермеуге болмайды. Өйткені бұл еңбектерінің қай-қайсысы да жоғарыда аталған «Стратфор» сараптамалық орталығының сүзгісінен өтіп, екшелген синтезге тұнып тұр. Тіпті бұл сипат олардың атауларынан да айқын сезіледі және ол кітаптарда біздермен қарым-қатынас жасап отырған алыс-жақын көршілерімізбен қатар, күллі әріптес елдерге қатысты дереккөздері де жетіп артылады. Ендеше, ондай дәйекті дереккөздерін назарда ұстағаннан біздің қоғам ұтпаса, ұтылмайтыны қақ.

СЫНА ҚАҒЫЛҒАН СЫЗАТ

Нобель сыйлығының 2001 жылғы лауреаты, америкалық экономист Джозеф Стиглицтің «Алапат сызат» (Joseph Stiglitz. «The Great Divide») атты сараптамалық талдауға негізделген туындысы 2015 жылы жарық көрді. Сол еңбегінде жаһандық нарық экономикасы мен саясат әлемінде орын алып отырған теңсіздікке сын көзбен қарай отырып, автор Американың сүт бетіндегі қаймағы іспеттес, халықтың бір ғана процентін құрайтын бай-бақуаттылары мен қалған «*тоқсан тоғыздың*» арасында жер мен көктей айырмашылық бар екенін, тайға таңба басқандай, дәл сипаттайды.

Ғалым айтқандай, майлы ет пен ас болмас желке секілді, капиталистік қоғамдағы аталмыш екі топтың бастары біріге бермейтіні шындықтан алыс емес. Өйткені олардың мазасын қашыратын мұңдары ғана емес, мақсат-мұраттары да, күнделікті өмір сүру салт-дәстүрлері де әр басқа. Демек, бұл жерде «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» деген халық даналығының қисыны келіп тұрғаны анық байқалады. Сосын, қатардағы америкалықтарды колледждегі балаларының төлемақысын қалай өтейтіні, отбасындағы жақындарының бірі ауыр науқасқа ұшырай қалса, қайтіп емдететіні, сондай-ақ зейнетке шыға қалса, ары қарай күндерін қалай көретіні секілді түйткілдер жиірек алаңдатады. Өйткені, 1930 жылдардағы Ұлы Депрессия кезінде ондаған миллион адамның өз үйлерін сақтап қалуға жан ұшыра жанталасқаны да, миллиондаған өзге жұрттың баспаналарынан мүлде айырылып қалғаны да олардың жадынан әлі кете қойған жоқ. Ал мұндай «ұсақ-түйектер» әлгі бір процентке кіретіндердің санасы тұрмақ, түсіне де кірмейді. «Малы көптің мұңы көп» демекші, соңғылардың ойын он саққа жүгіртетін себептердің сипаты мүлде бөлек. Жаңағы сияқты ұсақ-түйектерден гөрі олардың миын дыбыстан жүйрік ұшақтың қай түрін сатып алу, я болмаса көл-көсір табысты салықтан қалай қалқалап қалу секілді мазасыздық көбірек қатыратынын аталмыш туындының авторы дәп басқан.

Солай бола тұрғанмен, Джозеф Стиглицтің пікірінше, күллі әлемдегі тұрмысы шалқыған 1 проценттің тағдыры, түптеп келгенде, қалған 99 проценттің тағдырына тікелей тәуелді. Себебі, қайықтағының жаны бір демекші, халқының басым көпшілігінің әл-ауқаты тұрақты экономикаларда 1 проценттің де, 99 проценттің де мүмкіндігі мол болуға тиісті. Ал жағдай керісінше болса, экономикалық тұрақтылық ұзаққа бара қояды деу қиын. Ғұлама экономистің бұлайша топшылауына негіз жеткілікті сияқты.

Біріншіден, аталмыш елдегі *аз* бен *көптің* арасындағы күннен-күнге ұлғайып бара жатқан теңсіздік сызаты, ең алдымен, соңғылардың мүмкіндігінің шамадан тыс шектелуіне себеп болып отыр. Демек, бұл фактор өз кезегінде мемлекеттің ең үлкен құндылығы болып табылатын көпшіліктің, яғни 99 проценттің күш-қуатын толық пайдалану мүмкіндігінен айырып, олардың әл-ауқатының артуына да, экономиканың тиімді өрістеуіне де кері әсерін тигізеді.

Екіншіден, теңсіздікке жол ашатын бұрмалаушылықтың енді бірі, әділетті заңдардың өрескел бұзылуымен тікелей байланысты. Мұндайда өкімет тарапынан 1 процеттегілерге шексіз монополиялық билік беріліп, олардың салық жеңілдіктеріне қол жеткізу мүмкіндіктері шарықтап өседі. Ал бұл фактор өз кезегінде, *аз* бен *көптің* арасындағы теңсіздік сызатын одан бетер күшейтіп, экономиканың кері кетуіне тікелей ықпал етеді.

Үшіншіден, жасампаз экономика ұжымдық ықпалдас-тықты талап етеді. Бұл, ең алдымен, мемлекет тарапын, әсіресе заманауи инфрақұрылымға, білім мен технологияға көбірек инвестиция тартуға міндеттейді. Ал бұл міндет орындалмаса, экономиканың жаппай алға басуы мүлде шабандайды.

Төртіншіден, экономика мен саяси қатынастардағы теңсіздіктің шынайы себептерін экономистердің өздері де дөп басып айта алмайды. Өйткені мұнда сұраныс пен ұсынысқа негізделген нарықтың басты қағидасының ықпалы басым. Өйткені бүгінгі заманауи технологиялар білікті мамандарға да, орта білімді мамандарға да сұранысты тым азайтып жі-

берді. Оның үстіне, жаһандану заманы әлемдік нарыққа жол ашып, ел ішіндегі жұмыс қолынан гөрі шетелдік арзан жұмыс қолын өндіріске көбірек тартуға мүмкіндік беріп отыр. Бұған қоса, әлеуметтік өзгерістер де, оның ішінде жұмысшылардың мүддесін қорғайтын бұрынғы кәсіподақ ұйымдарының әлсіреп немесе қысқарып кетуі де көпшіліктің мүддесіне кері ықпалын тигізіп отыр.

Бесіншіден, нарық экономикасындағы теңсіздіктің ең басты себебі 1 проценттегілердің қоғамдық және әлеуметтік қатынастардағы қалыптасып қалған $1/99$ үлестік мөлшерінің еш өзгеріске түспей, жалғаса беруін қалайтындығында жатыр. Мұның нақты мысалын Джозеф Стиглиц ел ішіндегі салық саясатынан байқап отырғанын жасырмайды. Мәселен, ірі капиталдарға салынатын салық мөлшерінің төмендігі көш басындағы бай-бақуаттыларға шаш-етектен пайда әкелетін табыс көзі екені ешбір дәлелді керек етпейді. Мұндай жеңілдіктерді өткен ғасырдың басында Джон Рокфеллер секілді банкирлер пайдаланған болса, үстіміздегі ғасырда Билл Гейтс сияқты олигархтар да жаппай пайдаланып отырғаны анық.

Алтыншыдан, бүгінгі теңсіздіктің тағы бір себебі қаржы жүйесіндегі бармақ басты, көз қыстылықпен тікелей байланысты. Атап айтқанда, өзгелердің құқын аяқасты етіп, бай-бақуаттылардың көздеген мүдделерін қанағаттандыру үшін қаржы жүйесінде қалыптасқан бұрынғы ережелер қаржы институттарының өз қолдарымен жорта бұзылып, жасанды мүмкіндіктерді ақшаға сатып алу орын алып отыр. Мұның бір мысалы – мынау. Өкімет қаржы институттарына қарызға 0 процентік өсіммен ғана жеңіл ақша береді де, ортадан өз пайдасын қағып алады. Мұндайда, заң бұзушылықты бақылайтын институттар да көздерін жұмып, үндемей қоя салады. Бір сөзбен айтқанда, байлық билікке бас шұлғыса, билік байлыққа қол бұлғайды. Тоқсан сөздің тобықтай түйіні осы ғана.

Түптеп келгенде, Нобель сыйлығының лауреаты – Джозеф Стиглицтің «Алапат сызатпен» айтпақ болып отырғаны мынау: әлемдегі ат төбеліндей бай-бақуатты топтың уысына

жинақталған ұшан-теңіз байлық қоғамды қақ бөліп, теңсіздіктің отын лаулатып, тек жекелеген тұлғалардың ғана күйін күйттемей, ортақ мүдделерге сәйкес, мемлекеттердің іргетасы болып отырған 99 проценттің мүддесін де ескере отырып, әділетті бөлініп, тиімді жұмсалғанын көксейді. Ал ауқаттылар болса, автордың пікірінше, өзіне қажеттің бәрін де сатып алуға мүмкіндігі жетіп артылатындықтан, билікке бағына бермейді. Сондықтан олардың басым көпшілігі қолындағы байлығын қызғыштай қорғайды және оны күллі қоғамның ортақ мүддесіне арнауға ынталы емес. Сондықтан да автордың аталмыш туындысынан адамзаттың ұланғайыр байлығы мен рухани санасы қатар жүрсе, күллі әлем де, қоршаған орта да, адамзат болмысы да әділетті де иманды арнаға түсер еді деген мөлдір ниет менмұндалап тұр.



АМЕРИКАДА ӨТКЕН ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ

2008 жылы қазанның 29-ы мен қарашаның 6-сына дейінгі аралықта ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясының депутаттар тобы Америка Құрама Штаттарында өткен президент сайлауын байқап қайтты. Бұл миссияға ЕҚЫҰ-ға мүше 56 елдің 28-інен 76 депутат және аталмыш Ұйымның аппарат қызметкерлерін қоса есептегенде 96 байқаушы қатынасты. Бұл топтың жұмысына Қазақстан жағынан осы жазбаның авторы мен Мәжіліс депутаты С. Бычкова да атсалысты.

Байқаушылар күні бұрын дайындалған және алдын ала келісілген жұмыс кестесі бойынша, АҚШ-тың Флорида, Солтүстік Каролина, Вирджиния, Нью Хэмпшир, Огайо, Миссури, Нью-Мексико, Мерилэнд және Колорадо секілді тоғыз штатына бөлініп жұмыс істеді. Олар сол штаттарда тіркелген сайлаушылардың дауыс беретін орындарын аралап, олардың сайлау жүйелерімен толық танысты. ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясының депутаттар тобы, сонымен қатар аталған штаттардың жергілікті заңдарына сәйкес, қарашаның 4-інде өтетін негізгі сайлау күнінен бұрын өткізілген дауыс беру үдерісімен де жақын танысуға мүмкіндік алды. АҚШ-тың бұқаралық ақпарат құралдары таратқан ресми хабарға қарағанда, мемлекеттің барша аумағында тіркелген сайлаушылардың 24 миллионы қарашаның 4-іне дейін-ақ алдын ала дауыс беріп үлгерген.

Біздер, қазақстандық депутаттар, Вашингтонға тиіп тұрған Вирджиния штатында өткен президенттік сайлау үдерісімен таныстық. Сайлау әділетті өтті және біз болған сайлау бөлімшелерінде ешбір заң бұзушылық байқалған жоқ. Сайлау нәтижесінде АҚШ-тың Демократиялық партиясының атынан президенттік сайысқа түскен сенатор Барак Обама айқын басымдықпен жеңіске жетті. Республикалық партияның кандидаты, сенатор Маккейн жеңіліп қалды.

ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының байқаушылар тобы, сайлаудың нәтижесін бесінші қарашада талқылап, пікір алмасқан соң, АҚШ-тағы президент сайлауы әділетті өтті деген ортақ мәмілеге келді.

АҚШ-тың ресми органдары таратқан мәлімдемесі де біздің, яғни байқаушылардың сайлау туралы түйген ортақ пікірлерімен бірдей болып шықты. Біздің пайымдауымызша, бұл сайлау сонымен қатар, 300-ден аса ұлт пен этностан құралған Америка халқының басын бір тудың астына біріктіріп кетті десе де болады. Өйткені бұрын өткен күллі президенттік сайлаулардан бұл сайлаудың ерекшелігі тайға таңба басқандай, өте айқын сезіліп тұрды және Американың жастары болсын, орта буындағылары болсын, қарттары болсын, тіпті нәсілдері ақ па, қара ма, қоңыр ма, сары ма, немесе діни дүниетанымдарының сан алуандығына қарамастан, бәрі бірдей аңсаған армандары мен діттеген мүдделері орындалғандай, қуаныштары қойындарына сыймай, тіпті көздеріне жас алды. Әсіресе афроамерикалықтардың қуанышында шек болмады. Ал сайлаудың нәтижесін бүкіл Американың ірілі-ұсақты қалаларының халқы алаңдарға шығып, Вашингтон жұртымен сайлау өткен күннің кешінен бастап, келесі таңға дейін бірге тойлады.

Сайлаудың соңғы сәттерін президенттіктен үміткер қос кандидат – сенаторлар Джон Маккейн мен Барак Обама – өздерінің төл штатының ең басты қалалары Феникс пен Чикагода өз отбасыларымен бірге тамашалады. Олардың қатарында вице-президенттіктен үміткер Аляска штатының губернаторы Сара Пейлин ханым мен сенатор Джоу Байден де бірге болды. Сайлаудың нәтижесі ресми түрде хабарланған кезде туы жығылған Джон Маккейн өзінің жеңілгенін ашық мойындап, Барак Обаманы жеңісімен құттықтады. АҚШ-тың болашақ Президенті Барак Обаманың Чикаго қаласындағы алып алаңға жиналған жұртшылықтың алдында сөйлеген серпінді сөзі өте әсерлі болды. Бұл сөзді үлкен қалалардың алаңдарына қойылған алып мониторлардан көрген америкалықтар ғана емес, бүкіл әлем халқы да дәл сол сәтте-ақ телеарналар арқылы көре алу мүмкіндігіне ие болды.

ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясының байқаушылар тобына Қазақстан Парламенті Сенатынан тағайындалған депутат әрі АҚШ-та өткен президент сайлауының басы-қасында

болып, тікелей байқап, нақты ой түйіп қайтқан саясаткер ретінде көпшіліктің көкейінде жүрген: «Афроамерикалық сенатор Барак Обама қалайша президенттікке қол жеткізді?» деген риторикалық сұраққа жауап іздер болсақ, біздің түйген пікіріміз төмендегідей.

Біріншіден, Америка Конгресіне сайланғанына төрт-ақ жыл өтсе де, сол елдің маңдайалды университеті – Гарвардтың заң факультетін үздік бітірген Барак Обама конгресмендердің ішінде, әсіресе білімі мен шешендігінің арқасында Америка Сенатының арыстаны атанған Демократиялық партияның ең биік тұлғасы Эдвард Кеннедидің сеніміне тез кіріпті. Сосын, Обаманың кандидатурасын бірінші болып президенттікке ұсынған да, басқаларды жас сенаторды қолдауға ұйытқан да сол Эдвард Кеннеди екен. Ол бұл ұсынысын Демократиялық партияның Вашингтондағы Америка университетінде өткізген саяси басқосуында мәлімдепті.

Конгреске дейін де Барак Обама Иллинойс штатының сенаторы болып қызмет атқарыпты. Сосын, кениялық әкесі Хусейннен ерте айырылған Обама ақ нәсілді анасының және нағашы атасы мен әжесінің қолында тәрбиеленіпті. Нағашылары тапқан-таянғандарын Обаманың біліміне жұмсапты. Демек, Обама – тек анасын ғана емес, үлкендерді де сыйлап өскен, көргенді әрі өмірдің ащы-тұщысын жастайынан көріп есейген азамат. Бұған қарағанда, ол қарапайым америкалықтардың мұң-мұқтажын жақсы сезінетін президент болатын сыңайлы.

Обаманың жеке отбасы да мықты. Бүлдіршіндей екі қызы бар. Оның жұбайы Мишель Обама да Гарвард университетінің түлегі. Сосын, Американың болашақ бірінші ханымының парасатты екені оның Си-Эн-Эн (CNN) телеарнасының тікелей эфирі арқылы таратылған салмақты да ойға қонымды сөздерінен анық байқалды. Оның үстіне, Барак Обаманың жұбайы көрермендерге өзінің нағыз шешен және парасатты екенін сездіргендей, ешбір қағазсыз әрі ұзақ сөйлеген-ді.

Екіншіден, Америка халқы Ирак пен Ауғанстандағы созылмалы соғыс өртінен шаршағандарын да, алдыңғы пре-

зиденттің ішкі-сыртқы саясатынан да әбден түңілгендерін байқатты. Олай болатын жөні де бар еді. Өйткені негізсіз басталған Ирактағы соғыс пен Ауғанстандағы ұшы-қиыры жоқ қантөгіс мыңдаған америкалық әскердің өмірін жалмап кеткен-ді.

Үшіншіден, Барак Обаманың сайлауалды науқанда сөйлеген өткір сөздерінде келтірілген дәйекті деректерге сүйенер болсақ, қашан бітері белгісіз алапат соғыс өртіне шарпылған алпауыт Американың ай сайын ондаған миллиард доллар қаржы жұмсап келгенін салық төлеуші сайлаушылар байқамады деуге ешбір негіз жоқ.

Төртіншіден, Америка халқы сол кездерде телеэкрандардан күн сайын көрінетін, бірақ қашан қолға түсері белгісіз әрі мифке айнала бастаған Бен Ладеннен де әбден жалыққан болатын.

Бесіншіден, ол аз болғандай, Американың Республикалық партиясынан сайланған алдыңғы Президент Әкімшілігі енді Иран мен кейбір араб елдеріне де көздерін аларта бастаған еді. Сондықтан бұрынғы биліктің бұл саясаты да сайлаушылар тарапынан жиреніш тудыра бастаған болатын.

Алтыншыдан, жығылғанға жұдырық дегендей, Ауғанстандағы талибандардың саны сол кездерде қайта көбейе бастаған-ды. Міне, осы факторлардың барлығы жинала келіп, бұрынғы Президент Әкімшілігінің солақай саясатын ғана емес, сол саясаттың сойылын соғып, президенттік тақтан көптен бері дәмеленіп жүрген Республикалық партияның өкілі, сенатор Джон Маккейннің сайлауалды бағдарламасын да халық мүлде қолдамады.

Жетіншіден, АҚШ-тың сол кездегі мемлекеттік қарызы он триллионға жетіп жығылған-ды. Әсіресе аталмыш елдің Қытайға қарызы шаш-етектен болатын. Оның үстіне, АҚШ-та басталған ипотекалық дүлей дауыл дүниедегі ең алпауыт мемлекеттің қаржы және банк жүйелерін ғана емес, сақтандыру қорларын да қоса күйретіп, сонымен қатар тек АҚШ-тың экономикасын ғана тұралатып қоймай, бүкіл дүние жүзін де қоса шарпып, сауда-саттығы доллармен байланысты өзге елдерге де зиянды серпінін аямай тигізген-ді.

Сегізіншіден, сайлау науқаны кезінде Барак Обама жария еткен ресми ақпарат бойынша, тек 2008 жылдың өзінде ғана АҚШ-та 76 000 жұмыс орны қысқарып, денсаулық сақтау саласы бойынша, 47 миллион азамат, медициналық сақтандыру тұрғысынан, қорғансыз болып қалған болатын. Мұнымен қоса, бизнес қана емес, қарапайым отбасылар да банктерден несие алу мүмкіндігінен айырылып қалғанды. Сол сияқты, жалақының сол кездегі мөлшері соңғы он жылдағы ең төменгі деңгейге жетіп, ақылы дәрігерлік қызмет пен колледждердегі оқу ақысы да күрт өсіп кеткенді. Міне, дәл осындай ел басына түскен қиын жағдайды ескермей, сенатор Маккейннің сайлаушылармен болған ондаған кездесуінде: «Америка экономикасының іргетасы жақсы деңгейде» деп 17 рет қайталауы сайлаушылардың ашу-ызасын туғызды. Сондықтан да, АҚШ-та жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижесі бойынша, халықтың 75 проценті алдыңғы Президент Әкімшілігінің ұстанып отырған саяси бағытын теріс деп бағалады.

Тоғызыншыдан, президенттік сайлауға түскен әр кандидатқа мемлекеттік қаржыдан бөлінетін 84 миллион доллардан Обама мүлде бас тартқанды. Себебі ол мемлекет қаржысын пайдаланатын кандидаттың, заң бойынша, басқа қаржы көздерінен қаражат тарта алмайтынын жақсы түсінді. Ал сенатор Маккейн болса, тек мемлекет қаржысымен ғана шектеліп қалды. Есесіне, Барак Обама өзін қолдайтындардың көп болатынын алдын ала болжап, интернет арқылы әр қолдаушыдан 5-10 доллардан жинағанның өзінде, оның сайлау компаниясына жарататын қаржы мөлшері қарсыласының мүмкіндігінен 6-7 есе басым түсті. Соның арқасында, Обаманың жақтастары мен жанкүйерлерінің интернет пен телефонға жұмсайтын қаржылай мүмкіндіктері мол болып, сайлаушылардың ашылмаған есігі де, қоңырау шалынбаған телефонды да қалмаған болатын. Сонымен қатар, Обаманың сайлау штабына қолғабыс беру үшін сайлаушыларға өз бетімен телефон шалып, немесе олармен тікелей жүздесіп, үгіт-насихат жүргізген жанашырлардың ел аумағындағы жалпы саны бір жарым миллионнан асып түскенді.

Оныншыдан, нәсілдері мен ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, АҚШ-тың күллі жастары Барак Обаманың Американы өзгертуге бағытталған сындарлы бағдарламасына жаппай қолдау білдірді. Ол – ол ма, Обаманы Клинтон секілді елге еңбегі сіңген мемлекет және қоғам қайраткерлерімен қатар, бүкіл интеллигенция өкілдері мен журналистер қауымы да қоса қолдап, тіпті сайлау додасының басында Хиллари Клинтонға қолдау білдірген Демократиялық партияның мүшелері түгелдей Обамаға дауыс берді.

Сосын, Американың ақпарат құралдары Обаманы дәріптеуге 9,6 миллион доллар жұмсаса, оның бәсекелесі, сенатор Маккейнге тек 4,4 миллион доллар ғана шығын шығарды. Осы айтылғанның нақты дәлеліндей, Си-Эн-Эн теле арнасы тікелей эфирде ұйымдастырған үш сайыста да Барак Обама қарсыласын басым ұпаймен ұтып кетті. Тіпті Обама вице-президенттікке таңдаған сенатор Джоу Байден де Маккейн үміт артқан Сара Пейлинді бетпе-бет пікірсайыстарда үлкен басымдықпен жеңіп кетті.

Сондай-ақ Обаманың салық, денсаулық сақтау, білім, экономика, инфрақұрылым, сыртқы саясат және қорғаныс салаларын дамытуға бағыттаған бағдарламалары да сенатор Маккейннің ұстанымдарынан басым түсіп, түгелдей сайлаушылардың көкейінен шықты. Әсіресе сыртқы саясатта шешімі табылмай жүрген мәселелер бойынша, АҚШ-тың Ресеймен де, Қытаймен де, Еуропа Одағымен де кеңесу керектігін алға тартып, тіпті Иран Президентімен де келіссөзге барып, қайшылықтарды, ең алдымен, дипломатиялық жолмен шешуге тырысу керектігін, сондай-ақ әлемнің сегіз алпауыт мемлекетінің клубына басқа елдерді де тартып, оның шеңберін кеңейте түсуді көздейтінін ашық айтқан Барак Обаманың әлемдік саясатта ерекше рөл атқаратын президент болатынын айғақтап кетті.

Қорыта айтқанда, «Сырт көз – сыншы» демекші, АҚШ сайлаушыларының назарынан жоғарыда тізбектелген уәждердің бірі де таса қалған жоқ. Сондықтан да болар, Барак Обама сайлаушылардың басым көпшілігінің даусын ғана иеленіп қоймай, сайлаушылар алқасының да басым көпші-

лігінен (338) қолдау тапты. Ал сенатор Маккейн болса, салы суға кетіп, жеңілгенін мойындап, жеңімпазды еріксіз құттықтады.

Сонымен, «Америка жаңғыруы керек!» деген ұранды ту етіп көтерген Американың Демократиялық партиясы мен сол партияның атынан президенттік мандатқа қол жеткізген Барак Обама Сенатта да, Өкілдер палатасында да басымдыққа ие болып, елді, жоғарыдағы ұранға сәйкес, жаңаша басқаруға толық мүмкіндік алды.

Ең таңданатын феномен сол, Америка тарихында бірінші рет афроамерикандық президент таққа отырды. Алайда биік билік тізгінін қолға алған Барак Обамаға алпауыт Америка өз халқының басым көпшілігі көксеген жаңғыруды іске асыруға мүмкіндік бере ме, жоқ па, мұны таяу болашақ көрсететін болады...



АҚ ҮЙДЕ САЯСАТ САБАҚТАСТЫҒЫ БАР МА?

Әлемнің сұңғыла саясаткері З. Бжезинскийдің «Екінші мүмкіндік» («Second Chance») атты сараптамалық туындысы 1989-2009 жылдардағы АҚШ-тың Джордж Герберт Буш, Уильям Клинтон және Джордж У. Буш сынды үш президентінің жүргізген ішкі-сыртқы саясатына бағытталған.

Айтулы ғалым өз сараптамасын АҚШ-тың 41-президенті Джордж Герберт Уокер Буштан бастайды. Мұның өзіндік себебі бар. Өйткені Кеңес Одағының жойылған кезі де, керісінше, АҚШ-тың планета бетіндегі ең қуатты державаға айналып, халықаралық ықпалының күрт өскен кезі де дәл сол президенттің Ақ Үйде билік құрған 1989-1993 жылдар аралығында орын алған болатын. Ал одан сәл бұрын ғана әлемді бейбіт тепе-теңдікте ұстап тұрған Варшава Шарты Ұйымы мен НАТО әскери блоктарының алдыңғысы ыдырап, соңғысы баз қалпында сақталып қалғандықтан, халықаралық жағдай жер жүзінде бірден ушығып, арты ғаламат өзгерістерге ұласып кеткен-ді.

АҚШ-тың сыртқы саясат саласының әккі де кәсіби идеологі Збигнев Бжезинский бұл туындысында, жоғарыда аталған үш президентке жеке-жеке тоқтала келіп, олардың мемлекет басқарудағы шеберліктерінен гөрі осал тұстарына, одан да нақтырақ айтқанда, әлгі тұлғалардың алпауыт Америкаға ХХ ғасырда тағдырдың өзі сыйлаған тарихи мүмкіндікті уыстарынан шығарып, АҚШ-ты әлем олимпінің дара билеушісіне айналдыра алмағандығын өкінішпен еске алады. Сосын, бұл сәтсіздікті үш президенттің үшеуіне де тән ең басты кемшілік деп ашық сынайды, бірақ үлкен Буш пен Клинтоннан гөрі билік тізгінін олардан кейінірек ұстаған кіші Бушқа ерекше шүйіледі.

Айтса айтқандай-ақ, дәл сол кездерде НАТО блогы бұрынғыдан бетер күшейіп кетеді, ал Кеңес Одағы, керісінше, тарих сахнасынан оқыс жойылып кетеді деген пайым ешкімнің де қаперіне кірмеген болатын. Сондықтан да болар, алғашында бұл заманауи өзгерістерді АҚШ-тың 40-президенті Рональд Рейганның іскерлік талантының тікелей жемісі деген пікір қалыптаса бастаған. Алайда З. Бже-

зинский келтірген дәйектерге мән беретін болсақ, АҚШтың планета бетіндегі ең басты қарсыласы Кеңес Одағының түбегейлі күйреп қалуына тек Рональд Рейганның ғана емес, одан бұрынғы 40 жыл ішінде билік тізгінін ұстаған АҚШ президенттері Гарри Трумэннің де, Дуайт Эйзенхауэрдің де, Джон Кеннедидің де, Ричард Никсонның да, Линдон Джонсонның да, Джеральд Фордтың да, Джимми Картердің де, Джордж Герберт Буштың да, тіпті Ресейдің бірінші президенті Михаил Горбачев пен сол кездегі Ватикан басшысы II Иоанн Павелдің де, Польшаның кәсіподақ қозғалысының көсемі Лех Валенсаның да сүбелі үлестері бар екеніне анық көз жетеді.

Шындығында да, 1990 жылдары келмеске кеткен Кеңес Одағынан кейін саяси-экономикалық тұрғыдан да, әскери тұрғыдан да АҚШ-қа тең келетін бірде-бір мемлекет жоқты. Өйткені НАТО блогының аса қуаттылығын былай қойғанның өзінде, әлем құрлықтары мен мұхиттарының қай нүктесінде болса да Америка қарулы күштерінің үстемдігі айқын сезілетін. Сондықтан ендігі жерде әлем алпауытына айналған Америкаға тек өзінің ұлттық қауіпсіздігін құнттаумен шектеліп қалу аздық ететінін сезіп, Вашингтон билігі өзіне енді және үш жаһандық миссияны қоса жүктеп алғанды. Олардың біріншісі – геосаяси тепе-теңдігі өте құбылмалы мемлекеттердің ұлттық мүдделері белең алып, күшейе бастаған сәтте терең ықпалдастыққа негізделген жаһандық жаңа жүйе құру үшін, ең алдымен, басқару тетіктері мен бағыт-бағдар тәсілдерін барынша жетілдіру және орталық билікке тәуелді қарым-қатынастарды қалыптастыру. Екіншісі – аймақтық жанжалдардың асқындап кетпеуі үшін шиеленістерді ауыздықтау немесе тоқтату, терроризм мен жаппай қырып-жоятын қаруларды таратудың алдын алу және азамат соғыстарынан әлсіреген елдерде бейбітшілікті сақтау үдерістерін күшейту. Үшіншісі – гуманитарлық салада шектен шығып бара жатқан теңсіздікті қалыптаса бастаған жаңа болмыс пен жаһандық санаға сәйкес ауыздықтаудың тиімді жолдарын қарастыру және қоршаған орта мен экологияға қауіп төндіруі мүмкін сын-қатерлердің алдын алу. Алайда бұл айтылғандардың сыртында тұрған автор туындысының ең басты түйіні мынаған саяды: «Әлемді оң жолға

тек АҚШ қана бастай алады және солай істеуге ол міндетті. Ал олай болмаған жағдайда адамзаттың күні қараң. Содан соң, бұл тығырықтан шығудың жалғыз ғана мүмкіндігі бар. Сол соңғы, яғни екінші мүмкіндік те тек Американың қолында. Ендеше, әлгі пайымды бүкіл әлемге паш ету – парыз».

Бжезинскийдің Үлкен Бушқа деген көзқарасы оң болғаны байқалады. Себебі бұл президенттің дипломатиялық тәжірибесі өте мол болатын. Ақ Үйге дейін ол АҚШ елшілігінің Қытай Халық Республикасындағы бейресми басшысы, сондай-ақ Американың Біріккен Ұлттар Ұйымындағы елшісі, Орталық барлау басқармасының жетекшісі болған. Оның Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшісі Brent Scowcroft болсын, Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер болсын, Қорғаныс министрі Ричард Чейни болсын өте ысылған әрі кәсіби мамандар-тын. Солай бола тұрғанмен, З. Бжезинский Үлкен Буштың Таяу Шығыстағы саясатының оң нәтиже бере алмағанын ашық сынады. Біріншіден, Кувейтті Саддам Хусейннен азат еткеннен кейін, қолында үлкен мүмкіндігі бола тұра, Израиль мен Палестинаның арасындағы шиеленісті шешуге күш салмады деп мін тақса, екіншіден, С. Хусейнді жеңгенімен, Америка қарулы күштерінің Таяу Шығыста қалып қоюы осы аймақта үлкен жиреніш тудырғанын да жасырмайды. Сонымен қатар, кітап авторы аталған президенттің Қытаймен жүргізген саясатын да, посткеңестік Ресеймен жүргізген қарым-қатынасын да түкке алғысыз болды деп ащы сынға алады.

Кітаптың Президент Билл Клинтонға арналған тарауы «Жақсы ниеттің белсіздігі» деп бекер аталмаса керек. Бұл тақырыптың астарынан Клинтонның жұмсақтығына деген кекесін байқалады. Бжезинскийдің пікірінше, Билл Клинтонның халықаралық тәжірибесі аз болғандықтан, басында сыртқы саясаттың тізгінін кеңесшілеріне жүктеп қойып, өзі тек ішкі саясатқа көбірек мән берген. Бұл кемшілігін жою үшін ол сыртқы саясатты президенттік билігінің соңғы екі жылында ғана қолға алғандықтан, Ұлттық қауіпсіздік мәселелер жөніндегі кеңесшісі мен Мемлекеттік хатшының көмегіне жиі жүгінген. Сосын, өзінен бұрынғы президенттермен салыстырғанда, Клинтон күллі саясатын жаһандану

тұжырымдамасының негізінде жүргізген, себебі жаһандандуды ол бүкіл адамзаттың жарқын болашағына балағанды. Бұған қоса, Клинтонның ядролық арсеналды қысқарту туралы Ресеймен мәмілеге келу идеясын да, Еуропамен саяси-экономикалық ықпалдастықты күшейту туралы бастамасын да Бжежинский АҚШ-тың ұлттық мүддесіне нұқсан келтірген әлсіздік деп бағалайды. Себебі мұндай әлжуаз саясатпен АҚШ планетаның жеке-дара билеушісі бола алмайды деп пайымдайды. Солай бола тұрғанмен, Бжежинский Президент Клинтонның кезінде НАТО мен ЕуроОдақ шеңберінің кеңейе түскенін жақсы нышанға жатқызады.

Кіші Буш президент болған кезеңге арналған кітап тарауын З. Бжежинский «Апат билігі» деп атапты. Себебі Джордж У. Буш президент болып сайланған 2001 жылы АҚШ алдымен Ауғанстанға, одан соң Иракқа басып кірген болатын. Бұл дәуірді автор жаһандық ауқымдағы геосаяси апат деп ашық сынайды. Қатарынан екі маусым президент болған Кіші Буш билігінің бірінші төртжылдығында сыртқы саясаттың тұтқасын бұрын президенттік билікке талпынған белгілі тұлға, бұрынғы армия генералы Колин Пауэллге ұстатып, өзі тек ішкі саясатпен ғана айналысқан. Бірақ 2001 жылғы 11 қыркүйекте орын алған әйгілі уақиғадан соң, Ақ Ұй сыртқы саясаттың нағыз ордасына айналып, Джордж Буш Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен гөрі азулы Вице-президент Р. Чейни мен Қорғаныс министрі Д. Рамсфельдтің ақыл-кеңесіне көбірек жүгінгенді.

З. Бжежинский Кіші Буштың кешірілмес қателерінің бірі ретінде Иракқа Американың демократиялық құндылықтарын таңбақ болғанын атайды және Президенттің бұл тірлігін ешбір негізі жоқ авантюризмге балайды, сондай-ақ Президент Буштың Таяу Шығысқа мүлде жат құндылықты Палестина мен Египетке де енгізбек болған тірлігінен де еш нәтиже шықпағанын жасырмайды.

Сонымен, жоғарыда аталған президенттік үштіктің 15 жыл бойы жүргізген ішкі-сыртқы саясатын сараптай келе, З. Бжежинский, Америка мектептеріндегі оқушы білімін бағалау жүйесінің үрдісімен, Үлкен Бушқа – «В» немесе 4, Билл Клинтонға – «С» немесе 3, ал Кіші Бушқа ең төменгі «F», яғни

1 деген баға береді де, сараптамалық туындысының соңында: «Бізде екінші мүмкіндік бола ма?» деген риторикалық сауал қойып, оған сенімді түрде «Иә» деп жауап қайырады. Сөйтеді де, оның дұрыстығын нанымды дәйектермен нықтай түседі. Саясаткер әлемде бірде-бір мемлекеттің АҚШ-тың қолынан келетін зіл-батпан міндетті еңсере алмайтынын ескертеді. Себебі әлемдегі ең іргелі экономиканың да, ең қуатты қарулы күштердің де иегері, қолданыстағы ғылыми жаңалықтар мен технологиялық басымдықтардың қожасы да – Америка. Демек, күллі әлем де халықаралық жүйенің тепе-теңдігін бұлжытпай ұстап тұратын осындай қуатты күшке мұқтаж. Егер мұндай рөлден АҚШ бас тартатын болса, онда әлгі жүйе күйрейді. Сондықтан Америкаға планета көшбасшысы болу үшін ең маңыздысы қалыптасқан заңға сәйкес, президенттердің алмасып тұрғаны емес, одан әлдеқайда салмақты, әлдеқайда терең және әлдеқайда ауқымды стратегиялық өзгерістер қажет дей келіп, З. Бжезинский өзінің туындысында АҚШ-тың әлеуметтік үлгісіне байланысты әдетте өзге саясаткерлердің батылы бара бермейтін бір қырын ашық сынайды.

Саясаткердің ойынша, АҚШ-тың бүгінгі таңда қалыптасып отырған әлеуметтік үлгісі планета жұртшылығының көпшілігіне ұнай бермейді. Өйткені әлеуметтік теңсіздік пен экономикалық теңсіздік күннен-күнге ұлғайып келеді. Оның үстіне, АҚШ планетаның табиғи және энергетикалық ресурстарын қалауынша және ешқандай бақылаусыз пайдаланып отыр. Содан соң, бүгінгі әлем Американың шектен шыққан ысырапшылдығын емес, керісінше, адами құндылықтарды, әділеттілікті, прогресс пен ақылға қонымды ішкі-сыртқы саясатты артығырақ бағалайды. Сондықтан Америка Құрама Штаттары әлем көшбасшылығын өзіне кері қайтаруға мүдделі болса, күллі әлемге, ең алдымен, өзінің әлеуметтік үлгісінің әділеттілігін, ымыраға дайын екендігін, өзін өзі шектей алатынын, менмендігін тізгіндеп, адамзат мүддесімен есептесе алатынын дәлелдеуі қажет. Сондықтан Америка өзінің екінші мүмкіндігін әлемнің тұрақты көшбасшысына лайық болуға жұмсауы керек. Олай болмаған жерде үшінші мүмкіндікке жол жоқ. Збигнев Бжезинский түйген ойдың соңғы түйіні осыған саяды.

БРИТАНИЯДА ӨТКЕН ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы әрі ЕҚҰЫ Парламент Ассамблеясының мүшесі ретінде 2010 жылғы мамырдың бірінші аптасында аталмыш Ассамблея төрағасы – Ж. Соуарештің тағайындауымен парламентаралық байқаушылар құрамында бұрын өзім елші болған Ұлыбританияда өткен кезекті Парламент сайлауының қыр-сырымен танысып, сол сайлаудан ойға түйгендерім мен көкейге тоқығандарымды оқырман назарына ұсынып отырмын.

Ең алдымен Британия Парламентінің Қауымдар және Лордтар палатасынан тұратынын еске сала отырып, оның Еуропадағы ең ірі парламент екенін атап өткен жөн сияқты. Себебі Лордтар палатасының бір өзі ғана 740 адамнан тұрады. Лордтардың басым көпшілігін өмірлік мерзімге Королева тағайындайды. Ал қалған орындар ескіден келе жатқан дәстүр бойынша, лауазымдары ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын пэрлердің еншісінде. Демек, Британияның Парламент сайлауында тек Қауымдар палатасының 650 депутаты ғана қайта сайланады, ал жаңа үкіметтің премьер-министрі болып, әдетте, сайлауда басымдықпен (326-дан кем емес) жеңген саяси партияның жетекшісі тағайындалады. Үкімет құрамы да басымдықпен жеңіске жеткен саяси партияның депутаттарынан сұрыпталады немесе коалициялық үкімет билікке келеді.

Жуық арада ғана өткен кезекті Парламент сайлауы осы елдегі негізгі үш саяси партия арасындағы билік үшін таластың шарықтау шегіне жеткенін анық байқатты. Мәселен, кейінгі 13 жыл бойы үкімет билігінің тізгінін уысынан шығармай келген Лейбористік партия өз мандатын бұл жолы тағы да бес жылға ұзартып алуға тырысып бақса, дәл соншама жыл бойы көлеңке үкіметтің тізгінін ғана місе тұтып, кейінгі екі сайлауда қатарынан екі рет жеңіліске ұшырап, оппозицияда жүрген Консервативтік партия 2005

жылдан бері лейбористік үкіметтің басқан ізін аңдып, олардың ел басқаруда жіберген кемшіліктері мен олқылықтарын қалт жібермей, жіпке тізіп келген. Биылғы сайлауға олар тастүйін болып даярланып, қайткенде де қарсыластарына жіберген бұрынғы еселерін қайтарып алуға белдерін бекем бұған болатын. Бұл, әсіресе торилердің (консерваторлардың екінші атауы – Ә.А.) көшбасшысы – Д. Кэмерон мырзаның сайлау алдындағы белсенді қимылынан өте анық байқалды. Консерваторлар үшін бұл, әрине, ең қолайлы сәт. Өйткені бүгінгі консерваторлар билік құрып отырған Британияның қаржы-экономикалық жағдайы мүлде мәз емес. Мәселен, елдің бюджет дефициті 163 миллиард фунт стерлингке жетіп, ұлттық ішкі өнімнің 12 пайызына теңеліп тұр. Кейбір сарапшылардың топшылауынша, бұл елдегі саяси-әлеуметтік, экономикалық және фискалдық жағдайды тез тұрақсыздандырып, Грекиядағы секілді ушықтырып жіберуі де әбден мүмкін. Оның үстіне, жығылғанға жұдырық демекші, кейінгі кезде Лейбористік партияның өткен сайлауда жеңіске жеткен бір топ депутаттарының көпе-көрінеу коррупциялық әрекеттерге барып, бюджет қаражатын жымқырып, жеке бастарының пайдасы үшін талан-таражға салғандары ашылып отыр. Олардың үстінен қылмыстық іс қозғалып жатқанын ел ішіндегі ақпарат көздері қазір жарыса жазып жатыр. Әзірге лейбористердің басына үйірілген бұл қара бұлт сейіле қояды деу қиын. Сосын, кезінде жаппай қырып-жоятын қару-жарағы бар деген желеумен бұрынғы Премьер-министр Тони Блэр мен оның Қаржы министрі болған Гордон Браунның Ирактағы соғысты негізсіз қолдап, әскер аттандырғаны және әлгі әскердің біразының шығынға ұшырағаны британдық сайлаушылардың жадынан әлі шыға қоймағаны анық. Бұл аз болғандай, сайлау алдында негізгі үш саяси партия жетекшілерінің арасында үш дүркін өткізілген телесайыстарда лейбористік Премьер-министр Гордон Браун өзінің биік лауазымына сай бола алмай, көсемдік пен шешендіктің биік үлгісін таныта алмады. Керісінше, Г. Браун өзінен әлдеқайда жас әрі қайратты да қарымды бәсекелестері – Консервативтік партия-

ның көшбасшысы Д. Кэмерон мен Либерал-демократиялық партияның жетекшісі Н. Клеггтен айқын басымдықпен ұтылып қалды. Сосын, Гордон Браун сайлаушылармен өткізген бір кездесудің соңында тағы бір ұятқа қалды. Омырауындағы микрофонның әлі өшпей тұрғанын білмей қалып, өзіне иммигранттар жөнінде сұрақ қойып, ақыл айтқан алпыстың мол ішіндегі әйелді жақтырмай қалғанын сездіріп қойды. Көмекшісіне: «Мына әйел аузына не келсе, соны көкиді екен» дегені аузынан шыққан бойда эфирге тарап кетті. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» немесе «Басқа пәле – тілден» деген нақыл сөздердің өмірдегі көрінісі осы болар, сірә.

Сонымен, 2005 жылы өткен Парламент сайлауында бәсекелестерін үлкен басымдықпен ұтып, Парламенттегі 646 орынның 355-іне қол жеткізіп, үкімет басына келген Лейбористік партия бұл сайлауда өз жолын өзі кесіп, Парламенттегі 650 (өткен сайлаудан бері жаңа төрт округтің пайда болуына байланысты) орынның 258-іне ғана ие болып, екінші орынды місе тұтуға мәжбүр болды.

Керісінше, жоғарыда аталған телесайыстарда Д. Кэмерон мен Н. Клегг мырзалар экраннан өте жинақы да ширақ сөйлеп, сүйкімді де сымбатты келбеттерімен сайлаушылардың көңілдерін жаулап алған болатын. Тіпті сайлау алдында өткізілген телесайыстар бәсекелес саясаткерлердің кейбіреуіне көбірек дауыс жинауға тікелей әсер етсе, енді біреулерінің күтпеген жерден өз сайлаушыларының сенімі мен қолдауынан айырылып, нысанаға алған мақсаттарына жете алмай қалуына себеп болды. Мәселен, либерал-демократтардың жетекшісі Н. Клеггтің төбесінен жай түскендей болды. Себебі алғашқы телесайыста бұл саясаткер парасаттылығымен айды аспанға шығарып, күтпеген жерден бірінші орынды иеленіп кеткен болатын.

Міне, енді осы факторлардың бәрі жинала келіп, Парламент сайлауының додасына түскен саяси партиялардың ұпай қоржындарына қалай әсер еткенін бағамдап көрелік. Мұны төменде келтіріліп отырған деректерді тереңірек бағайлаған адамның бірден байқайтынына сенім мол.

Мәселен, сайлау алдындағы телесайыс Ұлыбританияның Парламент сайлауы тарихында бірінші рет қолданылып отырған технология екені белгілі болып отыр. Бұл әдіс тек осы жылы ғана іске қосылыпты. Сірә, ақпарат құралдарының британдық сайлаудың америкалық сайлауларға ұқсап барады деп жамырай жазғаны да осыдан болса керек. Сосын, сайлау алдында біздердің, яғни ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясы байқаушыларының, арнаулы бағдарлама бойынша, Лондон қаласында негізгі саяси партиялар мен беделді газеттердің, сол сияқты сайлау комиссиясы өкілдерімен өткізген кездесулер барысында британдық парламент сайлауына түсіп жатқан саясаткерлер бұл жолы тек америкалық сипаттағы телесайыстармен ғана шектеліп қалмай, АҚШ-тан сайлау технологиясының майын ішкен небір білікті мамандарды да Ұлыбританияға алдырып, олардың ақыл-кеңестерін де барынша пайдаланғаны белгілі болды.

Әлгінің кейбір көріністері мынаған саяды. Мәселен, консерватор Гордон Браун мырзаның Шотландия шіркеуі қызметкерінің отбасында дүниеге келіп, Эдинбург университетін бітіргені немесе оның студент кезінде солшыл бағыттағы жастардың жетекшісі болғаны, сол көзінің ақаулығы, соңғы кезде англикандық шіркеуден католиктер шіркеуіне ойысқаны, ал консерваторлардың көсбасшысы Д. Кэмеронның ақсүйектік тегінің тым әріден – Король IV Уильямнан бастау алатыны немесе оның элитарлық Итон университетінде білім алғаны және Кэмерондар әулетінің дәулеті таза британдық бизнестен сомдалғаны, ал тым еуропашыл деп, Д. Кэмерон қатты сынға алған либерал-демократ Н. Клеггтің британдық ақсүйектер емес, керісінше, оның әжесінің Англияға кезінде құрлықтағы Еуропадан келіп қоныстанған беларусь отбасынан шыққан баронесса екені, сол сияқты, Н. Клеггтің анасының – даниялық, өз жұбайының испандық екені, тіпті өзінің біраз жыл бұрын Еуропарламентінің депутаты болғаны және бес тілде сөйлейтіні де жіпке тізіліпті.

Бір қарағанда, мұнда тұрған не бар деп те ойлауға болады, әрине. Бірақ парламент сайлауы сияқты не бел кететін не-

месе белдік кететін ұлттық деңгейдегі додада саяси технологтердің бірде-бір сөзді ақпарат құралдарына жайдан-жай жібере салмайтыны бесенеден белгілі. Ал, түптеп келгенде, жоғарыда арнайы беріліп отырған анықтамалар – сайлаушылардың санасына әдейі шоқ тастау үшін және солай ету арқылы бәсекелес партияларды ұзақ жылдар бойы қолдап келген тұрақты сайлаушылардың көкейіне күдік ұялатып, олардың белгілі бір бөлігін, ия болмаса сайлау алдында әлі шешім қабылдап үлгермеген, қай партияның өкіліне дауыс берерін білмей, дал болып жүргендерді өз партиясының сойылын соқтыру үшін жырып әкетуге әдейі бағытталған өте нәзік те жатыпатар технологиялық айла екенін байқамау мүмкін емес.

Британдық Парламент сайлауының америкалық сайлауға ұқсайтын тағы бір тұсы – мынау. АҚШ-та 2008 жылы күзде өткен президенттік сайлауда Барак Обамаға Американың ең биік тағын оп-оңай алып берген әрі сайлаушылардың басым көпшілігін, әсіресе жастарды Обаманы қолдауға елітіп әкеткен «Америкаға өзгеріс керек» деген үндеуді британдық технологтер да жадына бек түйіп алған секілді. Бұлай дейтін себебіміз – сайлаушылардың санасын сапыратын әлгі тіркестің «Британияға өзгеріс керек» деген вариантын парламент сайлауының қарсаңында, әсіресе Либерал-демократиялық партияның жетекшісі Н. Клегг жиірек пайдаланды. Мұны байқап қалған консерваторлар мен лейбористердің саяси технологтері де әлгі үндеуді жарыса пайдалана бастады. Өйткені бұл үндеудің сайлаушылардың құлағына жылы тиетінін олар да жақсы түсінді.

Ел құлағын елең еткізген бұл фраза көздеген нысанасына дәл тиді десек, шындықтан алыс кетпейміз. Себебі өткен сайлауларда салғырттық танытып келген британдықтар бұл жолы елдің барлық аймақтарында бұрын-соңды болмаған белсенділік танытты. Сайлау жасындағы азаматтардың шамамен 65 проценті дауыс беретін орталықтарға лек-легімен ағылып келгендіктен, кезекке тұрған сайлаушылардың қарасы тез көбейіп, тізбегі ұзарып кетті. Бірақ Парламент қабылдаған сайлау туралы заң бойынша, бүкіл ел аумағында

дауыс беретін орындардың бәрі бірдей түнгі сағат 10-да жабылып қалды. Соның салдарынан жүздеген сайлаушылар дауыс беруге мүмкіндік ала алмай, реніштерін білдіріп, келген іздерімен еріксіз кері қайтуға мәжбүр болды. Мұның ең басты себебі сайлаудың жексенбіде емес, керісінше, ежелден бері дәстүрге айналып кеткен бейсенбіде, яғни жұмыс күнінде өтетіндігінде жатыр.

Осы жерде айта кету керек, ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясы атынан Әзербайжан, Грузия, Италия, Қазақстан, Ресей және Тәжікстаннан келген депутат-байқаушылар екі топқа бөлініп, бірі Манчестер қаласындағы сайлау барысын байқауға аттанса, екінші топ Лондон қаласының аудандарында өткен сайлау процесін байқады. Мен соңғы топта болдым. Сайлаудың ертесі – 7 мамырда екі топ та Лонданда қайта кездесіп, көрген-түйгендерін ортаға салды. Пікір алмасу барысында парламентаралық байқаушылар бірауыздан мыналарды атап өтті: сайлау процесі елде қалыптасқан заң шеңберінде, еркін атмосферада өтті; елдің өте мықты дамыған ақпарат құралдары (айтулы ірі газеттері мен Би-Би-Си секілді алпауыт теле және радио каналдары) бүкіл ел аумағында өтіп жатқан сайлау барысын толассыз баяндап тұрды; ақпарат технологиялары жақсы дамыған ел емес пе, көрнектілік пен ашықтық айқын сезілді; әккі журналистер мен сардар саясаткерлердің терең де мазмұнды сараптамалық материалдары лек-легімен, кезек-кезегімен оқырманға да, көрерменге де, тыңдарманға да жетіп жатты; көзге түскен тағы бір дүние – сайлау аяқталған кезде сайлаушылардың дауыс берген бюллетеньдері тоғытылған жәшіктердің бірде-біреуі сайлау станцияларында ашылмай, тура сол қалпында, бірден Қалалық кеңестің ғимаратында орналасқан Орталық сайлау комиссиясына жеткізіліп, тек сол жерде ғана саналатындығы; және бір көзге түскен нәрсе – егер сайлаушылар белгілі бір себептермен дауыс беретін орындарға келе алмайтын болса, не почта арқылы немесе біреуге сенімхат беру арқылы дауыс бере алатындығы; тағы бір дәстүрлі үрдіс – қандай сайлау болмасын, оның жоғарыда атап өткендей, тек қана аптаның бейсенбі күні өткізілетіндігі.

Қысқа қайырып айтар болсақ, 2010 жылғы Ұлыбританияның Парламент сайлауы өте жоғары деңгейде өтті. Тәртіп бұзу немесе заң бұзушылық атымен жоқ. Бәрі де сенімге, тазалыққа негізделген. Олай болмайтын жөні де жоқ сияқты. Себебі бұл елдің қалыптастырған өркениеті де, Парламенті мен саяси партияларының тарихы да, ел ішінде ғасырлар бойы қалыптасқан демократиялық сайлау мәдениеті мен дәстүрі де өте терең. Мәселен, орта ғасырдың өзінде-ақ, Британ аралдарындағы Англия, Шотландия және Ирландия Корольдіктерінің жеке-жеке парламенті болған. 1707 жылы алдыңғы екеуі бірігіп, Ұлыбритания Парламентін құрса, 1800 жылы бұған Ирландия Парламенті қосылып, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі өмірге келді.

Британияның ең ірі әрі жасы үлкен саяси партиясы – Консервативтік партия. Ол 1670 жылдан бастау алады. Бұл партияның көшбасшылары кезінде үкімет билігін ұстаған Невилл Чемберлен, Уинстон Черчилль, Энтони Иден, Гарольд Макмилан немесе 1979 жылдан бастап, он жыл бойы Біріккен Корольдікті дүрілдетіп билеген «Темір ханым» – Маргарет Тэтчерді бұл күнде бүкіл әлем мойындайды. Партияның қазіргі жетекшісі – Дэвид Кэмерон 44 жаста. Оны ірі бизнес пен алпауыт ақпарат құралдарының өкілдері қолдайтыны айқын байқалады. Партияның қаржылық жағдайының басқалардан мықтырақ болуының себебі де осында жатқан сияқты.

Лейбористік партия да жас емес, 1900 жылы құрылған. Бұл партия кейінгі он үш жыл бойы ел билігін қолында ұстап келді. Партияның ең мықты басшыларының бірі – Тони Блэр мырза еді. Ол 1997-2007 жылдар арасында он жыл бойы ел билігінде болып, оның орнын соншама жыл Қаржы министрі болған партиялас әріптесі Гордон Браун алмастырған болатын.

Үшінші орындағы Либерал-демократиялық партия алдыңғылардан әлдеқайда жас. Ол 1988 жылы құрылыпты. Сарапшылардың пікіріне қарағанда, бұл партия кейінгі жылдарда жас болса да бас болуға лайық әрекет жасап,

абыройы өсіп отырған сияқты. Партия көшбасшысы – қырық үш жастағы Ник Клегг. Белгілі саясаткерлер мен сарапшылардың топшылауынша, ол келешегінен көп үміт күттіретін салмақты да салиқалы саясаткер деген бағаға ие болып жүр. Мұның сыртында, аймақтық деңгейдегі он бес-ке тарта ұсақ партия бар. Бірақ олардың ұлттық Парламенттегі үлес-салмағы өте аз. Сондықтан жалпы ұлттық заңдар мен үлкен шешімдерге қатысты олардан сайланған бірді-екілі депутаттың пікірі айтылып, үндері естілгенімен, соңғы шешімді қабылдауға олардың тигізетін әсері жоқтың қасы.

Сонымен, Британияда өткен Парламент сайлауы межесіне де жетіп тоқтады. Бірақ бұл сайлауда көбірек дауысқа (307) Консервативтік партия ие болса да, Үкімет пен Парламент тізгінін жеке-дара қолға алып, билік жүргізуге басымдық беретін, ең кем дегенде, 326 депутаттық мандатты иемденуге шамасы жетпей қалды. Демек, қазіргі Парламент орнықсыз сипатқа ие болып отыр. Сондықтан толық билік жүргізу үшін 19 депутаттық мандаты кем болып отырған Консервативтік партияның не биылғы Парламент сайлауында 258 депутаттық орынға болған лейбористермен немесе 57 мандатқа ие болған либерал-демократтармен, ия болмаса қалған 27 орынды бөлісіп алған ұсақ партиялармен бірігіп, коалициялық үкімет құруына тура келеді. Ал егер әлгілердің ешқайсысымен билік бөліспей, тек Консервативтік партияның депутаттарынан ғана тұратын үкімет құрылатын болса, онда ондай үкімет те, жаңа сайланған парламент те табанының бүрі жоқ, орнықсыз болып шығады да, көп ұзамай, жаңа сайлаудың орын алуына әкеліп соқтырады. Мұны Д. Кэмерон да, Гордон Браун да, Ник Клегг те өте жақсы түсінеді. Демек, Д. Кэмеронға басқа партиялардың жетекшілерімен тезірек келіссөз жүргізіп, портфель бөлісуге, яғни өз партиясына қолайсыздау болса да, еріксіз компромиске барудан басқа амал жоқ. Қазір ондай келіссөздер басталып та кетті. Болашақ үкіметтің портфельдерін Консервативтік партия кімдермен бөлісетінін біз жуық арада білетін боламыз.

– Бірақ бір шындықтың басы ашық. Ол – билікке қандай үкімет келмесін, әлгі үкімет ел ішінде қордаланып қалған саяси, экономикалық, фискалдық және әлеуметтік мәселелерді тез шешпесе, онда континенталдық Еуропадағы Грекия, Испания және Португалия мемлекеттерінің басына төніп тұрған қауіптің Британияның Біріккен Корольдігінде де қайталануы әбден мүмкін.

Әлемдегі ең беделді газеттердің бірі – «Financial Times» жасаған сараптамаға құлақ түрсек, дәл қазіргідей өте қауіпті экономикалық және қаржылық дағдарысқа Британия мемлекеті 1979 жылы тап болған екен. Бірақ ол кезде билік тізгіні Консервативтік саяси партияның ең атақты да айбарлы өкілі және өзінің саяси ғұмырында еш қиындықтан тайсалып көрмеген, батыр да батыл, әрі тарихта «тэтчеризм» деген айшықты із қалдырған, ал бұл күнде Британияның Ұлттық Парламентінің Жоғарғы палатасындағы Королева II Елизаветаның өмірлік мерзімге тағайындаған лордтар мен пэрлердің ортасында отырған Маргарет Тэтчер ханымның қолында болатын. «Темір ханым» жасаған тарихи да айбынды ерлікті билік тізгінін ұстаған Дэвид Кэмерон қайталай алды ма, жоқ па, бұған тарих төреші.



ЗАДАЧА КОНСЕРВАТОРОВ – ПОВТОРИТЬ ПОДВИГ «ЖЕЛЕЗНОЙ ЛЕДИ»

Парламент Британии, один из крупнейших в Европе, состоит из двух палат. В верхнюю палату (палата лордов) входят 740 лордов, большая часть которых пожизненно назначается Королевой. Оставшиеся 90 мест по традиции наследуются титулованными пэрами. Таким образом, на выборах британского парламента избираются только 650 депутатов палаты общин.

Выборная кампания 2010 года разворачивалась на интересном политическом фоне. Лейбористская партия на протяжении 13 лет держала в узде власть, а оппозиционная Консервативная партия, дважды за этот период проигрывавшая выборы, все это время наблюдала за деятельностью оппонентов, отмечая все их недостатки, промахи и ошибки. И нужно сказать, что этот опыт пошел на пользу тори (второе название консерваторов. – А.А.), тем более что нынешнее финансово-экономическое положение Британии, «достигнутое» лейбористами, оставляет желать лучшего: дефицит бюджета страны составляет 163 млрд фунтов стерлингов. Кроме того, в последнее время группа депутатов Лейбористской партии неуместно засветилась в ряде громких коррупционных скандалов, связанных с использованием государственной казны в личных интересах. А избиратели еще не вычеркнули из памяти необоснованную ресурсную поддержку бывшего премьер-министра Тони Блэра и министра финансов Гордона Брауна, а также военных действий в Ираке, предпринятых по недостоверной информации и ставших причиной потерь в контингенте британской армии.

Не с лучшей стороны Г. Браун проявил себя и в ходе предвыборных мероприятий. В серии теледебатов он был вял, некомпетентен и косоязычен, а одна из его встреч с избирателями, как известно, завершилась грандиозным скандалом. Случайно попавшее в эфир высказывание премьера об «узколобости» одной из представительниц электората облетело весь мир, подтвердив древнюю истину: «язык мой – враг

мой.» В итоге лейбористы заполучили только 258 мест, уступив пальму первенства своим главным оппонентам – консерваторам. К вопросу о роли СМИ в электоральном процессе замечу, что предвыборные теледебаты в истории парламентских выборов Великобритании практиковались впервые, сделав их, как утверждали эксперты, похожими на американские. На то есть основания: для предвыборной агитации были привлечены PR-технологи из США, что, безусловно, привнесло в семантику процесса некоторые типичные черты ментальности Нового Света. В частности, большую «личностную» составляющую.

Так, например, в ходе предвыборной гонки стало известно, что лейборист Гордон Браун родился в семье служителя церкви в Шотландии, окончил университет Эдинбурга, в студенческие годы был руководителем молодого направления левых, имеет проблемы со зрением (плохо видит левый глаз), в последнее время перешел из англиканской церкви в католическую.

Лидер консерваторов Дэвид Кэмерон имеет аристократические корни – его родословная исходит от короля Уильяма IV. Образование он получил в элитном Итонском университете.

А вот либерал-демократ Ник Клегг, которого Д. Кэмерон остро критиковал за «сильную приверженность традициям», оказался отнюдь не британским аристократом. Его бабушка была белорусской баронессой, эмигрировавшей в Британию, мать родом из Дании, а супруга – испанка. Неудивительно, что с таким интернациональным опытом Н. Клегг, в прошлом депутат Европарламента, свободно говорит на пяти языках.

Согласитесь, подобные «частные» нюансы в ходе предвыборной борьбы попадают в средства массовой информации не просто так. В них заключается мощный ресурс влияния на выбор избирателей, возможности тонкого и ненавязчивого манипулирования общественным сознанием.

Приведу еще один пример того, почему британские выборы стали похожи на американские. В президентской гонке 2008 года в США главным лозунгом, за которым по-

следовал народ, особенно молодежь, стал призыв: «Америке нужны перемены». Именно благодаря ему Барак Обама смог завоевать высший государственный пост.

Аналогичный прием использовал в предвыборной борьбе и Н. Клегг. И его призыв к переменам услышали избиратели. Британцы проявили высокую электоральную активность во всех регионах страны, чего не скажешь о прошлых выборах, прошедших инертно и вяло.

На сей раз в голосовании приняли участие 65 % избирателей с правом голоса, в избирательных участках нередко образовывались длинные очереди, в результате чего по завершении работы избиркомов в 22.00 многие граждане попросту не успели реализовать свое конституционное право. Усложнил процесс и уникальный британский феномен: по традиции выборы в этой стране проводятся в четверг, в рабочий день...

От Парламентской ассамблеи ОБСЕ за ходом электоральной кампании в Лондоне и Манчестере наблюдали депутаты из Азербайджана, Грузии, Италии, Казахстана, России и Таджикистана. Мне довелось быть свидетелем процесса в британской столице. Но на следующий день, 7 мая, встретившись с коллегами для обмена мнениями, мы единогласно отметили следующее. Выборы прошли в соответствии с законом, в свободной атмосфере, в духе сложившихся традиций народа. Ход кампании транслировали самые мощные средства массовой информации: крупные газеты, ведущие теле- и радиоканалы своевременно и бесперебойно оповещали общественность о текущих событиях.

Запомнился еще один важный момент: после окончания голосования ящики с бюллетенями избирателей были доставлены в Центральную избирательную комиссию и только там вскрыты. В случае если избиратель по тем или иным причинам не мог присутствовать на голосовании, он имел возможность воспользоваться услугами почты или же доверенного лица. В целом в ходе выборов Британия показала себя как демократичное, открытое государство с высоким уровнем развития новых технологий...

По-другому и быть не могло – в этой стране институт парламентаризма имеет глубокие корни, а демократическая культура зиждется на традициях с солидным стажем. Еще в эпоху средневековья на островах Британии в королевствах Англии, Шотландии и Ирландии были свои парламенты.

Примечательно и то, что самая крупная политическая сила страны – Консервативная партия – ведет отсчет своей истории с 1670 года. Ее лидерами в свое время были руководители правительства Невилл Чемберлен, Уинстон Черчилль, Энтони Иден, Гарольд Макмиллан. Эту плеяду политических деятелей с 1979 года пополнила «железная леди» Маргарет Тэтчер, на протяжении 11 лет возглавлявшая правительство Соединенного Королевства.

Лейбористская партия тоже не молода. Она основана в 1900 году. А вот партия либерал-демократов на фоне своих «коллег» – тинэйджер. Созданная в 1988 году, она тем не менее уже смогла завоевать солидный авторитет у населения. За этим кругом имеются еще около 15 партий регионального уровня. Но их доля в Национальном парламенте страны невелика.

В настоящее время перед коалиционным правительством Британии стоят сложные политические, экономические, фискальные и социальные задачи. Без их решения проблемы, возникшие в странах континентальной Европы – Греции, Испании и Португалии, – обязательно коснутся и Соединенного Королевства.

По информации самой авторитетной газеты страны Financial Times, Британия была подвержена аналогичным испытаниям в 1979 году. Тогда судьба страны была в руках у консерваторов, оставивших добрый след в истории, ныне лаконично именуемый «эпохой тэтчеризма». Не случайно госпожа Маргарет Тэтчер пожизненно назначена королевой Елизаветой II в верхнюю палату Британского национального парламента и заняла достойное место среди лордов и пэров. Сможет ли повторить исторический подвиг «железной леди» Дэвид Кэмерон? На этот вопрос даст ответ время...

ӘЛЕМ КҮТПЕГЕН САЯСИ-ТЕКТОНИКАЛЫҚ СІЛКІНІС

Сонымен, бір жыл тоғыз айға созылған және планета телеэкранынан түспей келген АҚШ-тағы президенттік сайлау марафоны өз мәресіне келіп жетті. Алайда аталмыш сайлаудың нәтижесі алпауыт Американың өзін ғана емес, күллі әлемді де дүр сілкіндірді. Бұлай деуге толық негіз бар. Өйткені төмендегі дәйектер әлгі пікірді толық дәлелдейді.

Бірден ашығын айту керек, тікелей телеэфирде Хиллари Клинтон мен Дональд Трамптың сайлауалды өткізген үш сайысының нәтижесіне сүйене отырып, Американың айтулы ақпарат құралдары мен әлемнің саяси сәуегейлерінің басым көпшілігі жеңіс тізгінін бұрынғы Мемлекеттік хатшы – Хиллари Клинтон ханымның ұстайтынына титтей де күмән келтірмеген болатын. Себебі бұл пікірдегілер Дональд Трамппен салыстырғанда Хиллари Клинтонның саясат сахнасындағы тәжірибесі мен мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі әлдеқайда басым екеніне екпін берген-ді.

Шындығында да, Хиллари Клинтонның жеңіп кетуі әбден мүмкін еді, бірақ сайлау науқанының басында Америка Құрама Штаттарының іс басындағы Президенті Барак Обама өте өрескел тактикалық қате жіберіп қойды. Ол АҚШ-тың Демократиялық партиясының Филадельфияда өткен үлкен жиынында алпауыт елдің басшысына мүлде жараспайтын іс-әрекетке барды. Обама ашықтан-ашық Хиллари Клинтонның шашбауын көтеріп, күллі әлемнің алдында Республикалық партияның атынан президенттік сайысқа түскен Дональд Трампты түкке алғысыз пендеге теңеп, оның ел басқаруға мүлде лайық емес екендігі туалы ресми мәлімет таратты. Бірақ «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» демекші, әлгі келеңсіз де орынсыз мәліметтің Барак Обаманың өз абыройына қара дақ түсіріп кеткеніне күллі әлем куә болды, сондықтан да Барак Обаманың бұл қылығын сайлаушылар кешірмеген сыңайлы.

Айтса айтқандай-ақ, 2016 жылғы қарашаның тоғызы күні АҚШ-та өткен жалпыұлттық президенттік сайлаудың

нәтижесі билік басындағылардың күткеніндей емес, мүлде керісінше болып шықты. Күтпеген жерден, Хиллари Клинтон емес, айды аспанға шығарып, үлкен басымдықпен АҚШ-тың 45-президенті болып, ешқашан мемлекеттік қызмет атқармаған мультимиллиардер құрылысшы Дональд Трамп сайланып кетті. Америка Конгресіндегі Демократиялық партияның өкілдерін өкіндірген бұл саяси-тектоникалық сілкініс тек Дональд Трамптың бәсекелесі – Хиллари Клинтонды ғана тақыр жерге отырғызып кеткен жоқ, сонымен қатар адам сенгісіз әлгі жұмбақ нәтиже алып Американың өзін де, күллі әлемді де таңғалдырған болатын.

Бұл тұрғыдан келгенде, мақтаулы Хиллари Клинтонның бұл жеңілісін Демократиялық партияның да, сегіз жыл бұрын сол партияның атынан сайланған іс басындағы Президент Барак Обаманың да жеңілісі деп санаған жөн. Өйткені президент сайлауымен қатар, АҚШ Конгресінің Өкілдер палатасы мен Сенатта қат-қабат өткен қос сайлаудың нәтижелері де Американың Республикалық партиясының пайдасына шешілді және қос палатаның екеуінде де сол партияның өкілдері үлкен басымдыққа қол жеткізді. Демек, бұл жеңісті Республикалық партияның өкілі – Дональд Трамптың АҚШ-тағы билік тармақтарының тізгінін түгелдей өз қолына алатынын айшықтайтын таза жеңіс деп бағалаған жөн. Себебі Сенаттағы 100 мандаттың 51-іне республикалықтар ие болса, демократтар тек 47 мандатпен шектелді. Ал қалған 2 орын Егемендік партиясының үлесіне тиді. Төменгі палатадағы сайлау нәтижелері де, жоғарыда атап өткендей, Дональд Трампқа айқын басымдық әкелді.

Сайлау барысында, әсіресе Дональд Трампты кемсіткен АҚШ-тың кабельдік телеканалдары қатты абдырап қалды. Себебі олар Дональд Трампты бір жарым жыл бойы ұлтшыл, популист, нәсілшіл, әйелдерге зорлық-зомбылық көрсеткен тұрпайы адам деп қаралаған болатын. Енді, міне, дүние кезек дегендей, Дональд Трампқа ор қазғандар оңбай қателескендерін еріксіз мойындауға мәжбүр болып отыр. Ол – ол ма, Америка ақпарат құралдарымен жарыса, Дональд Трамп туралы теріс пікір таратқан Еуропа мемлекеттерінің кейбір

басшылары да ыңғайсыз жайға тап болды. Бірақ «Ұялған тек тұрмас» демекші, әлгілер енді еріксіз шегініс жасап, АҚШ бұрынғыша олардың басты әріптес мемлекеті болып қала береді деген майысқақ мәлімет таратуға жарыса кірісті.

Бұл тұрғыдан келгенде, күллі Еуропа, оның ішінде, әсіресе Балтық бойындағы мемлекеттер қатты састы. Мұның да өзіндік себебі бар. Өйткені сайлау науқаны кезінде Дональд Трамп Американың сол кездегі Президенті Барак Обаманың жүргізіп отырған сыртқы саясатымен қатар, НАТО блогын да қатты сынға алған болатын. Сондай-ақ, АҚШ-тың 45-президенті Ресеймен қарым-қатынасты дұрыс жолға қоятынын да ашық мәлімдеген болатын. Оның үстіне, 2017 жылы Еуропадағы кейбір мемлекеттерде де ірі сайлау науқандары өтетіндіктен, олардың нәтижесіне АҚШ-та өткен президенттік сайлаудың салдары мен салқыны тиіп кетуі әбден мүмкін деген күдік белең ала бастады. Сонымен қатар Дональд Трамптың АҚШ билігіне сайлануы кейбір елдердің қаржы жүйесіне де кері әсерін тигізіп кетті. Мәселен, Мексика мен Канаданың ұлттық валютасының кенеттен құнсыздануын басқаша түсіндіру мүмкін емес.

Ашық дерек көздерінен байқалып отырғандай, АҚШ пен Еуропада ақпарат құралдарына жамырай үн қосып, Дональд Трампты балаларына құбыжық етіп көрсеткен ата-аналар да енді беттерінен оттары шығып, отбасындағы әлгі жастарға не дерін білмей састы.

Әрине, мұндай мысалдар баршылық. Бірақ оларды моншаққа тізіп жатпай-ақ, оқырман назарын енді АҚШ-тың Демократиялық партиясы президенттікке ұсынған, есімі әлемге әйгілі де белді тұлғасы Хиллари Клинтонның таққа талас үшін қатарынан екі рет сайысқа түсіп, екеуінде де жеңіліс тапқанының себептерін іздеп көрелік.

Біріншіден, бұл жеңіліс кейінгі 8 жыл бойы Америка билігін уысында ұстаған Демократиялық партияға деген халық сенімінің мүлде тоқырағанын көрсетті. Айтса айтқандай-ақ, соңғы жылдарда АҚШ-тың Ауғанстан, Ирак, Ливия және Сирия мемлекеттерін ойрандаған әділетсіз соғыстардың бел ортасында болғаны жасырын емес. Сосын, жүздеген

америкалық әскердің өмірін жалмаған ол соғыстар әлі де толастаған жоқ.

Екіншіден, Обама президенттігінің алғашқы төрт жылында Хиллари Клинтон АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы болып қызмет атқарды. Дәл сол жылдары АҚШ пен Ресей арасы қайта суып кетті. Сондықтан кешегі сайлауда Хиллари Клинтон жеңіске жеткенде, Барак Обаманың сыртқы саясаты қайта жалғасып, халықаралық жағдай бұрынғыдан бетер шиеленісе түсер еді.

Үшіншіден, жоғарыда атап өткеніміздей, Президент Обаманың Хиллари Клинтонның шашбауын көтеріп, ресми түрде оған ашық қолдау көрсеткені орны толмас ағаттық болды. Клинтон жеңілісінің басты себептерінің бірі де осында жатыр десек, жаңыла қоймаймыз. Өйткені онсыз да соғыстан әбден мезі болған Америка халқы АҚШ-тың сыртқы саясатының бұрынғыша жалғаса беруін мүлде қаламады. Демек, өзінің әкімшілік ресурстарын пайдаланып қалуға тырысқан Барак Обама артық қыламын деп, тыртық қылып алды.

Төртіншіден, Демократиялық партияның көсемдері Дональд Трампты тым қарабайыр санап, тұмақпен ұрып ала саламыз деп, оңбай жаңылды.

Бесіншіден, Хиллари Клинтонның штабы Дональд Трампты Американың жұмысшы табы мен бизнес өкілдері түгелдей қолдап кетеді деп мүлде ойламады.

Алтыншыдан, Америка халқы АҚШ пен Ресейдің арақатынасын түзеуге бағытталған Дональд Трамптың сайлауалды бағдарламасын жылы қабылдаған сыңайлы. Өйткені қарапайым халыққа қырғиқабақ соғыс емес, бейбіт өмір керек екені айтпаса да түсінікті. Оның үстіне, Хиллари Клинтон жеңіске жетсе, АҚШ пен Ресейдің, сол сияқты, АҚШ пен Қытайдың арасы бұрынғыдан бетер шиеленісе түсері анық еді. Электорат бұл факторларға да үлкен мән берді. Демек, осы осылардың бәрі де америкалық сайлаушылардың басым көпшілігінің Дональд Трампқа қолдау көрсетуіне тікелей ықпал етті деуге толық негіз бар.

Алайда, бүгінгі таңдағы әлемдік ақпарат көздерінен көріп отырғанымыздай, 2017 жылдың 20 қаңтарынан бері

президент тағына отырған Дональд Трамп пен оған сайлау науқаны кезінде күйе жаққан ақпарат құралдарының арасында басталған «қырғи-қабақ соғыс» әлі де жалғасып келеді. Бірақ күллі әлемге ортақ «Ақпарат құралдары – төртінші билік» деген әмбебап қағиданың шындықтан мүлде алыс еместігін ескерсек, әлгі текетірестің соңында қай жақтың жеңіп, қай жақтың жеңіліс табатыны әзірдің өзінде-ақ, сыр бергендей. Өйткені, бүгінгі таңдағы Ақ Үйдің ішкі саясаты болсын, сыртқы саясаты болсын сын көтермейді, тіпті, жаңа президенттің рейтингі ел ішінде де, халықаралық аренада да күннен-күнге құлдылап келе жатқаны байқалып тұр. Сосын, бұл пайымның дәлелдерін алыстан іздеудің де қажеті жоқ.

Мәселен, климатқа байланысты тек Президент Барак Обама ғана емес, БҰҰ-ның мүше-мемлекеттері басшыларының басым көпшілігі қол қойған халықаралық Париж Келісімінен Дональд Трамптың бас тартуы немесе оның алпауыт Ресеймен мәмілеге келудің орнына арақатынасты бұрынғыдан бетер ушықтырып жіберуі, ия болмаса, Қытаймен екі арадағы бұрыннан қалыптасқан сауда-саттықты бұзуға бет бұруы, сондай-ақ Иранмен ядролық салада Барак Обаманың тұсында қол жеткізілген келісімшартты да, сондай-ақ, тұрмысы төмен миллиондаған америкалыққа ем алуға кепілдік беретін заңды қайта бұзуға бет алғаны, тіпті, мұны былай қойғанда, АҚШ-тың өз одақтасы болып саналатын Еуропа Одағының басшыларына да кеудемсоқтық көрсетіп, мендікке бой алдыруы америкалықтардың өзін ғана емес, күллі планетаны да алаңдатып отыр.

Осы пікірлерді қорыта келе, бүгінгі Ақ Үйдің қожасы жоғарыда аттары аталған сұңғыла саясаткер Збигнев Бжежинскийдің АҚШ-тың болашақ болмысы мен келбетіне және келешек президенттеріне сабақ болсын деп жолдаған «Екінші мүмкіндік» атты тағылымды туындысынан да, ғұлама Ли Куан Юдің философиялық пайымдарынан да, бұрын билік басында болған өнегелі президенттердің өмір тәжірибесінен де, тіпті саясаткер философ әрі эколог-ғалым Альберт Гордың әлемдік климаттың өзгеру себептерін дәл

анықтаған ғылыми туындыларынан да бір түйір тағылым алмаған және мемлекеттік қызмет пен ел басқарудың бұрын-соңды дәмін татып көрмеген, бірақ солай бола тұра, президенттік таққа топ ете түскен миллиардер құрылысшыдан не күтуге болатынын көзі ашық, көкірегі ояу оқырманның өзіне қалдырайық. Дегенмен дәл осы тұста дана халқымыздың «Қоянның тұрқын көр де, қалжасынан түңіл» деген астарлы метафоралық нақылының босқа айтылмағанын еске сала кетсек, артық бола қоймас.



ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПАРАДИГМА

Джеремии Рифкин – жаһанданған заманның ғұлама ойшылдарының бірегейі. Шығармаларының басым көпшілігі заманауи инновациялар мен жаңа технологияларға бағышталғандықтан болар, ғалымның қаламынан шыққан 20 туынды әлемнің 35 тіліне аударылды. Бүгінгі таңда Джереми Рифкин – АҚШ-тың Пенсильвания университетінің профессоры ғана емес, сонымен қатар Еуропа Одағының да, бірнеше өзге мемлекет басшыларының да ресми кеңесшісі.

Инновациялар мен озық технологияларды оқырмандарға қарапайым тілмен жеткізуге жаны құмар ғалымның осы мақалаға арқау болып отырған «The zero marginal cost society» («Шығыны жоқпен шамалас қоғам») атты монографиясы 2015 жылы Нью-Йорк қаласында жарық көрді және оның басты нысанасы өскелең интернет заманында еңбек өнімділігін еселеп арттырып, транспорт, коммуникация және логистика шығындарын барынша төмендету арқылы өндірілетін өнімдердің өзіндік құнын азайтып қана қоймай, тіпті оларды сутегін жасаудың да әдіс-тәсілдерін дәлелді әрі дәйекті сипаттайды. Бір сөзбен айтқанда, аталмыш туындының авторы экономика саласында бұрын болып көрмеген мүлде жаңа парадигманы ұсынады.

Туынды авторының пікірінше, шығыны жоққа жуық қоғам бүгіннің өзінде-ақ қалыптасып отыр. Шындап келгенде, бұл – үшінші индустриялық революцияның нақты көрінісі. Одан да дәлірек айтқанда, бүгінгі қоғамның өкілдері, цифрлық революцияның арқасында, бір-бірімен идеялармен де, музыкалық туындылармен де, электрондық кітаптармен де, аудио-видео өнімдерімен де, фотографиялармен де, тіпті толып жатқан өзге дүниелермен де емін-еркін әрі көк тиын шығармай-ақ алмаса алады.

Джереми Рифкин айтпақшы, шығыны нольмен шектес қоғамның және бір сипаты әлгі қоғамның қолда бар күллі мүмкіндіктерді (көлік, мүлік, бұйым, технология, т.с.с.) өзгелермен бөлісе, ортақтаса пайдалануға, яғни меншік деген ұғымға мүлде жаңа көзқарас таныта бастағанынан анық

байқалады. Және бір мысал ретінде автор Германияның балама қуат көздеріне, атап айтқанда, күн мен желдің, теңіз толқындарының, сондай-ақ жердің қуатына барынша басымдық беріп, мұнай мен газды қолданыстан ығыстыра бастағанын нақты дәйек ретінде көлденең тартады. Сосын, бүгінгі қоғам азаматтары 3D принтерінің көмегімен кез келген сыпырынды мен қалдықтан адамның жеке басына қажет бұйымдардың кез келгенін жасап алуға және солай ету арқылы қоршаған ортаға зиян келтіретін қауіп-қатерді азайтуға немесе жоюға зор мүмкіндік алып отырғанын атап өтеді.

Шығарма авторы, сонымен қатар, сұраныс пен ұсынысқа негізделген капиталистік қоғамға тән еркін рынок заңдылықтарын жақтаушылардың экономикалық менеджменттің негізгі кілті қатардағы қарапайым халықтың өз қолында екенін түсіне бермейтінін сынайды. Сынап қана қоймай, жаңа экономикалық парадигманың келешегі күллі әлемнің үндесуінде, технологиялық құндылықтармен бөлісуінде және адами құндылықтарды сақтай отырып, экологиялық сын-қатерлермен күш біріктіре күресуінде екенін және тек осылай еткенде ғана күллі әлем экономикасының тұрақты даму жолына түсетініне және күллі адамзат әлауқатының жаппай жақсаратынына сенім білдіреді.

«Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады» демекші, Джереми Рифкин ақын болмағанымен, өз заманынан бұрын туған данышпан екені дау туғызбайды. Бұлай түйіндеуге толық негіз бар. Өйткені 2011 жылы жарық көрген «Үшінші индустриялық революция» атты еңбегінде Джереми Рифкин ХХІ ғасырдың бірінші жартысындағы әлем экономикасының іргетасы болған әрі бүгінгі таңда үлкен жылдамдықпен қанат жайып келе жатқан интернет пен балама қуат көздерін шегіне жеткізе сипаттап берсе, енді, міне, тілге тиек болып отырған жаңа шығармасында көреген ғалым әлем қауымдастығын бұрынғыша, тек нарықтағы даяр өнімдердің тұтынушысы ғана болып тұсалып қалмай, әлгі өнімдерді енді өзі өндіріп, өзі тұтынатын және өзгермен де бөлісетін жаңа қоғамға, немесе кезінде Махатма

Ганди көксеген азаматтары тең құқылы, әділетті қоғамға қарай ұмтылуға жол сілтейді.

Джереми Рифкиннің көлемді монографиясының бір тарауы орта ғасырдың соңына таман феодалдық Еуропада бастау алған нарық экономикасының тарихына бағышталған. Бұл дәуір қол диірмендерінің артта қалып, су диірмендері мен жел диірмендерінің, сондай-ақ оқ-дәрі, компас және Германияда баспа престерінің пайда болған кезеңімен тұспа-тұс келеді. Ғалымның келтірген деректеріне қарағанда, оныншы және он бірінші ғасырларда Еуропадағы экономикалық болмыстың іргетасы судың қуаты болған. Айтса айтқандай-ақ, ол замандарда Англия жерінде – 5600, Францияда 20 000 су диірмендері жұмыс істеп тұрған. Орта есеппен бір су диірменінің қуаты шамамен үш аттың немесе 10-20 адамның күшін алмастырған. Олар, негізінен, астық өнімдерінен ұн тарту үшін пайдаланылса, соңыра тері илеу, кір жуу, көрік басу, бояу пигменттері мен зәйтүн майын шығару үшін, сол сияқты текстиль өнеркәсібінде кеңінен пайдаланылған. 1790 жылдары, әсіресе текстиль өндірісіне серпін берген будың қуатымен бірге Бірінші индустриялық революция басталып, капиталистік экономикаға жол ашылады. Бұл кезеңді Джереми Рифкин феодалдық экономика мен капиталистік нарық экономикасының жол айырығы деп есептейді. Бұл – шындық. Сонымен қатар автор коммуникация саласындағы технологиялық революция қатар дамып, үлкен сүйеу болмағанда, Бірінші индустриялық революция да қарқынды өрістемеген болар еді деп түйіндейді.

Автордың пайымдауынша, Бірінші индустриялық революция шарықтау шегіне жеткен он тоғызыншы ғасырдың соңғы жиырма жылында Америка мен Еуропада Екінші индустриялық революция шешек ата бастаған болатын. Бұл дәуір мұнай ашылып, сондай-ақ автомобиль, телефон және телеграф немесе коммуникация желілері мен электр қуатын өндіретін станциялар дәуірі басталған кезеңге дәп келеді. Ал Үшінші индустриялық революция жиырма бірінші ғасырдың қос технологиясының, атап айтқанда, дамыған

интернет пен балама энергия көздерінің бүгінгі әлем экономикасының іргетасына айналған заманын айшықтайды. Енді, міне, адамзат өркениеті Төртінші индустриялық революцияның жалынан ұстап тұр. Бұл кезең – заманауи технологиярдың, атап айтқанда, нанотехнологиялар, цифрлық технологиялар және биотехнологиялардың патшалық ететін дәуірі. Демек, Джереми Рифкин ұсынып отырған жаңа экономикалық парадигманың қозғаушы күші де, негізгі кілті де, іргетасы да жоғарыда аталған технологияларды меңгеріп алған қатардағы қарапайым халық пен әлем қауымдастығының әрбір азаматы екені, тайға таңба басқандай, көрініп тұр. Ғұлама ғалым тілге тиек етіп отырған жаңа экономикалық парадигманың болмысына тереңірек үңілсек, бұл парадигманың қағидалары да капиталистік экономиканың басты қағидаларымен өзектес әрі сол экономиканың табиғи жалғасы іспеттес. Солай бола тұрғанмен, соңғы экономикалық парадигманың алдыңғылардан артықшылығы басым. Себебі мұндағы өндіріс пен қызмет түрлерінің басым көпшілігі тек қана интернет және нано немесе биотехнологиялардың күшімен атқарылады, сондықтан мұндағы еңбек өнімділігі де өте жоғары, өндірілетін өнімнің көлемі де ұшан-теңіз, шығыны да жоқтың қасы, демек, өзіндік құны да өте төмен, бағасы да сутегін болады. Ендеше, Джереми Рифкин сілтеме жасап отырған «Шығыны жоқпен шамалас қоғамның» басты сыры да осында жатыр.

ЕУРОПА МЕН ЕУРО ТАҒДЫРЫ

Әлем оқырмандарына жақсы таныс, белгілі халықаралық сарапшы әрі «Шиеленіс ошақтары: Еуропаға төніп келе жатқан дағдарыс» (Flashpoints: The Emerging Crisis in Europe) атты 2015 жылы жарық көрген туындының авторы Джордж Фридманның пікірінше, 1912 жыл Еуропа үшін де, оның ішінде, әсіресе Батыс Еуропа үшін мамыражай кезең болған. Өйткені ол кезде, әлемде Еуропа билеген колониялардың жалпы көлемі 40 миллион шаршы километрді құраған. Оның 25 миллион шаршы километрі тек қана Британияға тиесілі болса, Бельгия – Конгоға, Голландия – жүздеген миллион халқы бар сол кездегі Индонезияға, ал Франция болса Африкада және Үндіқытайда үстемдік еткен. Алайда 1845 жылдан бастап, бір ғасырға созылған Еуропаның бұл бейбіт болмысын 1914 жылы тұтанған Бірінші дүниежүзілік соғыс бір сәтте ойрандап кеткен.

Автор келтірген дәйектердің бәрі де шындық. Өйткені тек 1914-1945 жылдар арасында, яғни 31 жылдың ішінде орын алған саяси дүрбелеңдердің (шиеленістер, соғыстар, геноцид, дискриминация, қолдан жасалған аштық, холокост, т.с.с.) салдарынан 100 миллион еуропалық жер жастанған әрі дәл осындай алапат нәубет адамзат өркениетінде бұрынсоңды болып көрмеген. Сосын, әлгі қанды қырғынның осыдан 400 жыл бұрын ғана планетаның басым көпшілігін өзіне бағындырып, оның мәдени болмысын оңтайлы өркендеткен Еуропада орын алғанын автор өте таңғаларлық құбылыс деп бағалайды.

Джордж Фридман жүргізген сараптамада Еуропаның ғасырларға созылған әлемді жаулау үдерісі өз ішіндегі азамат соғыстармен қат-қабат жүріп отырғаны өте нанымды баяндалады. Сосын, Еуропаның өте жоғары мәдениетке ие бола тұрып, концлагерьлерге жол бергені автордың өзін ғана емес, кез келген оқырманды да бейжай қалдырмайтыны қақ. Өйткені автор келтірген төмендегі дәйектер – әлгі пайымның айқын дәлелдері.

Біріншіден, Еуропадағы ішкі шекаралар 1914 жылға дейін мемлекеттер мен мемлекеттерді, діндер мен діндерді және мәдениеттер мен мәдениеттерді бір-бірімен жақындатып, үн қатыстырған бейбіт дәнекер болып келсе, өкінішке қарай, 2014 жылғы тамыз айында әлгі шекаралар Еуропаны күтпеген жерден құшханаға айналдырып жіберген-ді.

Екіншіден, Бірінші дүниежүзілік соғыс басталар кездегі Еуропа шекаралары сонымен қатар кәрі құрлықтың ішкі шиеленістерін ушықтырып, оның алапат соғыс өртіне айналуына және әлгі өрт жалынының әрмен қарай күллі әлемді шарпуына тікелей себеп болады.

Үшіншіден, адамзат өркениеті бұрын-соңды көрмеген әлгіндей алапат соғыс бірте-бірте бәсеңдеп барып тоқтағанымен, 1939 жылы қайта тұтанып, Екінші дүниежүзілік соғысқа ұласып кетеді. Ал мұның салдары, тілге тиек болып отырған кітап авторының жоғарыда атап өткеніндей, 100 миллион адамның өмірін жалмап, оның ішінде, еврейлерді қынадай қырған холокостпен тынады.

Төртіншіден, 1945 жылы Еуропа бұрынғы империялық қауһарынан біржолата айырылып, басыбайлы территорияларға бөлшектеніп кетеді. Сөйтіп, оккупацияланған Еуропаның бұдан былайғы тағдыры қырғи-қабақ соғыс тәсілін ұстанған Мәскеу мен Вашингтонның қас-қабағына тәуелді болып қалады. Сондықтан да соғыс өртінен сансырап шыққан Еуропаның суверенитетке қайта қол жеткізуі оңай болмайды.

Бесіншіден, еуропалық тұлғалардың 1947 жылы Парижде бас қосып, «Экономикалық ықпалдастық комитетін» құрғанын кітап авторы еуропалық интеграцияның бастапқы кезеңіне балап, нағыз еуропалық интеграция іргетасын 1957 жылы қол қойылған Рим келісімі қалағанын атап өтеді. Өйткені әлгі келісім алты мемлекеттің, атап айтқанда, Франция, Германия, Нидерланд, Бельгия, Люксембург және Италияның бастарын біріктірген болатын. Ең бастысы, ол келісім 1871 жылдан бермен қарай бір-бірімен дүрдараз болып келген Германия мен Францияның арасын жақындатады. Ал Бельгия, Нидерланд және Люксембург болса, алдыңғы екі мемлекетті жалғастырушы аралық елдерге айналады.

Алтыншыдан, Рим келісімі алдымен Еуропа Қауымдастығына ал одан соң Еуропа Одағына апаратын бірден-бір жол болатын. Алайда британдықтар Еуропа Қауымдастығына енгуге мүлде асықпаған еді. Еркін сауда кеңістігінің қажет екенін біле тұра, олар өз экономикасының өз бақылауында болуын қалады. Нақтырақ айтқанда, олар ортақ өгізшеден гөрі жеке бұзау асырағанды артығырақ санаған болатын.

Кітап авторы бұл пікірін төмендегі дәйектермен нықтай түседі. Мәселен, 1950 жылдардың ортасында Британия бас болып, Еуропа Қауымдастығына балама ретінде, Британия, Австрия, Дания, Швеция, Норвегия, Финляндия, Швейцария, Лихтенштейн және Португалия сынды тоғыз мемлекетті біріктіретін «Еуропалық еркін сауда қауымдастығын» құрады. Бірақ Британияның бұл тірлігі іске аспай қалады. Өйткені бұл бастама АҚШ тарапынан қолдау таппаған еді.

Ал Еуропа Қауымдастығына енген елдер болса, бір-бірімен ықпалдаса дамып, бір-біріне жақындаса түскенімен, 1973 жылға дейін мүшелерінің санын өсіре алмаған. Алайда дәл сол жылы бұл Қауымдастыққа Британиямен қоса, Дания мен Ирландия келіп қосылып, мүше-мемлекеттердің саны бастапқы алтыдан тоғызға жетеді. 1973 жылы аталмыш Қауымдастыққа Испания, Португалия және Грекия мемлекеттері де өз еркімен қосылып, Қауымдастыққа енген елдердің жалпы саны он екіге дейін көтеріледі.

1991 жылы қырғи-қабақ соғыс аяқталып, о бастағы Еуропа Қауымдастығының қалыптасуына өз үлесін қосқан Американың ықпалы да азая бастайды. Дәл сол жылы болашақ Еуропа Одағына іргетас болған Маастрихт Келісімі дайын болып, жаңа Еуропа Одағының құрылымы да жасақталады.

Маастрихт – Нидерланд мемлекетінің оңтүстік шетіндегі Бельгиямен шектес аумақтағы Арденнес орманына жақын орналасқан қала болуымен қатар, географиялық тұрғыдан, Франция мен Германияның шекараларына да, Еуропарламент орналасқан Францияның Страсбург қаласына да, тіпті Еуропа комиссиясы орналасқан Бельгияның астанасы Брюссельге де тиіп тұрғандықтан, Еуропаның жүрегі іспеттес. Сондықтан Маастрихт қаласының мәртебесі мен ролін Еуропа Одағына мүше мемлекеттердің бәрі де жоғары бағалайды.

Маастрихт Келісімінің арқасында Еуропа Одағының тартымдылығы да қоса өседі. 2015 жылғы мәлімет бойынша, Еуропа Одағына мүше-мемлекеттердің саны 28-ге жетіп, Одақтың жалпы ішкі өнімі 16,2 триллион долларды құрап, аталмыш Одақ әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орынға көтерілді. Сосын, Маастрихт Келісімі бойынша, Еуропа азаматтығы мен еуропалық куәлік секілді, Одаққа мүше-мемлекеттердің жеке ұлттық азаматтығы мен ұлттық куәлігі де тең құқылы. Бұл, әрине, үлкен жетістік.

Дей тұрғанмен Еуропа Одағында Президент, Парламент, сол сияқты, Сот билігіне қатысты шешілмеген түйткілдер әлі де баршылық. Мәселен, әр деңгейде қабылданатын шешім, кейде тек бірауыздан қабылдануға тиіс болса, кейбір кезде көпшілік дауыспен қабылданады. Сосын, Маастрихт Келісімі тудырған және бір жетістік – Еуровалюта. Бірақ Одаққа мүше-мемлекеттердің суверенитетіне бұл валюта дөп келе бермейді. Өйткені көп елдердің ақшасының бетінен белгілі тарихи-саяси тұлғалар мен мәдениет қайраткерлерінің суретін көруге болады. Ал Еуровалютаның бетінен ондай суреттерді көру мүмкін емес. Себебі қай тұлғаның суреті басылуы керек екені туралы ортақ шешім Еуропа Одағында әлі қабылданған жоқ. Өйткені бұл – дау туғызатын ең қиын мәселелердің бірі.

Мұндай түйткілдер, сонымен қатар банк жүйесі мен салық және бюджет салаларында да ұшырасады. Оның үстіне, ұзын саны 28-ге жеткен ЕуроОдаққа мүше мемлекеттердің бәрі бірдей Еуропа аймағына кірмей отыр және Еуро секілді ортақ валютаны тек 19 мүше-мемлекет қана пайдаланады. Өзгелер, бұрынғыша, өздерінің ұлттық валютасымен шектелуде.

Бүгінгі таңда Еуропа Одағының бірлігіне төніп тұрған ең басты сын-қатер Ұлыбританияның бұл Одақтан бөлініп кетуі болып отыр. Бұл сызат бір елмен ғана тына ма, жоқ па? Бұл жағы әлі белгісіз.

Еуропа Одағына төніп тұрған өзге де қауіп-қатер жеткілікті. Олардың ішіндегі ең қатерлісі – Таяу Шығыс пен тынышы кеткен өзге елдерден Еуропаға ағылған босқындардың тасқыны. Күннен-күнге молая түсіп отырған бұл қиындықтарды жеңе алмаса, Еуропа Одағының да, Еуровалютаның да күні бұлыңғыр болары шек келтірмейді.

ӨРКЕНИЕТ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ – ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚСЫЗДЫҚҚА АПАРАТЫН СЫН-ҚАТЕР

Үстіміздегі ғасырдың 2008 жылы басталған қаржы-экономикалық дағдарыс бүкіл әлемді шарпып, оның соңы жаһандық рецессияға ұласқаны белгілі. Түптеп келгенде, бұл жойқын дүрбелеңге түрткі болған АҚШ-та басталған ипотекалық шиеленіс болатын. Оның алғашқы белгілері әлгі елде 2006 жылдың өзінде-ақ сыр бере бастаған. Бірте-бірте оның зардабы бүкіл әлемге жайылып, үлкенді-кішілі экономикалардың құлдырағаны соншама, бүгінгі таңда әлемдегі жұмыссыздардың саны 200 миллионнан асып жығылады. Аталмыш дағдарыс пен рецессия тек қана АҚШ емес, Еуропа елдерінің экономикасын да ойсыратып кеткендіктен, Грекия, Испания сынды мемлекеттерде жұмыссыздардың саны 26 пайыздан асып, оның тең жартысынан астамын жоғарғы оқу орнын бітірген өрімдей жастар құрап отыр. Дағдарыстың салқыны Ирландия мен Италияға да тиіп, енді, міне, Кипрге де келіп жетті.

Бүгінгі таңда жаһандық дағдарыс пен қаржы-экономикалық рецессияның себептерін Давостан бастап әлемнің әр түкпірінде, оның ішінде, біздің елде де жыл сайын өтіп жүрген экономикалық форумдар іздестіруде. Мұның сыртында, кешенді зерттеулермен әлемнің айтулы ғалымдары да айналысып, өз ойларын ортаға салуда.

Бұл тұрғыдан келгенде, Нью-Йорктегі Колумбия университетінің профессоры, белгілі экономист, Нобель сыйлығының лауреаты Джозеф Стиглицтің 1912 ж. ағылшын тілінде жарық көрген «Теңсіздіктің құны» (Joseph E. Stiglitz. The Price of Inequality) атты монографиясының орны ерекше. Туындының авторы – кезінде АҚШ Президенті Билл Клинтонның экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшілер тобын басқарған өте білікті маман.

«Ауруын жасырған өледі» демекші, ғалым өзі туып-өскен капиталистік қоғамның бүге-шігесін (саяси жүйесі мен эко-

номикасын, жетістіктері мен кемістіктерін) айқара ашып, жаманын жасырмай, жақсысын асырмай, терең зерттеулер мен дәйекті сараптамалардың негізінде түйінді қорытындылар жасайды.

Автор, біріншіден, осы уақытқа дейін ешбір баламасы жоқ деп, кір жуытпай дәріптеліп келген нарықтық экономиканың сол үдеден шыға алмай қалғандығын және оның тұрақсыздығын ашып көрсетеді. Екіншіден, аталмыш экономиканың тізгінін ұстап отырған саяси жүйенің орын алған қателіктер мен олқылықтарды дер кезінде түзетуге шамасы келмей қалғандығын, үшіншіден, нарықтық экономика мен саяси жүйенің әділетсіз екендігіне және, ең бастысы, бұл үш фактордың бір-бірімен өте тығыз байланысты екеніне көзді анық жеткізеді. Кітап авторы, сонымен қатар, АҚШ-та, сол сияқты, дамыған өзге мемлекеттердің саяси-экономикалық жүйелеріндегі дағдарыстың себебі тек қана сол қоғамдарда орын алып отырған әлеуметтік теңсіздіктен туындайтынын, ал оның салдары әлгі экономикалық жүйені үнемі тұрақсыздыққа әкеліп соқтыратынын және өз кезегінде қоғамды қақ бөліп тұрған аталмыш теңсіздікті бұрынғыдан бетер үдете түсетінін айшықтап береді.

Джозеф Стиглиц «Теңсіздіктің құнын» жазуға кіріскен кезінде Тунис пен Египетте басталып, көп ұзамай, Африканың біраз елін шарпыған «араб көктемінің» Нью-Йорк, Лондон, Лиссабон, Мадрид секілді ірі қалалардағы «батыс күзіне» ұласқан халық наразылығының түрткі болғанын жасырмайды.

Массачусетс технологиялық институтында ғылыммен айналысып жүрген кезінде Америкадағы теңсіздікті өзінің докторлық диссертациясына арқау еткен Джозеф Стиглиц бұл мәселеге деген көзқарасын былайша түйіндейді: дағдарыс кезінде байлар байи түседі, ал өте байлар одан бетер байиды. Ал кедейлердің саны тоқтаусыз өсіп, бұрынғыдан бетер кедейленеді. Орташалардың жағдайы да мүшкілденіп, табысы мен жалақысы құлдырайды. Сөйтіп, тақыр кедейлерге айналғандар мен бай-бақуаттылардың арасын бөліп тұрған шыңырау құз бұрынғыдан бетер тереңдей түседі.

Ғалым келтірген деректерге ден қойсақ, соңғы 30 жылда Америка қоғамының 99 пайызын құрайтын төменгі жалақы алатындардың табысы тек 15 процентке ғана өскен. Керісінше, әлгі қоғамның бір ғана процентін құрайтын жоғары жалақы алатын алпауыттардың табысы 150 процентке көбейген. Ал соңғылардың 0,1 процентін құрайтын шектен тыс байлардың табысы 300 проценттен де асып жығылады.

Бұл айтылғандардың құрғақ сөз емес екенін дәлелдеу үшін нақты мысал ретінде ғалым «Уолл-Март» («Wall-Mart») сауда империясының мұрагерлері болып табылатын Уолтондарды келтіреді. Бүгінгі таңда алты ағайынды Уолтондар жалпы құны 69,7 миллиард долларға теңесетін ұлан-ғайыр байлыққа иелік етіп отырған көрінеді. Бұл байлық бүкіл АҚШ қоғамының 30 процентін құрайтын ең төменгі жалақы алатын кедей-кепшіктердің жиынтық табысынан да асып түседі екен.

Джозеф Стиглиц, сонымен қатар Америкадағы теңсіздіктің тек бүгін ғана пайда болған құбылыс емес екендігіне назар аударады. Сонымен қатар ол әлгі теңсіздіктің кейде қолдан жасалатынын да жасырмайды. Сосын, оның қалыптасуына нарық күштерінің – сұраныс пен ұсыныстың үлес қосатынын да және әмбебап экономикалық заңдылықтардың да үлкен роль атқаратынын назардан тыс қалдырмайды. Бірақ, солай бола тұрғанымен, қоғамдағы бүкіл байлықтың бір процентке жетер-жетпес, ат төбеліндей ғана топтың уысына жинақталуын таза америкалық «жетістік» деген байлам жасайды. Әрине, ғалым «жетістік» деген сөзді бекер тырнақшаға алып отырған жоқ. Оның астарында мүлде қарама-қайшы ұғымды тұспалдап тұрған ащы шындық жатыр.

Ғалым АҚШ-та орын алып отырған бүгінгі дағдарыстың басым бөлігі – үкіметтің жүргізіп отырған саясатының тікелей нәтижесі екенін де өте нанымды дәйектермен тиянақтайды. Әсіресе қаржыны жоғарыдан төменге немесе керісінше, төменнен жоғары қарай бағыттауға келгенде, саяси биліктің, салықтық, монополистік немесе құқықтық, ия болмаса лицензиялық жеңілдіктерді ең алдымен миллиардерлерге қарай бұрып, солардың мүддесін қызғыштай

қорғайтынын, демек, түптеп келгенде, байлардың кедейлер есебінен байитынын үлкен батылдықпен сынға алады.

«Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» демекші, Америкадағы тақыр кедейлер мен байлардың арасында пайда болған теңсіздіктің шарықтап кеткендігі соншама, халықтың бір процентін ғана құрайтын миллиардерлер бүгінгі таңда қолдан жасалған теңсіздік құзының табанындағы кедейлердің қалай күн көріп жатқанын мүлде елестете алмайтынына назар аударады. Бұл уәждің растығына Джозеф Стиглицтің мына бір дәйектері көзді анық жеткізеді.

Мәселен, төрт адамнан тұратын екі балалы отбасында жалғыз адам ғана жұмыс істейтін болса, ол аптасына қырық сағаттық жүктеменің әр сағатына бар болғаны сегіз жарым доллар жалақы алады. Әлеуметтік салық және отбасы денсаулығын қамсыздандыруға кететін, сол сияқты басқа да міндетті төлемдерді шегеріп тастағанда, бір жылда оның қолына таза тиетіні 14 240 долларды құрайды. Егер сәті түсіп, ай сайын 700 долларға түсетін екі бөлмелік пәтер жалдай алса, оның қолында бар болғаны 5840 доллар ғана қалады. Ал кез келген америкалық көліксіз жүре алмайтынын ескерсек, жанармайды, қамсыздандыру жарнасын және өзге шығындарды қоса есептегенде тағы да 3000 доллар шығаруға тура келетіні айтпаса да түсінікті. Сонда отбасының бір жылдық тамағы мен киім-кешегіне бар болғаны 2840 доллар немесе адам басына шаққанда 3 доллардан ғана келеді.

Рецессия кезінде ипотекалық несиеге үй алған америкалықтардың жағдайы да мүлде құлдырап кеткен. Ай сайын банктерге қайтарылатын төлемдердің деңгейі 20 процентке күрт көтеріліп кеткендіктен, миллиондаған адам пәтерінен бір сәтте айырылып, көше паналап, қаңғырып қалған. Мұның салдары 2007-2011 жылдар арасында 7,8 миллион адамның жұмыссыз қалуына және мыңдаған отбасының күйреуіне әкеліп соққан. Бүгінгі таңда бұл құбылыс тек Американы ғана емес, сонымен қатар Батыс Еуропа елдерінің көпшілігін жайлап кеткен.

Рецессия кезінде миллиардерлер мен банкирлерге қандай шығын келді дейтін мәселеге де Стиглицтің өз жауабы бар. Дағдарыстан бұрын қоғамда белгілі бір консенсус болғандықтан, ауқаттылардың мол табысы олардың маңдай терінің, яғни өз еңбегінің жемісі деген ұғым қалыптасқан болатын. Сондықтан қарапайым халық оларға түсіністікпен қарайтын. Ал қазіргі дағдарыс кезінде, ораза-намаз тоқтықта, иман кетер жоқтықта демекші, байлар мен банкирлер кедейлердің ашу-ызасын тудырмаса, құрметіне бөленіп отырған жоқ. Өйткені аталмыш рецессияның салдарынан алпауыттар да белгілі бір шығындарға тап болғанымен, олардың үлкен бонустар алуы әлі тоқтаған жоқ. Анығырақ айтқанда, олардың мұртын қазір де балта кеспейді. Дағдарысты желеу етіп, банкирлер жүздеген қызметкерлерді жұмыстан босатып жіберді, есесіне, мұрттарын үнемделген қаржының есебінен майлап отыр.

Басқа дамыған елдермен салыстырғанда америкалық банкирлер мен ірі компания президенттерінің табысы қатардағы қызметкердің табысынан 200 есе асып түседі. Ал Жапонияда бұл көрсеткіш 16 есемен шектеледі. Бұл тұрғыдан келгенде, америкалықтар өзге елдерге жаман үлгі көрсетіп отырғанын Дж.Стиглиц ашып айтады. Айтса айтқандай-ақ, «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» демекші, әлгіндей үдеріс енді өзге елдерде де тарап кетсе, оған таңдануға болмайды.

Жоғарыда Джозеф Стиглиц келтірген айғақтардың бұлтартпайтын дәлелдерін Нью-Йорктегі Уолл Стритте орналасқан Американың Goldman Sachs, Morgan Staneley, Merrill Lynch және Lazard Freres & Co. сынды ең айтулы инвестициялық банктерде табаны күректей 17 жыл қызмет атқарған, тәжірибелі банкир әрі қаламы қарымды журналист Уиллиам Коганның «Соңғы магнаттар: Лазард Фререс және Компанияның құпия тарихы» (William Cohan. The Last Tycoons: The Secret History of Lazard Freres & Co.) атты монографиясынан да кездестіреміз.

Автор келтірген деректерге қарағанда, жоғарыда аталған инвестициялық банктер арқылы жылына триллиондаған доллар өтіп, оларға миимиллиардтаған пайда келсе, банкирлер-

дің қалтасына да ондаған миллион табыс түседі екен. Сондықтан да болар, Американың қаржы әлемі атынан ат үркетін әлгі банкирлерге «Ұлы Еркектер» деген айдар таққан. Өйткені айтулы алпауыттардың ықпалы соншалықты шексіз болғандықтан, олардың ығына жығылмайтын пенде болмайтын көрінеді. Айтса айтқандай-ақ, әлгі «ұлылардың» ішіндегі түкірігі жерге түспейтін және атағы жер жаратын бір банкирді автор ерекше атайды. Мәселен, бір жарым ғасырлық тарихы бар, даңқы жер жаратын Lazard Freres & Co. инвестициялық банкін ұзақ жылдар бойы басқарған Феликс Рохатин (Felix Rohatyn) 1970-1975 жылдары аралығында Американың Уолл Стрит банктерін басына төніп келген екі бірдей дағдарыстан аман алып қалыпты.

Бірақ сол Феликс Рохатиннің өзі де, Уолл Стриттің жоғарыда аталған өзге «ұлы еркектері» де бұл жолы, атап айтқанда, үстіміздегі ғасырдың 2008 жылы басталып, соңы әлемдік қаржы-экономикалық рецессияға ұласқан дағдарысқа мүлде тосқауыл қоя алмапты. Әрине, олардың бәрі де қолынан келгенінше тырысып баққан. Тіпті билік те оларға барынша көмектескен. Мемлекет тарапынан банктерге триллиондаған ақша да бөлінген. Алайда осы мақаланың басында Джозеф Стиглиц атап көрсеткен капиталистік қоғамның кемшіліктері, яғни нарық тұрақсыздығы, билік пен саяси жүйенің олқылықтары мен әділетсіздігі өлшеусіз етек алғандықтан, жойқын дағдарыс пен қаржы-экономикалық рецессияға ешқандай күш тосқауыл бола алмаған.

Демек, бүгінгі дағдарыс пен рецессия – жоғарыда аталған үш фактор тудырған теңсіздіктің құны. Оның түбірінде біздің Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» Стратегиясында атап өтілген, ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне жатқызылған бүгінгі өркениет құндылықтарының құлдырауы мен әлеуметтік тұрақсыздықтың жатқаны ешбір күмән тудырмайды.

Ендеше, осы тұрғыдан келгенде, Елбасының бастамасымен Астанада жоғары деңгейде өткізіліп жүрген экономикалық форумдардың маңызы өте зор. Оның ішінде, әсіресе бесінші форумда Президент Назарбаев жария еткен G-Global қағидасының келешегі үлкен. Өйткені ақпарат құралдары

шарықтап дамыған бүгінгі заманда әлемдік экономика мен қаржы саласын тығырыққа тіреп отырған жаһандық дағдарыстың себеп-салдарын тек оза дамыған елдердің басын қосатын G-8 немесе G-20 деп аталатын клубтарға мүше алпауыт елдердің тізгінін ұстағандар ғана шеше алмайтынына адамзаттың көзі анық жетті. Сосын, жаһандық сын-қатерлер мен дағдарысты бүкіл әлемнің ақыл-ойын бір арнаға тоғыстыратын G-Global секілді жаһандық үнқатысу алаңы ғана тоқтата алатынына сенім күннен-күнге артып келеді. Оның үстіне, «Сырт көз – сыншы» демекші, бұл пікірдің дұрыстығына осы мақалада назар аударылған шетелдік ғалымдардың ой-түйіндері де нақты дәлел бола алады.



АМЕРИКАЛЫҚ МАКРОЭКОНОМИСТІҢ ПАЙЫМДАРЫ НЕНІ АҢҒАРТАДЫ?

Бес жылдан бері әлемді жайлаған қаржы-экономикалық дағдарыс пен жаһандық рецессия толастаудың орнына одан әрі жалғасуда. Алайда 2008 жылы басталған депрессия бүкіл әлемді шарпығанымен, олардың АҚШ пен Еуропа Одағы экономикаларына келтірген залалы ұқсас, бірақ салдары бөлек. Бүгінгі таңда бұл айқындалып келеді. Мәселен, дәл қазір АҚШ экономикасы қайта жандана бастады. Алайда Еуропа аумағындағы экономикалық ахуал мүлде мүшкіл. Бұлай түйіндеуге әлгі дағдарыс пен рецессияның салдарын терең де мұқият зерттеген Нобель сыйлығының лауреаты, америкалық макроэкономист Пол Кругманның дәйекті сараптамалары негіз болып отыр.

Мәселен, айтулы ғалымның 2008 жылы жарық көрген «Депрессия экономикасы қайта оралды ма?» (The Return of Depression Economics?) атты туындысында «Дағдарыстар неге орын алады?», «Экономикалық дағдарыстардың салдарын қалай тізгіндеуге болады?» сияқты өткір сауалдардың жауабын іздесе, 2013 жылы баспадан шыққан «Бұл дағдарысты дәл қазір тізгіндеу қажет!» («End This Depression Now!») атты және бір сараптамалық зерттеуінде жойқын депрессияны ауыздықтаудың нақты жолдары мен әдістерін іздестіреді.

Аталған зерттеулерінің алдыңғысында Пол Кругман 2008 жылы оқыс басталған қаржы-экономикалық дағдарыс дауылының тек экономистер мен саясаткерлерді ғана таңғалдырып қоймай, қарапайым америкалықтарды да төбесінен жай түскендей еткенін жасырмайды. Олай болатын да жөні бар екен. Себебі соңғы 25 жыл ішінде АҚШ-та мұндай ауыр дағдарыстың нышаны байқалмапты. Ал кезінде АҚШ экономикасын жарға жыққан Ұлы Депрессия болса, бұдан 90 жыл бұрын, яғни өткен ғасырдың 20-жылдарында орын алған болатын. Сондықтан да ондай жойқын дағдарыстар Америкада ендігі әрі қайталанбайтындай көрінетін. Сосын, АҚШ Үкіметі мен Федералдық Резерв Жүйесі экономиканы

ара-тұра теңселтіп кететін әлгіндей тербелістерді болдырмаудың күллі тетігін әлдеқашан игеріп алғандай сезінетін.

Өкінішке орай, жағдай мүлде басқаша болып шыққан еді. 2008 жылы қыркүйек айында, ең алдымен, АҚШ-тағы ең ірі инвестициялық банк – Lehmann Brothers – банкротқа ұшыраса, оның артынан іле-шала, әлемдегі ең ірі AIG сақтандыру компаниясы да бұрынғы қауһарынан бір сәтте айырылып, мемлекеттің меншігіне өтуге мәжбүр болды. Сол ақ мұң екен, бүкіл әлем экономикасы дүлей дағдарыстың тұңғығына малтығып, тұншыға бастаған болатын.

Көп ұзамай-ақ әлгі дағдарыстың салдарынан дамыған елдердің өнеркәсіп өндірісінің қарқыны бірден 10 пайызға құласа, Жапония мен Швеция сынды елдерде бұл көрсеткіш 20 пайызға дейін құлдырады. Тіпті кейінгі жылдары үдемелі қарқынмен дамып келе жатқан Қытайдың жалпы ішкі өнімі де 2009 жылы 5,1 пайызға дейін төмендеді. Әлемнің көпшілік елдерінің сыртқы сауда саласындағы тауар айналымдарының мөлшері де 20-30 пайызға кеміп кетті. Ал кейбір елдерде бұл көрсеткіш 40-50 пайызға дейін құлдырады. Соның салдарынан әлемдегі ең бақуатты елдердің бірі деп жүрген Исландияның жағдайы күрт мүшкілденіп, Халықаралық Валюта қорынан көмек сұрауға мәжбүр болды. Сөйтіп, дағдарыстан зардап шеккен мемлекеттердің жиынтық шығындары шарықтап өсіп, 50 триллион долларға жетті.

Осы тұста, «Әр жыл сайын құны 15 триллионға татитын тауарлар мен қызмет түрлерін қамтамасыз етіп жүрген АҚШ экономикасының осылайша ойсырап қалуына не себеп болды?» деген сауалдың жауабын америкалық макроэкономист Пол Кругман өз елінің ішінен емес, керісінше, алыстан, атап айтқанда, ертеректе Азия елдерінде болған дағдарыстан іздей бастады.

Мәселен, 1990 жылдары жалпы ішкі өнімі әлемдік жалпы ішкі өнімнің төрттен бірін, ал халықтарының жиынтық саны миллиардтың үштен екісін құрайтын Азиядағы бірнеше мемлекеттің экономикасы кенеттен келген Ұлы Депрессияға ұқсас жойқын дағдарысқа тап болған болатын.

Әлгі елдердің экономист ғалымдары мен сарапшылары мұны уақытша құбылыс, сондықтан олардың экономикалары, бұрынғыша, үдемелі қарқынымен дами береді деп топшылаған болатын. Алайда Ұлы Депрессия кезіндегідей нысаналы шаралар қабылданып, дереу іске асырылғанымен, олар көздеген мақсатқа қол жеткізе алмады. Керісінше, аталмыш шаралар әлгі елдердің экономикалық ахуалын мүлде ушықтырып жіберді.

Әрине, тарих тәлімінен тиісті қорытынды шығара білетін білікті экономистер әлгіндей рецессияның әлемнің кез келген нүктесінде орын алу мүмкіндігін қалт жібермей, дер кезінде секем алатыны күмән туғызбаса керек. Сондықтан да болар, аса тәжірибелі әрі көреген Пол Кругман Азия елдерінің экономикасын күйретіп кеткен жоғарыдағы дағдарыстың басқа елдерде де орын алу қаупін терең сезініп, өз ғылыми еңбегінің алғашқы нұсқасын Азия кеңістігінде 1990 жылдары орын алған әлгі рецессияға жауап ретінде дайындаған-ды. Алайда айтулы экономист ғалымдардың көпшілігі ол дағдарысты тек Азия елдеріне ғана тән құбылыс, демек, шектеулі ғана дағдарыс деген пайымға табан тірегендіктен, өзге пікірлерге дес бермеген еді.

Ал, шындығында, Пол Кругманның көріпкелдігі мүлтіксіз шындық болатын. Енді, міне, бүкіл әлем, оның ішінде АҚШ та бар, алапат салдары күллі планетаны шарпыған дүлей қаржы-экономикалық дағдарыспен күні бүгінге дейін жанталаса арпалысуда.

Пол Кругманның топшылауынша, адамзат бүгінгі таңда кенеттен келген қаржы-экономикалық дағдарыспен жоғарыдағы Азия мемлекеттері секілді бетпе-бет келіп, олармен шамасы келгенше, өздерінің сарапшы ғалымдары мен саясаткерлері қалыптастырған ескі экономикалық доктрина шеңберінде күресіп жатыр. Бұрынғы, 1920 жылдары өте алапат экономикалық дағдарысқа тап болған мемлекеттер секілді, бүгінгі Ұлыбритания сынды экономикасы ірі әрі тұрақты дамып келген мемлекеттер де дәл қазіргідей ұзаққа созылған тоқырау мен дефляция тудырған сын-қатерлерге бірден жауап таба алмай, дал болып отырған жайы бар.

Мұны жоққа шығаруға болмайды. Бірақ «Бөрі арығын білдірмес» демекші, кезінде британдық экономикалық теорияның негізін қалаған Джон Мейнард Кейнс (John Maynard Keynes) пен Нобель сыйлығының лауреаты, ақша айналымы мен монетарлық теорияның авторы – америкалық экономист Милтон Фридман (Milton Fridman) ұсынған ілімдермен қаруланған батыс экономистері бұдан былайғы кезде де өз тәжірибесі мен білігінің кез келген дағдарыстың алдын алуға әбден жеткілікті екендігіне өте сенімді екенін жасырмайды. Ал іс жүзінде әлгі сенім өзін-өзі ақтамады. Шындап келгенде, 1970 жылдан басталған онжылдық нағыз тоқырау мен инфляция онжылдығына айналды. Сөйтіп, 1973 пен 1979 жылдар арасында 1930 жылдардан бермен қарай болып көрмеген өте алапат рецессия орын алды.

Батыстың оза дамыған елдерінің тағы бір олқылығы олар – Мексикада, одан соң Латын Америкасының Бразилия, Чили, Аргентина және басқа да елдерінде, сол сияқты Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінде жиі-жиі орын алып келген валюта кризисінен де, банк жүйесі дағдарысынан да, тіпті гиперинфляция дауылдарынан да тиісті сабақ алған жоқ. Оның үстіне, әлемнің екінші экономикасы болып саналатын Жапонияның қаржы-экономикалық дағдарысының басты себептері де тиісті дәрежеде қаперге алынбады. Тіпті оған терең сараптама да жасалмады.

Міне, бүгінгі таңда осы олқылықтардың орнын Пол Кругманның терең зерттеулері толтырып тұрғандай әсер қалдырады. Олай деуге толық негіз бар. Өйткені айтулы экономистің назарынан планета бетіндегі елдерде өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап бүгінгі таңға дейінгі орын алып келген үлкенді-кішілі қаржы-экономикалық дағдарыстар мен рецессиялардың бірде-бірі тыс қалмаған. Сосын, белгілі бір елдерде орын алған дағдарыстар мен рецессиялардың әлгі елдермен жапсарлас жатқан немесе сол елдермен экономикалық қарым-қатынастарға түскен алыс-жақын елдерге де кері әсері мен зиянды салдарының болатынын Пол Кругман өз назарынан шет қалдырмаған.

Кезінде Нобель сыйлығының лауреаты атанған Альберт Гор секілді Пол Кругман да бүгінгі Жер шарын бір-бірімен кіндігі жабысқан әлем экономикаларының басын бір жерге тоғыстыратын жаһандық корпорация ретінде қарастырады. Бұл пайымның негізі бар, себебі бүгінгі таңда экономикалық тұрғыдан 100 пайыз егемен мемлекет жоқ десе де болады. Өйткені дамыған елдер болсын, дамушы елдер болсын, өзінде жоғын басқадан алады. Оның үстіне халықаралық инвесторлар да қай елдерде инвестициялық климат тартымды болса, басы артық қаржысын сонда салады. Сонымен қатар бүгінгі таңда ғылым мен білім де, жұмыс қолы да, ақша да, шикізат ресурстары да, инновациялық технологиялық капитал да, транспорт жүйелері де бүкіл әлемде еркін айналады. Демек, қаржы-экономикалық дағдарыстар мен рецессиялар да бір елден екінші елге оп-оңай көшіп отыратыны дау туғызбаса керек. Ендеше, қазақтың «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген аталы сөзінің ғылыми негізі бар екені осы тұста анық байқалады.

Пол Кругманның жоғарыда аталған екінші ғылыми-сараптамалық еңбегінің мақсаты болашақ дағдарыстарды болдырмаудың жолдарын іздеу емес, керісінше, қазіргі дағдарыстан құтылудың тиімді тетіктерін айқындауға бағытталған. Осы тұрғыдан келіп, Пол Кругман бүгінгі Америка экономикасын науқас адамға теңейді де, әлгі науқасты қалай емдеп жазудың жолдарын қарастырады. Ғалымның тағы бір мақсаты – өзінің дәйекті де дәлелді сараптамасы арқылы кең ауқымды қоғамдық пікір қалыптастырып, әлемдік экономикалық ахуалды осындай күйге тап қылған таяз саясаткерлер мен мүлде дәрменсіз саяси-экономикалық доктриналарды өзгертуге бар күшін салу.

Макроэкономист ғалымның пайымдауынша, бүгінгі Америка депрессиядан әлі де толық айыға қойған жоқ. Алайда Пол Кругман бүгінгі АҚШ-ты Грекия, Ирландия немесе Испания сияқты елдермен салыстыруға өсте болмайтынын ескертеді. Өйткені аталған Еуропа елдерінің жағдайы өте мүшкіл. Ондағы жұмыссыздардың саны 23 пайызды құраса, олардың 50 пайызы – тек қана жастар. Енді, міне, бүгінгі

таңда жоғарыдағы елдердің қатарына Франция да қосылып отыр.

Сонымен қатар бес жылға созылған соңғы дағдарыстың зардабынан АҚШ-та қазірдің өзінде 24 миллион жұмыссыздар мен жартылай жұмыссыздар бар екенін ғалым ашып айтады. Сосын АҚШ-тың Федералдық Резерв Жүйесінің жетекшісі Бен Бернанкенің 2009 жылы бір телеканал арқылы таратылған 60 минуттық оптимизмге толы интервьюіне мысқылдай сілтеме жасай отырып, мына бір күлкілі эпизодты оқырманға көлденең тартады.

Белгілі бір фильмде АҚШ Президенті бейтаныс бір адамды парасатты саясаткерге ұқсатып, одан: «Экономика қашан түзеледі деп ойлайсыз?» деп сұрайды. Сөйтсе, әлгі адам саясаткер емес, қарапайым бағбан болса керек, тосыннан қойылған сауалға өзінің кәсібіне басып: «Тамырлары аман болса, бұл гүлдер көктемде қайта түлейді» деп жауап қайтарса керек. Солай демекші, Бен Бернанке де телеканал журналисінің ел экономикасының келешегіне байланысты қойған ұқсас сұрағына, әлгі бағбанша, оптимистік леппен: «Көктемде бәрі де қайта көгеретіні секілді, экономикамыз да қайта жаңғырады» десе керек. Осы «қанатты» сөзі үшін «Time» газеті 2009 жылы Бернанкені жыл адамы деп жариялап жібергенін Пол Кругман мысқылдай еске алады. Мұнымен Пол Кругманның оқырманға айтпақшы болып отырғаны мынау: «Әліптің артын баққан абзал. Өйткені «Әсіреқызыл тез оңар» демекші, дәл бүгін экономикалық оптимизмге мүлде орын жоқ. Олай деуге әлі тым ертерек».

Айтса айтқандай-ақ Пол Кругманның айтқаны дөп келген еді. Бен Бернанкенің оңбай қателескенін тарих бүгін айқын дәлелдеп, оның жоғарыдағы телеканалға берген оптимистік сұхбатынан үш жарым жыл өткен кезде әлемдегі ең ірі *Lehmann Brothers* инвестициялық банкі банкротқа ұшыраса, төрт жыл өткен соң алапат экономикалық рецессия басталып кеткен. Демек, тәжірибелі экономист Пол Кругман 2008 жылы Американың банк жүйесінде басталған дағдарыстың дүлей депрессияға ұласатынын да және оның ұзаққа созылатынын да дөп басып айтқаны айқын сезіледі.

Қалай дегенмен де, Пол Кругман бүгінгі таңдағы АҚШ-та техникалық жаңғырудың шым-шымдап басталғанын жоққа шығармайды. Есесіне, Еуропадағы жағдай тіптен мүшкіл екенін де назарынан тыс қалдырмайды. Мәселен, Ирландия, Грекия, Италия және Испания сынды елдердің бүгінгі мемлекеттік қарызының шаш-етектен екендігін және одан құтылудың бірден-бір жолы ретінде ЕуроОдақ басшылығы мен халықаралық қаржы ұйымдарының қабылдаған өте қатал «Үнемдеу» («Austerity») бағдарламасының әлгі елдердің экономикасын оңалтудың орнына оларды одан бетер құлдыратып жібергенін және оның салдары аталмыш елдерде сенімсіздік пен жұмыссыздықтың шарықтап кетуіне тікелей әсер етіп отырғанын ащы шындық ретінде көлденең тартады. Ең өкініштісі әлемнің ең дамыған әрі халықтары білімді әрі білікті, әрі табиғи ресурстарға өте бай, демек, жан-жақты дамуға мүмкіндіктері өте мол елдердің бүгінгі таңда бейшара күйге түсіп отырғаны ғалымды қатты налытады.

Пол Кругман сонымен қатар америкалықтардың арасында: «Экономистер кез келген заттың бағасын білгенмен, еш нәрсенің құнын ажырата алмайды» деген қанатты сөздің жиі айтылатынына да назар аударады. Шындығында да, экономистерге таңылған бұл өткір міннің жаны бар екені күмән тудырмайды. Өйткені экономистердің, біріншіден, ақшаға, екіншіден, өндіріс орындарының өнімділігіне, үшіншіден, әлгі өндірістерден шығатын өнімдерге деген сұраныстың барынша биік болуына, демек, пайда көзінің мол болуына айрықша мән беретіні шындықтың ауылынан алыс жатқан жоқ.

Осы айтылғанды растайтын Пол Кругман келтірген бір мысал төмендегідей. 2000-2010 жылдар арасында АҚШ экономикасының локомотиві, біріншіден, тұрғын үй құрылысының ұлғаюы болса, екіншіден, америкалықтардың тұтыну мүмкіндігінің жоғарылығы болатын. Өз кезегінде бұл құбылыстар, біріншіден, тұрғын үй бағасының жөнсіз шарықтап, желбуаз шардай өсіп кетуіне әкеліп соқса, екіншіден, үй сатып, бай-бақуатты болуға ұмтылған алыпсатар-

лардың сұранысын ұлғайтып, олардың аранын одан бетер ашып жіберген болатын. Алайда «желбуаз құрылыс шары» шегіне жетіп жарылған кезде, үй құрылысы да, оған деген сұраныс та су сепкендей басылып, құрдымға қосақтала кеткен болатын. Мәселен, 2006 жылы құрылысшылар 1,8 миллион үй салса, бұл көрсеткіш 2010 жылы 585 мыңға дейін азайған болатын. 2006 жылы америкалық тұтынушылар 16,5 миллион автокөлік пен жеңіл жүк машинасын сатып алған болса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 11,6 миллионға дейін құлдыраған болатын. Осының салдарынан желбуаз құрылыс шары жарылғаннан соң бір жыл өткен кезде АҚШ экономикасы тек экспорттың арқасында ғана қалт-құлт етіп, аман қалса, 2007 жылы мүлде тұралап, одан бергі уақыттың ішінде дағдарыстан шығып кете алған жоқ.

Пол Кругман тағы бір шындықтың бетін аша келіп, былай дейді: «Нарық экономикасының заңдылығы бойынша, бір адамның шығыны – екінші адамның табысына айналатыны белгілі аксиома. Бірақ билік басындағы кейбір саясаткерлер бұл заңдылықты жете түсіне бермейді. Демек, экономикалық дағдарыстар мен рецессиялардың кейбір себептері саясат тізгінін ұстағандардың әлжуаз экономикалық доктриналарынан туындайды».

Ғалымның бұл пайымымен келіспеуге орын жоқ сияқты. Мәселен, дағдарыстан шығудың жалғыз ғана жолы жаппай үнемдеу екен деп, мемлекеттік шығындарды оңды-солды қысқартып, белдік біткенді қапсыра буып, жұмысшылардың жалақысын кесу, жұмыс орындарын күрт азайту, жұмыс сағаттарын қысқарту, салықты көбейту немесе азаматтарға несие беретін банктердің кредиттік ставкаларын шамадан тыс көтеріп жіберу сияқты сан алуан тетіктердің Батыс Еуропа елдерін бүгінгі таңда қандай тығырыққа тіреп қойғанын және өз кезегінде аталмыш «жаппай үнемдеу» доктринасының халықтың әл-ауқатын мүлде әлсіретіп, жұмыссыздықты шарықтатып жіберуімен қатар азаматтардың сатып алу немесе тұтынушылық мүмкіндіктерін буып тастағанын және соның салдарынан халықтың өндіріс өнімдеріне деген сұранысының құлдырап кеткендігін байқамау

мүмкін емес. Тіпті өз еліміздің экспорттық өнімдеріне деген шетелдік әріптестеріміздің бұрынғы сұраныстарының едәуір азайып отырғанын да жоғарыда айтылған әлжуаз доктринаның тікелей себеп болып отырғанын байқамау мүмкін емес.

Пол Кругман жүргізген салмақты сараптамаларды негізге ала отырып, әңгімені қысқа қайырып айтар болсақ, бүкіл әлемді жайлаған қаржы-экономикалық дағдарыс пен рецессияның салдарын тез тізгіндеп, депрессияға тап болған экономикалық дамуды тез арада қайта қалпына келтіруге дәл қазірдің өзінде-ақ толық мүмкіндік бар екені күмән туғызбайды. Ол үшін, ең алдымен, Пол Кругман айтпақшы, бұрыннан қалыптасып қалған әрі догмаға айналған саяси-экономикалық доктринаға бүкіләлемдік тәжірибенің ең үздік үлгілерін батыл енгізе отырып, мүлде жаңа саяси-экономикалық доктринаны айналымға енгізу керек.

Бұл орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен елімізде жыл сайын жемісті өтіп жүрген Экономикалық форумның салиқалы ұсыныстары мен халықаралық саяси-экономикалық үнқатысу алаңына айналып үлгерген Президентіміздің G-Global идеясының әлемдік мәні зор. Бұлай деуге толық негіз бар. Себебі G-Global алаңына белсенді атсалысып, өз идеясымен үлес қосушылардың саны күн өткен сайын еселеп артып келеді.

Сосын, әлемді шарпыған толассыз дағдарысқа қарамастан, еліміздің экономикалық ахуалы көңіл толарлық деңгейде. Мәселен, үстіміздегі жылы еліміздің жалпы ішкі өнімі 6 пайызға жетуге жақын тұр. Демек, Президенттің жүргізіп отырған сындарлы ішкі әлеуметтік-экономикалық және көпвекторлы сыртқы саясаты өз жемісін беріп отырғаны тайға таңба басқандай, өзімізге де, өзгелерге де айқын көрініп тұр.

ӘЛЕМНІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

2005 жылдың сәуір айында Әлемдік азық-түлік бағдарламасының үйлестіру кеңесі Қытай үкіметімен бірлесе отырып, мынандай мәлімдеме жасаған болатын: «Үстіміздегі жылдың аяғында Қытай сырттан азық-түлік көмегін алуды тоқтатады». Осыдан 25 жыл бұрын жүздеген миллион адамы аштықтан зардап шеккен бір жарым миллиардқа жуық халқы бар алып ел үшін әлгіндей батыл мәлімдеме жасауға үлкен негіз болған сыңайлы. Шындығында да, солай болып шықты. Қытай дәл сол жылы шеттен келетін азық-түлікке тәуелділіктен біржолата құтылып қана қоймай, бір сәтте басқаларға өзі көмек ұсына алатын әлемдегі үшінші донор елге айналып шыға келді.

Қытайдың қол жеткізген табыстарының басты сыры 1978 жылы ел ішінде іске асырылған экономикалық реформамен тікелей байланысты болатын. Тез арада қолға алынған батыл шаралардың нәтижесінде елде бұрыннан қалыптасып қалған ауылшаруашылық ұжымдары жүйесі түгел таратылып, олардың орнын енді жеке отбасы фермалары басқанды. Әрбір елді мекенде жер жеке шаруашылықтарға ұзақ мерзімге жалға берілді. Бұл бетбұрыс жердің майын ішкен еңбекқор шаруалардың ынта-жігерін тасытып, 1986 жылы Қытайдың астық өнімдері 1977 жылмен салыстырғанда бірден 50 пайызға көтерілді. Тез арада елдің экономикалық әл-ауқаты артып, жұрттың табысы молайып, халықтың демографиялық өсімі саябырлады. Жылдан-жылға астық өндіру үлкен қарқын алып, бас-аяғы он жылдың ішінде Қытай мемлекеті азық-түлік жетімсіздігінен түбегейлі арылды. Бұл тарихта бұрын-соңды болмаған ең озық жетістік болатын.

Қытай аштықты еңсере бастаған кезде Африка саваннасының оңтүстігі мен Үндістан субконтинентінің біраз аймағында азық-түлікке зәрулік, керісінше, үлкен қарқынмен өрши бастаған. Соның салдарынан дамушы елдердегі аштыққа ұшырағандардың саны 1996 жылы 800 миллион адам болса, 2003 жылы бұл көрсеткіш 830 миллионға жет-

ті. Ал 2007 жылы әлгі үрдіс одан бетер ұлғайып, ашаршылықтан, ең алдымен, жас балалар қатты зардап шеккен болатын.

Әлемдік сарапшылардың пікірінше, 1950 жылдардан бермен қарай жаңа дамып келе жатқан елдердегі астық өнімдері үш есеге ұлғайған. Мұның басты себебі мынау: Жапонияда сұрыпталған бидай мен күріш дақылдары мен Америка Құрама Штаттарында бапталған көп өнім беретін бұршақ гибридтерінің тұқымдарын тиімді пайдалану Қытай, Үндістан және басқа да Шығыс Азия елдерінде қолға алынды. Оның үстіне суармалы жерлердің көлемі үш есеге арттырылып, тыңайтқыштар көлемі 11 есеге өсті. Бұл шаралар өз кезегінде әлемдегі егістік жерлердің шығымдылығын да үш есеге ұлғайтқан болатын.

Солайы солай болғанмен, бүгінгі фермерлерді енді су тапшылығы, тыңайтқыш жетімсіздігі, климаттың өзгеруі, басқа мақсаттарға пайдаланудың салдарынан егіндік жерлер көлемінің қысқарып кетуі, жанар-жағармайдың қымбаттауы, өнімді көбейтетін аграрлық технологиялардың заман талабынан қалып қоюы сияқты қиындықтар тығырыққа тірей бастады. Оның үстіне бүгінгі таңда ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұраныс ғаламшарда бұрынғыдан бетер үдей түсуде. Себебі әлем халқының саны жыл сайын 70 миллионға өсіп отыр.

Дегенмен фермерлер мен агрономия ғалымдары бұл қиындықтарды еңсерудің де тиімді амалдарын тапқан сияқты. Біріншіден, құрғақшылық пен суыққа төзімді дақылдарды сұрыптап шығару жолға қойылды. Мәселен, Американың Канзас, Небраска, Оңтүстік Дакота, Солтүстік Дакота және Миннесота штаттарында әлгіндей дақылдарды егудің арқасында өнім анағұрлым көбейді.

Егіндік жерлердің шығымдылығын арттырудың екінші жолы бір жылда екі рет өнім алуды қалыптастырумен тікелей байланысты. Мысалы, АҚШ пен Қытай, Үндістан және басқа да Азияның оңтүстік-шығысында орналасқан мемлекеттер бір жыл ішінде жаздық және күздік дақылдарды қатар егіп, егістіктерден екі дүркін өнім алудың нәти-

жесінде бүкіл әлемдегі астық қоры көлемін 1950 жылмен салыстырғанда үш есеге арттыруға мүмкіндік туды.

Солтүстік Қытай алқабында суыққа төзімді күздік бидай мен жүгері дақылдарын егудің нәтижесінде алынатын өнім көлемі АҚШ-тағы өнімге теңесуге жақын қалды. Америкада өсірілетін күздік бидай бір гектардан 40 центнерден өнім берсе, жүгері өнімі 50 центнерге дейін жетті. Сөйтіп, бір гектар егістіктен алынатын өнімнің жалпы көлемі 90 центнерді құрады. Ал Қытайда бұл көрсеткіш бір гектарға шаққанда 80 центнерге дейін жетті.

Міне, бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағыттталып әлемде қолға алынып жатқан үлкен шаралардың бір парасы жоғарыдағыдай. Бірақ осы келтірілген деректер өз еліміздің азық-түлік әлеуетінің қаншалықты деңгейде екендігін бағамдауға және оның әлемдік азық-түлік қауіпсіздігіне тигізер әсерінің қаншалықты пәрменді екенін пайымдауға жеткілікті ғой деп ойлаймын.

Аллаға шүкір, біздің халқымыздың маңдайына әлемде тоғызыншы орында тұрған ұлан-байтақ жер байлығы жазылған. Егістіктерден жыл сайын алынатын астық өнімдері еліміздің ішкі сұранысын толық қамтамасыз етіп қана қоймай, өзге елдерге де қол ұшын беруге жетіп жатыр. Мысалы, астық пен ұн экспорттаудан Қазақстанның әлемдегі ең ірі мемлекеттердің қатарына іліккені жоғарыда айтылғанның айқын дәлелі деуге болады. Алайда еліміздің бұл саладағы мүмкіндігі осымен шектелмесе керек. Егер өз елімізге АҚШ, Қытай, Үндістан немесе басқа мемлекеттердің астық өндірудегі ең озық агрономиялық және агротехникалық үлгілерін кеңінен ендіретін болсақ, біздің мемлекетіміздің де бұл саладағы әлеуеті әлдеқайда ауқымды болатыны және әлемдік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде де ерекше мәнге ие болатыны күмән тудырмайды. Бұлай деудің реті бар. Өйткені қазір біздің ғаламшарға төніп келе жатқан қауіп-қатерлер күшейіп келеді. Олардың ішінде азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қатысты қатерлер де бар. Мысалы, Америка Құрама Штаттарының астанасы Вашингтонда 2001 жылы құрылған «Жер саясаты инсти-

тутының» президенті әрі іргелі де ойшыл ғалым Лестер Р. Браунның (Lester R. Brown) 2008 жылы толықтырылып қайта шығарылған «Жоспар Б 3.0: Өркениетті сақтап қалуға жұмылу» («Plan B 3.0: Mobilizing to Save Civilization») атты 400 беттік құнды кітабының алғы сөзінде терең зерттеулер мен ауқымды сараптама негізінде аталмыш ғалымның түйіндеген мына бір тұжырымдарына көңіл аудармауға болмайды: «Біздің әлем үлкен жылдамдықпен өзгеріп келеді. Осыдан екі жыл бұрын «Жоспар Б 2.0» (монографиясының атын айтып отыр – Ә.А.) баспаға жіберілген кезде әлемдегі мұздардың еру қарқыны туралы мәліметтер жұртшылықты алаңдата бастаған еді. Ал бұл туралы бүгінгі мәліметтер тым қорқынышты.

Осыдан екі жыл бұрын экономикалары құлдырап бара жатқан бірнеше мемлекеттің бар екенін білуші едік. Енді олардың саны жылдан-жылға артып келеді. Ендеше, мемлекеттердің бұлайша құлдырауын бүкіл өркениетке төніп келе жатқан қатерлердің алғашқы белгілері деуге әбден болатын сияқты.

Екі жыл бұрын мұнай өндіруді ұлғайтудың мүмкіндігі алдын ала жасалған ресми жоспарлардан көп төмен екендігінің кейбір белгілері байқала бастаған болатын. Ал бүгін бұл үрдіс шарықтау шегіне жетіп, энергетикалық қауіп есік қағып тұр. Өйткені екі жыл бұрын мұнайдың бір баррелі 50 доллар болса, 2007 жылы әлгі көрсеткіш 90 долларға жетті.

Осыдан екі жыл бұрын ғана біз астық өнімдерінен автомобильдерге арналған этанол шығаратын зауыттардың саны көбейе берсе, астықтың бағасы да күрт өсіп, мұнайдың құнына теңесетін болады деп топшылаған едік. Енді, міне, АҚШ-та бүгінгі күні астық өнімдерінің бестен бірін этанолға айналдыруға мүмкіндігі жететін қуатты зауыттар жұмыс істеп тұр. Есесіне, жүгерінің бағасы дәл қазір екі есеге өсіп кетті.

Екі жыл бұрын біз соңғы алты жылдың бес жылында азық-түлікке жұмсалатын астық көлемінің күрт кеміп кеткенін баяндаған едік. Ал соңғы сегіз жылдың алғашқы же-

теуінің ішінде әлемдік астық өнімдері қорының кемуі тарихта болмаған құлдырау шегіне жетті.

Жер бетіндегі халық санының өте тез өсіп келе жатқандығы, су қорының жетіспеушілігі, ормандардың азаюы, топырақтың эрозияға ұшырауы және жайылым жерлердің шөлге айналуы сияқты проблемалардың көбеюі әлжуаз мемлекеттердің күрмеуі қиын әлгіндей қиындықтарға төтеп бере алмай, күйреп қалудың аз-ақ алдында тұрғанын байқатып отыр.

Әлемдегі мұнай қорының сарқылуы, климаттың күрт жылынуы немесе азық-түлік бағасының шарықтап кетуінің салдары бүгінгі таңда ең алпауыт мемлекеттердің өзін де тығырыққа тіреуі ғажап емес.

Экономикалық тұрғыдан, Қытай қазір кейбір негізгі ресурстарды тұтыну жөнінен Америка Құрама Штаттарын басып озды. Бұл үрдіс Үндістанда да байқалады. Сонымен қатар аталмыш ресурстардың көлемі жылдан-жылға азайып келе жатқаны да айқын байқалып отыр.

Сонымен, адамзаттың алдында қазір азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергетикалық қауіпсіздікті қалыптастыру, Жер климатын қалпына келтіру, халықтардың демографиялық өсім қарқынын реттеу, кедейшілікті жою және ғаламшардың бүлінген экологиялық жүйелерін қайта қалпына келтіру сияқты үлкен-үлкен нысаналар тұр.

Дәл осы жерде ескере кететін өте маңызды фактор мынау: Лестер Браунның аталмыш еңбегі бүкіләлемдік деңгейде ғылымның әртүрлі саласында жүздеп саналатын айтулы ғалымдардың ұзақ жылдар бойы толассыз жүргізіп келе жатқан зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен терең сараптамалық тұжырымдардың негізінде жазылған. Шындап келгенде, бұл ғылыми туындыда жинақталған құнды ақпаратты мемлекетіміздің басқару жүйесінде қызмет істейтін әр азаматтың, әрбір маманның білуі, біліп қана қоймай, әлгілердің ең құнды дегендерін сүзіп алып, іске жаратуы міндет дер едім. Өйткені аталмыш монографияда көтерілген проблемалардың басым көпшілігі біздің елімізге де тән. Сосын оларды еңсерудің ең тиімді әдістері де тайға таңба басқан-

дай, әдемі сипатталған. Ең бастысы, еліміздің барлық саладағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ауадай қажет әлемде қолға алынып жатқан әрі тікелей іске асырылып жатқан нақты үлгілер мен озық шаралардың тізбегін әр саланың мамандары жете зерттеп, оларды басшылыққа алса, еліміз ұтылмас еді.

Сөз соңында мына бір пікірді де айта кеткен жөн болар. Жер бетінде ең халқы көп Аспанасты елі бұл күнде тек өзін ғана емес, басқаларды да асырап отырғанда, әлемде жер көлемі жағынан тоғызыншы орынды иеленетін біздің елге ауылшаруашылық өнімдерінің қай-қайсысын да шеттен тасу үлкен сын. Ауыл шаруашылығына бөлініп жатқан қаражат жылдан-жылға өсіп отырғанда, оны тиімді жұмсап, ауылдық мекендерде жылыжайларды көптеп салып, жергілікті халықты сол жерде оқытып, жермен жұмыс істеуге үйретіп, әлемдегі ең озық технологияларды пайдаланып, Қытайдағы сияқты озық тәжірибелер тез қолға алынса, азық-түлік саласында еліміздің ішкі сұраныстарымен қатар әлемдік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мүмкіндігі де бүгінгіден бетер еселене түсері күмән келтірмейді.

Халық аузында жүрген «Әр адамның өзім дегенде өгіз қара күші бар» деген аталы сөзге жете мән берген дұрыс болар. Өйткені елімізде өндірілетін көкөністің басым көпшілігін бұл күнде ірі ұжым қожалықтары емес, жеке-жеке аула қожалықтарының қамтамасыз етіп отырғаны құпия емес. Мен бұл пікірді өмір бойы жермен жұмыс істеп келе жатқан маманның аузынан естідім. Демек, ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан бөлінетін субсидия ірі қожалықтармен қатар, әсіресе аула қожалықтарына, алаланбай, тұтас жететін болса, әрі бұл мәселеге бақылау күшейтіліп, Үкімет тарапынан жіті қадағаланса, елді мекендердегі халықтың ынта-жігері еселеніп, жергілікті тұрғындардың жерге деген көзқарасы тез өзгеріп, жер кәсіптің көзіне айналар еді. Сөйтіп, ауылдық жердегі жұмыссыздықтың тамырына балта шабылар еді. Шынын айту керек, әзірше жермен жұмыс істеуге қолбайлау болып отырған себептер баршылық. Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл мәселеге жете мән беріп,

тиісті шараларды тез іске асырса, көрші елдер қол жеткізген жетістіктерге біздің ел де жететініне күмән жоқ. Жақында Оңтүстік Қазақстан облысының бір азаматы біздің елде де банан өсіріп, жеткілікті өнім алуға болатынына көз жеткізді. Демек, сондай азаматтарға қолдау көрсетіп, жеке шаруалардың басқаларға үлгі болатын озық кәсіптерін ақпарат құралдары арқылы көпшілік қауымға үнемі дәріптеп отырса, бойкүйездік, енжарлық, құнтсыздық және, ең бастысы, кезінде ұлы Абай сынап-мінеп кеткен еріншектік пен жалқаулықтың ауылы алыстар еді. «Жері байдың елі бай» деген аталы сөз бекер айтылмаған. Ендеше, айналамыздағы Жерді еміп отырған ағайындардан үлгі алып, құнарлы жерді кәсіптің көзіне айналдырудың тетіктерін ойластырып, кезінде есепсіз оңды-солды бөлінген құжаттары дұрыс, бірақ қурай ғана өсіп тұрған жер телімдерін қайта іске қосудың заңды тетіктерін жасау Үкіметтің кезек күттірмейтін мәселесіне айналуы керек. Тек солай еткенде ғана ит-арқасы қияндағы сырт елдерден картоп немесе басқа өнімдерді тасу тоқталады. Демек, азық-түліктің бағасы да өз сабасына түсетін болады.



ГЕНРИ КИССИНДЖЕР ТАРАЗЫЛАҒАН ҚЫТАЙ

Генри Киссинджер АҚШ Президенті Ричард Никсонның заманында алдымен Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесші, соңыра Мемлекеттік хатшы болған. Бұл қызметті ол Президент Джеральд Форд кезінде де жалғастырды. Сыртқы саясат сардары әрі әлемге әйгілі ғалымның 2012 жылы «On China» («Қытай туралы») атты көлемді монографиясы жарық көрді. Бұл туынды, өзінің аты айтып тұрғандай, 4000 жылдық тарихы бар Қытай өркениетінің қыр-сыры мен сол өркениеттің мыңдаған жылдар бойы өзге елдермен қалыптастырған саяси-дипломатиялық және сауда-экономикалық ұстанымдары мен бүгінгі ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған.

АҚШ-тың сыртқы саясаты мен дипломатиясына ерте араласқан Генри Киссинджер Қытайға о баста президент Никсонның арнайы тапсырмасымен аттанса, соңғы 40 жыл ішінде 50-ден астам сапар шегіп, құпиясы мол Аспан асты елінің сырт көзге бірден шалына бермейтін ұстанымдарын жан-жақты таразылай келе, оның ХХІ ғасыр әлемінде өте маңызды роль атқаратынына титтей де күмән келтірмейді. Сұңғыла саясаткер әрі дипломат, сонымен қатар Қытайдың тарихи-мәдени құндылықтары мен сол елдің Мао Цзэдуннен бері қарай тұтқасын ұстап келген басшыларының өзге елдермен қарым-қатынас жасаудағы сан қилы дипломатиялық әдіс-айлалары мен олардың, әсіресе бейбітшілік пен соғыс және халықаралық тәртіпке қатысты концептуалдық көзқарастарын Батыс өркениетіне тән төл сипаттармен салыстыра отырып, Қытай халқының ұстамдылығына, ізеттілігіне, отбасы құндылықтары мен мәдениетіне тәнті болғандығын ерекше атайды және екі елдің мына бір ерекшеліктеріне назар аударады.

Біріншіден, автор осыдан 40 жыл бұрынғы Қытай мен бүгінгі Қытай арасының жер мен көктей екеніне ерекше мән беріп, бұл мемлекеттің экономикалық тұрғыдан, аса ірі державаға айналғандығын және бүгінгі таңдағы жаһандық сая-

си тәртіптің қалыптасуына орасан зор ықпал етіп отырғанын тілге тиек етеді. Сонымен қатар автор АҚШ-тың екінші дүниежүзілік соғыстан бергі заманда қырғи-қабақ соғыс жүргізуден алдына жан салмай келгенін де жасырмайды. Солай бола тұрғанмен, дипломат ғалым Қытай мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастардың әлемдік бейбітшілік пен планета тыныс-тіршілігінің ең түйінді өзегіне айналғанына да ерекше мән береді.

Екіншіден, жоғарыда аталған туындысында автор АҚШ-тың тізгінін ұстаған Ричард Никсоннан бергі 8 президент пен Қытайды соңғы 40 жыл ішінде басқарған көшбасшыларының екі ел арасындағы нәзік қарым-қатынастарды, олардың о бастағы айтарлықтай айырмашылықтарына қарамастан, асқан шеберлікпен жүргізіп, екі жақтың тарихи мұралары мен ішкі ұстанымдарының әлгі қарым-қатынастарға бөгет болуына еш жол бермегенін де тілге тиек етеді.

Ашығын айту керек, аталмыш қатынастардың өте күрделі болғаны еш күмән тудырмаса керек. Себебі екі қоғамның өзіне тән түбегейлі ерекшеліктері мен қалыптасқан тарихи және саяси-мәдени ұстанымдарының қай кезде де кесе-көлденеңдеп, алдан шыға беретінін заңды құбылыс деп қабылдаған жөн.

Үшіншіден, АҚШ өз құндылықтарын бүкіл әлемге тандуды бұрын да, бүгін де өзінің басты міндеті деп санап келсе, Қытайдың негізгі ерекшелігі оның сан ғасырлар бойы қалыптасқан терең мәдениетімен тікелей байланысты. Мұны Генри Киссинджер мүлтіксіз дөп басқан. Мәселен, Қытай қай заманда да ешкімді өз дінін қабылдауға мәжбүрлемеген және өз институттарын да өзгелерге телімеген. Бірақ солай бола тұра, Қытайға тән басты сипат сол, ол өзін о бастан-ақ әлемнің Орталық Патшалығының мұрагері деп есептеген. Сондықтан да өзге мәдениет өкілдерін варварларға теңеген.

Төртіншіден, Қытайдың жоғарыдағылардан туындайтын және бір қағидасына да Генри Киссинджер үлкен мән береді. Ол қағида мынаған саяды: «Сыртқа қашқандардың соңынан қума, өз бетімен келіп қосылам дегендердің бетінен қақпа».

Бесіншіден, Қытай халқы өз императорларын әлімсақтан бері пір тұтқан және ол тұлғаларды Құдайдың өкілі деп санаған. Сондықтан да шетелдіктерден әлгі қағиданы дәл солай қастерлеуді талап еткен. Егер шетелдіктер императормен кездесуді мұрат тұтса, олар да жергілікті халық секілді императордың аяғына жығылуға тиісті болған. Егер бұл шарт орындалмаса, бөтен елдің өкілдері мен дипломаттарын императорға жақындатпаған.

Дәл осы тұста: «Өзгелерге дәл сондай биіктен қарайтындай, Қытай соншама қандай ел еді?» дейтін ойға қонымды сұрақтың туындауы заңды. Әйтсе де әлгі сұраққа жауапты алыстан іздеудің де қажеті жоқ сияқты.

Айтса айтқандай-ақ, әліптің артын бақсақ, соңғы жиырма ғасырдың он сегіз ғасырының ішінде Қытай экономикалық қуаты жағынан болсын, жер көлемі жағынан болсын, халқының саны жағынан болсын әлемнің ең қауқарлы мемлекеті болғаны көзге ұрып тұр. Шындығында да, Қытай, әлемнің ішкі өнімі тұрғысынан, Батыстың кез келген мемлекетінен оқ бойы озық тұрған. Генри Киссинджер келтірген деректерге қарағанда, 1820 жылдары бір Қытайдың өзі ғана әлемдік ішкі өнімнің 30 проценттен астамына иелік еткен. Салыстырмалы түрде бұл көрсеткіш сол замандағы Батыс Еуропа мен Шығыс Еуропа және Америка Құрама Штаттарының жиынтық ішкі өнімдерінен де асып түседі.

Қытай өркениетінің мызғымастай мықты болуының тағы бір алғышарты осы елдің ұлы ойшылы Конфуцийдің рухани мұраларымен тікелей байланысты екені күмән тудырмайды. Жинақтап айтқанда, ұлы философ өз ұрпақтарының рақымшылдық пен жанашырлыққа, білім мен ілімге, шыншылдық пен турашылдыққа, тазалық пен пәктікке, ізгілік пен әділеттілікке, еркіндік пен теңдікке, толып жатқан басқа да құнды қасиеттерге деген құштарлықтарының, ең алдымен, білім мен білікке деген сүйіспеншіліктеріне өрілмесе, бос дүние болып қалатынын ескерткен және, ең бастысы, әр адам өмірдегі өз орнын білуге тиісті екенін өсиет етіп қалдырған.

Халықаралық қатынастар тұрғысынан келгенде де, Генри Киссинджер Батыс әлемінде қалыптасқан дипломатия

мен Қытайдың сыртқы саясаты арасында жер мен көктей айырмашылықтың бар екенін бірден аңғарған. Себебі империялық Қытай о баста басқа елдермен дипломатиялық байланыс орнатып, шет елдерде тұрақты елшіліктер ұстауға мүлде құлықты болмаған. Себебі әлемде өзіне тең келетін өзге өркениет пен мәдениет бар деген түсінік еш уақытта да Қытайдың қаперінде болмаған. Сондықтан да өзгелерден өзін әрқашан биік қойып, келімсектерді шекара түбінен ғана қарсы алып, тиісті сый-сияпатын жасап, сол жерден тезірек қайтарып жіберуге тырысқан.

Ресми Қытай жазбаларында көрсетілгендей, шетел өкілдері император сарайына мемлекет істеріне араласу немесе келіссөздер жүргізу үшін емес, керісінше, императорға мойынсұну үшін, яғни оған тағзым етіп қайту үшін ғана келеді деген түсінік берік орын алған. Сондықтан, Генри Киссинджер айтпақшы, Қытай императорлары басқа мемлекеттердің басшыларын келіссөз жүргізу үшін емес, керісінше, тек өз билігіне «бас ұрып» келгені үшін ғана қабылдап, өздерімен ала келген сый-сияпаттарына сай жоралғы жасап, шығарып салатын болған.

Халықаралық қатынастар саласында Қытайға тән және бір ерекше сипат – өзінің солтүстігі мен батысындағы жапсарлас жатқан Маньчжурия, Моңғолия, Вьетнам немесе солтүстік шығысындағы Корея сияқты мемлекеттердің жерлерін басып алуға еш уақытта талпынбаған. Есесіне, олармен сауда-саттықты күшейтіп, прагматизмге негізделген нәзік саясат ұстанып, өзінің олардан әлдеқайда тегеурінді екенін сездіріп, «жұмсақ күшпен» ғана тізгіндеп отырған.

Осы айтылғанның бұлтартпас дәлеліндей, Генри Киссинджер Қытайды билеген Хань династиясы заманында елдің солтүстік батыс шекарасына қауіп төндірген көршілес тайпаны ауыздықтау үшін билік басындағылардың қолданған бес айласын көлденең тартады. Олардың түйіні мынаған саяды: «Біріншіден, жаудың жанарын алу қажет. Ол үшін оларға көздің жауын алатын киімдер кигізіп, сәнді күймелерді сыйға тарту керек. Екіншіден, жаудың аузын алу қажет. Ол үшін олардың аузына дәмді тағам тосу لازم. Үшін-

шіден, жаудың құлағын алу шарт. Ол үшін оларды құлақтан кіріп бойды алатын сазды музыкаға бөлеп, әйелдермен арбау қажет. Төртіншіден, жаудың құлқынын алу керек. Ол үшін оларды еңсесі биік үйлерге орналастырып, астыққа толы қамбалар мен жалшылар сыйлау қажет. Ең соңында жаудың санасын алу керек. Ол үшін император келімсектерге өз қолымен ас беріп, шарап ішкізсе жеткілікті».

Әрине, тілге тиек ететін немесе назар аударатын мұндай дүниелер Генри Киссинджердің туындысында жетіп артылады. Бірақ олардың бәрін тізіп шығу бір мақаланың аясында мүмкін емес екені де түсінікті. Алайда монографиямен түгел танысқан оқырманның тек қана Қытай емес, сонымен қатар Америка Құрама Штаттарының қырысырымен де жете танысуына толық мүмкіндігі бар.



«ҚОЛАЙСЫЗ ШЫНДЫҚТЫҢ» АСТАРЫ

2006 жылы Америка Құрама Штаттарының қырық бесінші Вице-Президенті – Альберт Гордың «Қолайсыз шындық» («An Inconvenient Truth») атты туындысы жарық көрген бойда, оның мәні мен мазмұнын ашатын деректі фильм әлем кинотеатрларының экрандарын бірден жаулап алған болатын. Себебі әлгі фильм адамзат өркениетіне төніп тұрған ең басты қатердің қозғаушы күші де, негізгі себебі де адамзаттың өзі екендігіне көрерменнің көзін анық жеткізген-ді. Бұрын саясаткерлігімен белгілі болған тұлғаның одан бетер танымал болуының басты сыры, біріншіден, фильм режиссерінің мықтылығында жатса, екіншіден, «Қолайсыз шындық» авторының шешендік қабілетінің биіктігінде екені күмән тудырмайды. Олай деуге толық негіз бар. Өйткені аталмыш фильмде Альберт Гор әлем ғалымдары бұрыннан көтеріп жүрген «Қоршаған ортаның бүлінуіне кім кінәлі?» деген көкейкесті сұрақтың жауабын көрермендердің санасына өте нанымды жеткізе білген.

Тоқетерін айтқанда, Альберт Гор бүгінгі таңдағы Жер шары қызуының көтерілуіне де, жаһандық климаттың өзгеруіне де, биосфера жүйесінің бұзылуына да, қос полюстер мен асқар таулардағы мәңгі мұздардың өте жылдам еріп бара жатуына да, өзен-көлдердің сарқылып, топырақ эрозиясының етек алуына да, теңіздер мен мұхиттардың шектен тыс қышқылданып, өте тез булануына да, соның салдарынан апатты дауылдар мен цунамилердің жиілеп кетуіне де адам фактордың, яғни адамзат әрекетінің салдарынан атмосфераны толассыз былғап отырған көмірқышқыл газы (CO₂) екенін шешен сөзбен қатар, жылдар бойы жинақталған ғылыми деректер мен дәйектердің негізінде дайындалған салыстырмалы слайдтардың арқасында жан-жақты дәлелдеп берген болатын.

Әлемдік үдеден шыққан бұл өткір фильм үшін Альберт Гор алдымен Оскарды бағындырып, 2007 жылы Нобель сыйлығымен марапатталған болатын. Одан бергі кезде саясаттан шеттеп бизнеске кетсе де танымал тұлға ғылыммен

айналысуын толассыз жалғастыра берген. Соның нәтижесінде 2013 жылы ғалымның «Болашақ» («The Future») атты заманауи мәнге ие әрі ғылыми тағылымға толы және бір туындысы жарық көрді.

Автордың сөзіне қарағанда, «Болашақтың» жазылуына ұзақ жолда кездейсоқ жолыққан бір жолаушының «Жаһандық өзгерістердің қозғаушы күштері қандай?» деген тосын сұрағы түрткі болған сыңайлы. Өйткені өзін әңгімеге тартқан әлгі адамға бірден жауап қайтарғанымен, іссапардан қайта оралған соң, ұшақта қойылған әлгі бір сауал оның мазасын кетіріп, көп уақытқа дейін толғандырғанын Альберт Гор жасырмайды. Толғаныстың соңы жеті жылға созылған зерттеу жұмысына ұласып, нәтижесінде тілге тиек болып отырған жаңа туынды жарық көрген-ді. Футуристік арнада жазылған көлемді зерттеуде болашақ болмысты айқындайтын жаһандық өзгерістердің қозғаушы күштері өте нанымды бейнеленеді.

Біріншіден, бүгінгі таңдағы Жер шарына Альберт Гор бір-бірімен кіндігі жабысқан әлем экономикаларының басын біріктіретін жаһандық корпорация ретінде қарайды. Өйткені бүгінгі әлемде адамдар ғана емес, экспорт пен импортты құрайтын тұтыныс тауарлары да, капитал да, жұмыс та, табиғи ресурстар да, заманауи технологиялар да, өнер туындылары мен ақпарат ағыны да еркін айналады. Сосын, оларға ешбір шекара тосқауыл болып отырған жоқ. Оның үстіне қазір жұмыс қолы қай елде арзан болса, өндіріс пен технологиялық капитал да солай қарай ағылатыны жұмбақ емес. Мұның айқын мысалы – Қытай. Өйткені бүгінгі таңда оза дамыған АҚШ та, Батыс Еуропа мемлекеттері де, сондай-ақ Жапония сынды елдердің жеңіл өнеркәсіптері ғана емес, ауыр өнеркәсіптері де, автомобиль өндірістері де, электроника немесе жиһаз шығаратын фирмалары да, алып ұшақтар мен қосалқы бөлшектер шығаратын заводтары да, негізінен, Қытайға немесе Қытай сияқты жұмыс қолы арзан, бірақ пайдасы шаш-етектен өзге мемлекеттерге қоныс аударып алған. Осындай жаһандық экономикалық үдерістердің нәтижесінде мемлекетара-

лық қарым-қатынастардың мүлде жаңа сипатқа ие болып отырғаны да даусыз.

Екіншіден, электрондық ақпарат технологиялары мен ақпараттық базалардың керемет дамып кеткендігі соншама, миллиардтаған адамдар ғана емес, корпорациялар мен компаниялар да әлгі технологиялар мен ақпараттық базаларды еркін пайдалана отырып, қас қағым сәтте пікір алмасып, бизнеспен байланысты сан қилы мәселенің күрмеуін шеше алады. Мұның сыртында адамның қатысынсыз-ақ өз бетімен жұмыс істей беретін, бір-бірімен интернет арқылы жалғаса алатын автоматтық жүйелер де дүниеге келіп жатыр. Ғалымдардың топшылауынша, 2020 жылға қарай ондай жүйелердің саны 50 миллиардтан асып кететін түрі бар. Демек, бүгінгі әлем ақпарат технологияларының қазығына байланып қалған. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін компьютерден қол үзбейді.

Үшіншіден, қазіргі кезде тұтыныс өнімдерін шығаратын заманауи корпорациялар мен компаниялар бұрын адам қолымен істелетін қара жұмысты ғана емес, интеллектуалдық жұмыстардың да басым көпшілігін роботтарға артып қойған. Енді бұл үдеріс дамыған мемлекеттерден дамушы елдерге де келіп жетті. Роботтардың қабілеті, тіпті адам қабілетін қуып жетіп, жақын болашақта оны басып озуға да жақын тұр.

Төртіншіден, жоғарыда аталған мүмкіндіктер мүлде жаңа тұрпаттағы саяси, экономикалық және әскери күштер мен орталықтардың дүниеге келуіне ықпал етіп отыр. Оларды заманы өткен жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан аналогтермен салыстыруға мүлде келмейді. Бір кездерде әлемді аузына қаратқан Америка, Батыс Еуропа немесе өзге дамыған елдер қазір экономикалары мен нарық қуаты үлкен қарқынмен өсіп келе жатқан Қытай, Индия, Индонезия, Бразилия, т.с.с. дамушы мемлекеттермен есептесе бастады. Мұны біз өз көзімізбен көріп отырмыз. Мәселен, бүгінгі Қытай тұтыну жағынан болсын, өндіру жағынан болсын жан басына шаққанда алпауыт Америкамен теңесе бастады. Сосын, Екінші дүниежүзілік

соғыстан кейін АҚШ-тың бастамасымен құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы, Әлемдік Банк, Халықаралық Валюта қоры және Бүкіләлемдік Сауда Ұйымы сияқты институттар да бүгінгі жаһандық өзгерістер заманында бұрынғы қауһарынан айырыла бастады. Себебі бүгінгі таңда жоғарыдағылардың бастамашысы болған алпауыт мемлекеттің өзі де қаржы дағдарысына ұшырап, экономикалық рецессиядан түбегейлі шыға талмай отырғаны жасырын емес.

Бесіншіден, теңгерімсіз демографиялық өсім де адамзатқа төнген сын-қатерлердің біріне айналды. Адамзат санының еселеп өсуі, технологиялардың қарқындауы және жаһандық экономиканың теңгерімсіз ұлғаюы миллиардтаған адам тіршілігі тәуелді болып отырған табиғи ресурстардың, оның ішінде, әсіресе нәрлі топырақ пен таза ауызсудың сарқыла бастауымен бетпе-бет келіп тұр. Бұл құбылыс планетаның экологиялық жүйелеріне де орасан зор нұқсан келтіруде. Жер бетіндегі халық санының еселеп өсуі өз кезегінде азық-түліктің жетімсіздігіне ұрындырып отырғаны да жасырын емес. Демографиялық жарылыс, сонымен қатар қоршаған ортаның ластануына да, теңіздер мен мұхиттардағы, сол сияқты, жер бетіндегі жан-жануарлардың сарқылуына да тікелей әсер етіп отыр. Жиырма бірінші ғасырда бұл құбылыс бұрынғыдан бетер үдей түсуде.

Алтыншыдан, биология, биохимия, генетика және кванттық физика ғылымдарының қарыштап дамығаны сонша, бүгінгі таңда нанотехнологиялық әдістермен атом немесе молекула құрылымдарын өзгертіп, мүлде жаңа өнімдер мен құрылыс материалдарын сомдауға мүмкіндіктер ашылып отыр. Өз кезегінде бұл үдеріс өмірдің эволюциялық заңына да қол сұғып, тіпті адам ағзасындағы кейбір органдарды ғана емес, өсімдіктер мен жануарлардың да жаңа түрлерін сұрыптап шығаруға мүмкіндік беріп отыр. Бұл тұрғыдан, Альберт Гор келтірген бір слайд кімді болса да бейжай қалдырмайтыны анық. Мәселен, генетик ғалымдар жүргізген бір эксперименттің барысында өрмекші мен ешкінің гені будандастырылып, нәтижесінде көп аяқты «өрмекші-ешкі» алынған. Бұл бұрын түске де кірмейтін дүние емес пе еді?

Жетіншіден, бүгінгі таңда адамзат өркениетінің өндіретін жиынтық энергия қуаты мен Жердің экологиялық жүйелерінің арасында мүлде қатерлі байланыс қалыптасып отыр. Оның ішінде, әсіресе күллі адамзаттың тіршілігі тәуелді болып отырған атмосфера мен климат арасындағы нәзік тепе-теңдікке үлкен қауіп төніп тұр. Мәселен, бүгінгі таңда әлем экономикасы өзіне қажет энергияның 85 пайызын мұнай мен газ және көмірден өндіретіндіктен, жану процесі кезінде аталмыш лас энергия көздері әрбір 24 сағат сайын атмосфераға 90 миллион тонна улы қалдық, оның ішінде көмірқышқыл газын тарататыны ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр. Демек, атмосфераның төменгі қабаттары адамзаттың зиянды қалдықтарын сақтайтын қоймасына айналған десе де болады. Бұл үдеріс осылайша жалғаса беретін болса, ғалымдардың болжауынша, үстіміздегі ғасырдың аяғына дейін жер бетіндегі жан-жануарлардың тең жартысына жуығы мүлде жойылып кету қаупі бар.

Басында жалғыз сұраққа толыққанды жауап табудан басталған іргелі ізденістің ондаған жаңа сұраққа ұласып, олардың да жауабын іздеуге тура келгендігін Альберт Гор жасырмайды. Бірақ ол бүгінгі таңда әлгі сұрақтардың жауабын іздеуге тек ғалымдар ғана емес, әлемнің саяси билігінің тізгінін ұстап отырғандармен қатар бизнес пен дін көшбасшыларының да қоса атсалысуы керек екендігін алға тартады. Олай болмаған жағдайда адамзат болашағының қыл үстінде тұрғанын ескертеді.

Он саққа жүгірген ойын қорытындылай келе, кітап соңында Альберт Гор «Осы біз кіміз?» деген сұрақ қояды да, оған «Адам баласымыз. Саналы ғұмырдың иесіміз» деп келте жауап қайырады. Сөйтеді де, адамзаттың сан ғасырлар бойы жүріп өткен тарихи жолын қысқаша шолып, оның алдымен ормандардан шығып, саванналарға, одан соң фермаларға, одан мегақалаларға мекен аударғанын; басында тек екеу болып, келе-келе бастары көбейіп, сандарының алдымен мыңға, одан соң миллиондарға, бара-бара миллиардтарға жеткендігін; о баста тас дәуірін бастан кешіріп, бірте-бірте соқаға жетіп, одан соң заводтарға, енді, міне, роботтар мен

нанороботтарға да иек артып отырғанын; о баста тілдердің жалғыз буынды сөздерден басталып, келе-келе энциклопедияларға қол жеткізгенін; алдымен эфир арқылы радио хабарларын таратуды игеріп, енді интернетке негізделген жаһандық ақпарат құралдарын бағындырып отырғанын; о баста жалғыз отбасын құрып, келе-келе қауымдасып, одан ру-тайпаларға, одан ұлттарға, одан мемлекеттерге ұласып, өркениет құрғанын шолып өтеді.

Ғасырларға созылған адамзаттың өткен жолы осындай болса, ендігі болашағы қандай болмақ? Бұл сұраққа Альберт Гор берген жауаптың да мәні зор. Адамзаттың болашағы оның қандай жолды таңдауына тікелей байланысты болмақ. Болашақ жолды адамзаттың өзі таңдай ма, жоқ, әлде әлгі жол адамзатты таңдай ма, мәселе осыған келіп тіреледі. Нақтырақ айтқанда, адам баласы жоғарыда аталған жаһандық өзгерістердің қозғаушы күштерінің ықпалында тұяқ серіппей кете бере ме, жоқ, әлде қайрат-күшін қайта жиып, әлгі күштерді тізгіндеп, өткен күндерге мүлде ұқсамайтын жаңа болашақ орнатуға бет түзей ме деген ондаған сауалдарды кесе-көлденең тартады.

Альберт Гор сонымен қатар төніп тұрған сын-қатерлердің алдын алуға бағытталған бірінші кезекте қолға алынуға тиісті шараларды да атап өтеді. Ең алдымен, Жердің жылуын бәсеңдету үшін көмірқышқыл газын өлшеусіз тарататын өндіріс ошақтарына салықты көбейтуге мүмкіндік беретін заң қабылдаудың кезек күттірмейтін мәселе екеніне назар аударады. Егер мұндай заң бүкіләлемдік деңгейде іске аспаса, оның оң нәтиже беретіні күмән тудыратынын алға тартады. Екіншіден, қоршаған ортаға өлшеусіз зиянын тигізетін қолданыста жүрген лас энергия көздерінен барынша тез арылып, мүлде жаңа технологияларға негізделген жасыл энергия көздеріне көшуді тездету керектігін еске салады. Үшіншіден, демографиялық теңгерімсіздікті, яғни адам санының еселеп өсуін баяулату үшін бірінші кезекте адам санасын тәрбиелейтін білімге ерекше мән берілуі керектігін көлденең тартады. Білімсіз ортада көздеген мақсатқа жету мүмкін емес екендігін шегелеп ескертеді. Төртіншіден, әлем

қауымдастығын адамзат құндылықтарын құлдыратып алмай, оларды ту етіп ұстауға шақырады.

Айтпақ ойын қорыта келе, Альберт Гор: «Адамзат өркениеті бүгін жол айырығында тұр. Екіге айырылған жолдың екеуінің де қайда апаратыны белгісіз. Бірақ олардың бірінің күллі адамзат тіршілігі тәуелді болып отырған климат тепе-теңдігінің бұзылуына, табиғи ресурстардың сарқылуына, теңдесі жоқ адамзат құндылықтарының кері кетуіне немесе өз өркениетіміздің мүлде күйреп қалуына апаратыны күмән тудырмайды. Ал екінші жол болашаққа бастайды» деген сөздермен аяқтайды.



«FINANCIAL TIMES» 125-КЕ ТОЛҒАНДА

2013 жылы Батыстың кітап дүкендеріне сиясы әлі кебе қоймаған, ағылшын тілінде жарық көрген «ФТ-мен түскі ас. 52 классикалық сұхбат» («Lunch with the FT. 52 Classic Interviews») атты керемет туынды сатылымға шыға бастады. (Мұндағы «ФТ» немесе «FT» – «Financial Times» деген әйгілі газет атауының екі тілдегі акронимдері).

Жоғарыда аталған жылы негізі қаланғанына 125 жыл толған әлемнің ең салиқалы ақпарат құралдарының бірі, бірі ғана емес, бірегей көшбасшысы әрі сапалы журналистика дәстүрінің туын жықпай, нық ұстап келе жатқан британдық «Financial Times» газеті халықаралық бизнес, экономика, қаржы және әлемдік саясатқа қатысты көкейкесті ақпараттар мен татымды жаңалықтарды миллиондаған тұрақты оқырманына күн сайын бір сәт те кешіктірмей жеткізіп тұрады. Әрине, мұндай үлкен тираж – кез келген газеттің маңдайына жазылмаған бақ екені айтпаса да түсінікті.

«Financial Times» бір кезде неміс тілінде де 100 000 да-намен шығып тұрды. Басылымның Германиядағы оқырмандарының саны ол заманда 40 миллионға жуықтады. Мұның сыртында, газеттің электрондық нұсқасымен планета жұртшылығы сағат сайын жүздесетінін ескерсек, бүгінгі таңда бұл абыройлы газеттің әлемдегі ең тартымды ақпарат құралы екені айқын сезіледі.

«Financial Times» газетінің жоғарыдағы айдармен жарық көрген мерейтойлық жинағына жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығатын ең таңдаулы журналистердің 1994 жылдан бері әр апта соңында үзбей жарияланып келе жатқан классикалық сұхбаттарының редакциялық сыннан сүрінбей өткен елу екі нұсқасы енгізіліпті. Сосын, газетте жарық көрген әлгіндей сұхбаттардың ұзын саны мерейтой жылы 800-ден асып кеткен екен.

Сұхбат қонақтары ретінде арнайы шақырылған әйгілі кейіпкерлердің арасында әлем елдерінің беделі биік президенттері де, іскер топтардың көшбасшылары да, данышпан ойшылдар да, әйгілі драматург-жазушылар мен ақындар да,

қылқалам иелері де, саясаткерлер де, ғұлама ғалымдар да, бай-бақуатты олигархтар да, кино өнерінің жұлдыздары да, архитекторлар да, монахтар да, атақты спорт шеберлері де, тіпті аңшылық кәсіптің иегерлері мен браконьерлер де жетіп артылады.

Дәстүрлі сұхбат айдарының түскі аспен байланысты болуының да өзіндік сыры бар. Өйткені газет оқырмандарының биік талғамынан шығу үшін ең үздік журналистер өздері қызмет атқарып жүрген әлемнің әр түкпіріндегі қалалардың айтулы ресторандарының біріне, әдетте өткір қалам иелерінің уысына түсе бермейтін, бірақ әлем назарында жүрген атақтары асқақ, дарабоз тұлғаларды түскі дәмге ресми түрде бір-бірлеп шақырып, дастархан басында еркін сұхбаттасып, біріншіден, олардың ой түкпірінде жатқан сырбаз сырлары мен адами ерекшеліктерін дөп басып, таразылап беру болса, екіншіден, ел назарында жүрген әлемнің көкейкесті мәселелеріне қатысты әлгі тұлғаның жеке көзқарасы мен тұшымды пікірлерін үлкен шеберлікпен суыртпақтай суырып, қылын қисайтпай, оқырманға жеткізу үшін бар өнерін салады. Үшіншіден, газет оқырмандарына керегінің өзі де осы. Апта сайын бұрын сырттай атын естігенімен, түсін түстеп көрмеген заманауи кейіпкерлермен газет айнасы арқылы тікелей танысу кез келген оқырманды қызықтырмаса, жалықтырмайтыны күмән тудырмайды.

Әдетте, әлемге етене танымал газеттің ауыздарын айға білеген, білікті де әмбебап журналистерінің түскі асты бөлісуге жіберген өтініш-шақыруларын тұғыры биік тұлғалардың басым көпшілігі шынайы ықыласпен әрі қуана-қуана қабылдайтыны шүбә келтірмесе керек. Себебі ел аузында жүрген жұлдыздар планета бетіндегі ең айбарлы ақпарат құралының назарына ілігіп, оның бетіне шығып жатса, мерейлері мен абырой-атақтарының бұрынғыдан да бетер өсе түсетініне, сөйтіп, әлем қауымдастығына шексіз танымал болатынына титтей де күмән келтірмейтіні айдан анық.

Бұлай деуге негіз мол. Өйткені 1994 жылдан бермен қарай «Financial Times» тек Ұлыбританияның өзінде ғана емес, Америка континенттерінде де, Еуразия кеңістігін-

де де, тіпті BRICS (БРИКС) экономикалық одағына кіретін Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және Оңтүстік Африка сынды мемлекеттерде де өз бөлімшелерін ашып үлгерген. Демек, бұл ақпарат құралының қағаз немесе электрондық нұсқасымен сусындамайтын планета бетінде бірде-бір ел жоқ десек, мүлде артық айтқандық емес. Тіпті бұл газеттің даналары халықаралық бағыттардағы ұшақ жолаушыларына да күнбе-күн ұсынылады.

Атақты газеттің дәстүрлі сұхбатқа байланысты бұлжымайтын тазалық қағидасы да ерекше. Мәселен, түскі сұхбаттан кейін ресторандармен есеп айырысу тек қана газет есебінен жүргізілетіні мақтауға тұрарлық дүние демеске болмайды. Бұлжымайтын бұл ережені сұхбат берген адамның бірде-бірі, мейлі ол миллиардер болсын, мейлі іскер топтың өкілі болсын немесе басқа тұлға болсын бұза алмайды, өйткені қатып қалған бұл тәртіп ресми түрде заңдастырылып қойған. Мұның бұлтартпас дәлелі ретінде біз тілге тиек етіп отырған жоғарыдағы жинақтың кіріспе сөзін жазған, бүгінгі «Financial Times» газетінің редакторы Лионел Барбердің Нью-Йорк қаласының мэрі миллиардер Майкл Блумбергтің түскі ас кезінде газетке берген сұхбатынан соң, 96 долларға түскен түскі астың құнын өз қалтасынан төлемекші болып қанша тырысса да, журналист оған ешбір мүмкіндік бермей қойғанын тілге тиек етеді. Сөйтсе, ренішін білдірмеуге тырысқан миллиардер қонақ сыпайылап: «Файнэншиэл Таймс» газетінің соншалықты қымбат екенін мен енді ғана түсіндім» десе керек.

Аталмыш жинақ: Өнер, Бизнес, Мода және Стиль, Ішім-жем, Браконьерлер мен Аңқорғаушылар, Саясат, Спорт, Ғұламалар атты айдармен топтастырылған көлемді-көлемді сегіз тараудан тұрады. Туындының соңына ғажайып сұхбаттарды жүргізген «Financial Times» газетіне еңбектері әбден сіңген, яғни сапалы журналистиканың майын ішкен, майталман қаламгерлердің кәсіби өмір жолдары туралы оймақтай ғана синопсистер қоса тіркеліпті.

Сұхбат берген әйгілі де жұлдызды кейіпкерлердің ішінен АҚШ-тың отыз тоғызыншы Президенті Джимми Картерді,

Германияның саяси қайраткері және Федеральдық канцлері Ангела Меркельді, атақты американдық қаржыгер Джордж Соросты, Чехияның жазушы-драматургы Вацлав Гавелді, макроэкономист әрі Нобель сыйлығының лауреаты Пол Кругманды, Сумо күресінің қас шебері Акэбано Тароны, Ливия инженері, саяси қайраткер және философ әрі Муаммар Каддафидің екінші ұлы дипломат Саиф Каддафиді, кино өнерінде атағы жер жарған Анджелина Джолиді, бизнес әлемінің өкілі Олег Дерипасканы, Ресейдегі жекешелендіру процесін басынан бастап, аяғына дейін жеткізген Анатолий Чубайсті және көптеген басқа тұлғаларды да кездестіруге болады.

Бірақ бұл жерде біздің айтпақ болып отырғанымыз – әлгіндей тұлғаларды моншаққа тізіп шығу емес, керісінше, кәсіби журналистерге ауадай қажет және олардың кәсіби шеберліктерін ұштай түсетін, аталмыш кітаптан көкейге түйгендерді шым-шымдап жеткізу және ой бөлісу.

Біріншіден, аталмыш кітапқа енген бояуы қанық сұхбаттар журналистермен елімізде өткізілетін кез келген дөңгелек үстелге таптырмайтын азық болуға сұранып тұр.

Екіншіден, әмбебап журналистерді даярлайтын оқу орындары бұл туындыны оқулық ретінде пайдаланса, ұтылмас еді.

Үшіншіден, «сапалы журналистика» деген ұғымды ту етіп ұстау үшін осы шығарманы талдауға арналған ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылса артық болмас еді.

Төртіншіден, бұл туындыдан білікті журналистерге «клас-сикалық сұхбаттарды» қалай жүргізудің тәсілдері мен тетіктерін қотарып алатын мүмкіндіктердің мол екені көзге ұрып тұр.

Бесіншіден, шетелдік журналистиканың озық үлгілерін жылдам қабылдау үшін дүниедегі ең жеңіл әрі бизнес және ғылым-білім тілі болып саналатын ағылшын тілімен қарулануды жоғары сатыға көтеру қажет дер едім.

Алтыншыдан, Астанадағы журналистер көп шоғырланған Медиа Орталығының ғимараты шаңырағының

астынан журналистердің кәсіби шеберлігін ұштайтын тұрақты жүйе құрылса, атап айтқанда, бүкіл елге қызмет көрсететін Журналистер Академиясы ашылса және әлгі Академияға өнер-білімнің, ішкі-сыртқы саясаттың, ғылым мен экономика салаларының ең таңдаулы кәсіби тұлғалары мен шетелдік ресми делегация басшыларының дәстүрлі дәрістері үзбей оқылып тұрса құба-құп болар еді.

Жетіншіден, «Financial Times» газетінің 125 жылдық мерейтойына бағышталған жинақта көрсетілген сегіз бағыт бойынша да, өмірдің басқа салаларын қамтитын өзге бағыттар бойынша да аталмыш Академияның қасынан, тек мемлекеттік тілде ғана емес, әлемнің өзге тілдерінде де жарық көріп жататын ең таңдаулы туындылардың таныстырылымын ұйымдастырып отыратын мамандандырылған тұрақты орталық ашу لازым. Өйткені мұндай орталықтың ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға да тікелей себі тиетіні және шет мемлекеттердегі еліміздің төл тарихына қатысты архивтерді түпнұсқадан оқып, оларды іске жарата алатын кәсіби мамандар тобын жасақтауға да негіз болатыны күмән тудырмаса керек. Оның үстіне қазір бірнеше шет тілін ғана емес, ақпарат технологияларын да жете игерген жас мамандар жеткілікті. Солардың арасынан, сұраныстарын қанағаттандыра отырып, ең мықтыларын таңдап алуға да мүмкіндік мол.

Сегізіншіден, ақпарат коммуникациялық технологиялары тоқтаусыз дамып отырған мына заманда жоғарыдағы мақсат-мүдделерге тез қол жеткізу үшін жас мамандардың құрамын жіті іріктеп, оларды қазірден бастап сапалы журналистиканың қыр-сырына және ақпарат технологиялары мен шет тілдерін терең игеруге үздіксіз бағыттау абзал.

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі таңда этносаралық және дінаралық диалогті дамыту мен тереңдету Орта Азия мемлекеттері үшін ғана емес, Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттермен қатар, ЕуроОдаққа кіретін өзге мемлекеттер үшін де, тіпті әлем қауымдастығы үшін де өте өзекті мәселе. Сондықтан Қазақстандағы Конрад Аденауэр қорының өкілдігі бастамашы болған халықаралық конференцияның тақырыбы жан-жақты талдауды қажет етеді. Бұл тұрғыдан келгенде, Орта Азияның планета бетіндегі ең ұлы өркениеттер тоғысындағы аймақты алып жатуы аталмыш өркениеттердің өзара үнқатысып, ықпалдасуы мен мәдени құндылықтар алмасу үдерісінде үлкен басымдықтар мен артықшылықтарға ие болуға мүмкіндік берген. Және мұндай мүмкіндікті Орта Азия мыңдаған жылдар бойы иеленіп келеді. Бұл пайымның астарына үңілетін болсақ, аталмыш географиялық әрі геосаяси аймақтың тарихында сан алуан өркениетаралық, этносаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық байланыстардың орын алғаны бүкіл әлемге аян. Атап айтқанда, Орта Азияның алпауыт кеңістігі әр түрлі этностардың, діндердің, сондай-ақ көшпелі және отырықшы халықтар мәдениетінің өзара қарым-қатынасқа түсуіне орасан зор ықпал еткен. Бұл кеңістіктің үстінен ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы өткен және қазір де бұл үрдіс дәл солай жалғасуда.

Бүгінгі Орта Азия территориясында кезінде сан алуан этникалық топтар: түркілер, ирандықтар, арабтар, моңғолдар, үнділер, қытайлықтар және славяндар ғана емес, зороастризм, буддизм, иудаизм, ислам, христиан секілді әлемдік конфессиялармен қатар дәстүрлі діндер де қатар өмір сүрген.

Орта Азияны мекендейтін халықтар, оның ішінде 150-ге тарта этникалық топтар – өткен тарихтан бері жалғасын тауып келе жатқан сан алуан мәдениет пен салт-дәстүрдің мұрагері. Өйткені өз тарихының әр түрлі кезеңдерінде Орта Азия ондаған полиэтносты және поликонфессиялы ірі мемлекеттік құрылымдардың, нақтырақ айтқанда, Ахеменид мемлекеті

мен Грек-Македон патшалығының, Кушан империясының, Түркі қағанатының, Араб халифатының, Саманид, Қарахан, Қарақытай, Шыңғыс хан, Әмір Темір және Темуридтер мемлекетінің, сондай-ақ кешегі Ресей империясы мен Кеңес Одағының да құрамында болды. Демек, Орта Азияның тарихи-мәдени мозаикасында азиялық та, еуропалық та сипат бар, сонымен қатар сол сипаттың өзегіне өркениетаралық, этносаралық, дінаралық үнқатысу және мәдени-әлеуметтік сыйластық пен ықпалдастықтың мызғымас үлгісі де қоса өрілген.

Бұл сипат Қазақстанға да тән. Мұның бұлжытпас дәлелін еліміздегі қоғамдық келісім мен бірліктің ұйытқысы – Қазақстан халқы Ассамблеясының өзегіне өрілген және өз мемлекетіміздің мүддесі ғана емес, күллі әлемнің үдесінен шығатын әмбебап құндылықтардан анық байқауға болады.

Осыған орай, дәл осы тұста және бір маңызды мәліметке сілтеме жасаудың реті реті келіп тұр. 1997 жылы әлемге аты әйгілі ғұлама ғалым әрі сәуегей саясаткер Збигнев Бжежинский өз қаламынан шыққан «Ұлы шахмат тақтасы. Америка гегемониясы және оның геостратегиялық басымдықтары» атты көлемді туындысында Балқандағы шашылып, бөлшектеніп кеткен Югославия мемлекеті секілді, этносаралық және дінаралық бүліктердің салдарынан жойылып кетуі мүмкін посткеңестік елдерге «Еуразия Балқандары» немесе «Этникалық қайшылықтардың қазаны» деген айдар тағып, сол «Балқандар» мен «Қайшылықтардың қазанына» Орта Азиядағы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Ауғанстан, сондай-ақ Кавказ аймағындағы Әзербайжан, Армения, Грузия сынды тоғыз мемлекетті түгелдей тоғытып жіберген болатын. Сәуегей саясаткердің айтпақ болғанының астарында бұрынғы полиэтносты, поликонфессиялы Югославия этносаралық және дінаралық соғыс өртінің салдарынан қалай бөлшектеніп кетсе, әлгі тоғыз мемлекет те дәл солай, Югославияның кебін киеді деген жымысқы пайымның құлағы қылтиып тұр.

Қуанышқа орай, сәуегей саясаткердің Қазақстан туралы жорамалы іске аспай қалса да, өкінішке қарай, өзге мемлекеттердің көпшілігінде сәуегей саясаткер топшылаған этносаралық шиеленістер мен кикілжіңдердің де, тіпті

кейбіреуінде сұрапыл соғыстың да орын алғанын жоққа шығаруға болмайды. Өйткені бұл – тарихи шындық.

Алайда дәл осы арада: «Сұңғыла саясаткердің сәуегейлік болжамы Қазақстанда неге іске аспай қалды?» деген көкейкесті сұрақтың туындауы да әбден заңды. Бірақ мұның жауабын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Өйткені отанымыздың егемендігінің бастапқы кезеңінде оның қауіпсіздігі мен бірлігіне және территориялық бүтіндігіне төнген әлгі сын-қатерлердің алдын алып, олардың жолын дер кезінде кескен Президент Нұрсұлтан Назарбаев болатын.

Айтса айтқандай-ақ, Елбасының бастамасымен 1995 жылы бірінші наурызда құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы сол кездің өзінде-ақ, мысықтілеу сәуегейлердің жолын алдын ала кесіп, ел егемендігімен қоса, ел бірлігі мен ынтымағына да ешбір сызат түсірмей, сақтап қалды. Ендеше, Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінгі таңда да, болашақта да еліміздің қоғамдық келісімі мен этносаралық үйлесімінің мызғымас іргетасы болып қала бермек. Бұл – еш күмән тудырмайтын шындық әрі көздің қарашығындай сақталуға тиісті құндылық. Бұл құндылықтан өзге мемлекеттер үлгі алам десе, әрине, жол ашық.

Осы орайда, тағы бір мәліметке назар аударған артық болмайды. 2016 жылдың қыркүйек айының бесі мен сегізі аралығында Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының іс басындағы төрағасының арнайы шақыруымен Вена қаласында болып, аталмыш Ұйымның Тұрақты Кеңесіне мүше 57 мемлекет елшілерінің алдында ЕҚЫҰ-ның Аз ұлттар жөніндегі Жоғарғы комиссары қызметіне ұсынылған 4 кандидаттың бірі, яғни Қазақстандық кандидат ретінде, белгіленген 45 минут ішінде баяндама жасап, дипломаттардың алуан түрлі сұрағына жауап беріп, ЕҚЫҰ-ның мінберінен және Өркениеттер Альянсы форумына әлемде бүгінгі таңда қалыптасып отырған этносаралық және дінаралық шиеленістерге қатысты өз пайымдарым мен көзқарасымды білдіріп, фундаментализм, халықаралық терроризм және экстремизм секілді қатерлі құбылыстардың қоздауы мен кең таралып кетуіне ең әуелі діни-этникалық қайшылықтар мен этносаралық кикілжіңдер се-

беп болатынына тыңдаушылардың назарын аудардым. Өйткені адамзат тарихында орын алған сан алуан шиеленістер мен қақтығыстардың өзге этнос өкілдерін кемсіту-шеттетуден немесе олардың түсі мен нәсіліне жирене-жиіркене қараудан, өзге діндегілерді төмен санап, менсінбеуден немесе өзгелердің пікіріне құлақ аспау сияқты менмендіктен туындайтын озбырлық қылықтар мен кертартпа әрекеттерден басталатыны күмән тудырмайды. Бұл айтылғанның кейбір сипаттары ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердің кейбірінде бүгінде анық байқалады. Әсіресе бұл теріс құбылыс тыныштығы кеткен бүгінгі дүрбелең заманда өте ушығып отыр.

Ирак, Ливия, Египет, Йемен және Сирия мемлекеттеріндегі этносаралық араздықтар мен дінаралық шиеленістердің арты үлкен қақтығыстар мен террористік қантөгістерге ұласып, олардың салдары тек әлгі мемлекеттердің берекесін кетіріп қана қоймай, миллиондаған босқынның өз отаны мен туған мекенін тастап шығып, Еуропа елдеріне ағылып келуі соңғы елдердің іші-сыртындағы саяси-әлеуметтік тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соғып жатыр. Соның салдарынан Батыс және Шығыс Еуропа елдеріндегі бір-біріне деген сенім мен этносаралық және дінаралық қатынастарға үлкен сызат түсіп, әр түрлі ксенофобиялық, оның ішінде, антимиграциялық, афрофобиялық, антисемиттік, исламофобиялық және антиромалық қылмыстар орын алып отыр. Ашық ақпарат көздерінен көріп отырғанымыздай, мұндай ксенофобиялық қылмыстардың басым көпшілігі, әсіресе кезінде мультикультуризмге басымдық берген, бірақ соңыра оңшыл партиялардың бас көтеруінен сескеніп, әлгі құндылықты әлсіретіп алған Батыс Еуропаның ең дамыған елдерінде және бірен-сараны Шығыс Еуропа елдерінде тіркелуде.

Бұл сын-қатерлермен күллі әлем болып жұмыла күреспесе, жекелеген мемлекеттің бұған шамасы жете қоюы күмәнді. Сосын, ЕҚЫҰ тек еуропалық халықаралық ұйым ғана емес, сонымен қатар ол ұйымның азиялық өлшемі де бар екенін есте ұстай отырып, Еуропа аумағында этносаралық және конфессияаралық татулық орнату үшін Орта Азия мемлекеттерінің құндылықтарын назарда ұстаған артық болмайды.



Екінші бөлім

**ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ЖАҒАНДЫҚ
ГЕОСАЯСАТТАҒЫ ДАРА ЖОЛЫ**

ШЕРЛІ ШЕЖІРЕ ШЫНДЫҒЫ

«Егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жең болмас» деп еңіреп өткен ер бабаларымыздың жанкешті ұрпақтары 1916 жылы ұлан-байтақ жеріміздің әр түрлі аймақтарында, атап айтқанда, Жетісудағы Қарқара, Шығыстағы Семей, Бұқтырма, Зайсан, Арқадағы Павлодар, Қарқаралы, Торғай және басқа да өңірлерде ұлт-азаттық күреске білек сыбана шыққан болатын. Бұл күреске халық арасында абыройы асқақ Бекболат, Ұзақ батыр мен Жәмеңке шешен, Тоқаш Бокин сынды қайраткерлер, қол бастаған Амангелді Иманов пен Әліби Жангелдин және Сейітқали Меңдешев, Бәймен Алманов секілді ойлы азаматтар басшылық етті.

Бұл ұлт-азаттық күреске түрткі болған себептер шаш етекпен болатын. Біріншіден, патшалық Ресей әлдеқашан халықтар түрмесіне айналып кеткен еді. Екіншіден, патша үкіметінің сол кездегі премьер-министрі – Столыпинның 1906-1910 жылдар аралығында жүргізген отарлау саясатының өзегіне айналған аграрлық реформа салдары империяның орталық аймақтарынан қазақтың ең даласына ырықсыз жер аударылған шаруалардың санын күрт өсіріп жіберген болатын. Олардың жалпы саны 770 000-ға жеткендіктен, жергілікті халықты атам заманнан бері иеленіп келген шұрайлы жерлері мен құтты мекен қыстауларынан ығыстырып шығарған-тын. Үшіншіден, халықтың мойнына түскен алым-салық мөлшері шамадан тыс шарықтап кеткен еді. Төртіншіден, патша үкіметінің Орта Азия мен Қазақстанның 19 жастан 43 жасқа дейінгі жұмысқа жарамды еркек кіндіктілерін түгелдей көгендеп, империяның

оңтүстік шебінде соғысып жатқан армиясының тылын бекіту үшін әскер қатарына жаппай тарту туралы 1916 жылы 25 шілдеде жарияланған жарлығы халық наразылығын бұрынғыдан бетер өршітіп жіберген-ді.

Алайда, өкінішке қарай, ұлт-азаттық күрестің қатардағы сарбаздарының күш-қуаты өзінен сан есе басым империяның қандықол жендеттеріне төтеп беруі мүмкін емес еді. Сондықтан да, жанкешті батырлар қай аймақта болмасын, мықты қаруланған жазалаушылардың қолынан қынадай қырылып, бордай тозды. Бірақ олардың ешқайсысы да ұмыт болған жоқ. Керісінше, халқымыздың жүрегі мен жадында сақталып қалды. Енді, міне, сол қанды күрес пен еркіндік жолында баудай түсіп қырылған боздақтардың даңқы мен батырлығы ұлықталатын 2016 жыл да жақындап келеді.

Шындығында, ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен Мәңгілік Ел болуды мақсат тұтқан ұлтжанды халқымыздың тарихи санасын қайта оятуға соны серпін беретін айтулы меже болары даусыз. Сондықтан да 2016 жыл егемендік үшін сан ғасырлар бойы басын сан рет бәйгеге тігіп, қол бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендер ғана емес, сонымен қатар ХХ ғасырдың басында қазақ жерін түгел шарпыған ұлт-азаттық күрестің өшпес даңқын бүкіл ел көлемінде әрі мемлекеттік дәрежеде ұлықтайтын және солай ету арқылы жас ұрпақтың санасын жанып, ұлттық сезімін ұштайтын фибраты мол тарихи кезең болары анық.

2016 жыл, сонымен қатар Жетісу өңірінде – бүгінгі Алматы облысының жерінде орын алған Қарқара көтерілісінде ұлықтап, еске алатын кезең болмақ. Өйткені әлгі қанды көтеріліс алып жүректі, албырт жас болса да, сол кездің өзінде-ақ қарымды қаламгер деңгейіне жетіп үлгерген Мұхтар Әуезовке терең тебіреніс пен шабыт дарытып, ешуақытта да тарих пен халық жадынан өшпейтін ащы шындықтың бетін айқара ашып берген «Қилы заман» сынды ғажайып шығармасын тудыруға тегеурінді серпін берген болатын. Пассионарлық энергияға толы бұл шығармасында ғұлама жазушы

аталмыш көтерілістің себеп-салдарын терең зерттей келіп, зерттеп қана қоймай, царизмнің шынжыр балақ, шұбар төс шонжарлары мен қанды шеңгел цензурасынан жасқанбай, тіпті басының бәйгеге тігілетінін біле тұрса да, еш қаймықпай, алған бетінен де таймай, отарлаушы саясатқа қарсы бағытталған отты шығармасына өзек болған оқиғаны терең суреттеу үшін өткір қаламына ерік берген еді. Бірақ, өкінішке қарай, ұлы жазушының тың тақырыпқа түрен салған бұл туындысы 1928 жылы Қызылордада басылғаннан кейін қайта жарыққа шыға алмады. Олай етуге шовинизмнің сұрқия саясатын жүргізушілер кесе-көлденең тұрып қалды. Сондықтан да «Қилы заман» өлім жазасына кесілген айыпкердей, 45 жыл бойы оқырман қауымымен қауыша алмай, құлыптаулы темір құрсаудың ар жағына тоғытылған күйі өз кезегін сарыла күтіп жатты.

Аллаға шүкір, гуманистік шығармалары бүкіл әлемге танылған Шыңғыс Айтматовтай ұлы дарын иесі атақ-абыройын салып жүріп, өзі әрқашан пір тұтқан Мұхтар Әуезовтей ұлы ұстазының алдындағы ұлы парызын адалдықпен орындады. Сөйтіп, бірін-бірі ауыстырған тоталитарлық жүйелердің кешеге дейін, жауырды жаба тоқып, қамақта ұстап келген ұлы туындының томағасын өз қолымен сыпырып, аютырнақ саясат шеңгелінен біржолата ажыратып алды. Өйтпегенде, «Қилы заман» әлі талай уақыт тас бұғаудың құрсауын бұзып шыға алмай, оқырмандарымен де табыса алмай, сол беймәлім күйінде ұмыт болып, шаң-тозаңның астында елеусіз қала беруі әбден мүмкін еді.

Сөйтіп, жарық көруіне 45 жыл бойы қатаң тыйым салынып келген, еркіндік идеясына толы шығарманың орысша нұсқасы адамзаттың Айтматовы атанған шоң Шықаңның кіріспе сөзімен алғаш рет 1972 жылы «Новый мир» журналының алтыншы санында «Лихая година» деген атпен басылып шықты. Бұл Шыңғыс Төреқұлұлының қайсарлығы мен тәржімеші А. Пантиелевтің азаматтық белсенділігінің арқасында ғана мүмкін болды. Содан көп кешікпей «Жазушы» баспасынан «Қилы заман» төл тілімізде де жарқ ете қалды.

Шығармаға жазған алғы сөзінде Шыңғыс Айтматов: «Царизмге, оның зорлықшыл аппаратына деген өшпенділікті жас Әуезовтей соншалық суреткерлік нанымдылықпен көрсеткен, патшаның отаршылық саясатының безбүйрек қаталдығы мен айуандығын соншалықты ашына әшке-релеген, көшпенді халықтың өзіне жат патшалық әкімшілік жүйесін қабылдамауының табиғатын мол мысалмен ала отырып, соншалық тереңдікпен ашып берген, сорына қарай көтеріліске шығып, сонысы үшін қан жоса қырғынға ұшырап, туып-өскен жерінен қуылған қарапайым халықтың қасірет-қайғысын ет-жүрегі езіле отырып айтып берген мұндай шығарманы мен шыңғыс әдебиеттерінен сирек кездестірдім» дейді.

Сүйікті де ұлағатты ұстазының беймағлұм болып қалуы мүмкін туындысымен қайта қауышудың әрі ауыр да, әрі қуанышты екенін айта келіп, Шыңғыс Айтматов мақаласын былайша аяқтайды: «Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманына» алғы сөз жазу үстінде мен сан қилы сезім құшағында отырмын. Бейнебір иесіз сәйгүлікті үлкен жолға салып жіберген сияқтымын. Міне, шапқанда кедергі болмасын деп тізгінін түріп, үзеңгілерін қанжығаларына байладым да, әйт, жануар, шүү, дедім: «Есен-сау бол, тарлан тұлпарымның көзі! Жер табанын қуыра шап! Шындық шырқай берсе екен! Және де ұзаған сайын оның артынан қарап тұрып, ойға қаламын: жақсы адам иесіз шауып бара жатқан сені көргенде сәт сапар тілейтін шығар-ақ. Ал сенің сайлы ер-тұрман, әбзелдеріңе қызығып, шылбырыңа жармасқысы келген жан ешкімнен ешқашан да алғыс-рахмет ести қоймас...».

Дәл солай, Шыңғыс аға! Манас пен Мұхтарды сіз қалай пір тұтсаңыз, зиялы қазақ қауымы да сізді солай пір тұтады әрі мәңгі ұлықтап өтеді. Әттең-ай, тек арамызда сіз жоқсыз! Бақилыққа аттанып, ұстазыңызбен қауышып жатқан шақта сізге айтатын бір сүйінші хабар бар. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы республикалық Ономастика комиссиясының 2014 жылғы 26 маусымдағы қорытындысы бойынша, Астананың үлкен көшелерінің бірі өзіңіздей арыстың атымен аталатын болды. Және бір сүйін-

ші хабар – Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманындағы» шейіт болған Ұзақ батыр мен үзеңгі жолдасы – шешен Жәмеңке-нің есімдері де Астананың жобадағы екі көшесіне берілетін болды. Құтты болсын!

Сонымен, 2016 жыл ұлт-азаттық күресінің 100 жылдығы мен сол күрестің туын желбіреткен батыр бабаларымызды ғана емес, төсекте басы, төскейде малы қосылған қазақ халқы пен қырғыз халқын бір-бірінен бөлмеген, олардың Мәңгілік Ел болуын көксеген әрі әлемдік мәдени мұраға қосылған, даңқы өшпес әдебиет жауһарларын тудырған адамзаттың адал да абыз ұлдары – ұлы Мұхтар Әуезов пен ұлы Шыңғыс Айтматовтай алыптарды ұлықтайтын жыл болмақ. Ендеше, егемен еліміздің Үкіметі мен халқымыздың саналы да зиялы ұрпақтарының тарапынан нақты іс-шаралар елорда мен аймақтарда қолға алынып, іске асырылып жатса, бәре-келді деуден басқа тілек жоқ.

2015 жыл



ЖЕЛТОҚСАННЫҢ КӨЛЕҢКЕСІ МЕН КҮНШУАҒЫ

Бұл оқиға 1986 жылы Алматы шетел тілдері институтының оқу істері жөніндегі проректоры болып қызмет атқарып жүрген кезбен тұспа-тұс келген-ді. Желтоқсанның басында алған кезекті демалысты сол айдың ортасынан ауа күрт үзіп, қызметке қайта оралуға тура келді.

Дүние астаң-кестең... Бұл сол кездегі алпауыт кеңестік биліктің ақпарат жаршылары – «Правда», «Известия» газеттері – Қазақстан басшылығы мен күллі ұлтымызға қара күйені қою жағып, бүкіл қазаққа ұлтшыл деген әділетсіз айыпты қоса тағып, «жастарды бетімен жіберіп, оқу-тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоя алмағаны үшін» деген желеумен Алматы қаласындағы бірнеше жоғары оқу орнының ректорына Коммунистік партия тарапынан қатаң сөгіс жарияланып, жұмыстан босатылған кез болатын. Солардың бірі, өзім қызмет істеп жүрген Алматы шетел тілдері институтының ректоры профессор Р.С. Әміров еді.

Ал шындап келгенде, бұл әрекеттердің барлығы да Мәскеудегі тоталитарлық орталық биліктің Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші хатшысы әрі Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі Д.А. Қонаевты биліктен кетіруге бағытталған, яғни сыныққа сылтау іздеген жымысқы саяси науқанның басы болатын.

Сол бір аласапыран кезеңде Алматыдағы барлық жоғары және кәсіби білім беретін орта оқу орындарында Мәскеуден жеткен нұсқау бойынша құрылған «төтенше комиссиялар» оқытушылар мен студенттердің арасында «тазалау процесін» бастап кеткен-ді. Соның салдарынан институттар мен университеттерде оқып жүрген ең таңдаулы студенттер жазықсыздан-жазықсыз оқудан аластатылып жатты. Мұның салдары біздің институтта оқып жүрген ең үздік жастарға да тиіп кетті.

Әрине, нақақтан-нақақ жапа шеккен студенттердің тағдыры институт ректоры міндетін атқарып жүргендіктен өзіме де қатты батты. Әлгі жастардың кінәсіз екендігіне көзім анық жетіп тұрғандықтан, жазалаушы комиссия шы-

ғарған бұйрықтың күшін жойып, жаңа бұйрықпен оларға білімін жалғастыруға мүмкіндік берген болатынмын.

Мұндай хабар тез тарайды емес пе, әлгі бұйрық шыққанның ертесіне кабинетіме институттың партия комитеті хатшысының орынбасары Дмитрий Комарев кіріп келіп:

– Мұны қалай түсінуге болады, жолдас Ахметов? Төтенше комиссияның бұйрығын неге бұздыңыз? Партия комитетімен неге ақылдаспадыңыз? Сонда қалай, Желтоқсан уақиғасын мүлде жоққа шығарып тұрсыз ба? – деді ол маған, ашуы тамағына тығылып.

– Сабаңызға түсіңіз, Дмитрий Васильевич. Мен сізге оқиға болмады деп тұрған жоқпын. Бірақ істің ақ-қарасын анықтап алмай тұрып, аталмыш комиссияның әлгі жастардың тағдырына бірден балта шапқанын дұрыс деп ойлайсыз ба? Біз өзіңізбен бір үйде көрші тұрамыз ғой. Сіздің өз ұлыңыз да әлгі студенттермен жасты емес пе? Сонда қалай, бұл оқиғаны ұлыңыздың замандастары ұйымдастырды дегенге шынымен-ақ сенесіз бе?

Менен мұндай жауапты мүлде күтпеген болуы керек, партия комитеті хатшысының орынбасары көзі шатынап, түнерген бойы кабинетімнен үнсіз шығып кетті. Мен болсам, істің насырға шабатынын бірден сезіп, ары қарай уақиғаның қалай өрбитінін бағамдай бастадым. Комарев енді болған уақиғаны аудандық партия комитетіне жеткізеді, аудан – қалалық комитетке, ал қала Орталық Комитетке мәлім етеді. Демек, ары қарай бірден кінәлі адамды қуғындау басталады...

Бірақ уақиға желісі мүлде басқаша өрбіді. Хатшының орынбасары шынымен-ақ сабасына түскен болуы керек, жабулы қазан сол жабулы күйінде қалып қойды. Өйткені ауданнан да, қаладан да ешбір сыбыс шықпады. Есесіне, құлағымызға мүлде күтпеген хабар жетті. Бақсам, маған ашуланған әлгі азамат араға үш-төрт күн салып, Алматыдан отбасын алып, біржолата көшіп кетіпті...

Арада екі апта өткен кезде Білім министрлігінің кеңейтілген алқа жиыны өтті. Ол жиынға Қазақстан жоғары оқу орындарының ректорлары мен партия комитеттері хат-

шыларының бірі қалмай түгел қатысты. Президиумда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшыларының бірі (аты-жөні есімде жоқ), республикалық Білім саласы қызметкерлері кәсіподақ ұйымдарының төрағасы Журов дейтін азамат, Білім министрі және де басқа ресми адамдар отырды.

Мәскеудің тікелей бақылауымен өткен бұл жиында да республиканың білім саласы қызметкерлерінің атына қара бояуы қалың сын айтылды. Әсіресе жоғары оқу орындарында ұлтшылдық белең алып, қазақ жастарының саны 75 процентке жеткен, яғни *процентоманияға* жол берілген, сондай-ақ бұл «өрескелдік» республикада белең алған ұлтшылдықтың тікелей салдары сияқты күнібұрын кесіліп-пішіліп қойған жасанды тұжырымдар жасалды. Жарыссөз де тым шектеулі болды әрі алдын ала тағайындалған азаматтар ғана мінберге шақырылғандықтан, еліміздің ар-ұжданы мен намысын қорғайтын бірде-бір шынайы сөз айтылмады. Өйткені Мәскеуден жеткен орталық биліктің нұсқауы айтқыздады. Солай бола тұрғанмен, алқалы жиынның төрінен протокол үшін айтылған болуы керек, «Тағы сөйлеушілер бар ма?» деген сауал естілген кезде қолымды қайта-қайта көтеріп жатып, пікір білдіруге әзер дегенде мүмкіндік алдым. Алқа жиынын сол кездегі Білім министрі, академик Көпжасар Нәрібаев жүргізіп отырған. Ол азамат проректорлық қызметке өзі тағайындағандықтан мені жете танитын. Солай бола тұра, ол маған қарап: «Сіз кім боласыз?» деді. Министрдің бұл сұрағының астарында «Байқап сөйле, әйтпесе қудаланасың, жұмысыңнан да айырыласың» деген шынайы жанашырлықтың астарлы нышаны сезіліп тұрды.

Мінберге көтерілген бойда «Ерді – намыс, қоянды қамыс өлтіреді» демекші, нартәуекелге басып, бөлінген екі-үш минут ішінде алдымен өзімді тез таныстырып, «Правда» және «Известия» газеттерінде Қазақстан басшылығы мен қазақ халқына айтылған қатал сындар мен тағылған ащы айыптардың мүлде негізсіз екенін, сондықтан да олардың бірімен де келіспейтінімді, тіпті бұл сөздерім алқалы жиынға ұнамаса, қызметтен дереу кетуге де даяр екенімді жайып

салдым. Сондай-ақ «Айтылмаса сөздің атасы өледі» демекші, әлгі жиынның мінберінен институтта еңбек тәртібін өрескел бұзғаны үшін жұмыстан заңды түрде босатылған бір қызметкерді қайта жұмысқа алуға алқалы жиынның төрінде отырған Журовтың заңсыз мәжбүрлеп жүргенін қоса жеткіздім. «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» деген осы болар, сірә, билік атулыға жоғарыдағыдай сын айтылады деп ойламаған мәжіліс залында шыбынның ызыңы естілетін тыныштық орнады...

Жарыссөз де осымен тынып, министр жиналысты қорытындылаған соң жиынға шақырылғандар тарап кетті. Көп ұзамай министрге де айып тағылып, қызметінен босатылды. Одан екі-үш күн өте бере, біздің институтқа да тықыр таянды. Қалалық партия комитетінің бюросы біздің оқу орнының мәселесін қарайтын болыпты. Осылай боларын алдын ала сезгендіктен әлгі бюро жиналысына айтатын уәждерді жұптап бардым.

Бюро мәжілісі басталысымен, қалалық партия комитетінің хатшысы (Шулико болуы керек) маған бірден шүйіліп: «Жолдас Ахметов, ең алдымен, сіз институттың оқу істері мен тәрбие жұмысына тікелей жауапты қызметкер ретінде мына сұрақтарға жауап беріңіз. Оқу орнында ұлттық саясат неге өрескел бұзылған? Қазақстан көпұлтты емес пе? Неге студенттердің 75%-і – қазақ? Солтүстік облыстардан неге бірлі-жарым ғана адам оқиды? Бұл барып тұрған әділетсіздік. Тәрбие жұмысы неге төмен?» деді.

Осындай сұрақтардың боларын алдын ала күткендіктен, олардың жауабын объективті түрде өзіміз институтта жүргізген сараптамалық жұмыстың нәтижесіне негіздедім.

Біріншіден, республикадағы орта мектептердің 50 проценті – қазақ тілді мектептер. Олай болса, институтта оқитын студенттердің тең жартысы да қазақ жастары.

Екіншіден, Қазақстандағы орта мектептердің 50 проценті – аралас тілді мектептер болғандықтан, ұлты қазақ студенттердің 25 проценті сол мектептерден келіп түседі. Демек, 75 проценттің қалай қалыптасатынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Үшіншіден, институтта ұлттық саясат бұзылды деуге де ешбір негіз жоқ. Өйткені онда 30 ұлттың өкілдері оқиды. Бұл – бұлтартпайтын шындық. Маған сенбесеңіздер институттың оқу бөліміне тексеру жіберіңіздер. Құжаттар өтірікке жол бермейді.

Төртіншіден, шет тілдері мамандарын республиканың солтүстік облыстарының орталықтарындағы жоғары оқу орындары да даярлайды. Сондықтан экономикалық тұрғыдан, ата-аналар да өз балаларының жергілікті жоғары оқу орындарында білім алғанын әлдеқайда тиімдірек санайды. Өйткені балалары алыста білім алса, олардың ары-бері жолына, ішім-жеміне, сол сияқты, өзге де қажеттеріне кететін шығындардың аз болмайтынын олар жақсы біледі.

Бесіншіден, әлгінде айтылғанның нақты дәлелі деуге болатын шығар, үстіміздегі 1986 жылы институттың қабылдау комиссиясына Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарынан екі-екіден төрт абитуриент өтініш білдірді. Олардың екеуі (әр облыстан бір-бірден), яғни 50 проценті конкурстан өтіп, институтқа қабылданды. Демек, институтта әділетсіздік немесе процентоманияға жол берілді деуге ешбір негіз жоқ...

Сонымен, қалалық партия комитетінің бюро мүшелері, қанша тырысқанымен, институт жетекшісіне қатаң сөгіс жариялауға да, партия қатарынан шығарып, жұмыстан босатып тастауға да пәрменді дәйек таба алмады, бірақ «Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса» демекші, «кінәліге» қатаң ескерту жасап, сөгіс жариялады.

Алайда құрығы ұзын тоталитарлық биліктің жазалау науқанынан Желтоқсан көтерілісіне қатысқандардың зардап шеккендері аз болған жоқ. Қыстың қақаған ызғарында Алматы алаңына шыққан 40 мыңдай қазақ жастарын қызыл империяның қарулы жасақтары аяған жоқ. 168 адам ажал құшып, 2000-ға жуығы тұтқындалды. Олардың 99-ы сотталса, Қайрат Рысқұлбеков пен Ербол Сыпатаев сынды батырлар ату жазасына кесілді. Мұның сыртында, тағдырына балта шабылып, жұмыстан қуылған ұстаздар мен оқудан еріксіз аластатылған жастардың саны қаншама.

Солайы солай болғанмен, қасіретке толы Желтоқсан оқиғасы халқымыздың сағын сындыра алмады, керісінше егемендікке деген ел құлшынысын бұрынғыдан бетер нығайта түсті және бұл қанды оқиға сонымен қатар алып Кеңес Одағының қабырғасын қақыратып, іргетасын шытынатып кетті. Соның нәтижесінде араға бес жыл салып, 1991 жылы тоталитарлық жүйе бір сәтте күйреп, біржолата келмеске кетті. Сөйтіп, 1986 жылы Алматыда басталған Желтоқсан көтерілісі біздің өз еліміздің ғана емес, кеңестік алып империяға бағынышты өзге республикалардың да егемендік алуына баға жетпес серпін берді. Бұл – күмән тудырмайтын шындық. Демек, Желтоқсан көтерілісінің құрбандары мәңгілікке жол тартқан өз халқымыздың жадында ғана емес, посткеңестік кеңістіктегі егемендікке қол жеткізен өзге халықтардың жадында да мәңгі сақталады.



ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕГІ ЕЛОРДА

Ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулеттік ландшафты бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтаныш тұтатын көпұлтты және көпдінді халқы бар әсем де мейірлі астанамыз – міне, осындай қала.

Н.Ә. Назарбаев

Елбасы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» атты «Атамұра» баспасынан кезінде жарық көріп, тұсауы кесілген төл туындысының лейтмотиві – айтулы Сарыарқа төсіне қоныс тепкен Отанымыздың жаңа елордасы – Астана. Бір демде оқылатын бұл кітаптан кез келген оқырманның терең мағлұмат алып, әсерлі ғибрат түйетіні күмәнсіз.

Біріншіден, бұл еңбектен халқымыз сан ғасырлар армандап барып қол жеткізген киелі егемендігінің символына айналып үлгірген жаңа Астананың тұрғызылу тарихын ғана емес, сонымен қатар сол қасиетті де қастерлі егемендікті мызғымастай етіп мәңгілік бекітіп алудың ең шешуші тетіктері мен алғышарттарын Елбасымыздың дөп басып, дәл айқындап алғандығына және жаңағылардың бірден көзге түсе бермейтін бүге-шігесінің бірде-бірін қаперінен тыс қалдырмай, жан-жақты таразылап алғанына ұлтжанды оқырман дән риза болады. Сосын, бұл күнде ғасырлар тоғысының ұлы жобасы атанып кеткен Астананың нағыз архитекторы Елбасының өзі екеніне де, сондай-ақ ұлт лидерінің ең әуелі қасына осы мегажобаны іске асыру үшін бел шешіп кірісетін, аянбай тер төгетін, жауапкершілігі биік небір айтулы азаматтарды сақадай сайлап алып, топтастыра білгеніне де оқырман куә болады.

Екіншіден, астананы ауыстыру туралы түбегейлі шешімге Елбасының бірден келмегені, керісінше, мемлекеттік мәні де, жауапкершілігі де мол бұл үлкен мәселенің төңіре-

гінде көп ойланып, көп толғанғаны, тарихта өз астанасын ауыстырған басқа елдердің іс-тәжірибелерін жан-жақты зерттегені, атап айтқанда, Ресей, Бразилия, Австралия, Қытай, Жапония, Америка Құрама Штаттары, Испания, Түркия сияқты мемлекеттердің астана алмастыру үрдістерін ой елегінен өткізіп барып, мұндай саяси шешімдер әлгі елдердің тек қана мемлекеттік мүддесінен ғана туындағанына және олардың экономикаларына тың серпін беріп, қарқындап дамуына өте тиімді ықпал еткеніне көзін әбден жеткізіп алған соң ғана нартәуекелге бел байлағаны кітаптан анық байқалады.

Үшіншіден, бұл шешімнің дұрыстығы мен өміршеңдігіне көзі қарақты ел зиялыларымен қатар қоғамның консервативтік ұстанымға табан тіреген азаматтарының да көзін қоса жеткізіп, бетін бері қаратып, олардан жаппай қолдау табудың да Елбасына оңай соқпағанын анық сезіледі.

Төртіншіден, Елбасының мұндай маңызды шешімді қабылдамас бұрын тағы да бір мәселені, атап айтқанда, ескі астана – Алматының даму мүмкіндіктерінің сарқылып бара жатқанын және оның енді бүкіл ел экономикасының дамуына кері әсерін тигізе бастағанын да дер кезінде байқап, саралай білгендігі көрініп тұр.

Бесіншіден, Алматының ел ішіндегі басқа аймақтардан тым шалғайда жатқанын, әсіресе халықаралық жағдай шиеленісе қалса, оның қауіпсіздік тұрғыдан өте әлсіз күйге тап болатынын, дәлірек айтқанда, үлкенді-кішілі бөтен елдердің шекараларынан қолсозым жерде тұрғандығын, сонымен қатар табиғи және экологиялық апат құрсауында орналасқандығын, сол сияқты, маңызды халықаралық көлік арналарынан тым аулақтығын және, ең бастысы, геосаяси және геостратегиялық тұрғыдан әлсіз немесе кемшін тұстарының басымдығын жан-жақты айқындап беретін салмақты сараптамаларды басшылыққа алғандығына бәрекелді демеске болмайды.

Президент өз кітабында «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген халық даналығына сілтеме жасайды. Ондағы астар-

лы ойдың перделі мәнін екі тұрғыдан пайымдауға болады. Мәселен, әлгі нақылдың алдыңғы жартысын басшылыққа алған адамдар әдетте ірі іс бастауға тәуекелі жетпейді, жалтақтайды, кібіртіктеп немесе уәйімдеп, батыл шешім қабылдауға жүрегі дауамайды. «Қол – батыр» деген әлгі тіркестің екінші жартысының мәнін «Тәуекел түбі – желқайық, өтесің де кетесің» деген және бір аталы сөз аша түскендей. Ол тек тәуекел еткен адамдар ғана мұратқа жететіндігін меңзеп, батыл қимыл жасауға жол сілтеп, жігерді қайрап тұр. Демек, Елбасының да айтайын дегені осы, яғни өзінің де тәуекелге бел байлағанын аталы сөзбен түйіндеп берген.

Осы орайда, қазіргі жаһандану мен нарық заманы тілімізге ендірген «тәуекелді бағамдау» («оценка риска») деген жаңа ұғым ойға оралады. Оның мәні – тәуекел етпес бұрын оның пайдасы мен зиянын анықтап алу керек дегенді білдіреді. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, астананы Сарыарқаға көшіру туралы Елбасы нартәуекелмен қабылдаған шешімнің жай ғана тәуекел емес, жеті рет өлшеніп, бір рет кесілген, ел мүддесіне ұзақ жылдар бойы тиімді қызмет ететін, еліміздің экономикасын тек алға сүйреп отыратынын көрегендікпен бағамдап алғаннан кейін ғана қабылданған және нағыз прагматизмге негізделген шешім болғанына көз де, көңіл де анық жетеді.

Тумысынан дарын мен талантқа ие, бес сайысқа икемді, қолынан келмейтіні жоқ, өнерлі де көп қырынан көрінетін адамдарды халқымыз «сегіз қырлы, бір сырлы» деп бекер айтпаса керек. Осы тұрғыдан келер болсақ, Елбасына бұл эпитеттің аясы тым тарлық жасаған болар еді. Керісінше, ұлан-байтақ Қазақстан сынды алып мемлекеттің жаңа астанасының ғана емес, бүкіл мемлекеттің іргетасын қалаған, еліміздің 2030-2050 жылдарға дейінгі экономикалық, әлеуметтік, мәдени, әскери стратегиялық бағыт-бағдарларын, сындарлы ішкі және көпвекторлы сыртқы саясатын зергерлік дәлдікпен анықтап-айшықтап қана қоймай, оларды заң жүзінде бекітіп, нақты іске асырып жатқан, бүкіл әлемге елін де, жерін де танытқан, танытып қана қоймай, мойындатқан, «Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады»

демекші, бүкіл жер жүзі мемлекеттерінің, оның ішінде Ресей, АҚШ, Британия, Франция, Германия, Канада, Қытай, Жапония, Аустралия, Үндістан секілді ұлы мемлекеттер мен Араб әлемінің басшылары есептесетін, есептесіп қана қоймай, ерекше сый-құрметпен қарайтын Қазақстан Президентіне сексен қырлы деген эпитет те жарасар еді. Себебі жоғарыда аталған еліміздің дамуының басты-басты салаларының әрқайсысының өз ішінде жеке-жеке салаға тарамдалып кететінін, айталық экономиканың бір өзі ғана: ауыл шаруашылығы, ауыр және жеңіл өнеркәсіп, мұнай-газ, транспорт және байланыс, құрылыс, туризм, қаржы және банк, т.с.с. немесе дәл осы сияқты басқа ірі салалардың да осылайша жеке-жеке жіктеліп кететінін ескерсек, ескеріп қана қоймай, осылардың бәрінің тамырын басып, диагноз қойып, оларға осы жаһандану заманның ағымына лайық, білікті көшбасшылар таңдап-тағайындау, стратегиялық бағыт-бағдар беру де Елбасының атқаратын қыруар қызметінің бір бедері ғана екенін айтсақ, Президенттің тек Астана архитекторы емес, егемен Қазақстанның да Бас архитекторы екеніне толық көз жеткізуге болады.

Елорданы дамытуға байланысты Елбасының тағы бір қырын айтпай кету мүмкін емес. Мәселен, Астананы салу мен дамытуды, оны ХХІ ғасырдың ең сәулетті қалаларының бірі емес, бірегейіне айналдыруды Президент тек осы қаланың әкімінің ғана шаруасы деп есептемейді. Керісінше, еліміздің бас қаласын орнатуды жауапкершілігі өте ауыр, нағыз мемлекеттік әрі Президент атсалысатын өте ауқымды іс деп қарайды. Сосын халық Елбасын Астананың архитекторы, ал Астананың өзін халқымыз: отан жүрегі, ұлттық рух пен сананың нәрі, еліміздің жаңаруының нышаны, жасампаз күш-қуаттың куәсі, жастарымыздың болашаққа деген зор үмітінің көрінісі, математикалық шешім, географиялық орталық, тоғыз жолдың торабы, стратегиялық ойлар мен ұмтылыстардың жемісі, өзгеріс локомотиві, күшті президенттік биліктің туындысы, мемлекеттің символы деп бекер айтып жүрген жоқ. «Халық айтса, қалып айтпайды деген» осы болар, сірә.

Астананың архитекторы демекші, болашақ елорданың орнын таңдау, оның ажарлы болуын, тұрғындарға жайлы, эстетикалық тұрғыдан мінсіз, сәнді де сәулетті, экологиялық тұрғыдан зиянсыз, көлік жүйесі жақсы дамыған, мәдени және спорт кешендерімен қамтамасыз етілген, халыққа толыққанды қызмет көрсететін инфрақұрылымы жасақталған, денсаулық сақтау жүйесі, білім беретін мектептері мен астанаға лайық университеттері бар, сырттан ресми немесе туристік сапармен, ия болмаса қызмет бабымен келетін қонақтарды түгелдей қабылдап алатын сапалы қонақүйлері жеткілікті, бір сөзбен айтқанда, адам парасаты мен еркіне мүлде тәуелсіз, өз бетімен жұмыс істеп тұратын гомеостатистік деңгейі бар болашақ мегаполисті жоспарлау үшін Президент көп ізденген, көп оқыған, әлемнің ең әйгілі деген сәулетшілерінің еңбектерімен жақын танысқан және қаланың жоғарыда сипатталған талаптарға толық сай келуі үшін, осы нысаналардың бәрін бетке алып, болашақ астана орталығын дамытудың бас жоспарының эскиз-идеясына ашық халықаралық конкурс өткізуге ұйғарым жасаған.

Бұл жөнінде Президент өз кітабында былай дейді: «Жарияланған конкурс жетекші өңірлік және әлемдік сәулет-қала құрылысы орталықтары арасында шын қызығушылық тудырды. Конкурсқа айтулы сәулет державаларынан және бұл тұрғыдан әлемге жайылған атақтары бар: Жапония, АҚШ, Австралия, Италия, Франция, Германия, Ресей, Финляндия, Корея, Болгария, Пәкістан, Польша, Чехия... сияқты елдерден елуден астам жоба түсті. Барлық жобалар Конгресс-холлға қойылды, сөйтіп олармен әркімнің танысуына толық мүмкіндік туды. Ұсыныстар топтамасының ішінен 27 жобалық әзірleme беделді жюридің қарауына іріктелді. Сөйтіп, конкурс қорытындысы бойынша, Қазақстанның бас астанасын салудың бас жоспары ретінде заманымыздың аса көрнекті сәулетшілерінің бірі – жапон концептуалисі Кисе Курокаваның (шын аты Нориаки деп біршама басқаша аталады) жобасы қабылданды».

Жюри мүшелері Кисе Курокаваны бекер таңдамаған. Өйткені ол – атақ-даңқы бүкіл әлемге кең жайылған, жүзден

жүйрік, мыңнан тұлпар шығатын әлемнің ең үздік сәулетшілер шоғырынан оқ бойы озық тұрған әрі іске асырған жобалары адамзат сәулет өнері жетістіктерінің алтын қорына енген ғаламат дарын иесі.

Қазіргі заманғы озық ойлы, заңғар сәулетші, Қазақстанның жаңа астанасын дамытудың Бас жоспарының авторы – Кисе Курокава өзі жасаған Астана қаласы құрылысының тұжырымдамасы жөнінде: «Жиырмамыншы ғасыр механикалық принцип үстемдік еткен дәуір болды, жиырма бірінші ғасыр Өмір Принципіне ауысқан дәуір болады. Өмірлік принциптің үстемдік ету тұжырымдамасы: метаболизм, жаңару, симбиоз, экология және жаһандық қоршаған орта сияқты тиекті сөздерден білінеді. Осы аталған тұжырымдаманы бойына сіңірген Астана ХХІ ғасырдың қаласы, симбиоздық қала болуға бейім» дейді.

Бүкілхалықтық мәні бар мемлеттік іске мемлекеттік деңгейден шешім қабылдау деп Елбасының дәл осы шешімін айтса болар. «Жақсы істің басына, жақсы келер қасына» деп дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Немесе «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деген белгілі мақал да қабылданған шешімдердің дұрыстығын дәл сипаттап тұрған сияқты. Бүгінде тұтастай құрылыс алаңына айналған Астана күн өткен сайын көркейе түсіп, еліміздің ең сәулетті қаласына айналып кетті. Бұл орайда мен мынаны айтқым келеді. Қызмет бабымен бұл қаланы 1999 жылдан бастап білемін. Онда бір жылға жуық тұрғаным да бар. Сол кездегі Астана бедері мен оның бүгінгі көркін (оның ішінде ЕХРО-2017 халықаралық көрмесінің сәулетті құрылыс кешендері де бар) салыстырсам, жер мен көктей айырмашылық көзге оттай басылады.

ҚАЗАҚСТАН СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ТАРИХИ БЕЛЕСІ

Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына кіретін 56 елдің (ол кезде Моңғолия бұл ұйымға әлі кірмеген болатын) Сыртқы істер министрлері 2007 жылы Мадридте бас қосып, Қазақстанның осы ұйымға 2010 жылы төрағалық ететіні жөнінде шешім қабылдаған сәтте, бір жағынан, мемлекетіміздің халықаралық аренадағы абырой-атағы мен мәртебесінің өскеніне бүкіл ел болып қуансақ, екінші жағынан, бұл шешімнің елімізге көрсетілген үлкен сенім ғана емес, зор жауапкершілік екенін де терең сезініп, тебіренгеніміз әлі ұмытыла қойған жоқ. Өйткені бұлай түйсінуге түрткі болған себептер де ол кезде баршылық еді.

Мәселен, сол кездерде 35 жылдық тарихы бар ЕҚЫҰ өзіне төрағаны, әдетте тек Батыс Еуропа елдері мен Солтүстік Атлантика аймағындағы АҚШ пен Канада секілді елдердің арасынан ғана таңдайтын. Ал кешегі Кеңес Одағы ыдырап, егемендігін жаңа ғана алып шыққан жас мемлекеттердің біріне ұйымның төрағалық тізгіні тие қояды деген ой ешкімнің өңі тұрмақ, түсіне де кірмеген-ді. Міне, сондықтан да болар, аталмыш ұйымға мүше елдердің ұзақ та қызу талқысынан кейін ұйым дәстүрінің сірескен сеңі бұзылып, консенсуспен қабылданған тарихи шешім мен таңдаудың әрі азиялық, әрі ТМД елдерінің бірі, әрі халқының басым көпшілігі мұсылман, әрі түркітілдес Қазақстан мемлекетіне бұйырған сәтте, әрине, Батыс әлемі қатты таңданып, қайран қалған болатын. Себебі дәл сол кезде төрағалыққа қол созып, одан дәмелі болған өзге мемлекеттер де жетіп артылатын.

Ендеше, сол кездегі ұйымға мүше елдерді түгелдей елең еткізген әлгі тосын таңдау мен саяси шешімнің астарында не сыр жатыр еді деген жұмбаққа үңіліп, ұйымның нысаналары мен мақсат-мүдделеріне сол уақыттағы еліміздің қауқары мен жауапкершілік әлеуетінің қаншалықты сай болғанын таразылап көрелік.

Біріншіден, атының өзі айтып тұрғандай, ЕҚЫҰ тек Еуропа аумағының шеңберімен ғана шектеліп отырған жоқ.

Себебі жаһандық форумға айналып үлгерген бұл ұйымның жауапкершілігіне қазір батыс жарты шардағы Ванкуверден бастап шығыс жарты шардағы Владивостокқа дейінгі еуроатлантикалық және еуроазиялық алып аймақтарда, нақтырақ айтқанда, үш континентте орналасқан елу жеті мемлекеттің әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық өлшемдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті ғана емес, сонымен қатар халқының саны бір миллиардтан асатын аталмыш географиялық кеңістіктегі өркениетаралық, мәдениетаралық, дінаралық және саяси үнқатысу мен сенім шараларын толассыз дамыту міндеті де қоса кіреді. Бұл тұрғыдан, ЕҚЫҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымынан кейінгі екінші орында тұрған алып үнқатысу алаңы.

Екіншіден, жоғарыда айтылғандардан бөлек, ЕҚЫҰ өзінің әріптестері саналатын Аустралия, Ауғанстан, Жапония, Корея Республикасы, Моңғолия, Тайланд және Жерорта теңізі маңындағы Израиль, Иордания немесе Африкадағы Алжир, Египет, Марокко, Тунис сынды мемлекеттердің де қауіпсіздігі мен сенім шараларын тұрақты дамытып отыруды көздейді.

Үшіншіден, ЕҚЫҰ Орталық Еуропа Бастамасы, Еуропа Кеңесі, Араб Мемлекеттерінің Лигасы, НАТО, БҰҰ сияқты ірі халықаралық бірлестіктермен қатар үкіметтік емес ұйымдармен де, сол сияқты, өзіне қажет білікті мамандар таңдау үшін әйгілі университеттер, ғылыми-зерттеу институттары және дипломатиялық академиялармен де тығыз байланыс орнатқан. Демек, ұйымның жаһандық ауқымы мен жауапкершілік жүгінің қаншалықты салмақты әрі зор екенін осы айтылғандардың өзінен-ақ біле беруге болады.

Ал енді жасы сол кездерде жиырмаға да толмаған егемен Қазақстанның ЕҚЫҰ сынды алпауыт ұйымды басқаруға әлеуеті жеткілікті болды ма деген сауалдың жауабын іздер болсақ, бірден басын ашып, кесіп айту керек, еліміздің экономикалық күш-қуаты да, саяси-дипломатиялық әлеуеті де, сол уақытқа дейін өзге аймақтық халықаралық ұйымдарды басқаруда жинақтаған тәжірибесі де ешкімнен кем емес

болатын. Мұны төмендегі дәйектер мен дәлелдер толығымен айғақтайды.

Біріншіден, Қазақстан бұрын Кеңес Одағының құрамындағы республикалардың бірі болған кездің өзінде де жер көлемі мен қойнауындағы табиғи қазба байлығының қоры жағынан Ресейден кейінгі екінші орынды иеленетін.

Екіншіден, экономикасының басты салалары болып табылатын тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, металлургия өндірісі, ғылым-білім әлеуеті мен адами ресурстарының сапасы жағынан да Қазақстан сол кездердің өзінде Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орында нық тұратын. Сосын Батыс елдері Қазақстанның ұлан-ғайыр байлықтың иесі екендігіне көзі жетпесе, кезінде елімізді Кеңес Одағының «нан себеті» деп атамаған болар еді ғой.

Үшіншіден, бүкіл әлем қауымдастығы секілді көнекөз Еуропа Қазақстанның егемендікке бет алған алғашқы сәтінде Президент Н. Назарбаевтың ядролық сынақтарға қарсы әлемде теңдесі жоқ батыл қадам жасап, бұрынғы Кеңес Одағының қырық жыл бойы бес жүзге тарта ядролық тажал сынақ өткізген, соның салдарынан мыңдаған адамның өмірін жалмап, қоршаған ортаға өлшеусіз зобалаң әкелген Семей ядролық полигонын жапқанын да және ядролық сынақтарға біржолата тыйым салып, бүкіл әлемге тың үлгі көрсеткенін де ұмыта қойған жоқ еді.

Төртіншіден, Қазақстанда орналасқан, көлемі жағынан әлемде төртінші орындағы ядролық арсеналдан Президент Назарбаевтың бас тартып, оны түгелдей жойып жіберуге шешім қабылдап қана қоймай, ол шешімін нақты іске асырғанын ғаламшардағы әйгілі саясаткерлер мен мемлекет басшылары да, ең абыройлы халықаралық ұйымдардың санатындағы ЕҚЫҰ да назарынан тыс қалдырмағаны шындық.

Бесіншіден, Қазақстан Президентінің сындарлы ішкі саясаты мен көпвекторлы сыртқы саясатының нәтижесінде елдегі инвестициялық климаттың биік деңгейге көтеріліп, әлемді жаппай шарпыған қаржы дағдарысының алдында сол кездегі еліміздің жалпы ұлттық ішкі өнімінің жыл сайын тоғыз-он пайыздан төмен түспей, экономикамыздың

үлкен қарқынмен дамып, Қазақстанның толағай табыстарға қол жеткізгені сырт көзден таса қалмағаны анық.

Алтыншыдан, халқымыздың әл-ауқатының тез көтеріліп, Қазақстанның шет елдермен дипломатиялық және саяси-экономикалық байланыстарының қарқынды дамып, саудасаттықты, әсіресе Ресей, АҚШ, Қытай сияқты алпауыт елдермен қатар, Еуропа Одағының, сол сияқты, Азияның ең қуатты мемлекеттерімен де, алыс-жақын мұсылман елдерімен де тез жолға қойып, дамудың демократиялық жолын таңдағаны ЕҚЫҰ назарынан тыс қалмағаны күмән тудырмайды.

Жетіншіден, батыс елдері Қазақстанның қуат көздерінің, нақтырақ айтқанда, мұнай-газ, көмір және ядролық отын қорының өте зор екендігін де, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін, әсіресе жоғары сапалы бидай мен ұн экспорттаудағы мүмкіндіктерін көріп, әлемнің энергетикалық әрі азық-түлік қауіпсіздігіне оң ықпал тигізе алатын әлеуетінің жеткілікті екенін де ескерді десек, шындықтан алыс кетпейміз.

Сегізіншіден, ЕҚЫҰ Қазақстанның Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздікті қалыптастыруға, оның ішінде Ауғанстанда орын алған шиеленістерді еңсеруге, аймақтағы қару-жарақ пен есірткі тасымалдауды ауыздықтап, лаңкестік топтарды тізгіндеуге де шамасы келетінін және халықаралық аренадағы мәмілегершілік тәжірибесінің де мол екенінен Батыстың хабары жеткілікті болды десек, артық айтқандық емес.

Тоғызыншыдан, ЕҚЫҰ Қазақстанның әлемдік геосаяси аренадағы орнына да жете мән берді. Төрағалыққа таңдау жасағанда ұйым Қазақстанның Еуропа мен Азияны жалғастыра алатын мүмкіндігі мол мемлекет екенін де таразы басына салып, оның тоғыз жолдың торабында орналасқан әрі ынтымағы мен бірлігі жарасқан көпэтносты, көпконфессиялы және, ең бастысы, ежелден ешкімді кемсітіп-шеттетпеген, рухани мәдениеті мен дәстүрі терең мемлекет екенін де жақсы білетінін анық байқатты. Мұны мына бір айғақ толық дәлелдейді.

2008 жылы ұйымның іс басындағы төрағасының мұсылмандарды шеттету-кемсітумен күрес жөніндегі жеке өкілі ретінде Варшавадағы Демократиялық институттар мен Адам құқықтары орталығының АҚШ үкіметімен келісе отырып жасақтаған арнайы бағдарламасына сәйкес, АҚШ-та болып, мемлекеттік органдармен қатар сол елде ресми тіркелген өкіметтік емес мұсылман ұйымдарының өкілдерімен кездесіп, аталмыш елде сол кездерде орын алған мұсылмандарға қатысты кемсітушілік пен шеттетудің ішкі-сыртқы сипатымен жақын танысудың реті келді. Әлгі ұйымдардың өтініші бойынша, көрген-білгенім мен ойға түйгендерімді жіпке тізіп, ешбір бүкпесіз әлемдегі адам құқықтарының сақталуын қызғыштай қорып, бақылап отыратын Вашингтондағы Хельсинки комиссиясының алдында ағылшын тілінде есеп бердім. Баяндама аяқталған соң алдымен сұрақтар қойылып, соңыра жарыссөздер басталды. Құрамына есімдері әйгілі 21 саясаткер (18 америкалық конгресспен және 3 билік өкілі) кіретін әлгі салиқалы комиссияның төрағасы – конгресспен Бенджамин Карден – тыңдауды қорытындылай келе, Қазақстандағы толеранттық дәстүрдің биік деңгейде екенін ерекше атап өтіп, бұл үрдістің басқа елдерге, оның ішінде АҚШ-қа да үлгі болатынын ақпарат құралдары өкілдерінің алдында жария етті. Ізінше, бұл ақпарат әлемге тарап кетті. Себебі әлгі тыңдаудың материалдары мен видео-мәтіні аталмыш комиссияның интернет сайтына бірден тіркелген болатын.

Оныншыдан, ЕҚЫҰ-ның Азиядағы аналогі болып саналатын әрі құрамына жиырмадан астам ірі-ірі мемлекет кіретін «Азиядағы Өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесінің» Президент Назарбаевтың бастамасымен дүниеге келгенін әрі ол кеңестің халықаралық беделінің жылдан-жылға өсіп келе жатқанын да, сонымен қатар Қазақстанның ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ТМД сияқты аймақтық халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі екенін де, тіпті әйгілі еуразиялық идеяның авторы да Қазақстан Президенті екенін ЕҚЫҰ өзіне төраға таңдарда біліп отырды. Мұның сыртында, ТМД елдерінің Қазақстанның төрағалығына

жаппай қолдау көрсеткені де ұйымға үлкен әсер етті. Демек, кезінде Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төраға болып бекітілуіне жоғарыда келтірілген факторлардың бәрі де шешуші роль атқарғаны дау туғызбайтын шындық.

Ал енді төрағалық тізгіні Қазақстанға тиген кезде ЕҚЫҰ-ның алдында қандай жауапкершілік пен міндеттер тұр еді және аталмыш ұйымның мүше елдердің алдындағы саяси салмағы мен беделі қандай дәрежеде еді деген мәселеге келетін болсақ, тағы біраз сырдың басын ашып айтуға тура келеді.

Біріншіден, Қазақстан тізгінді қолға алған кезде ұйымның дәстүрлі үш өлшемі болып табылатын әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық себеттерінің қай-қайсысында да түйіні шешілмей, қордаланып қалған мәселелер жеткілікті болатын. Олардың ішінде ұйым жауапкершілігіне кіретін мемлекеттердің бәрінің дерлік ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қатер төндірген Ауғанстандағы соғыс өрті немесе трансұлттық ұйымдасқан қылмыстар тобына жататын заңсыз жолмен қару-жарақ таратып пайда табу, тура сондай мақсатпен есірткі тасымалдау, сол сияқты адам саудасымен айналысатын мафиялық синдикаттардың, сыбайлас жемқорлық пен лаңкестіктің, халықаралық көлеңке бизнестің белең алуы немесе Днестр аймағындағы, Таулы Карабах пен Оңтүстік Кавказдағы созылмалы теке-тірестер мен жер дауына қатысты жанжалдардан туындайтын қауіп-қатерлерді тізгіндеу ұйым күн тәртібінің өзекті мәселелеріне айналған болатын.

Екіншіден, Қазақстан төрағалығының қарсаңында ұйымға мүше мемлекеттердің арасында дүрдараздық пайда болып, соның салдарынан ЕҚЫҰ беделіне сызат түсіп, тоқырау мен дағдарыстың кейбір белгілері сыр бере бастаған. Ол кездерде ұйымға реформа керек, әсіресе оның қауіпсіздік архитектурасын қайта жасақтап, оның тиімділігін арттыру үшін міндетті түрде ұйымның Жарғысын бекіту қажет немесе ұйым өзінің әскери-саяси өлшеміндегі қауіпсіздікке жете мән бермей, оны тасада қалдырып, экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға басымдық берді, сондай-ақ, гуманитарлық

өлшемде адам құқықтарына қатысты демократиялық құндылықтарға назарды көбірек аударып, тек соларды ғана қаузап беретін болды, алайда бұл өлшем бойынша, ұйымның, әсіресе Венадан шығыстағы елдерге бағытталған сын жебесі шамадан тыс жиілеп кетті деген сияқты өкпе-наздар ТМД елдерінің, оның ішінде, әсіресе Ресей тарапынан жиі айтыла бастаған. Сондықтан да Ұйымның беделін күшейтіп, Венаның батысы мен шығысында орналасқан мемлекеттер арасындағы қиыны кете бастаған сенім шараларын нығайту кезек күттірмейтін мәселеге айналған болатын.

Үшіншіден, түйіні шешілмей, қордаланып қалған мәселелердің соншалықты көбейіп кеткендігіне қарамастан, ұйымның 1999 жылдан бері бірде-бір саммит өткізбеуі аталмыш ұйымның дағдарыс пен тоқырау алдында тұрғанының айқын белгісі болатын. Ал жыл сайын тұрақты өткізіліп тұратын ұйымға мүше елдердің Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі үлкен роль атқарғанымен, өкілеттігінің шектеулі екендігімен байланысты, қабылдаған саяси шешімдері міндетті түрде орындауға келгенде тиісті құқықтық статусқа ие бола алмай, көбінесе тек декларативтік саяси шешім ретінде қабылданып, жылдан-жылға ауысып, қағаз бетінде ғана қалып қоя беретін. Тіпті 1999 жылы Стамбұл саммитінде қабылданған саяси шешім де жайына қалған. Ол шешім бойынша, ЕҚЫҰ саммиті әрбір екі жылда бір рет өткізіліп тұруға тиісті болатын. Бірақ одан бері көп жыл өтсе де, ұйым тым-тырыс жатты.

Төртіншіден, 2009 жылдың соңында, яғни Қазақстанның ұйым төрағалығын қолға алар кезі жақындаған кезде, бүкіл әлем секілді, ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер де ғаламшарды шарпыған қаржы дағдарысының құрығына ілініп, экономикалары ауыр күйзеліске ұшырап, тіпті біраз елдер мүлде тығырыққа тіреліп қалған еді.

Міне, дәл осындай мезгілде, 2009 жылдың желтоқсан айында, ұйымның іс басындағы төрағасы Грекия еліне ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері өз Кеңесінің кезекті отырысына жиналған болатын. Афинадағы Кеңеске Қазақстанның сол кездегі Мемлекеттік хат-

шысы әрі Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев қатысып, ұйымның іс басындағы келесі төрағасы ретінде сөз сөйлеп, Қазақстанның ұлттық лидері Президент Назарбаевтың 2010 жылы Астанада ЕҚЫҰ-ның кезекті саммитін өткізу туралы бастамасын жария етті. Бұл бастамаға бірінші болып қызу қолдау білдірген ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясының төрағасы әрі Португалия Парламентінің депутаты, бүкіл Еуропаға аты мәлім саясаткер Жоа Соарес Қазақстанның мәртебесін көтеретін өте бір маңызды мәлімдеме жасады. «Сырт көз – сыншы» демекші, өз сөзінде аталмыш саясаткер ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясы жұмысына өзінің жылдар бойы атсалысып келе жатқанын тілге тиек ете отырып, төрағалыққа Қазақстан секілді соншалықты үлкен дайындықпен келген бірде-бір басқа мемлекетті атай алмайтынын жасырмады. Айтса айтқандай-ақ, кеңеске қатысқан министрлердің басым көпшілігі де Қазақстан Президентінің ЕҚЫҰ саммиті туралы бастамасына ашық қолдау білдірді. Алайда Афинада өткен кеңестің қорытынды құжатына саммит туралы Қазақстан ұсынысын тіркеу үшін де кеңес мүшелерінің 100 пайыз қолдауы керек болатын. Сондықтан ұйымға мүше кейбір мемлекеттердің белгісіз себептермен іркілген, қалыс қалған немесе іштей қарсылық білдірген биік лауазымды дипломаттарымен нысаналы келіссөз жүргізу үшін және ұйымға саммиттің ауадай қажет екендігіне олардың көздерін жеткізіп, келісімдерін алу үшін еліміздің Венадағы Тұрақты өкілдігінің дипломаттары тастүйіндей жұмылып, Афинада салиқалы да батыл жұмыс жасады. Соның нәтижесінде күтілген нәтижеге де қол жеткізілді. Бірақ бұл алда күтіп тұрған одан да зор асуларды еңсеру үшін жасалған іс-шаралардың басы ғана болатын. Себебі саммиттің қажеттілігіне мемлекет басшыларының көзін жеткізу министрлердің келісімін алудан анағұрлым қиын екені айтпаса да түсінікті еді.

Сонымен, 2010 жылдың басында Қазақстан төрағалық міндетін атқаруға кірісіп те кетті. «Бітер істің басына жақсы келер қасына» демекші, ұйымның негізгі үш өлшемі бойынша іске асырылған қыруар да сансыз іс-шаралардың

қай-қайсысында да Елбасының басшылығы мен бағыт-бағдары тайға таңба басқандай сезіліп тұрды. Мәселен, жыл басында Австрия астанасы Венада Қазақстан басшылығымен өткен ұйымның Тұрақты кеңесінің алғашқы мәжілісі Президент Н. Назарбаевтың видео-үндеуімен ашылды. Бұл үндеу ұйымды басқарудың қазақстандық жол-картасы деуге әбден лайық еді. Өйткені бұл үндеуде Президент Н. Назарбаев Қазақстан төрағалығының аясында ұйымның әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық өлшемдерінде іске асырылатын іс-шаралардың бәрі де ұйымның беделіне қылау түсірмейтін төрт қағидаға, атап айтқанда, Сенімге (Trust), Дәстүрге (Tradition), Ашықтыққа (Transparency) және Төзімділікке (Tolerance) негізделетінін шегелеп айтты. «Айтылған сөз – атылған оқ» дегендей, жоғарыдағы қағидалар жыл бойы ұйым шеңберінде Қазақстан басшылығымен атқарылған барлық іс-шаралардың өзекті арқауына айналып, мүше-мемлекеттердің толық қолдауына ие болды. Себебі қандай бір мәселе талқыланбасын мүше мемлекеттердің ой-пікірлері толық ескеріліп, кез келген, шешім қара қылды қақ жарғандай, тек қана консенспен қабылданып отырды. Басқаша айтқанда, Қазақстан ешкімді алалаған жоқ немесе ешкімге бүйрегі бұрып, бұра тартқан жоқ. Есесіне, ұйымға мүше мемлекеттің алдында еліміздің сөзде тұратын ел екені толығымен дәлелденіп, абыройына абырой, беделіне бедел қосылды. Сол беделдің басты ұпайын Елбасының қатысуымен Алматы түбіндегі Ақбұлақта өткен ұйымға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің бейресми басқосуы әкелді. Олай деуге толық негіз бар. Өйткені министрлер Астанада ЕҚЫҰ саммитін өткізу туралы Президент Н. Назарбаевтың бастамасын өз мемлекеттерінің атынан бірауыздан қолдап, тарихи шешім қабылдады.

Қазақстан Парламенті Сенатының басшылығымен Алматыда өткен ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясының трансазиялық форумы да ерекше мәнге ие болды. Себебі форумның бір сессиясы түгелдей Ауғанстандағы соғыс өртін тоқтатудың ең тиімді жолдарын іздестіруге арналса, екінші сессиясы

Қырғызстандағы қанды қырқыстың салдарын еңсеріп, елдің мемлекеттігін қайта қалпына келтірудің тетіктерін белгілеуге бағышталды. Форум өз жұмысын қорытындылай келе, Ұйымның әскери-саяси өлшемі ауқымында іс басындағы төраға – Қазақстанның Ауғанстандағы шиеленісті әскери күшпен емес, тек қана гуманитарлық бейбіт тетіктермен еңсеру қажет деген соны ұстанымы мен Қырғызстанға қатысты өте жылдам қолға алған іс-шараларына оң баға берді.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығына бағышталған, Қазақстан Парламентінің бастамасымен сол кезде Санкт-Петербургте өткен парламентаралық конференция біздің елдің ғана емес, бүкіл ұйымның абыройын көтерген ірі қадам екені дау туғызбайды. Ұйымның беделін көтерген және екі үлкен шара – Астанада Елбасының тікелей қатысуымен өткен үшінші халықаралық экономикалық форум мен толеранттықа бағышталған кең ауқымды халықаралық конференция. Ал Елордада өткен жетпіс елдің басын қосқан Бүкіләлемдік рухани мәдениет форумы Қазақстанның ғаламшардың рухани жүрегіне айнала бастағанын паш етті.

Осы орайда, «Қой асығы демегін, қолыңа жақса сақа ғой, жасы кіші демегін, ақылы асса аға ғой» деген аталы сөз ойға оралады. Қазақ елі сол кезде он тоғыз жастағы албырт жігітке тән қайрат-күшімен сақа болуға да, аға болуға да әбден лайық мінез танытты. «Елу жылда ел жаңа» деуші еді дана халқымыз. Ал бүгінгі Қазақстан әлгі аталы сөзге түзету енгізіп, ақылмен басқарса, өте қысқа мерзімде де ел жаңартуға болатынын толығымен дәлелдеп шықты.

ХЕЛЬСИНКИ КОМИССИЯСЫМЕН БЕТПЕ-БЕТ

Бұл шара 2009 жылы қазан айында ЕҚЫҰ іс басындағы төр-ағасының толеранттық мәселелер жөніндегі үш жеке өкілінің аталмыш ұйым ұйымдастырған алғашқы бірлескен сапарына орай, АҚШ-тың Хельсинки комиссиясында «Толеранттықтың дамуы және ЕҚЫҰ аймағындағы түсінісу: үш жеке өкілдің рөлі» атты тақырып шеңберінде өткізілген болатын. Ол кезде осы жолдардың авторы Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты әрі Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының іс басындағы төрағасының аталмыш ұйым кеңістігіндегі мұсылмандарды кемсіту және шеттетумен күрес жөніндегі жеке өкілі, сол сияқты Италия Парламентінің депутаты Марио Мауро христиандардың құқын қорғайтын екінші өкіл, ал америкалық раввин Эндрю Бейкер болса, антисемитизммен күрес жөніндегі үшінші өкіл болатын.

Америкалық Хельсинки комиссиясының штаб-пәтері Вашингтонның Капитолий төбешігіндегі АҚШ Конгресінің ғимаратында орналасқандықтан, ЕҚЫҰ төрағасының жеке өкілдерімен байланысты шара да сол ғимаратта өтті. Күн тәртібінде ЕҚЫҰ кеңістігінде толеранттық идеяны ілгерілету және нығайту мәселелері тұрғандықтан, үш өкілмен бір мезгілде өткізілген әлгі тыңдауға аталмыш комиссияның мүшелерімен қатар АҚШ-тың ақпарат құралдарының өкілдері тайлы-таяғымен келіп қатысты.

Белгіленген тәртіп бойынша, мәжіліс залының төріне 18 сенатор мен 3 өкімет өкілінен тұратын Хельсинки комиссиясының 21 мүшесі келіп жайғасқаннан соң, комиссияның тең төрағалары, қос сенатор Алки Хэстингс пен Бенджамин Карден – ағылшын тілінде қысқаша кіріспе сөз сөйлеп, тыңдауды ашық деп жариялады. Тыңдаудың жұмыс тілі ағылшын тілі екені де қоса жарияланды.

Алғашқы екі баяндаманы өз салалары бойынша жоғарыдағы италиялық депутат Марио Мауро мен америкалық раввин Эндрю Бейкер жасады. Олар сәйкесінше, ЕҚЫҰ кеңістігіндегі христиандар мен еврейлерді кемсіту, шетте-

туге қатысты орын алып отырған құқық бұзушылықтар мен оларды еңсеру жолдары туралы жеке ойларын ортаға салды.

Америкалық конгресмендер мен өкімет мүшелерінің алдында үшінші болып сөз алған қазақстандық жеке өкіл ретінде мен де, ең әуелі, ЕҚЫҰ және АҚШ үкіметі келісе отырып қабылдаған бағдарламаға сәйкес, АҚШ-тағы мұсылман ұйымдары өкілдерімен көзбе-көз және алдын ала өткізген кездесулерім барысында бүге-шігесіне дейін айқындалған мұсылмандарды кемсіту, ия болмаса шетте-ту әрекеттерінің, әсіресе 2001 жылғы 11 қыркүйекте Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік сауда үйін мұсылман террористері жарды деген қауесет тараған сәттен бастап мүлде ушығып кеткеніне, атап айтқанда, мұсылман мешіттерін өртеп кету, мектептерін қирату, Құранды жағу, мұсылмандарды өлтіріп немесе өлімші етіп сабап кету, сондай-ақ қатардағы мұсылмандардың зекет беруіне қатаң тыйым салу, сол сияқты, олардың пәтер алу, жұмысқа тұру, білім алу, емделу, балаларын балабақша немесе мектепке орналастыру секілді әлеуметтік мүмкіндіктерден ажырап қалғанына комиссия мүшелерінің назарын аудардым. Сосын, АҚШ өкіметі мен Хельсинки Комиссиясына жеткізуімді өтінген мұсылман ұйымдарының ең негізгі аманаты да осы болғандықтан, баяндамам аяқталған кезде қағазға түсірілген әлгі аманатты комиссияның тең төрағаларына бірден тапсырдым.

Америка тарапына жоғарыдағыдай ащы сын айтылады деп мүлде күтпеген болуы керек, комиссия мүшелерінің бірі «Ұялған тек тұрмас» демекші, этносаралық және дін-аралық қатынастардың Қазақстандағы болмысы жайлы нақты ақпарат беруімді сұрады. Бұл сауалдың астары айтпаса да түсінікті болатын. Өйткені 2009 жылға дейін АҚШ-тың Хельсинки комиссиясы адам құқы жөнінде біздің елді сынап келген болатын.

Енді, міне, әлгі сынның мүлде негізсіз екенін дәлелдеудің керемет сәті түсті. Өйткені Қазақстан азаматтарының нәсіліне, тіліне және дініне қарамастан күллі құқықтарының бірдей екендігін және бұл қағиданың іргелі халықаралық заңдар мен Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары

жөніндегі қағидаларына негізделгенін де, сондай-ақ әлгі заңдылықтың Қазақстан Конституциясымен бекітілгенін де, адамды кемсіту немесе шеттету деген ұғымдардың бірлігі жарасқан 130 этностан тұратын еліміздің халқына мүлде жат екенін де, бүкілқазақстандық бірліктің бірегей үлгісін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) маңызды рөл атқаратынын да, сондай-ақ ұлтаралық және дінаралық бейбітшілік пен қоғамдық келісімді сақтау жөніндегі мемлекеттік саясаттың мызғымайтын іргетасқа негізделгені жайлы толыққанды мәліметті көлденең тарттым.

Шараға қатысушылар Қазақстанның адам құқы саласында қол жеткізген табыстарын жоғары бағалады және Ванкуверден Владивостокқа дейінгі аумақта ұлтаралық және дінаралық сыйластықты сақтау және ілгерілету жөніндегі Қазақстан тәжірибесінің әлемге үлгі екенін атап өтті.

Дәл осы айтылғанның дәлеліндей, сенатор Дж. Вайновичтің «Қазақстан өнегесі әлемдегі басқа мемлекеттер үшін үлгі бола алады» деген пікірімен келісе отырып, Хельсинки комиссиясы басшыларының бірі сенатор Б. Карден «Қазақстан басшылығының дана саясатын толеранттықтың бөсігі» деп атап өтті. Сосын, аталмыш тыңдауға қатысты толыққанды ақпарат Хельсинки комиссиясының ресми сайты арқылы күллі әлемге тарап кетті.

Жоғарыдағыдай миссиямен Канадада болған кезімізде де біз – жеке өкілдер – жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен, сондай-ақ министрліктер мен мекемелердің лауазымды қызметкерлерімен бірқатар кездесулер өткіздік. Ең бастысы, жоғарыда аталған жұмыстардың нәтижесі ЕҚЫҰ-ның Венадағы Тұрақты Кеңесінде де қаралып, толық қолдау тапты.

СУЫРТПАҚТАЙ СУЫРЫЛҒАН СҰХБАТ-КІТАП

Ұлт лидері – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Өмір өткелдері. Сұхбат кітабы» зиялы қауым мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің алдында тұсауы кесілгеніне де біраз уақыт болып қалды.

Бір демде оқылатын кең қанатты сұхбат-кітапқа үңілген бойда, оның дәл осындай пішім-форматын Елбасына хат жолдап, ұсыныс жасаған қаламы қарымды қаламгер, ғалым, саясаткер әрі еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанның» бұрынғы президенті Сауытбек Абдрахманов екені бірден көзге шалынады. Себебі «Өмір өткелдеріне» жазған алғы сөзіне Елбасы әлгі ұсыныс-хаттың толық нұсқасын енгізе отырып, былай дейді: «Бұл – журналист Сауытбек Абдрахмановтың осыдан бірер жыл бұрын менің атыма жолдаған жазбасы. Жазбаны алған соң біраз ойланып жүрдім. 1991 жылы, Тәуелсіздік жарияланғанға дейін Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан жарық көрген «Әділеттің ақ жолы» деген кітабымда өмірбаянымның өткелдері жайында біршама әңгімелеген едім. Одан бері де ширек ғасырдай уақыт өтті. Өмір өзгерді. Сана өзгерді. Кейінірек шыққан «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан жолы» кітаптарымда, негізінен экономиканың, саясаттың мәселелері қозғалды. Оларда өзім туралы әңгімелеп жатуды артық көрдім. Сауытбек ұсынған сұхбат жанры өз бетіңше қозғаудың кілтін таба бермейтін жайларды айтуға жақсы мүмкіндік жасайды екен...».

Осы арада сәл ғана шегініс жасап, сұхбат-кітапқа қатысты Елбасына жолданған жоғарыдағы журналист жазбасының бір түйірін оқырманға ұсына кету артық болмас. Хат иесі өз ойын былай түйіндепті: «Тиісті әдебиетпен тыңғылықты танысу барысында Сіздің ғибратты ғұмырыңыз, елмен етене өміріңіз, тағдырыңыздың тартысқа, тіреске толы тұстары, еліміздің егемендікке жету жолы, қирандыдан, құландыдан мемлекет құру, Қазақстанды аз жылдың аясында алыс та, жақын да, Батыс та, Шығыс та мойындайтын, санасатын, құрметтейтін елге айналдыру, жер-жаһанға таныту, қазақ-

тың есіктегі басын төрге, төр болғанда да Еуропаның төріне шығару, ЭКСПО сынды жаһандық көрме өткізу құқын дүние дидарындағы небір мықты мемлекеттермен тартыса тартып алу, елді әлемдік қаржы дағдарысы қыспағынан бірнеше рет алып өту, экономиканы қуатты, саясаты тұрақты, таңы тыныш ататын, кеші тыныш бататын, халқы ұйқыға алаңсыз жататын, ертеңіне сенетін, ел бастаған ерге екі тізгін бір шылбырды беретін, қиындықты да, қуанышты да бірге көретін ынтымақшыл ел жасау жолында қиямет-қайым қиын әрі қасиетті тарихымыз туралы ақ жарыла, ақтарыла ой толғауыңыз әбден орынды, тіпті қажетті екендігіне көзім бұрынғыдан да жете түсті. Сіздің өз өміріңіз туралы әңгімеңізді, адам, заман, қоғам туралы ойларыңызды бір кітапта жүйелеп айтып шығуға, қандай тақырыпты да емін-еркін баяндауға мүмкіндік беретін сұхбат жанры ыңғайлы келеді... Сіздің өміріңіз жайындағы әңгіме ең алдымен жас оқырмандар үшін керек...».

Ия, қыбы табылып, нысанаға дәл тиіп жатса, сөзді сөз қозғайтыны да, ойды ой жалғайтыны да шындық. Бұл шындықтың айқын дәлелі «Су түбінде асыл тас жел толқытса шығады, ой түбінде асыл сөз шер толқытса шығады» деген халық даналығынан да, сұхбат-кітаптың өн бойынан да тайға таңба басқандай айқын сезіледі.

Үлкен тереңдіктен шымырлап шыққан мөлдір қайнақтай, «Өмір өткелдерінде» Елбасының жеке басының болмыс-бітімі мен ғұмырының бел-белестері ғана емес, кейінгі жетпіс бес жылдағы ел тағдыры мен жер тағдырының трагедия мен драмаға толы тарихи кескіні де, маңдайға бақ болып қонған егемендігінің көлеңкесі мен күншуағы да көз алдыға ақтарыла келіп тұра қалады. Сондықтан да терең тағылым мен өнегеге толы бұл шығарманы өмір жолын металлург болып бастап, ауырлығы зіл-батпан сол мамандықты намысын мұқатпай, үнемі жани отырып, шыдамға байлаған табандылықпен шегіне жеткізе игеріп, игеріп қана қоймай, өзі де құрыштай болып құйылып, ғұмыр бойы тірнектеп жиған білімі мен білігінің, адами қасиеті мен кәсіби тәжірибесінің арқасында заман сынақтарынан сүрінбей өтіп, саясат

сахнасына емін-еркін көтерілген, қоғамдық жұмыстар мен ел басқарудың қыр-сырын қоса бағындырып, ел сенімін абыроймен ақтап, бірнеше мәрте Ел Президенті болып сайланған Ұлт көшбасшысы мен өз кәсібінің шыңына жеткен қаламгердің арасында сәтті шыққан сындарлы сұхбаттың сирек те сапалы симбиозы деуге әбден лайық.

«Ата көрген оқ жанар» демекші, «Өмір өткелдерінің» бас кейіпкеріне ата-бабаларынан қонған тылсым қасиеттермен қатар, әке қаны, ана сүтімен дарыған тектілік пен кісілік, адалдық пен ұлтжандылық, намыс пен жігер, алғырлық пен өжеттік, сол сияқты, отбасында бармақтайынан көріп өскен еңбекқорлық пен төзімділік, өзге этнос өкілдеріне деген құрмет пен ілтипат, тел қозыдай тең емген ана тілі мен орыс тіліне жүйріктік, үлкенге деген құрмет пен кішіге деген ізет, ағайын-туысқа деген мейірімділік пен достыққа деген адалдық секілді құндылықтар молынан дарыған. Сондай-ақ ұлттық құндылықтардың төресі саналатын мақал-мәтелдерге, шешенсөз бен көсемсөзге, ән-жыр мен домбыраға, сол сияқты, таза ұлттық ойындармен қатар, альпинизм, тау шаңғысы, гольф пен үлкен теннис сияқты заманауи спорт түрлерін түгел бағындырып, орайы келгенде, әзіл-оспақ пен анекдоттың да түбін түсіретіндігі сұхбат-кітапта шынайы көрініс тапқан. Және, ең бастысы, мемлекеттің сыртқы саясаты мен дипломатиялық мүдделерін қорғауға ауадай қажет мәмілегерлік шеберлік пен дінаралық кикілжіңдер мен халықаралық жанжалдарды тежеуге бағытталған бітімгерлік талант, ұлтымыздың рухани қазынасынан тамыр тартатын парасаттылық артық бояусыз сипатталады.

«Тіл – тиексіз, ой – түпсіз» демекші, туындының өн бойынан алымды журналистің ілмек сұрақтарының Елбасынан ілкімді жауаптарын суыртпақтай суырып, ой мен сөздің арнасын үнемі ағытып жіберетіні ғана емес, сөздің көзін дәл тауып, келесі эпизод лектеріне жетелеп отыратыны да айқын сезіледі.

Шындығында, «Қалауын тапса, қар жанар» демекші, қыбы табылып, қисыны келіп жатса, ойды ой қозғап, сөзден сөз туатыны да қалтқысыз шындық. Ал олай болмаған жағ-

дайда айтылатын асыл сөздің ой түбінде іркіліп, нысанаға жетпей қалуы да ғажап емес. Ондайда сөздің атасы өліп немесе жетім қалып жататыны да рас. Ал сәтімен тарқатылған бұл сұхбат-кітап болса о баста көзделген нысанаға дөп тиген.

Сосын, бұл ғибратты туындыдан, әсіресе жастардың ұлан-ғайыр өнеге алатыны еш күмән тудырмайды. Өйткені бұлай деуге толық негіз бар.

Біріншіден, «Өмір өткелдерінің» мұқият жүйеленген форматы аясына Елбасының жастар үлгі аларлық балдәурен балалық шағы да, тай-құлындай тебісіп, қатар өскен құрбы-құрдастарына деген мөлдір сезімі де, алғаш әліппені үйретіп, біліммен сусындатқан мектебі мен ұстаздарына деген сүйіспеншілігі де, жалындаған романтикаға толы жастық шағы да, пәни дүниеден демалыс дегеннің не екенін білмей өткен және ешкімнің ала жібін аттамай, адалдықты ту етіп, бала-шағасын тек тынымсыз еңбек пен маңдай тердің жемісімен ғана асырап, ел қатарына қосқан, сол үлгісі үшін де айналасының сый-құрметіне бөленген ата-анасына деген орны толмас сағынышы да, өзімен бірге туған қарындас-бауырларына деген ыстық мейірімі де, табиғаты сұлу Алатау баурайындағы масатыдай құлпырған атақоныс жайлаулар мен әкесінің ізі қалған тау жолдары мен мөлдір өзен-бұлақтарына күні бүгінге дейін табы басыла қоймаған ынтықтығы да, тіпті балалық шағының аспаны да артық бояусыз, әсерлі баяндалады.

Екіншіден, сұхбат-кітапқа зер салған жастар ғана емес, көзі ашық, көкірегі ояу өзге оқырман да, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың «Егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жең болмас» деп, егіле күткен азаттығының елең-алаңыда болашақ ұлт лидерінің өз қатарының арасынан суырылып шығып, ел басқару үдерісіне ерте араласып, араласып қана қоймай, халқының өз таңдауымен өзіне сеніп тапсырған билік кемесінің тұтқасын түзу ұстап, соқтықпалы тарих бұралаңдарының қалтарысында қайрандап қалмай, бірегей жол тапқан әрі елі мен халқын тар жолдан аман-есен алып өтіп, қысқа тарихи мерзім ішінде қауқарлы экономикасы бар өр-

кениетті мемлекет құрған сасаткер тұлғаның болмыс-бітімінің қыр-сырымен толық таныса алады.

Сонымен қатар «Өмір өткелдерінің» мұқият жүйеленген формат аясының кеңдігі сондай, сұхбатқа бүгінгі Ұлт көшбасшысының тек өзі ғана емес, Сталиндік репрессияға шарпылған көпэтносты өскен ортасы мен романтикаға толы, арман қуған есейген шағында Украина жерінде өзімен бірге металлург мамандығын игерген қимас достары да, алғашқы махаббаты да, ауыр еңбектің ащы терімен өзін құрыштай шыңдап, лидерлік қасиет дарытқан Теміртау мен Қарағанды да, дарыны мен іскерлігін еріксіз мойындаған Кремльде, шаңырағы бір сәтте опырылып, ортасына түскен Кеңес өкіметінің әлжуаз басшылары да, ата-бабамыздың ғасырлар бойы армандаған егемендік таңы да сұхбат-кітапқа бірге қатысып отырғандай әсер қалдырады.

Қаламгер Елбасынан суыртпақтай суырылатын ақпараттың ауқымдылығын ескере отырып, біріншіден, мәселенің жан-жақты талқылануын барынша қамтамасыз ету үшін, екіншіден, Елбасының уақытын үнемдеу үшін, кітапқа қажетті дәйектерді Президенттің бұрын жарық көрген төл туындыларымен қатар, әр кездерде отандық өзге лауазым иелерімен, сондай-ақ шетел президенттерімен немесе алпауыт мемлекеттердің сыртқы саясат тізгінін ұстаған ресми тұлғаларымен жүргізген келіссөздерінде тіліне тиек болған жанды сілтемелері мен толыққанды жазбаларын үлкен ұқыптылықпен үйлестірген.

Айтса айтқандай-ақ, бұл уәждің шындығына көзді айқын жеткізетін дәлелдер мен дерек көздері кітапта жыртылып айырылады. Олар өз туындысына Елбасының өз қолымен жазған алғы сөзінде де, сұхбат жүргізушінің сан қилы сұрақтарына тікелей берген өзекті жауаптарында да мен-мұндалап тұр.

Өте сәтті шыққан туындының ұтымды қыры ретінде сұхбат жүргізушінің Елбасымен болған күллі әңгіменің қылын қисайтпай, кәсіби шеберлікпен қағазға дәл түсіріп қана қоймай, талқыланған дүниелердің ішкі мазмұны мен мақсаттарына сәйкес, көздеген нысанаға дөп тигізетін

«Ұшқан ұя ұлағаты»; «Құрыштың құйылуы»; «Теміртау – алтын бесік»; «Кемелдену кезеңі»; «Тоқырау тұсында»; «Сергелдеңнің соңы»; «Сын сағаты соққанда»; «Тәуелсіздік табалдырығында»; «Егемендіктің елең-алаңы»; «Тажалды тұншықтыру»; «Конституция үшін күрес»; «Шекараны шегендеу»; «Сыртқы саясат соқпақтары»; «Тар жол, тайғақ кешу»; «Нұрлы жол» және «Астана – елдік ерлігі» сынды айдарларының өзі сөйлеп тұрған 16 тарауға жіктеп, хронологиялық тұрғыдан үлкен шеберлікпен мұқият жүйелегенін айту лазым.

Шындығында да, сұхбат жүргізудің хас шебері, мемлекеттік қызметтің сан сатысынан ысылып өткен белгілі саясаткер ғалым Сауытбек Абдрахманов – қаламы жүйрік жазушы ғана емес, сонымен қатар әсіреқызылдыққа бой алдырмайтын британдық «Financial Times Times» газетінің ұстанымына толық сай келетін шынайы да сапалы журналистиканың хас шебері.



ҚАЗАҚСТАН ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

Біріккен Ұлттар Ұйымының кейінгі деректері бойынша, Сирияда орын алған гуманитарлық апаттың салдарынан 400 000 адам опат болып, олардың ішінде 16 000 бала қаза тапқан. Елдің инфрақұрылымы есепсіз шығынға ұшырап, күллі қаласы күйреп қалды. Миллиондаған адам баспанасынан айырылып, көрші мемлекеттерге босып кетуге мәжбүр болса, және жеті миллион адам ел ішінде аш-жалаңаш қаңғып жүр.

2012 жылы Сирияда басталған қантөгіс шиеленістен бергі уақытта Қазақстан бұл дағдарысты әскери қарудың күшімен емес, тек дипломатиялық жолмен ғана шешуге болатынын әлем жұртшылығына әлденеше рет жария еткен және бұл тұрғыда өз тарапынан нақты іс-шараларды қоса қолға алған-ды. Бұлай деуге толық негіз бар. Мәселен, 2012 жылы Президент Н. Назарбаев Сириядағы бүлікті бейбіт жолмен тоқтату үшін қарсылас тараптарды келіссөздерге шақырып, оларға Қазақстан жағынан барлық көмек көрсетілетінін мәлімдеген болатын.

Айтса айтқандай-ақ, 2014 жылғы мамыр айында Қазақстан Сириядағы оппозиция өкілдерінің бірінші тобын қабылдап, дағдарысты дипломатиялық жолмен шешуге бағытталған дөңгелек үстелді өткізуге бастамашы болса, 2015 жылы екінші дөңгелек үстелдің сәтті өтуіне де толық жағдай жасаған еді. Соңғы шарада қол жеткен келісімдердің арқасында қоршауда қалған мыңдаған адамның босап шығуына мүмкіндік берген арнайы дәліз ашылған-ды.

Әлем қауымдастығы, сонымен қатар Қазақстанның өзге мәмілегершілік қырларымен де жете таныс. Атап айтқанда, Иран ядролық бағдарламасын бейбіт бағытқа бұру, сондай-ақ Ресей мен Украина арасындағы кикілжіңді бәсеңдету, сол сияқты, белгілі уақиғалармен байланысты Ресей мен Түркия арасында күрт өршіп кеткен саяси шиеленістердің түйінін шешіп, екі елді қайта татуластыруға бағытталған салмақты бітімгершілік саясаттың жемісті болуына да Қазақстанның үлкен үлес қосқаны әлі ұмытыла қойған жоқ.

Енді, міне, 2017 жылдың 23 қаңтарында Ресей, Түркия және Иран тараптарының бастамашылдығымен Астана Сириядағы соғыстың бейбіт жолмен тоқтатылуына атсалысатын және бір халықаралық үнқатысу алаңына айналғалы тұр. Өйткені Ресей Президенті Владимир Путин мен Түркия Президенті Таип Эрдоған ортақ мәмілеге келіп, Сирия басшылығы мен ондағы оппозиция өкілдерінің басын қайта қосып, Женевада үстіміздегі жылы ақпан айында өтетін келіссөздердің алдында қарулы қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге үлес қосуы мүмкін және бір маңызды кездесуді алдын ала өткізу үшін тағы да Астананы таңдап алды. Президент Н. Назарбаев бұл бастамаға да жан-жақты қолдау көрсететінін бірден мәлімдеді.

Бұл орайда ерекше атап өтетін мәселе мынау. Жоғарыда аталған үш мемлекеттің үшеуі де бұл келіссөздің сәтті өтуіне өте мүдделі. Себебі Ресей мен Иран – о бастан-ақ Сирия Президенті Башар Ассадқа қолдау көрсетіп келген мемлекеттер. Алайда аталмыш келіссөздің нақты орын алуына Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың қайта қалпына келуі негізгі себеп болып отырғаны күмәнсіз.

Алайда Астанада өтетін келіссөздерге Сириядағы оппозиция өкілдерінен кімдер қатысады деген сауалға біржақты жауап беру мүмкін емес. Өйткені бүгінгі Сирияның әскери картасына жете мән берген адамның ондағы ашық қызыл түспен боялған Президент Башар Ассадтың бақылауындағы территориялармен қатар, қара түспен де, сары түспен де, жасылмен де, көкпен де, тіпті өзге түстермен де боялған лаңкестік топтардың уысындағы территориялардың бар екенін байқамауы мүмкін емес. Сосын лаңкестердің арасында етек алған алауыздық, әсіресе Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынастардың қайта жандана бастаған сәтіне дөп келгені жасырын емес. Себебі Ресей мен Түркияның әуе күштері бүгінгі таңда бүлікшілерге бірлесе соққы беріп жатыр. Соның нәтижесінде Башар Ассадтың армиясы басымдыққа қайта ие болып, көптеген террористік топтармен қатар олардың басшылары да бірге жойылуда.

Енді Астанада өтетін келіссөздердің нәтижесі қандай болады деген мәселеге келер болсақ, біріншіден, ашық ақпа-

рат көздерінен көріп отырғанымыздай, Башар Ассадтың қарсыластары өткен айда Алеппода жеңіліс тапқаннан бері олардың арасындағы алауыздық пен жікке бөлінушілік бұрынғыдан бетер өршіп кеткен. Сондықтан олардың басы енді қайта біріге алмайды және осы уақытқа дейін өздері иелік етіп келген территорияларды бұдан былай олар қорғай да алмайды. Оның үстіне, қаңтардың жиырмасында АҚШ билігін қолға алған Президент Дональд Трамп өзінің 16 минуттық қысқа да нұсқа ресми сөзінде әлемдік терроризммен түбегейлі күресетінін және оларға Америка тарапынан бұдан былай ешбір көмек берілмейтінін ашық мәлімдеді. Бұл мәлімдемелің Сириядағы жалдамалы лаңкестерге үлкен соққы болып тигені күмән тудырмаса керек. Сондықтан, халықаралық сарапшылардың пікірінше, Астанаға Сирия өкіметінің өкілдерімен келіссөз жүргізуге Ассад билігімен соғысып жүрген «Еркін Сирия Армиясы» деп аталатын қарулы топпен байланысы бар ұстамды оппозиция өкілдерінің басым көпшілігі келеді деп күтілуде. Алайда жиһадист топтармен қатар Сирия курдтарының өкілдері Астана келіссөзіне шақыру алған жоқ.

Ресей АҚШ-тың жаңа билігінің өкілдерін Астана процесіне қатысуға шақырған болатын, бірақ ол тараптың қатынасатыны жөнінде әзірге еш мәлімет жоқ. Сонымен қатар, Сириядан келіссөздерге қатысатын оппозиция өкілдері Астанада саяси мәселелердің талқыланбауын қатаң талап етіп, басты назарды Сирия аумағында күллі соғыс өртін тоқтатуға аудару қажеттігін өтініп, олай болмаған жағдайда келіссөздерге қатыса алмай қалған өзге саяси күштердің мүдделеріне нұқсан келетінін көлденең тартып отыр.

Қалай болғанда да, Астана келіссөздерінің басты мақсаты Сириядағы алапат соғыс өрті мен гуманитарлық апатты біржолата тоқтатуға бағышталған Женевада алдағы уақытта өтетін шешуші келіссөздердің алғышартын жасау болып табылады. Ендеше, барлық тараптар мүдделі болып отырған бұл келіссөздердің Астанада өтетінін жақсы нышанға балап, оның табысты болуын тілеу артық емес.

2017 жыл

БІТІМГЕРЛІК БОЛМЫСТЫҢ СИПАТЫ

*Кез келген соғыс бейбітшілікпен,
келіссөздермен аяқталады, тарих солай.*

Нұрсұлтан Назарбаев

«Деловой мир» баспасынан жарық көрген, Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметтің 25 жылдығына бағышталған «Бітімгер: Сирия түйіні» атты жаңа туынды, ішкі астары мен мәнін айдарының өзі айқындап тұрғандай, белгілі дипломат Нұрлан Онжановтың бұрын жариялаған «Бітімгер» атты кітабының табиғи жалғасы деуге лайық. Өйткені соңғы туынды да Ұлт лидері – Президент Назарбаевтың көпвекторлы сыртқы саясатының өзекті бағыттарын мүлт жібермей, оның ішінде, әсіресе Таяу Шығыстағы берекесі кеткен бейбіт өмір мен күллі әлем қауіпсіздігіне қатер төндіріп отырған қанды шиеленістер мен сын-қатерлерді ауыздықтауға бағытталған, сондықтан да әлем қауымдастығының оң бағасын алып келе жатқан Елбасының бітімгерлік ұстанымының қыр-сырын ашуды көздейді. Ал шындығында, бұл кітапқа тереңірек үңілген оқырман, сонымен қатар Президенттің бітімгерлік болмысының, әдетте сырт көзге көріне бермейтін қырлары мен дипломатиялық амал-тәсілдерінің де автор назарынан тыс қалмағанын анық байқайды.

Айтса айтқандай-ақ, үш бөлім, алты тарау және қосымшадан тұратын екінші кітапта Сирия дағдарысы мен көп жылға созылған күрмеуі тастүйін болып қалған жанжалды реттеу жолында әрекеттеніп жүрген әр түрлі тараптардың іс-қимылдары мен Қазақстанның бұл дағдарысты реттеудегі салмақты да салиқалы ролі, атап айтқанда, Түркия мен Ресей арасындағы аяқ астынан ушығып кеткен кикілжіңдер салдарынан әлгі мемлекеттердің арасындағы ұзақ жылдар бойы қалыптасқан достық қарым-қатынастардың бір сәтте тез суып, мүлде үзіліп қалуға таяп қалған кезде, әлгі мемлекеттерді райынан қайтқызып, ымыраға келтіріп, қайта татуластырудағы, Н. Назарбаевтың бітімгерлік шеберлігі,

сондай-ақ Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болуға мүмкіндік берген екі жылдық мандатты өзге бәсекелестермен сайыса жүріп, Қазақстанның жеңіп алуы, сонымен қатар әлемдік ақпарат құралдарында бүгінде «Астана процесі» атанып кеткен Сирия дағдарысына байланысты Женевадағы келіссөздердің тетіктерін алдын ала айқындауды көздейтін және аталмыш соғыс өртіне белсене араласып отырған, бірақ түпкі мүдделері әр қилы тараптардың пікір алмасуына еркін де толық мүмкіндік беруге өз алаңын ұсынған Қазақстанның арағайындық ролі бүге-шүгесіне дейін сипатталған.

Сосын, осы тұста тілге тиек болып отырған автор туындысының ұтымды сипатының тағы бір қыры ретінде және бір дәйек пен дәлелді атап өтудің реті бар. Ол – Елбасының бітімгерлік дипломатиясының халықаралық аренада тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де нақты қадамдармен тиянақталып, әлем қауымдастығы тарапынан үнемі қолдау тауып отыратындығы. Мәселен, сөз соңынан кейінгі қосымша бөлімінде кітаптың авторы Сирия шиеленісінің тастүйіндерін шешуге тікелей атсалысқан Президент Н. Назарбаевтың: Вашингтонда 2016 ж. 31 наурыздағы халықаралық бейбітшілік үшін Карнеги Қорында сөйлеген сөзін; Манифест. «Әлем. ХХІ ғасыр»; Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанның ислам әлеміндегі татуластық жөніндегі бірлескен декларациясын; БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы 7855-отырысында қабылданған 2336-қарарын; Иран, Ресей, Түркияның Сирия жөніндегі Астана-3 халықаралық кездесуінің қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдемесін; Астана қаласында 2017 жылы 3-4 мамырда қабылданған Сирия жөніндегі халықаралық кездесулердің төртінші раундының қорытынды коммюникесін; Женева қаласында 2012 жылы 30 мамырда өткен Сирия жөніндегі «Іс-қимыл тобының» қорытынды коммюникесін; Ыстамбұл қаласында Қазақстанның 2017-18 жж. кезеңіне БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде өкілеттіктерінің басталуына орай, Қазақстан Пре-

зиденті Н. Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне бағыттаған саяси үндеуін; қауіпсіз, әділ және өркендеген әлем құру үшін жаһандық әріптестікті нығайту жөніндегі Қазақстанның тұжырымдамалық көзқарасын; Қауіпсіздік Кеңесінің 2015 жылы 18 желтоқсанда 7588 отырыста қабылданған 2254 (2015) қарарын және Астана қаласында 2017 жылы 3-4 мамырда қабылданған Сирия жөніндегі халықаралық кездесулердің төртінші раундының қорытынды коммюникесі секілді ресми құжаттарды өте орынды келтірген. Өйткені бұл құжаттарсыз Ұлт лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың көпвекторлы сыртқы саясатының өзекті арқаулары көлеңкеде, оқырман назарынан тыс қалып қойған болар еді. Сондықтан да жоғарыда аталған құжаттар туындының мазмұнын толықтырып, автор қолға алған тақырыптың мәнін жан-жақты ашып тұр.



КАНАДАЛЫҚ ҒАЛЫМ ПАЙЫМДАҒАН АСТАНА

Франк Альбо Ұлыбританияның әлемге әйгілі Кембридж университетінде байырғы Таяу Шығыс тілдері мен тарих мамандықтарын қатар игеріп, сол жоғарғы оқу орнында архитектура тарихы бойынша докторлық диссертация қорғаған. Бүгінде ол – білікті маман ретінде, Канаданың мемлекеттік Виннипег университетінің профессоры ғана емес, сонымен қатар өзінің кәсіби мамандығын, үзбей ұштап, үнемі тереңдетіп келе жатқан әлемге танымал ғалым. Ашық ақпарат көздерінен байқалып отырғандай, Франк Альбоның қаламынан туған «Герметикалық код» («*Hermetic Code*») атты монографиясы ғылыми құндылығы жағынан санаулылардың санатына қосылған зерттеу жұмысы екені көзге ұрып тұр.

Енді, міне, таяуда ғана айтулы ғалымның «Астана: Архитектура, Миф және Тағдыр» («*Astana: Architecture, Myth & Destiny*») атты және бір салиқалы туындысы жарық көрді. Ғылыми таным тұрғысынан тағылымы терең әрі ағылшын тілінде үлкен тиражбен шығарылған бұл монографияның алғашқы басылымы канадалық оқырмандар сеніміне бірден ие болып, демде сатылып кеткен.

Айтса айтқандай-ақ, автордың жаңа кітабында сәулеті мен дәулеті жарасқан Астананың, алғашқы қазығы қағылған сәттен бастап, бүгінге дейін екпінді өрістеп келе жатқан дизайнерлік, сондай-ақ архитектуралық ерекшеліктері ғана емес, сонымен қатар жасампаз қала келбетіндегі байырғы символдар мен мифологиялық параллельдері де кереметтей үйлесім тапқан. Автор әлгі параллельдердің бүге-шігесін сараптап қана қоймай, оларды зерделеу барысында өзі түйген тұшымды да терең пікірлерін нақты фотографиялық дәйектермен өте шебер дәлелдеп отырады.

Тума талант иесі, профессор Фрак Альбоның жаңа туындысының Астанадағы алғашқы таныстырылымы маусым айының бірінші онкүндігінен бастап, күллі әлем наза-

рын өзіне тартып алған жаһандық «EXPO 2017» көрмесінің кезінде ұйымдастырылған Халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде өтті. Бұл шаралар туралы қысқа да нұсқа танымдық хабарлармен еліміздің орталық ақпарат құралдары, оның ішінде, телеканалдар да бар, оқырман мен көрермен қауымды дер кезінде құлақтандырып үлгерді.

Оқырман ретінде жаңа кітаптың ішкі мазмұнымен сәл ертерек танысуыма Қазақстан Республикасының Канададағы Төтенше және өкілетті елшісі Константин Жигалов себепші болды. Шындығын айту керек, бұрын атын да білмейтін бейтаныс ғалым туралы елші сырттай мәлім еткен кезде, планетаның сонау қиыр солтүстігінде жатқан алып Канаданың айтулы ғалымы елордамыз Астана туралы қалам тартып жүргеніне ішім жылып қалғанын жасырмаймын. Франк Альбоға бірден интернет арқылы хабарласып, сұхбаттаскеткенде, оның ашық-жарқын азамат екені анық байқалды. Сосын, канадалық қаламгер мақсат-мүдделерінің мәнжайын қысқаша түсіндіріп қана қоймай, жобадағы кітабының кейбір фрагменттерін маған алдын ала салып жібергенді. Енді, міне, халықаралық көрме барысында оқырман қауымға аталмыш шығарманың ағылшын тіліндегі толық нұсқасы да таныстырылды.

Салмақты ғылыми туындымен жете таныса келе, әлемдік архитектура тарихының білікті маманы Франк Альбоның Қазақстан мен Астананы бекер таңдамағанына тәнті боласың. Жаңа кітапта кез келген оқырманды қызықтырып қана қоймай, таңдандыратын дүниелер де жеткілікті.

Біріншіден, аталмыш монографиясын жазу үшін канадалық ғалым елімізге бірнеше мәрте келіп, тек Астана ғана емес, еліміздің байырғы тарихы туралы да арнайы зерттеулер жүргізіпті. Алматы облысындағы Тамғалының сырын зерделеп, ондағы жартас беттеріне салынған көне петроглифтер мен Канаданың Манитоба провинциясы аумағында ескі дәуірлерде өмір сүрген байырғы «үндістердің» жартастарға таңбалаған өнер туындыларының

арасындағы ғажап ұқсастықтарды байқап, таңданғанын жасырмайды.

Екіншіден, Франк Альбо Қарағанды облысы аумағындағы көне дәуірде тұрғызылған пирамида қирандысының ап-айқын бейнесі мен Қостанай облысы аумағындағы жер бетіне ойып салынған сирек геоглифтің, нақтырақ айтқанда, қазақстандық азаматтардың өздері де біле бермейтін, ерекше свастиканың түрлі түсті фотографияларын іздеп тауып, оны да өз туындысының өзегіне әдемі өре білген.

Үшіншіден, әлемдік архитектура тарихын зерттеуші ғалымның назарынан Астана қаласының алғашқы Бас жоспарының авторы Кисе Курокава да, қала архитектурасына үлкен үлесін қосқан өзге тұлғалар да, ғарыштан түсірілген Астананың бейнесі де, елорда жүрегіндегі «Бәйтерек» мұнарасы (бұл сөздің алтайлықтарда сақталған байырғы мағынасы – киелі терек) да, халық арасында «Ақорда» атанып кеткен Президент Резиденциясы мен британдық атақты архитектор Норман Фостер жобалаған «Хан Шатыр» мен бұл күнде жер шарының әр тарабындағы барша этностар мен әлемдік және дәстүрлі дін өкілдеріне дос құшағын ашатын «Бейбітшілік пен келісім сарайы» – Пирамида мен Президент кітапханасы да; «Қазақ Елі» монументі мен «Отан-Ана» мемориалы, Орталық концерт залы, Астана-Опера, сондай-ақ, елордадағы заманауи Ұлттық музей ғимараты мен сол алып ғимараттың қарсы алдына орнатылған субұрқақты ғажайып мифологиялық Берел монументі де, тіпті күні кеше ғана ашылған (әлемге әйгілі архитекторлар Адриан Смит пен Гордон Джиллдің (Adrian Smith+Gordon Gill) 2013 жылғы жобасы бойынша сомдалған жаһандық «EXPO 2017» көрмесінің таңдай қақтырар сәулетті кешендері секілді ондаған айтулы ғимараттар легі ғана емес, сонымен қатар еліміздің әр түрлі географиялық аймақтарында киелі саналатын әрі сұлу көркімен жанарды жаулап алатын географиялық нысандар: Алматы облысындағы Хантәңірі, Үшқоңыр алқабы, Тамғалы петроглифтері, б.з. 150 жыл бұрын асыл тастармен көмкеріліп, алтынмен апталған әйгілі жәдігер – «Қарғалы диадемасы», Алматы маңындағы

Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуіріне тән сақ обасынан табылған әрі Қазақ Елі егемендігінің символына айналған «Алтын адам»; Оңтүстік Қазақстандағы атақты Ақсу шатқалы; Орталық Қазақстандағы «Теректі әулие» петроглифтері; Маңғыстау өңіріндегі жерасты «Сұлтан Ере» мешіті; Сырдария бойындағы «Қорқыт ата» монументі; кеңестік дәуірдің жасанды экологиялық алапат апатының салдарынан суы тартылып қалған Арал теңізінің құм арнасында қайрандап, қаңырап қалған балықшы кемелерінің үңірейген қаңқалары, 1953 жылы Семей полигонында клмеске кеткен Кеңес Одағы жарған алғашқы термоядролық тажал сынақ кезінде пайда болған алапат-жойқын будақ-бұлтының сұрапыл бейнесі де, киелі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі де тыс қалмаған.

Төртіншіден, зерделі ғалым Франк Альбо экономикалық және саяси жаңғырудың өзегіне рухани жаңғыруды іргетас етіп өрген, 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің санатына қосылып қана қоймай, Мәңгі Ел болуды да нысанаға алған Ұлы Дала елінің әлемдік геосаясаттағы шешуші роліне де айрықша мән береді. Бұл туралы өзінің тұшымды пікірін көреген ғалым терең түйсініп, түйіндейді. Франк Альбонның пікірінше, Қазақстанның маңдайына әлем бейбітшілігінің жаршысы және тұрақтылығының орталығы болумен қатар, заманауи өзгерістерге икемді қабілеттілік пен планета қауіпсіздігінің іргетасы болу да жазылған.

Бесіншіден, аталмыш кітаптың авторы әлемдегі адами, мәдени және діни құндылықтардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін де паш етеді. Сосын, өз шығармасының тек Қазақстанның сәулетті жаңа астанасы мен күннен-күнге нығайып келе жатқан жаңа мемлекеттің символдық баяны ғана емес, әлем архитектурасының бейбіт келешегінің жол картасы екеніне де автор титтей күмән келтірмейді.

Алтыншыдан, кітаптың соңғы нүктесін де Франк Альбо үлкен сенімділікпен түйіндейді. Ол Қазақстанның байсалды лидер ретінде әлем тұрақтылығы мен өркендеуіне аса қажетті үш бағытты берік ұстанып отырғанын, атап айтқанда,

діни экстремизммен күреске, ядолық қаруларды таратпауға және күллі әлемде экологиялық тұрақтылықты сақтауға үлкен басымдық беріп отырған жалғыз мемлекет екенін ашып айтады. Ғалым сонымен қатар әлгі аталған тақырыптардың үшеуі де Астананың болашақта міндетті түрде жеміс беретін іргетас мифтерінен тамыр алатынын және олардың бәрінің де Президент Н. Назарбаевтың басымдық беріп отырған мультикультурализм, этносаралық үйлесім және дінаралық татулық секілді азаматтық жаңа қоғамның негізін қалайтын қағидаларымен өзектес екенін үлкен сенімділікпен паш етеді.



ҒАСЫРҒА ТАТЫР 25 ЖЫЛ

25 жылдық тарихи тағылым тұрғысынан келетін болсақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ел ішіндегі этносаралық татулық пен дінаралық сыйластыққа бағытталған сындарлы ішкі саясаты мен көпвекторлы сыртқы саясаты үлкен табандылықпен толассыз іске асырылып келе жатқан мегажобаларға толы.

Бірден атап айту керек, 1991 жылы халқымыздың маңдайына бақ болып қонған егемендік пен бүгінгі таңдағы еліміз бен ұлан-байтақ жеріміздің тұтастығын сақтап қалудың бірден-бір кепілі де, әрі сол кездердегі экономикалық қиындықтарға қарамастан, Елбасы қолға алған мегажобалардың алғашқысы да, айбындысы да ел астанасының туын Сарыарқа төсіне әкеліп тіккені дау туғызбайтын шындық. Еліміздің жүрегі мен күретамырына айналған Астана бүгінгі таңда әр азаматымыздың ат байлайтын алтын қазығы ғана емес, сонымен қатар бүкіләлемдік мәні бар, ірі-ірі халықаралық форумдар мен іргелі жиындар өтетін және бір миллионнан аса тұрғыны бар мегаполиске айналып отыр.

Көпәтносты мемлекетіміздің тұтастығы мен бірлігінің мызғымас кепіліне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы да Елбасының жасампаз мегажобаларының бірегейі. Өйткені конституциялық статусы бар әрі этносаралық татулық пен сыйластықтың символына айналған бұл жоба – бүгінгі таңда өз еліміздің ғана құндылығы емес, сонымен қатар әлемнің көпәтносты өзге мемлекеттері де үлгі тұтатын өміршең институт. Мұның бірден-бір дәлелі ретінде үстіміздегі жылы 4 қазанда Германияның Конрад Аденауэр атындағы қорының Қазақстандағы өкілдігінің Алматы қаласында «Азаматтық және этникалық топтар – жалпыұлттық бірлік пен бейбіт-қатар өмір сүрудің стратегиясы» атты халықаралық форумды Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп өткізгенін айтсақ да жеткілікті. Сонымен қатар аталған шара – бұрын біздің елге демократиялық құндылықтарды үйрету үшін келетін Батыс әлемінің эмиссарлары бүгінгі

таңда сондай құндылықтарды Қазақстаннан үйрену үшін келетін болғанын дәлелдеп тұр.

Еліміз бен Елбасының бүкіләлемдік мәні бар мегажобаларының және бірі – Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезі. 2003 жылдан бастап, бүгінгі таңда бес рет өткен бұл шара әлемдегі бейбітшілік пен конфессияаралық татулықты ұлықтайтын тұрақты үнқатысу алаңына айналып, әлемдік және аймақтық қауіпсіздікке сүбелі үлес қосып отырған ірі халықаралық институт статусына ие болды. Жылдар өткен сайын бұл форумның бұғанасы беки түсіп, қабырғасы қатайып, абыройы артып келеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының тарапынан кезінде толық қолдау тауып, бүгінде іргелі халықаралық ұйым болуға сәл-ақ қалып тұрған Азиядағы Өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі де о баста Елбасының төл ұсынысынан туындап, бүгінде тек Қазақстанның мүддесінен ғана емес, әлемдік үдеден шығатын халықаралық форумдардың біріне айналды. «Сырт көз – сыншы» дегендей, аузы дуалы шетел саясаткерлері бұл кеңесті Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Азиядағы баламасы деп жүр. Айтса айтқандай-ақ, көпжақты осы халықаралық бірлікке мүше 26 мемлекеттің халқы мен географиялық көлемі тұрғысынан келетін болсақ, әлемдік және аймақтық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қауһарлы да беделді ұйымдардың ең ірісі осы форум болмақ. Бүгінгі таңда бұған ешбір күмән жоқ.

Осыдан екі-үш жыл бұрын ғана Астанада үлкен абыроймен түйінделген Елбасының жиырма жыл бойы тер төккен, әлемдік мәнге ие интеграциялық жобаларының бірі емес, бірегейі – Еуразиялық экономикалық одақ дүниеге келді. Бұл одақтың бастапқы идеясын да Елбасы 1994 жылы Мәскеудің Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінде жария еткен болатын. Енді, міне, араға жиырма жыл салып, Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің үкіметтері мен эксперттері ғана емес, президенттерінің да соншама жыл бойы толассыз жүргізген үшжақты кездесулері мен сараптамалық келіссөздерінің

нәтижесі тиянақталды. Үш елдің егемендігі мен территориялық тұтастығына қылау түсірмейтін, таза экономикалық мүдделерді ғана көздейтін, тарихи келісімшартқа негізделген Еуразиялық экономикалық одақ құрылды. Ең бастысы, бұл одақтың ережелері мен шарттары Дүниежүзілік сауда ұйымының қағидаларына да сай келеді. Демек, ол қағидалар үш елдің де бұрыннан қалыптасып қалған екіжақты немесе көпвекторлы экономикалық байланыстарына ешбір қайшы келмейді және мұның нақты дәлелдерін алыстан іздеудің де қажеті жоқ.

Мәселен, Елбасының бастамасымен табанды іске асырылып келе жатқан ауқымды жобалардың және бірі әрі бүгінгі таңда дәстүрлі халықаралық үнқатысу алаңына айналып, еуразиялық Давос атанып үлгерген Астана экономикалық форумының аясында Қазақстан жыл сайын бірнеше шетелмен инвестициялық келісімдерге қол жеткізіп келеді. Немесе осыдан екі жыл бұрын Бурабайда өткен Шетелдік инвесторлар кеңесі аясында Елбасы бірнеше трансұлттық корпорациялар мен әлемдік қаржы институттарының жетекшілерімен кездесіп, қомақты инвестициялық уағдаластықтарға қол жеткізді. Демек, Қазақстанның екіжақты немесе көпжақты экономикалық байланыстары бұдан былай да ешбір кедергісіз жалғаса беретініне күмән жоқ.

Бұл айтылғанның нақты дәлелдерінің және бір көрінісі – кезінде Елбасының бастамасымен өмірге келген Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі. Түркияның Бодрум қаласында өткен кеңестің төртінші саммитіне Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан және Түрікменстан мемлекеттерінің президенттері белсене атсалысып, экономикаға пайдасы мол туризм тақырыбын күн тәртібінің өзекті мәселесі ретінде талқылады. Осы кеңестің құрамдас бөлігі болып табылатын ТүрікПА, Түріксой, Халықаралық Түркі Академиясы және Ақсақалдар Кеңесі де белсенді жұмыс атқарып отыр. Өткен жылы бұл кеңестің бесінші саммиті Астанада өтсе, алтыншы саммитті Қырғызстанда өтпекші. Елбасы ұсынған нысаналы тақырып – түркітілдес мемлекеттердің ортақ ақпарат кеңістігі қалыптасуға жақын. Ең

бастысы, Елбасы бұл кеңестің де толыққанды халықаралық ұйымға айналатыны шүбә келтірмейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» – Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылы халыққа жариялаған Жолдауы да Еліміздің ХХІ ғасырдың бірінші жартысының соңына дейінгі тұрақты дамуына бағытталған алып жобалардың бірегейі. Енді, міне, сол стратегиялық саяси-экономикалық және әлеуметтік мәні бар ұзақ мерзімді жол картасының аясында қыруар шаралар толассыз іске асырылып жатыр. Олардың ішіндегі ең сүбелісі де өзектісі – елімізді жаппай индустрияландыруға бағытталған мемлекеттік үдемелі инновациялық бағдарламасының екінші бесжылдығы мен сол бесжылдықтың өзегіне өрілген Астанада өткен әлемнің болашақ энергия көздеріне бағышталған «EXPO 2017 Future Energy» көрмесі.

Қорыта айтқанда, жоғарыда тілге тиек болған еліміз бен Елбасы жобаларының қай-қайсысы да әлемдік мегаөзгерістер заманындағы Қазақстанның ХХІ ғасырдағы сын-қатерлерге төтеп беріп, әлемнің оза дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуін қамтамасыз ететін, сындарлы ішкі-сыртқы саясат пен экономикалық прагматизмге негізделген нысаналы бағдарламалар екені күмән келтірмейді және олар кезең-кезеңімен сәтті іске асырылып та жатыр.

Әрине, аталған мегажобалар мен нысаналы бағдарламалардың кейбірі еліміздің ішкі ресурстарымен қатар шетел инвестицияларын да қажет ететіні түсінікті. Сондықтан, осы қажеттілікті ескере отырып, Елбасы 2014 жылдың маусым айында Бурабайда өткен Шетел инвесторларының кеңесінде еліміздің инвестициялық климатын күрт жақсартатын әрі инвесторларды ынталандыратын жаңа заңға қол қойды. Бұл заңға салықтармен қатар жұмыс күші мен лицензияларға қатысты бұрын-соңды болмаған ұзақ мерзімді жеңілдіктер беретін арнайы баптар енгізілді және Қазақстанмен экономикалық байланыстары мықты жолға қойылған жиырмаға тарта инвестор мемлекеттердің азаматтарына елімізге визасыз, яғни емін-еркін енуге мүмкіндік

беретін жаңа бап та қоса енгізілді. Президенттің бұл қадамы Кеңестің жұмысына қатысқан шетелдік ірі бизнес өкілдерінің тарапынан да, өз еліміздің азаматтары тарапынан да қызу қолдау тапты.

Сөз соңында, АҚШ астанасы Вашингтон қаласында өткен антиядролық төртінші Саммитте Нұрсұлтан Назарбаев жариялаған «XXI ғасыр: Соғыссыз Әлем» атты Манифесінің де бүкіләлемдік мәні бар «G-Global» секілді іргелі жоба екені дау туғызбайды. Нұрсұлтан Назарбаевтың әлем көшбасшыларының ең шоқтығы биік G-19 және G-20 форумдарына екі жыл қатар шақырылуы да бір ғасырға тең 25 жыл ішінде Қазақстан жеткен биіктердің нақты дәлелдері.



ӘЛЕМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Егемен 25 жыл ішінде біздің мемлекет халықаралық аренада толағай табыстар мен сүбелі абыройға қол жеткізді. Түптеп келгенде, олардың барлығы да Елбасы ұсынған батыл бастамалар мен идеялардың іске асқан нақты нәтижесі. Өйткені Елбасының қай бастамасы болмасын, тек өз халқымыздың ғана мүддесі емес, бүкіл адамзат үдесімен астарласып жатады. Сондықтан да болар, Қазақстанның ұстанымдары әлем қауымдастығының тарапынан үнемі оң бағаланады. Мұның тарихи дәлелдері қансонардағы айқын іздер секілді сайрап жатыр. Солардың бірі Семей ядролық полигонының біржолата ауыздықталуымен тікелей байланысты.

Айтса айтқандай-ақ, 1991 жылы егемен мемлекетіміздің тізгінін қолға алған Нұрсұлтан Назарбаев халқымызға есепсіз радиациялық нәубет әкелген, жер астында, үстінде және атмосферада 40 жыл бойы 500-ге жуық ядролық тажал сынақ өткізілген, экологиялық зардабы әлі де толық тыйылмаған Семей ядролық полигонын, бұрынғы кеңестік Мәскеудің тегеурінді қарсылығына қарамастан, өз пәрменімен жауып, оның соңын ала, ел аумағында орналасқан, жаппай қырып-жоятын ядролық зымырандар жүйесінен түгел құтылуға бірден кіріскен болатын. Бұл жай ғана батыл шешім емес, керісінше, күллі әлемнің санасын селт еткізіп, кілт өзгерткен, сондай-ақ еліміз бен Елбасының халықаралық аренадағы абыройын асқақтатып қана қоймай, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания және Франция сынды алпауыт мемлекеттердің ядролық полигондарының жұмысын дереу тоқтатуға мәжбүр еткен әрі күллі адамзат мүддесінен шығып, әлем қауымдастығынан жаппай қолдау тапқан айбынды ерлік болатын.

Елбасының сындарлы саясатынан туындаған антиядролық бұл қадамның ешқашан мәнін жоймайтынына сенім мол. Өйткені ядролық лаңкестік қаупі белең алып тұрған мына алмағайып заманда әрі планета бетінде жинақталған ядролық зымырандар жүйесінің жалпы санының 8400-ге

жеткенін былай қойғанда, тек бейбіт атом аясында электр қуатын өндіретін реакторлардың санының өзі де бұл күнде 440-тан асып, таяу жылдары одан бетер көбейетіні көрініп тұр. Оның үстіне, техногендік немесе табиғи себептердің салдарынан жарылған Чернобыль мен Фукусима секілді атом электр стансаларынан тараған радиацияның салдары бүкіл әлемнің төбе шашын тік тұрғызып, әлі де алаңдатып отырғаны жасырын емес. Сонымен қатар бейбіт атом объектілері мен олардан шығатын мыңдаған тонна ядролық улы қалдықтың өздері де лаңкестердің қолына түссе, әлем қауіпсіздігіне төніп тұрған айбалта екені дау тудырмайтын шындық. Сондықтан да болар, әлгі қатерлердің алдын алмаса, істің мүлде насырға шабатынын ядролық алпауыт мемлекеттердің өзі де терең сезініп, соңғы жылдары олардың басшылары жиі-жиі бас қосып, төніп келе жатқан ядролық қатердің жолын кесетін шаралар қабылдауға мәжбүр болып жүр.

Осы айтылғандардың дәлеліндей, 2010 жылы кейінгі 65 жылдың ішінде ядролық қауіпсіздікке бағышталған ең ірі жаһандық саммит Вашингтонда өткізілген-ді. Оған әлемнің 47 мемлекетінің басшылары мен БҰҰ, МАГАТЭ және Еуропа Одағы сынды үш халықаралық ұйымның жетекшілері қатысып, күн тәртібіне енгізілген атом қаруының лаңкестердің қолына түсіп кету қаупін болдырмау және ядролық материалдарды сақтау туралы маңызды мәселелерді талқылаған болатын. Бұл саммитке Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ Президенті Барак Обаманың арнайы шақыруымен барып, саммит мінберіне бірінші болып көтеріліп, ядролық отын банкін құру, ядролық материалдарды сақтау және ядролық қаруларды таратпау жөніндегі бұрын қабылданған келісімдерді қайта қарап, түзетулер енгізу қажеттігі туралы сындарлы пікірлерін ортаға салған болатын.

2011 жылы Сеулде өткен антиядролық саммитке қызығушылық танытқан мемлекеттердің саны 53-ке жетіп, жоғарыда аталған ең беделді халықаралық ұйымдардың қатарынан Интерпол да қоса табылды. Ол саммиттің негізгі нысанасы

күннен-күнге қарқын алып бара жатқан ядролық терроризммен күрестің негізгі бағыттарын белгілеу және әлем қауымдастығының қауіпсіздігіне төніп келе жатқан аталмыш қатердің жолын кесуді ойластыру болатын. Демек, жаһандық мәні мен маңыздылығы жағынан бұл саммит 2010 жылы Вашингтонда өткен антиядролық саммитпен тең түспесе, кем түскен жоқ.

Бұл саммитке Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тағы да АҚШ Президенті Барак Обаманың және Оңтүстік Корея Президенті Ли Мен Бактың арнайы шақыруымен барған болатын. Атап айту керек, Қазақстан лидеріне деген құрмет Вашингтон саммитінде қаншалықты жоғары болса, Сеул саммитінде де соншалықты биік болды. Және бұл тайға таңба басқандай айқын сезіліп тұрды. Сеулдің алқалы жиындар мен маңызды көрмелер өтетін СОЕХ орталығындағы дөңгелек үстел басына жиналған әлем көшбасшыларының арасынан, оның ішінде, АҚШ пен Қытай сынды екі алып ядролық мемлекет басшыларының ортасынан ядролық қарудан әлдеқашан бас тартқан бейбіт Қазақстан Президентіне орын берілді. Әлемдік саясат сахнасында еш нәрсе жайдан-жай болмайтынын ескерсек, бүкіл әлем назарына іліккен Қазақстанға көрсетілген бұл құрметті Елбасы мен еліміздің ұзақ жылдар бойы жүргізіп келе жатқан бейбіт те сындарлы саясатының жемісі деудің реті бар.

Біріншіден, мұны әлемдегі алып ядролық арсеналы бола тұра, одан өз бетімен бас тартқан және әлемдегі ең қатерлі ядролық полигонды өз пәрменімен жауып, өзгелерге үлгі көрсеткен Қазақстан Президентіне берілген әлем қауымдастығының әділ бағасы деп қабылдаған лазым. Олай деуге толық негіз бар. Өйткені Семей ядролық полигонына дәл сол кезде Елбасы тыйым салмағанда, АҚШ-тағы Невада, Қытайдағы Лобнор және Ұлыбритания мен Францияның жер шарының басқа аймақтарында орналасқан ядролық сынақ алаңдарының тоқтатылуы екіталай болар еді. Демек, Қазақстанның батыл қимылы әлемнің антиядролық санасын оятуға үлкен түрткі болған басты фактор екенін ерекше атап айту парыз.

Екіншіден, мұны тек бейбіт атом саясатының ұтымдылығын ғана емес, полиэтносты және поликонфессиялы мемлекет ішінде этносаралық, мәдениетаралық және дінаралық татулықтың үлгісін кейінгі 25 жыл ішінде бүкіл әлемге паш еткен, ешкімді шеттету мен кемсітуді білмейтін, ішкі саясаты сындарлы, сыртқы саясаты көпвекторлы, экономикасы тұрақты даму жолына түскен Қазақстан мемлекетіне көрсетілген зор сенім деп қабылдаған абзал.

Үшіншіден, БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясы 2009 жылы әлемдік мәні бар шешім (64/35) қабылдап, 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялаған еді. Бұл ұлағатты шешімнің қабылдануына ұсыныс беріп, бастамашы болған Қазақстан мемлекеті екенін де әлем қауымдастығы жақсы біліп отыр. Демек, аталмыш шешімнің Елбасы мен еліміздің биік абыройына тағы да абырой қосқанын жоққа шығаруға болмайды.

Төртіншіден, 2010 жылы Қазақстан Президентінің Вашингтон саммитінде көтерген залалсыз деңгейде байытылған ядролық отын банкін біздің елге орналастыру туралы ұсынысына МАГАТЭ бірден қолдау көрсетіп, әлемнің энергетикалық қауіпсіздігіне тікелей ықпал ететін бұл жобаны Қазақстанда іске асырудың нақты жолдарын белгілеп те үлгерді. МАГАТЭ бұл басымдықты ядролық қаруға ие алпауыт елдерге емес, неге біздің елге беріп отыр? (Иә, бұл сияқты сұрақтардың туындайтыны әбден мүмкін). Себебі кеңестік заманда атом қасіретін бастан кешірген Қазақстанға МАГАТЭ үлкен сенім артады және қойылатын талаптардың біздің елдің тарапынан бұлжымай орындалатынына да ешбір күмән келтірмейді.

Бесіншіден, уран қоры жағынан әлемде Аустралиядан кейінгі екінші орынды, ал оны өндіру және өңдеу бойынша бірінші орынды иеленетін біздің елге әлгіндей банктің экономикалық тиімділігі де аз емес. Өйткені қазірдің өзінде өздеріне қажет электр энергиясының сүбелі мөлшерін атом электр стансаларынан алатын мемлекеттердің ірі тобы ядролық отынды біздің елден алады және электр энергиясын өндіретін ондай атом реакторларының саны жуық ара-

да Аспанасты елінде де күрт өсетіні белгілі болып отыр. Оның үстіне, ядролық физикамен айналысатын ғалымдардың пікірі бойынша, ядролық энергетика саласының нәтижелері металлургия, медицина, биотехнология, ақпарат технологиялары, т.с.с. салаларда да кеңінен қолданылатын болады және сол салаларда іске асырылуы жақындап қалған халықаралық жобалардың нәтижесі Қазақстан саясатының, экономикасының және ұлттық қауіпсіздігінің нығаюына да оң ықпалын тигізеді. Демек, аталмыш банктің тиімділігі мен мәнінің келешекте ұлғая беретініне сенім мол.

Алтыншыдан, жаппай қырып-жоятын қару-жарақтарды таратпау және ядролық қарудан ада аймақтардың санын ұлғайту мәселелеріне бағышталған Гаага мен Вашингтонда соңғы жылдарда өткен антиядролық саммиттер мен алқалы жиындардың бірде-бірі Қазақстансыз өтпегеніне де күллі әлем көз жеткізіп отыр.

Жетіншіден, осыдан 25 жыл бұрын Қазақстан Президенті қабылдаған антиядролық шешімдердің күллі планеталық құндылыққа айналған заманауи саясат екені ХХІ ғасырда қайта дәлелденіп, ядролық лаңкестіктен құтылудың жалғыз ғана жолы ядролық қарулардан жаппай бас тарту екеніне әлем қауымдастығының көзін бұрынғыдан бетер жеткізіп отыр.

Міне, дәл осы тұрғыдан келетін болсақ, Президент Н. Назарбаевтың «ХХІ ғасыр: Соғыссыз Әлем» Манифесінің мәні өте зор. Бұл ғаламдық құжатта Елбасы қазіргі заманда күллі әлемде етек алып отырған милитаризм мен халықаралық терроризмнің адамзатты орны толмас шығындарға ұшыратып қана қоймай, мүлде жойып жіберуге де шақ қалып тұрғанын өте салмақты дәйектермен дәлелденген. Бұл Манифест арқылы Н. Назарбаев әлем лидерлерін тым кеш болып қалмай тұрғанда, ақылға келуге шақырады. Сосын, тек осымен ғана шектеліп қалмай, аталмыш Манифесте шиеленістердің алдын алуға бағытталған нақты шаралар да өте нанымды айқындалған. Мәселен, үстіміздегі жылы ХХІ ғасырда басталып кету қаупі төніп тұрған шиеленістер мен

соғыс өртінің одан арман тұтанып кетуіне мүмкіндік бермеуді көздейтін БҰҰ-ның арнайы халықаралық конференциясын өткізу қажет екеніне үлкен мән берілген. Және бұл шараны кешеуілдетпей, тез іске асыру қажеттігі де баса айтылған.

Бұлай деуге толық негіз бар. Өйткені қанқұйлы лаңкестік актілер бүгін жекелеген мемлекеттердің ішкі саяси-әлеуметтік күресінің шеңберінен шығып, шешуі қиямет халықаралық факторға ұласып отыр. Одан да нақтырақ айтқанда, жекелеген елдердегі ішкі шиеленістер мүлде асқындап, Еуропа, Азия және Африка мемлекеттеріндегі лаңкестік қантөгістерге жалғасып кеткенін, сонымен қатар миллиондаған босқындардың, қираған қалалардың, сол сияқты, құндылығы шексіз тарихи жәдігерлердің қиратылып жатуының күнделікті тірлікке айналып кеткені де өтірік емес.

Сосын, бұл шындықты жаппай қырып-жоятын қарулары қоймаларында тұрған БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелігін иеленіп отырған алпауыт бес мемлекеттің басшылары түсінбей отыр деуге де негіз жоқ. Солай бола тұра, әлгі тажал қаруды біржолата жойып жіберу, біріншіден, олардың қаперіне де кірмейді, екіншіден, ондай шешім қабылдауға олардың батылы да жетпейді. Себебі бір-біріне сенбейді. Сондықтан олардың қазіргі тірлігі, тышқан аулаған мысықтай, бір-бірінің басқан ізін аңдып, қолдарында атом қаруы бар өзге мемлекеттердің ядролық зымырандар жүйесін күндіз-түні нысанаға алып, күндіз-түні бақылаудан немесе ядролық қаруға қол жеткізуге белсенділік танытып отырған өзге мемлекеттерге мүмкіндік бермеудің жолдарын қарастырудан әрі аспай отыр.

Міне, дәл осы тұрғыдан келетін болсақ, 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүшеліктің мандатын ұтып алған Қазақстанның әлем ядролық қауіпсіздігін сақтауға бағытталған батыл іс-қимылының бұрынғыдан бетер күшейе түсетіні күмән тудырмаса керек.

ЕЛ БІРЛІГІНІҢ ІРГЕТАСЫ

2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасынан кейін, іле-шала, жаппай қырып-жоятын қаруы бар деген желеумен Иракқа қара күйе жағылып, соғыс өрті тұтанып кеткені әлем қауымдастығының есінен әлі шыға қойған жоқ. Алайда сол соғыс тек Иракпен тынған жоқ, керісінше, оның салдары кейін Таяу Шығыс немесе Алдыңғы Азия мемлекеттерімен қатар, Африканың солтүстігіндегі Ливияда, Тунисте және оның соңын ала, Египеттегі түрлі түсті революциялар мен шерлі шиеленістерге ұласып кеткен болатын.

Бүгінгі Сирияда орын алып отырған қантөгіс пен сорақы террористік әрекеттер де алдыңғылардың тікелей салдары. Сосын, мұның бәрі де жүйелі әрі қасақана ұйымдастырылған жиренішті сыртқы геосаяси ойыншылардың мүддесінен туындап отырған қанқұйлы уақиғалар тізбегі екенін көзі ашық, көкірегі ояу әлем жұртшылығы біліп отыр.

Ал жантүршігерлік жанжалдар мен соғыс атаулының себептерін іздер болсақ, ең алдымен, Самюэль Хантингтон есімді америкалық философтың «Өркениеттер қақтығысы және әлемдік тәртіпті қайта құру» («The clash of civilizations and the remaking of world order») атты 1996 жылы, алдымен ағылшын тілінде, кейін өзге тілдерде жарық көрген әйгілі геосаяси трактаттары бірден ойға оралады. Өйткені ХХ ғасырдың соңын ала, күллі әлемнің назарына іліккен әлгі еңбекте аталмыш ғалым бүгінгі таңдағы қалыптасып отырған саяси болмысқа мүлде жаңаша көсқарас танытумен қатар, бұдан былайғы жаһандану заманында планета бетіндегі адамзат өркениетінің қалайша өрбитініне де терең шолу жасайды. Сонымен қатар С. Хантингтон өркениеттер арасындағы қақтығыстардың басты себептерін сол өркениеттерге тән экономикалық қарым-қатынастар мен саясат айырмашылықтарынан іздемейді, керісінше, әлгі жиренішті құбылыстардың түп-тамырын дөп басып, ең алдымен, олардың ұлтшылдықтан, этносаралық шиеленістерден, сонымен қатар, әлемдік діндердің

өзегіне өрілген сын-қатерлерден туындайтынын дөп басып, дәл анықтайды. Сосын, өз пайымдарын әйгілі философ жай ғана гипотеза емес, кесіліп-пішілген теория ретінде ұсынады. Сондықтан да, бүгінгі таңда оның дәйекті де дәледі пайымдарымен есептеспейтін ғалымдар мен саясаткерлер жоқ десе де болады.

Мәселен, сондай саясаткерлердің бірі, тілін айға білеген ғұлама сәуегей әрі есімі әлемге танымал ғалым, марқұм Збигнев Бжежинский өз қаламынан шыққан «Ұлы шахмат тақтасы. Америка гегемониясы және оның геостратегиялық басымдықтары» атты көлемді туындысында Югославия мемлекетінің күйреуінен соң дәл сол мемлекет секілді этносаралық және дінаралық бүліктердің салдарынан жойылып кетуі мүмкін елдерге «Еуразия Балқандары» немесе «Этникалық қайшылықтардың қазаны» деген астарлы айдар тағып, сол «Балқандар» мен қайшылықтардың «қазанына» Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжан, Армения, Грузия және Ауғанстан сынды тоғыз мемлекетті түгелдей тоғытып жіберген болатын. Сәуегей ғалымның айтпақ болғанының тасасында бұрынғы полиэтносты, поликонфессиялы Югославия мемлекеті этносаралық және дінаралық соғыс өртінің салдарынан қалай бөлшектеніп кетсе, әлгі тоғыз мемлекет те дәл солай, Югославияның кебін киеді деген болжам жатқанын байқамау мүмкін емес.

Қуанышқа орай, сәуегей саясаткердің Қазақстан туралы айтқаны іске аспай қалса да, өкінішке қарай, өзге мемлекеттердің көпшілігінде аталмыш этносаралық шиеленістер мен кикілжіңдердің, ал кейбірінде сұрапыл соғыстың да орын алғанын жоққа шығаруға болмайды. Өйткені бұл – тарихи шындық.

Алайда дәл осы тұста «Сұңғыла саясаткердің сәуегейлік болжамы Қазақстанда неге іске аспай қалды?» деген риторикалық сұрақтың туындауы да әбден мүмкін. Бірақ мұның жауабын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Өйткені отанымыздың егемендігінің бастапқы кезеңінде оның қауіпсіздігі мен бірлігіне және территориялық бүтіндігіне

төніп келе жатқан сын-қатердің алдын алып, оның жолын дер кезінде кескен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болатын.

Айтса айтқандай-ақ, Елбасының бастамасымен 1995 жылы 1 наурызда құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы сол кезде де ел бірлігін сақтап қалды және бүгінгі таңда да, болашақта да еліміздегі қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімнің мызғымас іргетасы болып қала бермек.



ЯДРОЛЫҚ ҒАСЫРДАН – АЗАТ БОЛАШАҚҚА

XX ғасырда жаппай қырып-жоятын ядролық қарулар тек АҚШ, Ресей, Қытай, Ұлыбритания және Франция секілді алпауыт елдердің ғана уысында болса, бүгінгі таңда ондай тажал қару шығаруға техникалық мүмкіндігі жеткілікті мемлекеттердің саны 40-қа жетіп отыр және олардың арасында экономикалық тұрғыдан әлсіз елдер де баршылық. Бұл қай жағынан болмасын өте қауіпті сын-қатер екені дау туғызбайды. Өйткені, түптің-түбінде, бұл – күллі өркениет пен адам баласының тегіс жойылып кетуіне апаратын тұйық та қатерлі жол. Сондықтан үстіміздегі жылы Вашингтонда өткен төртінші антиядролық саммиттің мінберінен сөйлеген Президент Н. Назарбаевтың «Мұндай соғыс басталса, одан бірде-бір мемлекеттің аман қалуы мүмкін емес және бүгінгі таңда лаңкестердің ядролық қаруға қол жеткізу мүмкіндігі нақты шындыққа айналды. Мұндай жағдайда әлем лидерлері күш біріктіріп, аталған сын-қатермен бірге күреспесе тым кеш болады. Ендеше, БҰҰ-на барлық мемлекеттерді жұмылдыра отырып, жаһандық лаңкестік топтармен күрестің бірегей жүйесін құратын мезгілі жетті. Тек осылай өткенде ғана жарияланбаған бұл соғыста жеңіске жетуге болады» деген үндеуі саммитке қатысқандардың басым көпшілігінен қолдау тауып, өте маңызды пікірталасқа ұласты. Айтса айтқандай-ақ, біздің еліміз – осыдан 25 жыл бұрын әлемде бірінші болып ядролық қарудан өз еркімен бас тартып, Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақ құрған, сондай-ақ бейбіт атомға алғаш жол ашқан бірінші мемлекет. Сондықтан да Нұрсұлтан Назарбаевтың Еуразияда, Латын Америкасында және Африкада ядролық қарусыз тағы да алты аймақ ашу туралы үндеуіне тыңдармандар қол соғып, қолдап-қолдағанына таңдануға болмайды. Мұнымен қоса, 2015 жылы МАГАТЭ-нің біздің елімізде шала байытылған уран банкінің құру туралы келісімге қол қойғаны да бейбіт атомды қолдауға бағытталған бүкіләлемдік мәні бар ірі қадам болғанын атап өтуіне лазым және ол қадамды да бірінші болып Қазақстан жасап отыр.

Сосын, осыдан 25 жыл бұрын әлемдегі ең ірі ядролық Семей сынақ алаңын өз шешімімен жапқан Қазақстан Республикасы Президентінің, жоғарыда атап өткендей, батыл бастамалар жасауына толық моральдық негіз бар. Шындығында да, егер осыдан ширек ғасыр бұрын біздің Президент өз пәрменімен Семей полигонын жаппағанда, Қытай Халық Республикасындағы Лоб-Нор да, АҚШ-тың Невада штатындағы ядролық сынақ алаңы да, әлем мұхиттарындағы атолдарда орналасқан Ұлыбритания мен Францияның ядролық сынақ алаңдары да тажал сынақтарды әлі күнге дейін тоқтатпаған болар еді.

Бұл жерде біздер әлем политологтерінің назарын және бір түйінді мәселеге аударғымыз келеді. Басын ашып айтуымыз керек, Қазақстанда Семей ядролық сынақ алаңы толық жабылды. Бірақ әлемдегі өзге сынақ алаңдарының жұмыстары уақытша тоқтағанымен, олар әлі күнге дейін толық жабылған жоқ, сақталып қалды. Демек, бұл түбегейлі шешімін таппаған әлемдік сын-қатер және бұл қатердің түйіні өз-өзінен шешіле де қоймайды.

Халықаралық терроризмнің етек алуымен байланысты ендігі алапат сын-қатерлердің бір парасы әлемдегі атом электр станциялары десек, мүлде артық айтқандық емес. Өйткені лаңкестердің Бельгиядағы атом электр станциясын жармақ болған әрекеті бұған нақты дәлел бола алады. Бұл тұрғыдан келгенде, бүгінгі таңда әлемнің 31 елінде электр қуатын өндіретін 192 атом станциясының бәрі де осы сын-қатерлердің объектісіне жататын нысандар екені күмән тудырмаса керек.

Бұл объектілерде бүгінгі таңда 438 энергоблок қуат өндіреді. Бұл тізімнің басында АҚШ, Франция, Жапония, Ұлыбритания, Ресей және басқалар тұр. Тұтастай алғанда, олар 391 878 мегаватт жиынтық электр энергиясын өндіреді. Бүгінгі таңда әлгілерден бөлек тағы да 72 ядролық блок іске қосылып жатыр. Олардың көпшілігі: Қытайда – 28, Ресейде – 10, Индияда – 6, АҚШ-та – 5, Оңтүстік Кореяда – 5, Жапонияда – 2, БАЭ – 2, т.с.с. Демек, ядролық қауіп те, ядролық қалдықтар да аталмыш блоктармен қатар ұлғаятын болады.

Міне, дәл осы тұрғыдан келетін болсақ, Президент Назарбаевтың «XXI Ғасыр: Соғыссыз Әлем» Манифесінің мәні зор екеніне тағы да назар аударудың реті келіп тұр. Себебі бұл заманауи құжатта Елбасы қазіргі заманда күллі әлемде етек алып отырған милитаризм мен халықаралық терроризмнің адамзатты орны толмас шығындарға ұшыратып қана қоймай, мүлде жойып жіберуге де шақ қалып тұрғанын өте салмақты дәйектермен дәлелденген. Бұл құжат арқылы Н. Назарбаев әлем лидерлерін тым кеш болып қалмай тұрғанда, тағы да ақылға келуге шақырды. Сосын, тек осымен ғана шектеліп қалмай, аталмыш Манифесте шиеленістердің алдын алуға бағытталған нақты шаралар да өте нанымды айқындалды. Мәселен, XXI ғасырда басталып кету қаупі төніп тұрған шиеленістер мен соғыс өртінің одан арман тұтанып кетуіне мүмкіндік бермеуді көздейтін БҰҰ-ның арнайы халықаралық конференциясын өткізу қажет екеніне үлкен мән берілген. Және бұл шараны кешеуілдетпей, тез іске асыру қажеттігі де баса айтылған.

Бұлай деуге толық негіз бар. Өйткені қанқұйлы лаңкестік актілер бүгін жекелеген мемлекеттердің ішкі саяси-әлеуметтік күресінің шеңберінен шығып, шешуі қиямет халықаралық факторға ұласып отыр. Одан да нақтырақ айтқанда, жекелеген елдердегі ішкі шиеленістер мүлде асқындап, Еуропа, Америка, Азия және Африка мемлекеттеріндегі лаңкестік қантөгістерге жалғасып кеткенін әлемнің іргелі ақпарат көздерінен күнде көріп отырмыз.

Президент Н. Назарбаев – XX ғасырдың перзенті. Аталмыш ғасырда орын алған Екінші дүниежүзілік соғыс та, Хиросима мен Нагасакиді жермен жексен еткен ядролық бомбалар да, Вьетнамдағы, Ауғанстандағы соғыстар мен ТМД елдерінде орын алып отырған түрлі лаңкестік әрекеттер де, бүгінгі әлемдегі болмыс та Президент Н. Назарбаевтың жадында және олар оның дүниетанымына әсер етпей қойған жоқ. Сондықтан Н. Назарбаев Манифесі өзінің шынайылығымен де, көкейкестілігімен де күллі әлемнің жүрегіне жол тапқаны күмәнсіз. Себебі бүгінгі адамзат ескіше өмір сүре алмайтынын трең сезіне бастады.

Манифестің БҰҰ құжаттарының бірі ретінде ресми тіркеліп, әлемде жаппай талқыланып жатуы да сондықтан. Ендеше, көзі ашық, көкірегі ояу бүгінгі адамзаттың бұл құжатты қолдамауы мүмкін емес. Оның үстіне, бүгінгі таңдағы АҚШ пен Ресейдің ымырасыз текетіресінің Үшінші дүниежүзілік соғысқа ұласып кету қаупі өте зор. Бұған дәлелді алыстан іздеудің қажеті шамалы.

Біріншіден, ашық ақпарат көздерінен байқап отырғанымыздай, НАТО қарулы күштерінің Ресейдің батыс шебіне жақын орналасқан мемлекеттерге шоғырлануы жақсылықтың нышаны емес.

Екіншіден, Ақ Үйдің 2016 жылға жоспарлап отырған 4 триллион долларлық бюджетінің 561 миллиард долларын тек қана әскери шығындар құрап отыр. Бұл – әлемдегі ең үлкен әскери бюджет. Салыстырмалы түрде, екінші орында Аспанасты елі (188 миллиард доллар), ал Ресей үшінші орында (87,8 миллиард доллар) тұрғанымен, АҚШ-тың әскери бюджеті өзінен кейінгі 10 мемлекеттің әскери салаға бөлінген күллі шығындарынан да асып түсіп отыр. Мұның да жайдан-жай емес екендігі айқын көрініп тұр.

Үшіншіден, Солтүстік Кореяның территориясында өткізіліп жатқан ядролық сынақтар тек көрші елдерді ғана емес, күллі әлемді алаңдатып отырғаны жасырын емес.

Төртіншіден, әлемдік қауіпсіздікке қатысты халықаралық заңдардың, оның ішінде еркін сауда-саттыққа қатысты заңдардың өрескел бұзылып, толассыз санкцияларға орын беріліп отырғанына БҰҰ-ның қатардағы мүше мемлекеттері емес, керісінше, аталмыш Ұйымның Қауіпсіздік Кеңесіндегі алпауыт мемлекеттердің өзі кінәлі болып отырғаны да әлем жұртшылығын бұрынғыдан бетер алаңдатып отыр.

Бесіншіден, Ливияда, Иракта және Сирияда соғыс жүргізіп жатқан жалдамалы террористік топтардың сан жағынан коалициялық армияның жиынтық күшінен де асып түсетіні және олардың жай ғана қару-жарақ емес, керісінше, заманауи қырып-жоятын қаруларды еркін пайдаланып отырғаны көп нәрсені аңғартады және бұлардың сыртында

да алпауыт мемлекеттердің геосаяси мүдделерінің құлағы қылтып тұр.

Ендеше, дәл осы тұрғыдан көз жіберсек, бүгінгі таңда Нұрсұлтан Назарбаев ұсынып отырған «XXI ғасыр: Соғыссыз Әлем» Манифесіне тең келетін бағдарлама жоқ. Әлем жұртшылығы бұл бағдарламалық құжаттан дұрыс қорытынды шығарып, онда ұсынылған нақты жобаларды іске асыруға бірден кіріссе, әлем болашағының дұрыс жолға бағытталатыны күмән тудырмайды.



ГЕОСАЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР ЗАМАНЫНДАҒЫ «ЖІБЕК ЖОЛЫ»

Бүгінгі таңда Еуропа Одағы мен Американың әлемдік геосаясаттағы ролі мен экономикалық күш-қуатының бәсеңдей бастауы алпауыт Қытай экономикасының қарқынды дамуы мен Еуразиялық интеграциялық үдерістердің кезеңіне дәп келіп тұр. Өз кезегінде бұл үдерістер әлемнің геосаяси картасының жаңаша пішіліп, әлемдік тәртіптің Батыстан Шығысқа ойыса бастағанын да айқын сездіре бастады. Міне, дәл осындай геосаяси өзгерістер кезеңінде тарих сахнасына Азия мен Еуропаны бағзы замандарда жалғастырған «Ұлы Жібек жолының» қайта оралуын заңды құбылыс демеске негіз жоқ. Оның үстіне, бүгінгі мегаөзгерістерге толы ғасырда да қоғам болмысындағы негізгі басымдықтардың, ең алдымен, геосаясат пен геоэкономикалық мүдделерге тән екені қалтқысыз шындық. Сондықтан да болар, қай заманда болмасын, әлемдік сауда-экономикалық қарым-қатынастар неғұрлым қарқын алған сайын мәдени-гуманитарлық немесе аймақтық қауіпсіздікпен байланысты қатынастар мен мүдделер де заман талабына сай, жарыса қалыптасатыны – объективті заңдылық. Демек, дәл сондай көпнысаналы мақсат-мүдделерді көздейтін «Жаңа Жібек жолы» идеясын іске асыру сол жолдың бойына орналасқан Азия мен Еуропа мемлекеттерінің ғана мүддесі емес, бұл тартымды идея, сонымен қатар, әлгі мемлекеттермен алыс-берісі бұрыннан қалыптасып үлгерген өзге мемлекеттердің де құлшынысын туғызуы көкейге қонымды дүние. Сосын, қайта түлеуге қанатын қомдап отырған «Жаңа Жібек жолы» бұл күнде көне іздері жоғала бастаған сауда керуендерінің байырғы сүрлеуі емес. Керісінше, бұл жаһандық жобаның мақсат-нысанасы – бас-аяғы 5000 шақырымға созылып жатқан әрі осы заманның озық технологияларымен жабдықталған логистикалық хабтар тізбегі мен транзит-транспорт жүйелерін қалыптастырып, экономикалық басымдықты күшейте түсу. Кластерлік іргетасқа негізделген бұл мақсат, сонымен қатар өз еліміздің бес

аймағының аумағымен өтетін, мыңдаған шақырымды қамтитын әрі құрылысы аяқталуға жақындап қалған «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транспорт дәлізін де қоса қамтиды.

Әрине, «Жаңа Жібек жолын» қайта жандандыруға алпауыт АҚШ та талпынып көрген. Алайда 2008 жылы сол елдің өзінде басталып, артынша, Еуропаны, одан соң бүкіл әлемді шарпыған экономикалық дағдарыс пен қаржы және банк жүйелерін күйреткен жойқын рецессия салдары және, жығылғанға жұдырық дегендей, аталмыш елдің 17 триллион доллардан асып жығылатын ішкі қарызы америкалық жобаның іске асуына кесе-көлденең тұрып, жаһандық мүддесінің орындалуына мүмкіндік бермей, тұралатып тастаған болатын. Есесіне, даму қарқыны серпінді Қытайдың экономикалық прагматизмге негізделген әрі жан-жақты ойластырылған «Жаңа Жібек жолы» жобасы бас жүлдені еріксіз жұлып алды. Өйткені мұның объективті себептері бар. Мәселен, тарих қойнауына үңілсек, біріншіден, кезінде Шығыс пен Батысты жалғастырған «Ұлы Жібек жолының» б.з.б. II ғасырдың өзінде-ақ, Қытай елінің байырғы астанасы Чаньяннан басталып, Орта Азия мен әлемнің өзге аймақтарына жібек мата тиелген сауда керуендерін бірінші болып аттандырғаны белгілі.

Екіншіден, Шығыс пен Батысқа қайта көпір болатын әрі Қытай мұқият жобалаған бүгінгі «Жаңа Жібек жолы» тек Азия мен Еуропа құрлықтарының үстімен өтетін құрғақ жол тораптарымен ғана шектелмейді. Бұл жоба, сонымен қатар мұхиттар мен теңіз жолдарын да қоса қамтиды. Мұның бүге-шігесі Қытайдың мемлекеттік «Синхуа жаңалықтар агенттігі» таратқан «Жаңа Жібек жолы; Жаңа Армандар» атты бағдарламалар топтамасының беташар хабарында жан-жақты насихатталды. Әлгі ақпараттың көрер көзге бірден ілігетін «Әлем қайтсе ұтады? Бұл сауалдың жауабын Қытай береді» деген айшықты айдарына тіркелген «Жаңа Жібек жолының» түрлі түсті картасы күллі әлемнің назарын лезде баурап алған болатын. Себебі әлгі картада Қытайдың болашақ экономикалық Жібек жолы белдеуінің сан алуан бағыттары, оның ішінде Азия мен Еуропа ғана емес, Аф-

риканы да жалғастыратын халықаралық дәліздермен қатар, Оңтүстік Қытай теңізінен бастап, Азияның оңтүстік етегін орай өтіп, Батыс Еуропамен жалғастыратын су жолдарының маршруттары да тайға таңба басқандай көрініп тұр. Ең бастысы, олардың қай-қайсысы да Қытайдан басталып, бір-бірімен Еуропада түйіседі немесе, керісінше, Еуропадан басталып, Қытай жерінде қайта тоғысады.

Үшіншіден, бұл айтылғандар бүгінгі таңдағы Қытай мемлекетінің экономикалық басымдықтардың ішінде, әсіресе логистикалық орталықтар мен транзиттік транспорт жүйелерінің дамуына айрықша мән беріп отырғанын паш етеді.

Төртіншіден, Қытайдың басымдық беріп отырған экономикалық саясатының нақты нәтижелері де әлем назарынан тыс қалып отырған жоқ. Олар көзге ұрып тұр. Мәселен, 2011 жылдың шілде айында аталмыш мемлекет өзінің батыс аймақтарын Синьцзян-Ұйғыр автономиялық облысы, Қазақстан, Беларусь, Польша және Германия аумағы арқылы Еуропамен жалғастыратын 11 000 шақырымдық теміржол торабын іске қосты. Одан соң, араға біраз уақыт салып, 2013 жылдың қараша айында Шаньси провинциясынан Орта Азияны нысанаға алған контейнер тасымалдайтын алғашқы пойызын да аттандырып жіберген болатын. Демек, де-факто, Қытайдың «Жаңа Жібек жолы» жобасы бүгіннің өзінде-ақ нақты іске аса бастады деуге әбден болады және, ең бастысы, бұл жобадағы біздің елдің транзиттік әлеуеті де ауқымды мәнге ие болып отыр.

Өйткені «Жаңа Жібек жолы» жобасын іске асыруға Қазақстан да үлкен үлес қосуда. Мысалы, Қытайға жасаған кезекті ресми сапары кезінде Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаев Қытайдың Ляньюньган портынан Елімізге Тынық мұхит аймағына сауда-саттықпен тікелей шығуға мүмкіндік беретін теңіз терминалы құрылысының тұсауын кесіп қайтқан болатын. Өз кезегінде бұл терминал «Хоргос – Шығыс қақпасы» деп аталатын арнайы экономикалық аймақты дамытуға да үлкен серпін береді деп күтілуде.

Аталмыш сапар барысында Елбасы Шанхайда өткен Азиядағы Өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің

(АӨІСШК) кезекті саммитінде сөз сөйлеп, алпауыт халықаралық ұйым болуға дайын тұрған әлгі кеңестің бастамашы авторы ретінде «Жаңа Жібек жолының» штаб-пәтерін Алматы қаласына орналастыру жөнінде батыл ұсыныс жасады. Өйткені біздің еліміз де өз транспорт инфрақұрылымын дамытуға өте мүдделі және осы салаға 2020 жылдарға дейін 45 миллиард АҚШ долларын салуды жоспарлап отыр. Мұндай шығындардың өзін-өзі ақтайтыны да күмән тудырмайды, себебі 2020 жылға дейін еліміздің транзиттік жүк тасымалдау әлеуеті екі есеге артып, одан түсетін пайда да үш есе өсетіні алдын ала нақты жобаланып отыр.

Мұның сыртында «Қазақстан Теміржолы» Ұлттық компаниясы Жезқазған мен Бейнеуді жалғайтын 1200 шақырым теміржол торабын аяқтауды жоспарлап отыр. Бұл дәліз де Кавказ арқылы Каспий теңізінің жағасындағы Ақтау порты мен Қытайды жалғастыруды көздейді. Бұдан бөлек, арнайы экономикалық аймаққа жататын «Ақтау теңіз порты» да кеңейтіліп, Ақтөбе қаласындағы логистикалық орталық та іске қосылып жатыр. Сонымен қатар соңғы жылдары еліміздің теміржол машина жасау өндірісінің қол жеткізген табыстары да артып келе жатқаны айтуға тұрарлық.

Халыққа арнаған Жолдауында Елбасы еліміздің шикізат ресурстарын шегіне жеткізе өңдеу және инфрақұрылымды күшейту бағытындағы ең басты мегажоба ретінде құрылысы аяқталуға тиісті «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің қазақстандық бөлігін тілгетіек ете келіп, оның «Жаңа Жібек жолы» жобасының ажырамас бөлігі екенін ерекше атаған болатын. Президент, сонымен қатар әлгі дәліздің Азия мен Еуропаны жалғастырудағы тарихи рөлін қайта тірілту мен таяу арада оны Орта Азия аумағындағы логистикалық және транзиттік хабқа айналдыру мәселесіне де үлкен басымдық берді. Бұл орайда, Елбасы аталмыш дәлізбен өтетін жүк тасқынының көлемі, жоғарыда атап өтілгендей, 2020 жылға дейін екі есе артатынына және одан кейінгі жылдары 50 миллион тоннаға жететініне үлкен сенім білдірді.

Қазақстанның автомобильдермен жүк таситын халықаралық ұйымының есебі бойынша, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» транспорт дәлізі іске қосылған кезден бастап, еліміздің 14 елге жүк жеткізетін тасымалдаушылары орындайтын рейстердің саны жылына 15 мыңнан 100 мыңға дейін жететін болады әрі бұдан түсетін пайда да еселеп өсетіні күмән тудырмайды. Осы арада Батыс Қытай мен Батыс Еуропаны жалғайтын транспорт дәлізінің қомақты бөлігі Ресей аумағымен өтетіндіктен, жаңа жобаның тұтастай нәтижелі болуы көрші мемлекеттің транспорт құрылымының даму деңгейімен тікелей байланысты болатынын да ескерген лазым. Алайда өз пайдасы үшін Ресей де транспорт инфрақұрылымын дамытуға өте мүдделі, сондықтан бар мүмкіндігін салып, «Жаңа Жібек жолы» жобасының тезірек іске қосылуына өз үлесін қосып жатыр.

Сосын, транспорт-логистикалық және бизнес инфрақұрылымдарын қалыптастыру тек Қазақстан үшін ғана емес, сонымен қатар еліміздің шетелдік әріптестеріне де ауадай қажет. Сондықтан да өкіметаралық ТРАСЕСА (Еуропа-Кавказ-Азия транспорт дәлізі) комиссиясының аясында еліміздің Кеден комитеті, ТРАСЕСА Хатшылығы, ҚР Транспорт және коммуникация министрлігі және «Қазақстан Теміржолы» Ұлттық компаниясымен бірлесе отырып, Қытайды оңтүстік Еуропа және Таяу Шығыс елдерімен жалғастыратын Каспий теңізі мен Оңтүстік Кавказ арқылы өтетін транспорт-транзиттік тауар айналымын күшейтуге бағытталған шаралардың жоспарын алдын ала талқылап, келісімге қол қойған болатын. Сонымен қатар ТРАСЕСА транзит дәлізінің табысты болуы да елімізде салынып бітуге таяп қалған әрі Қазақстан аймақтарының дамуына тегеурінді серпін беретін Жезқазған-Бейнеу теміржолымен де тікелей байланысты болмақ. Бұл тұрғыдан келгенде, еліміздің транзиттік әлеуетін дамыту тек мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес. Біріншіден, бұл мәселенің түйінін, сонымен қатар ел ішінен де, сырттан да тікелей инвестиция тарту арқылы шешуге болатыны күмән тудырмайды.

Екіншіден, транзиттік әлеуетті көтеру кедендік пункттерге заманауи технологияларды белсенді ендіріп, олардың күллі қызметін халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп, еселеп жылдамдату арқылы олардың экономикалық тиімділігін өсіру де еліміздің бүгінгі күн тәртібінде тұрған басымдықтардың бірі.

Үшіншіден, мемлекет аумағынан өтетін «Жаңа Жібек жолы» тармақтарының тартымды болуына ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасына енген Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі, Тамғалы петроглифтері, Сарыарқа мен Солтүстік Қазақстан көлдері мен сайын далалары, Қорғалжын және Наурызым қорықтары және аталмыш әлемдік мұраға қабылданған Қаялық, Қарамерген, Талғар, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек және басқа тарихи-мәдени объектілерімен қатар жақын болашақта қабылданатын өзге тарихи мұралардың да өлшеусіз үлес қосатыны даусыз. Бұл уәждің бұлтартпас дәлелі әлемнің 120 елі өкілдерінің қатысуымен Астанада өткен ЮНЕСКО Ұлттық комиссияларының Бірінші аймақаралық жиынында жарияланды. Демек, Қазақстан аумағынан өтетін жаңа Жібек жолы еліміздің транспорт-транзиттік және логистикалық әлеуетін ғана көтеріп қоймай, ел экономикасын нығайта түсетін туризм саласының гүлденуіне де қомақты серпін беретіні көрініп тұр. Ендеше, қайта түлейтін әрі еліміздің үстімен өтетін «Ұлы Жібек жолы» жобасына тек қана сәттілік тілейік!

ҮЛКЕН ӘРІШТЕСТІК ЖОЛЫНДА

Қазақстан өз дамуында тең түсіністік пен ынтымақтастық қарым-қатынасқа айрықша мән беріп келеді. Бұл заман талабы біздің елдің Ұлыбританиямен қалыптастырып келе жатқан оң құбылыстардан да анық байқалады. Екі ел өркендет жолында өзектесіп, алыс-берістерін қарқындата бастады. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2000 ж. жасаған ресми сапары аясында Ұлыбританияның іскер топтарымен өткізген кездесулерінде екіжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайту жолындағы ұмтылыстарды атап айтты. Мәселен, Ұлыбритания Қазақстанға 1993-1998 жылдары аралығында 1061,1 млн доллар (бұл барлық инвестиция ағынының 13,4 пайызы) қаржы құйды. Бұл көрсеткіш бойынша, британдықтар АҚШ пен Корея Республикасынан кейінгі үшінші орында тұрды. Ал 1999 жылы 162,5 млн доллар кіргізген ағылшындар біздің елдегі еуропалық инвесторлардың ең ірісіне айналды.

Екі ел арасындағы инвестициялық ынтымақтастықтың негізгілері энергетика, тау-кен өнеркәсібі, сауда, әлеуметтік құрылымдар, денсаулық сақтау, көлік және байланыс, пайдалы кен қазбаларын барлау және игеру салалары болып саналады. Біздің елімізде қазір 90 Қазақстан-Британ бірлескен кәсіпорны мен 40-қа тарта британдық компаниялардың өкілдіктері жұмыс істейді. Ұлыбритания үшін Қазақстанның мұнай-газ секторы бұрынғысынша басымдыққа ие. Бұл орайда әлемге танымал «British Gas» мұнай-газ компаниясы мен металлургия саласында «Испат-Кармет» компаниясы біздің республика жұртшылығына өте танымал және еліміздің даму жолындағы мұндай ірі инвестициялық жобалар өз аясын кеңейте бермек.

Қазір мен Елбасының шешімімен Британия елінде елшілік қызметте жүрмін. Сондықтан да ел алдындағы жауапкершілікті ұдайы сезініп, Қазақстанның абыройы мен беделін асқақтататын сенім мен достыққа негізделген екіжақты байланыстарға дәнекер болу ең үлкен парыз және биік абырой екені бір сәт те назардан тыс қалған емес. Қазір

біздің елшілік алдында Ұлыбританияны ең сенімді экономикалық әріптес жасауға бағытталған үлкен міндеттер тұр. Сонымен қатар бұл елдің бүгінгі бітім-болмысы мен даму ерекшеліктеріне де жете мән берген жөн. Мәселен, Британия өзіне шет елдерден тікелей инвестиция тарту жөнінен 1998 жылы әлем бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шықты, ал Еуропа аумағында бұл ел көптен бері көш басында келеді. Соңғы екі жылда, яғни ғасыр басында сырттан тартылған 652 инвестиция көздері бұл елде 45 мың жаңа жұмыс орнының ашылуына және 75 мың жұмыс орнының сақталуына өте пайдалы әсерін тигізді. Британдықтар шетелге өз капиталын шығару жөнінде де әлемде Америка Құрама Штаттарынан кейінгі екінші орынды иеленіп келеді. Бұл елдің бас қаласы Лондон – бұрынғысынша банк, қамсыздандыру жүйесі және қаржы саласында тұтынушыларға алуан түрлі қызмет көрсететін аса ірі орталық. 1990 жылдары Лондон валюта биржасының қаржы айналымы АҚШ пен Жапония сияқты екі ірі елдің биржаларының жиынтық қаржы үлесінен да асып түскен. Олай болатын жөні де бар, өйткені Британия астанасы – халықаралық банктердің ең көп шоғырланған жері. Сол кездерде бір Лондонның өзінде ғана 555 шетел банкі жұмыс істеді. Әлемнің ең ірі қаржы орталығы болып табылатын Ситиде ғана 300 халықаралық банк қызмет көрсетеді. Мұнда 800 мың адам жұмыс істейді. Басқаша айтқанда, бұл Франкфурт секілді ірі қаланың халық санымен тең түседі. Британияда 13 000 шетелдік, оның ішінде 4000 америкалық, 1000-нан аса неміс және 200 жапондық компания жұмыс жасайды. Британияның басқа елдерге несие беру жөнінен де алатын орны ерекше. Кейінгі кезде бұл ел бұрын өзінен қарыз алған, бірақ өте әлсіз әрі енді-енді ғана дамып келе жатқан 41 елді өзіне қайтарылуға тиісті күллі борышынан босатуға шешім қабылдады. Демек, Британияның өте пәрменді ел екені осыдан да анық байқалады.

Дәл қазір Британия халқының жалпы саны – 59,2 млн. Бұл әлем халқының бір ғана пайызын құрайды. Бірақ осыған қарамастан, Британия басқа елдермен жасайтын са-

уда-саттыққа келгенде әлемдегі алдыңғы бес мемлекеттің бірі болып саналады. Әрине, телекоммуникация, компьютер ойындарын жасау, аэрокосмос және полиграфиялық өндірістер саласында, сол сияқты, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мен олардың нәтижелерін өндіріске енгізуде де бұл ел алдына жан салмайды. Әлемге Нобель сыйлығының 90 жүлдегерін сыйлаған да осы ел. Бұл – АҚШ-тан кейінгі екінші көрсеткіш. Өндірістік дизайн, жарнама, мультипликация, сән үлгісі салаларында да Ұлыбритания алдыңғы шепте келеді. Мәселен, бұл елдің жоғары оқу орындарында қазір жүздеген Қазақстан жастары білім алуда. Білімін одан әрі тереңдетіп, ізденіс жолында жүрген жастарға да мұнда қолайлы жағдай жасалған.

Британияның театр өнері саласында да шоқтығы биік тұр. Бір Лондонның өзінде ғана 100-ге тарта театр бар. Осыдан 400 жыл бұрын Лондонда ашылған «Глобус» театрының сахнасынан әлемнің ең әйгілі драматург-жазушысы Шекспирдің шығармалары күні бүгінге дейін түсіп көрген емес. Жыл сайын бұл елде 600-ге тарта кәсіби фестиваль өтеді. Бұл салада, әсіресе Эдинбург қаласында өтетін ірі халықаралық фестивальдың мәні ерекше. Заманауи музыка индустриясы да өте жақсы жолға қойылған. Мәселен, 1998 жылғы анықтама бойынша, ел ішінде 200 миллионға жуық музыка альбомы сатылған. Кино өнері туралы айтсақ, тек соңғы жиырма жыл ішінде ғана әлемдік деңгейге көтерілген актерлерге тағайындалатын «Оскар» жүлделерінің үштен бірінің осы елдің еншісіне тиюі тегіннен-тегін болмаса керек.

Көздің жауын алатын автокөлік жолдары тамсандырмай қоймайды. Жол апаттарынан зардап шегетін адамдар саны бұл елде өте аз. Демек, жол сапасының жоғары болуын үнемі қадағалау, жол ережелерін қатаң орындау, жол қауіпсіздігін қатал сақтау сияқты мәселелерге де бұл ел жете мән береді. Автокөлік жүргізушілерді сақтандыратын жол белгілерін аса ұқыптылықпен орналастырып, олардың сапасын жақсартып отыру жөнінде Англиядан үйренетін нәрселер баршылық.

Демократиялық дәстүрлерге бай Британияда дінге байланысты адамдарға шектеу қойылмайды. Әркім өзінің қалаған дінін ұстанады. Соның бір айғағы мынау: қазір бұл елдегі мұсылмандардың саны 2,5 миллионнан асады және мұсылман мешіттері де баршылық. Әрі мұсылман қоғамдастығы ұйымдарының құрылтайы жылма-жыл өтіп отырады.

Британияда ішкі-сыртқы туризмнің өте жақсы дамығаны соншалықты, әр жыл сайын бұл елге 26 миллиондай турист келіп-кетеді. Бұдан ел қазынасына түсетін пайда шаш-етектен. Оның бұлтартпас дәлелі мынау: туризмге жұмсалған әрбір фунт стерлинг қазынаға төрт есе болып қайта құйылып тұрады.

Аса қажетті дәрі-дәрмек жасау өндірісі де мұнда жақсы дамыған. Бұның бір дәлелі: бүкіл әлемдегі ең құнды деген 35 түрлі дәрі-дәрмектің 10-ы осы елде шығарылады.

Әрине, ақпарат құралдары жөнінде де сөз ерекше. Мысалы, басқаларды былай қойғанда, бір ғана «Би-Би-Си» телерадио компаниясының әлемде 140 миллион көрермені мен тыңдаушысы бар. Ағылшын тілін қоса есептегенде бұл компания қазір дүние жүзінің ірі-ірі 43 тілінде хабар таратады. Қазір оның хабарларын қазақ тілінде де тыңдауға болады.

Еуропадан сан тарапқа ағылатын автокөлік ағынын айттып тауыса алмайсың. Дерекке сүйенсек, 1998 жылы автокөліктер мен жүк машиналарының жалпы саны 27,5 миллионға жеткен. Сол жылғы анықтама бойынша, жолаушылар жүріп өткен жолдың жиынтық ұзындығы 716 миллиард жолаушы/километрге теңелген. Оның ішінде автокөлік жолдарымен 667 миллиард, темір жолдармен 42 миллиард, әуе жолдарымен 7 миллиард жолаушы/километр жол жүрілген. Туризмнің мықты дамуының басты бір себебі де осында жатыр. 1998 жылғы есеп бойынша, бұл елдегі жеңіл автокөліктің саны 22 миллионға жеткен. Сонымен қатар 1996-1997 жылдары елдегі бүкіл отбасының 70 пайызында – бірден, 25 пайызында – екіден, 4,5 пайызында үштен автокөлік болған.

Елдегі теміржол тораптарының басым көпшілігі 1900 жылы салынып біткен. Және дәл сол жылы теміржолмен 1,1 миллиард жолаушы және 425 миллион тонна жүк тасымалданыпты. Британия ХІХ ғасырдың басында-ақ әлемдегі теңіз жолдарын жете игерген бірегей мемлекетке айналған. Мәселен, 1914 жылы бұл елдің сауда флоты 18,9 миллион тонна жүк тасымалдаған. Бұл – сол жылғы теңіз жолдарымен әлемде тасымалданған күллі жүктің 42 пайызы.

Британияда қазір жолаушыларға арналған 150 әуежай жұмыс істеп тұр. Елдің ең ірі әуе қақпасы болып табылатын Хитроу әуежайының өзінен ғана жыл сайын 60 миллионнан астам жолаушы өтеді.

Білім жүйесінде 16 жасқа дейінгі балалар түгелдей мектепке баруға міндетті. Оларға жасалған жағдай және компьютермен керемет жабдықталғаны өз алдына, бұл елде зерде мен зейінге де замана биігінен әрі өте жоғары талғаммен қарайды. Бұл елде атақ-даңқы алысқа кеткен 90-ға жуық университет бар. Оксфорд пен Кембридж университеттерінің негізі ХІІ-ХІІІ ғасырларда қаланған. Шотландиядағы Әулие Эндрюз, Глазго, Абердин және Эдинбург университеттері – ХІV-ХV ғасырларда, ал Британиядағы басқа университеттер ХV-ХІХ ғасырларда қалыптасқан. Жоғары оқу орындарының басым көпшілігі елдегі өндірістермен тікелей байланысты. Сондықтан да студенттердің біразы жұмыс істей жүріп, арнайы әрі қысқа оқу бағдарламаларын қатар игеру арқылы жоғары білім алады. Кәдімгі университеттермен қатар алыстан білім беретін «Ашық университеттер» де жұмыс істейді. Ол университеттерде сол елдің әр түрлі жастағы ересек азаматтарымен қатар Еуропа Одағына кіретін барлық елдердің, сол сияқты, Гибралтар, Словения және Швейцария елдерінің азаматтары да білім ала алады. Британия университеттерінде оқитын жастар үнемі көбеймесе, еш азайған емес. Мәселен, олардың Англия мен Уэльстегі үлесі – 30, Шотландияда – 40 және Солтүстік Ирландияда – 45 пайыз. Елдегі студенттердің жалпы саны 4,4 миллионға жетеді. Демек, бұл көрсеткіштің жастар арасында жұмыссыздықтың азаюына да тікелей әсер ететіні анық байқалып тұр.

Бүгінгі таңда Британия экономикасы тұрақты қарқынмен дамуда. Инфляция өте төмен. Басқа дамыған елдермен салыстырғанда, жұмыссыздық та мұнда ең төменгі деңгейде. Олай деуге үлкен негіз бар. Себебі 1999 жылдың сәуір-маусым айларындағы анықтама бойынша, Британиядағы 16 жастан жоғары, жұмысқа жарамды 29,2 миллион азаматының 27,4 миллионы (15,1 миллионы – ер адамдар; 12,3 миллионы – әйел адамдар) жұмыспен қамтамасыз етілген. Демек, жұмыссыздар саны 1,8 миллионға тең.

1999 жылдың наурыз айындағы анықтама бойынша, жұмыстың халық шаруашылығының әр түрлі саласындағы үлесі мен пайыздық құрамына көз жүгіртсек, 20 миллион 806 мың адам халыққа қызмет көрсету жүйесінде жұмыс істейді екен. Мануфактура мен құрылыста да көп. Алыс-берісі арналы жолға түскен Ұлыбритания – осындай ел. Демек, бұл елден үйренетін дүние жеткілікті.

Британия біздің республикамызда болып жатқан оқиғаларға да мұқият ден қойып отырады. Бұл Қазақстанның аймақтық және ғаламдық саясаттағы рөлінің арта түскенін көрсетеді.

2001 жыл



ЖАҒАНДАНҒАН ЗАМАН СИПАТЫ

Бүгінгі таңда тарихи уақыттың адам айтқысыз жылдамдықпен жылжып келе жатқаны – дау туғызбайтын шындық. Бұл, әсіресе жаһандық ақпарат-коммуникация технологияларының өте тез әрі үздіксіз жаңаруынан айқын сезілуде. Бұл үрдіс, сонымен қатар алғашқы индустриялық революцияның қозғаушы күші болған көмір мен будың біртіндеп ығысып, мұнай мен газға, одан соң атом қуатына, енді, міне, үшінші индустриялық революцияның энергия иіріміне айнала бастаған балама қуат көздеріне орын бере бастағанынан да анық көрініп тұр.

Бұл құбылыс, сондай-ақ төртінші индустриялық революцияның күретаыры болып отырған роботтану, биотехнология, информатика және нанотехнология синтездерінен туындап жатқан соны ғылыми нәтижелерден де анық байқалып отыр.

Сосын қайта қалпына келетін әрі тек қана қоршаған ортадан алынатын таза энергия қорларының мүлде жаңа технологиялық деңгейде өндіріліп, жаңаша сақталып, алыс-жақын аймақтарға аса тиімді онлайн тәсілімен тасымалдану мүмкіндігі де бүгінгі адамзат санасына қона бастады.

Өз кезегінде аталмыш құбылыстардың геосаясатқа да, мемлекетаралық қарым-қатынастар мен нарықтарға да, сол сияқты, азаматтық қоғамдардың жаңаша қалыптасып, жаңаша дамуына да тікелей әсер ете бастағаны күмән тудырмайды. Өйткені мегаөзгерістер толқыны қазірдің өзінде-ақ айқын сыр беріп, планета тынысының болашақ болмысын болжайтын футурист-философтарды да, физиктерді де, экологтер мен биологтерді де, макроэкономистер мен микроэкономистерді де, мемлекет тізгінін ұстаған саясаткерлерді де жаппай ойландыра бастағаны шындықтан алыс емес. Мәселен, Нұрсұлтан Назарбаевтың соңғы Жолдауы – жоғарыда айтылғанның бұлтартпас дәлелі.

Бұлай деуге толық негіз бар. Өйткені өзге мемлекеттер секілді дамудың тұрақты жолын таңдаған біздің мемлекетіміз де технологиялық мегаөзгерістер ағынынан тыс қалып

отырған жоқ. Кезінде қол жетпестей болып көрінетін қиял-ғажайып дүниелер бүгінгі еліміздің күнделікті болмысына қалай тез еніп кеткенін де байқамай қалдық. Тастан сарай да салдырып, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар да алғызып, сәйгүлік тұлпарларды – автокөлік пен ұшақтар, хат пен хабарды – SMS, телефон стансалары мен почта қызметін – ұялы телефондар, сия мен қаламды – компьютерлер, кітапханаларды – интернет-порталдар, баспаханаларды – принтерлер, кинотеатрларды – телевизор мен видеотекалар алмастырып отырғанына да етіміз әлдеқашан үйреніп кетті. Оны былай қойғанда, бүгінде тұтынушылардың қолында жүрген алақандай ғана айфондар мен планшеттер бүкіл ақпарат-коммуникация технологияларының көмегімен іске асырылатын қызмет түрлерін түгел қамтамасыз ететін әмбебап құралға айналып кеткені де үйреншікті жай болып қалды.

Мұның сыртында, «Google», «Yahoo», «Yandex» секілді ақпарат іздеу жүйелерінің көмегімен бүгінгі таңда кез келген қазақстандық бүкіл адамзат өркениетінің рухани құндылықтарының ғаламтор желілерінде жинақталған ұлан-ғайыр қоймаларына сүңгіп кетіп, ғылым мен білімнің, өнер мен ілімнің әр саласына қатысты ұғымдар мен терминдердің кез келгенін қас-қағым сәтте суырып алып, керегіне жаратып отыр. Демек, бүгінгі таңда қалыптасып отырған әлемдік геосаясат картасынан біздің еліміз шет қалып отыр деуге ешбір негіз жоқ, себебі бүкіләлемдік ақпарат мұхитынан сусындау өз еліміздің де шексіз игілігіне айналып кеткені күмәнсіз.

Тәуелсіздік тізгініне ие болған ширек ғасыр ішінде Қазақстан әуел баста қолбайлау болған экономикалық қиындықтарды артқа тастап, бүгінде дамудың тұрақты жолына түсіп қана қоймай, бұл күнде бүкіл планетаға танылып, әлемдегі экономикасы тез дамып келе жатқан санаулы мемлекеттердің санатына қосылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылы халыққа жариялаған Жолдауы Еліміздің ХХІ ғасырдың бірінші жартысының соңына дейін-

гі тұрақты дамуына бағытталған алып жобалардың бірегейі болатын. Енді, міне, сол стратегиялық саяси-экономикалық және әлеуметтік мәні бар ұзақ мерзімді қамтитын жол картасының аясында қыруар шаралар толассыз іске асырылып жатыр. Олардың ішіндегі ең сүбелісі де өзектісі – Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын халқымызға арнаған инновациялық Жолдауы.

Дәл бүгін әлемдік жаһандану үдерістеріне болашақта еш нәрсе тосқауыл бола алмайтыны дау туғызбайтын шындық десек, артық айтқандық емес. Өйткені бұлай деуге толық негіз бар. Мәселен, бүкіл әлемге әйгілі әрі жарты ғасырдан астам тарихы бар «The Economist» деген айдарман Ұлыбританияда апта сайын тұрақты шығып тұратын әрі ғылыми іргетасқа негізделген ірі халықаралық басылымның білікті сарапшыларының жан-жақты зерттеуінің біртөмдік нұсқасы 2012 жылы «Megachange: The World in 2050» («Мегаөзгерістер: 2050 жылғы әлем») деген атпен ағылшын тілінде, ізінше, 2013 жылы орыс тілінде жарық көрді.

«Экономистің» атқарушы директоры – Даниел Франклин мен білікті сарапшылар тобының қаламынан шыққан әлгі көлемді туындыда алдағы 40 жылда әлемдік геосаясатпен халықаралық қатынастардың, қаржы жүйелері мен экономикалық байланыстардың, сол сияқты, ғылым мен мәдениеттің, қоршаған орта мен әлем қауіпсіздігінің болашақтағы болмысына көз жіберіп, салмақты да салиқалы ойларын ортаға салған. Олар: Қоршаған ортаның күйреуі тоқтала ма? Геномика мен денсаулық сақтау саласында революция бола ма? Әлемнің дамыған елдеріндегі теңсіздіктің ұлғаюы жалғаса бере ме? Осыдан 40 жылдан кейін әлемнің қай елінің экономикасы басымдыққа ие болады? т.с.с. өзекті сұрақтарға 20 тараудан тұратын аталмыш туындыны құрастырған 20 сарапшы түйінді жауап бере отырып, әлемнің 2050 жылдарына дейінгі болмысына деген болжамдарын батыл жүйелейді.

Кітаптың өн бойынан құрастырушылардың бәріне ортақ бір сипат айқын байқалады. Өз жазбаларында олардың

қай-қайсысы да болашаққа үңілмес бұрын, алдымен, өткен тарихқа көз жүгіртеді. Бұл әдіс оларға бүгінгі өркениет болмысында орын алып отырған сан қилы мегаөзгерістер мен үдерістердің мәні мен ауқымын бағамдап, олардың динамикасын терең түйсінуге мүмкіндік берген.

Аталмыш сарапшылардың пікірінше, әлем экономикасының таяу болашақтағы қозғаушы күші, біріншіден, әлемдік жаһандану үдерістері болса, екіншіден, Азия экономикасының әуел бастағы тарихи басымдықтарына қайта ие бола бастауы болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, «жаһандану» деген ұғым әлемдік нарықтардағы интеграциялық үдерістердің екінші атауы деуге лайық. Ол үдерістердің негізгі басымдықтары, біріншіден, транспорт және коммуникациялық шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін технологиялық инновациялар болса, екіншіден, еркін сауда мен инвестициялық климатты және миграциялық процестерді жеңілдететін саяси шешімдер. Бір сөзбен айтқанда, «жаһандану» дегеніміз – әлемдік нарықтардың мемлекеттік шекаралардан аттап өтіп, сыртқа қарай қанат жаюы. Демек, ол тек экономикалық процестермен шектелмейді. Бұдан былайғы жерде «ұлттық шекаралар» мен «географиялық кеңістіктер» деген ұғымдар әлемдегі жұмыс қолы мен тауарлардың да, капитал мен технологиялардың да, тіпті идеялар мен мәдени-рухани құндылықтардың да еркін айналуына ешбір бөгет бола алмайтыны көзге ұрып тұр.

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНДЕ ЖАҢҒЫРҒАН ҰЛТТЫҚ САНА

Ұлытауда Президент Назарбаевтың «Хабар» телеарнасына 2014 жылы берген тағылымды сұхбаты тек Ұлы Дала халқы емес, күллі түркі жұртының жүрегіне жол тапқан дәріс болды десек, артық емес. Олай деуге толық негіз бар. Өйткені бүгінгі таңда Президент Нұрсұлтан Назарбаев – тек Қазақ елі ғана емес, түбі бір түгел түркінің көшбасшысы ретінде мойындалған және түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығын нығайтуға барынша күш жұмсап жүрген танымал тұлға.

Аталмыш сұхбатында Елбасы қазақ мемлекеттігінің байырғы тамырлары өте әріден, атап айтқанда, біздердің ататегіміз болып табылатын ғұндар мен сақтардан, көк түріктерден және оның бер жағындағы Алтын Ордадан, ал одан да нақтырақ айтқанда, XV-XIX ғасырлар аралығында қанат жайған Қазақ хандығынан бастау алатынын паш еткен болатын.

«Айтылмаса – сөз жетім» демекші, Елбасы қазақ халқының мемлекеттілігіне қатысты тарихи шындықты қасиетті Ұлытауда дер кезінде айтты. Себебі кейінгі кездерде кейбір шетелдік ақпарат құралдары «Қазақтардың мемлекеттігі еш уақытта болған емес» деген жалған ақпарат таратуды әдетке айналдыра бастаған еді. Сондықтан, біле тұра білмегенсіп, көре тұра көрмегенсіп, шынайы тарихты қасақана бұрмалап, жымысқы ақпарат таратушылармен күресу тек қазақ тарихшыларының ғана еншісі емес, әділет пен шындықты ардақтайтын жасампаз еліміздің әрбір азаматының да ортақ мүддесі.

Бұл тұрғыдан келгенде, еліміздің тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған Президент Назарбаевтың бастамасымен іске асырылып жатқан пәрменді іс-шаралардың мәні ерекше. Сондай шаралардың бірі өткен жылдың қыркүйек айында Халықаралық Түркі академиясында «Ұлы Даладағы мемлекеттік дәстүр сабақтастығы» деген тақырып аясында өткен халықаралық семинар болатын. Ол

шараға 12 мемлекеттен келіп қатысқан ғалымдар тобы түгелдей түркі жұртына ортақ тарихты ғұндардан бастап, көк түріктер арқылы сабақтастыра жалғастыруға толық қолдау білдірген болатын.

Сонымен қатар академияда түркі тарихына қатысты және бірнеше бағыттар бойынша, атап айтқанда, «Шығыс Түрік қағанатының тарихы», «Батыс Түрік қағанатының мемлекеттік құрылымы» сынды іргелі ғылыми жұмыстар да қатар жүзеге асырылуда.

Ұлы Даладағы мемлекеттік дәстүр сабақтастығы туралы сөз қозғанда, қазақ даласындағы мемлекеттік дәстүрдің дөшет қалмайтыны дау туғызбайтын шындық. Мәселен, Нұрсұлтан Назарбаевтың Астана қаласының активімен өткізген бір кездесуінің барысында қазақ мемлекеттігінің тарихы Қазақ хандығынан бастау алатынын тағы да түйіндеген болатын. Президенттің бұл тұжырымын да халық өте жылы қабылдаған. Сосын, Қазақ хандығының 550 жылдығы 2015 жылы елімізде де, шетелдерде де кеңінен аталып, жалғасын тапқан болатын.

Сондай іс-шаралардың бірі емес, бірегейі 2015 жылы қыркүйек айының 11-індегі Астана төріндегі Тәуелсіздік сарайында өткен салтанатты жиын болды. Президент Н.Ә. Назарбаевтың терең тамырлы тарихи шындыққа негіздей отырып, Қазақ хандығының 550 жылдығына бағыштаған тағылымы терең аталы сөзі сол жиынға ұлан-байтақ еліміздің барлық аймақтарынан арнайы шақырылған аға буынды ел елеулілері мен қоғам қайраткерлерін ғана тебірен-тіп қойған жоқ. Тікелей эфир арқылы бүкіл ел құлағына дәл сол сәтте жеткен жанды сөз миллиондаған өзге отандастарымыздың да рухын оятып, оның ішінде, әсіресе жас ұрпақтың патриоттық сезімін де жалындатып, биік белеске көтеріп кетті. Сондай-ақ күллі халықтың жүрегіне төте жол тауып, жаппай қолдауына ие болған осы бір ұлы той салтанаты дарытқан көңіл күйдің сын-сипаты да өзгеше болды.

Біріншіден, Ұлы Дала халқы жүрекке жылу сыйлайтын шешен сөз бен сана жаңғыртып, дүр сілкіндіретін көсем-сөзді тани алатынын да, ондай құндылықтарды қадірлей

білетінін де бірден байқатты. Мұны салтанатты жиынның патриоттық сезімге толы атмосферасы толық дәлелдеді.

Екіншіден, осыдан бес жарым ғасыр бұрын Қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған батыр бабаларымызға арналған соқталы сөздің бастан-аяқ мемлекеттік тілде сомдалғаны дүйім жұртты жігерлендіріп жіберді. Бұл көңіл күй салтанатты жиынның үстінде рухы оянып, одан кейінгі сәттерде де қанаттанып кетіп бара жатқан адамдардың бет-жүзінен айқын сезіліп тұрды. Бұл атмосфера, сонымен қатар халықтың жігері мен қуаты ұлттық тіл дәл осылай ұлықталып, дәл осылай қадірленсе ғана биіктейтінін айқын байқатты.

Үшіншіден, Елбасы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойының әдеттегідей той тойлау үшін емес, ең алдымен, батыр бабаларымыздың мәртебелі рухына тағзым ету үшін және тағдыр талайының сан алуан тар жолдары мен тайғақ кешулерінен сүрінбей өткен ата тарихымыздан тағылым алу үшін өткізіліп отырғанына ерекше емпін беріп, ел назарын сол нысаналарға қарай бұрды. Бұл нысаналы пайым да көптің көкейінен шықты.

Төртіншіден, «Айтылмаса – сөздің атасы өледі» демекші, Мемлекет басшысы еліміздің басыбайлы кезеңіндегі қасіретке толы тағдырына қатысты әдетте ашық айтыла бермейтін ащы шындықтың тығынын түгел ағытты. Мәселен, Президент Кеңес Одағы заманында Қазақстан мектептеріндегі жас ұрпақтың тек «КСРО тарихы» атты ортақ оқулықтан ғана білім алуға мәжбүр болып, ата тарихынан мүлде алшақтап қалғанын да, сондай-ақ кеңестік биліктің солақай саясатының салдарынан Қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, айбынын асырған ұлы хандарымыз бен даңқты батырларымыздың есімі бірте-бірте ел жадынан өшіріле бастағанын да, «Іштен шыққан жау жаман» демекші, сұрқия саясаттың шашбауын көтеріп, өз хандарымызды өзімізге жамандап, өз ішімізден шыққан жандайшаптардың құрметке негізсіз бөленіп келгенін де, Алматы мен Астана немесе облыс орталықтары мен ірі елді мекендерде әйгілі хандарымыз бен батырларымызға ескерткіш тұрмақ,

олардың атына білім мен мәдениет нысандары ғана емес, тіпті жалғыз-жарым көше де бұйырмағанын, оны былай қойғанда, Қазақ хандарының аты атала қалса, оларға үстем тап өкілі деген келеңсіз шала байланып, қисынсыз айыптағылғынын үлкен өкінішпен баяндай отырып, кеңестік озыр биліктің жасанды бетпердесін сыдырып тастады.

Президент ұлттық намысты қайрайтын және бір отты сөзді ел назарына ұсынды: «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ... Бізге бабалар тұлпарларының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. Қазақтардың бүгінгі және болашақ буыны оны әрдайым орынды мақтан ететін болады... Осынау ұлы бабалардың биік рухына барлық ұрпақ айрықша құрметпен бас иіп, ризашылығын білдіреді. Олардың ұлтқа сіңірген ұшан-теңіз еңбегі әрдайым ел есінде сақталады».

Президенттің терең тебіреністі ұлтжандылықпен, осылайша, ұлы хандарымыз бен батыр бабаларымыздың өшпес рухына халық алдында тағзым етіп, әділ бағасын беруі салтанатты жиынның мәнін арттырып, ұлттық сананың қайта жаңғыруына пәрменді серпін берді.

Бесіншіден, Елбасы Ұлы Даланың ел-жұрты тәуелсіздік жолында «мың өліп, мың тірілген» халық екенін, сондай-ақ Тәуелсіздік деген қасиетті ұғымның, ең алдымен, Мәңгі Ел болуды көксейтін өз мемлекетіміздің киелі бірлігімен егіз ұғым екенін тағы бір мәрте еске салып, батыр бабаларымыздың ынтымағы жарасқан замандарда даңқы асқанын, керісінше, бас-басына би болып, билікке таласқан кездерінде берекесі мен сиқы қашып, бөлшектеліп кеткенін бүгінгі ұрпақ санасына сыналап тигізді. Сосын, бірлік – барлық жеңістердің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары екенін де, керісінше, алтыбақан алауыздық мемлекеттіктің негізін шайқалтатын жегіқұрт екенін де айшықтай түсіп, тағы бір тарихи шындықты ортаға тастады: «Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның Ұлы Даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы Түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен

Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды. Арғы дәуірлерге бармай-ақ, таза түркілік заманымызға зер салар болсақ, әйгілі Рим империясы құлап, Еуропадағы осы күнгі мемлекеттердің нобайы әлі қалыптаса қоймаған VI ғасырдың 552 жылы Алтайда Ұлы Түрік қағанаты атты қуатты, күшті мемлекет дүниеге келді. Ол небәрі жарты ғасыр ішінде Алтай мен Кавказ арасындағы алып далада жеке-дара билік жүргізді. Дәуірлеп тұрған кезінде Византия мен Ираннан, Қытайдың екі патшалығынан алым алған ер түріктің өз ішінде берекесі кетіп, билікке талас бастағанда, әуелі батыс және шығыс болып ажырап, кейін оғыз, қарлұқ, қыпшақ болып бөлініп, жауларына жем болды. VIII ғасырда тасқа қашалған Күлтегін жазуында: «Алдау мен арбауға арандаған түрік халқы бірлігінен айырылды. Табғаштарға қайсар ұлдары құл, көрікті қыздары күң болды деп жазылған».

Міне, бұл тарихи тағылым да дүйім жұрттың санасына барып қонақтады. Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл әлем ғалымдары мойындаған ғұлама тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің жазба мұраларына сүйене отырып, Қазақ хандығының заманын ат жалында күн кешкен Алаш жұртының қаһармандық дәуірі болғанын үлкен мақтанышпен түйіндеді. Сондай-ақ Керей мен Жәнібек сұлтандардың 1465 жылы Әбілқайыр ұлысынан бөлініп шығып, Шу мен Таластың арасында Қазақ хандығының алғашқы шаңырағын көтергенін, олардан соң билік құрған Қасым ханның хандықтың іргесін бекітіп, керегесін керегенін, Хақназар ханның ел шекарасын Еділдің бойына дейін кеңейтіп, Тәуекел ханның Түркістан өлкесін түгелдей Қазақ хандығына қаратқанын, сол сияқты, Еңсегей бойлы ер Есім ханның елдің іргесін бекіту жолында қолбасшылығымен танылғанын, Салқам Жәңгір ханның Орбұлақ түбіндегі шайқаста жоңғарларға ойсырата соққы бергенін, Әз Тәуке ханның «Жеті жарғыны» енгізгенін әділетті айшықтай отырып, хандардың көпшілігінің өмірі көбінесе майдан шебінде өткенін, сондықтан да, қазақтың алғашқы он төрт ханының жетеуі жорық жолында қаза тапқанын халқымыздың есіне салды. Сөз қадірін түсінетін әрі оны са-

насына тоқи алатын әр азаматтың нақты ғылыми дәйектерге негізделген бұл тарихи тағылымнан да мол ғибрат алғаны күмән тудырмаса керек.

Алтыншыдан, Астанада өткен салтанатты жиын «Қуанышты бөліссе, көбейеді» деген аталы нақылдың тозбайтын құндылық екенін тағы да бір дәлелдеп берді. Орайы келіп, Қазақ хандығының 550 жылдығын бірге ұлықтауға Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бесінші саммитіне Президент Н. Назарбаевтың арнайы шақыруымен келген Әзербайжан Республикасының Президенті Илхам Әлиев, Қырғыз Республикасының сол кездегі Президенті Алмазбек Атамбаев, Түркияның Ұлы Ұлттық жиналысының спикері Исмет Йылмаз, Түрікменстан Үкіметінің Вице-премьері Сапардұрды Тойлиевтің қатысуы салтанатты жиын мен мәдени шаралардың мәнін арттырып, абыройын асқақтатқаны даусыз.

Жетіншіден, «Сырт көз – сыншы» демекші, жаһандану заманында тарихи тағдыр талайының салдарынан кезінде бір-бірінен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түркі халықтарының бүгінгі көшбасшыларының қайта ынтымақ жарастырып, саясатта, экономикада, ғылым мен білімде, технологияда осылайша өзара ықпалдастық байланыстарды нығайтып жатқанына салтанатты жиынның құрметті қонағы ретінде шақырылған шетелдік тұлғалар мен елшілер де куә болып, ризашылық білдіріп отырғаны сезіліп тұрды.

Сегізіншіден, салтанатты жиынның ертесіне, Батыс әлемінің бірнеше тілінде тәулік бойы татымды да тұшымды әрі шынайы жаңалықтар тарататын, абырой-атағы асқақ «*Euronews*» телеканалы Астана төрінде өткен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиын мен мәдени шаралар туралы қысқа да нұсқа хабарды бүкіл әлемге мәлім етіп үлгерді. Сосын, шындықты ғана уағыздайтын ақпарат құралдарын төртінші билік деп бекер айтпаған ғой. Міне, дәл осы тұрғыдан түйіндейтін болсақ, ендігі жерде Қазақ хандығымен сабақтасып жатқан бүгінгі «Ұлы Дала елі» деген қасиетті есімді иелене бастаған Қазақ мемлекеттігінің

бай тарихынан бүкіл планета халқы да жаппай хабардар болды деуге толық негіз бар.

Сөз реті келгенде, бүгінгі таңда Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында Қазақстан халқының бірлігін паш етуге бағытталған, этносаралық сыйластық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін насихаттауға арналған арнайы «Ұлы Дала елі» экспедициясының Отанымыздың түкпір-түкпірін аралап, жұртшылықпен кездесулер өткізіп, аталған тақырыпта дәрістер оқып жүргенін айта кетсек, еш артықтығы жоқ. Өйткені бұл шаралардың бәрі де ел бірлігі мен ынтымағына қызмет етеді.

Қорыта айтқанда, мақалаға арқау болған Елбасының мызғымайтын ғылыми іргетасқа негіздеген бұл дәрісін Ұлы Дала елінің бес жарым ғасырлық тарихын қамтитын тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деп қабылдаған лазым. Нақтырақ айтқанда, бұл құжатты Ұлы Дала елінің төл тарихының оқулығы ретінде орта мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары шәкірттерінің деңгейіне сәйкестендіріп, айналымға тезірек енгізіп жіберсе, артық болмайды. Өйткені Елбасының ұлағатты дәрісі Ұлы Дала елінің өткен дәуірлердегі тарихы мен бүгінгі болмысын ғана қамтып қоймай, жарқын болашағына да жөн сілтеп тұр.



ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЛАРЫ – ЕЛ ЕРТЕҢІ

2014 жылдың 11 қараша күні «Нұр Отан» партиясының саяси бюросының кеңейтілген отырысы өтті. Саяси кеңес соңында Елбасы «Нұрлы жол» деп аталатын жаңа экономикалық саясатты белгілеп, Қазақстан халқына арналған мәні зор және ауқымды Жолдауын жариялады.

Жолдаудың ерте жариялануының басты себебі өкіметке алда келе жатқан жаңа жылға дейін Жолдауда айқындалған тапсырмаларды іске асырудың нақты жоспарын дайындап алуға мүмкіндік берумен тікелей байланысты болды. Сондықтан да аталмыш Жолдауында Президент қазіргі алмағайып заманда әлемде жүріп жатқан ауыр экономикалық дағдарысқа байланысты жаңа экономикалық саясаттың өзегі болып табылатын жеті бағытқа: көліктік, индустриялық, энергетикалық, әлеуметтік және тұрғын үй инфрақұрылымдарын дамыту, сондай-ақ шағын және орта бизнеске қолдау көрсету және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты сумен және жылумен жабдықтап, жаңғырту мәселелеріне ерекше мән берді.

«Нұрлы жол» деген атауының өзі айтып тұрғандай, бұл Жолдауда еліміздегі жол мәселесіне ерекше емпін берілді. Себебі жол – кез келген ел экономикасының күретамыры екені бұлтартпайтын шындық. Мысалы, 1941-1945 жылдары Екінші дүниежүзілік соғыста Еуропадағы Америка армиясын басқарған, сондай-ақ кейінірек әлгі алпауыт елдің Президенті болып сайланған генерал Дуайт Эйзенхауэр елдегі бүкіл жолдарды қайта салдырған болатын. Соның арқасында АҚШ экономикасы еселеп өсіп, халықтың әл-ауқаты да тез түзелген болатын.

Президент Назарбаевтың мақсаты да дәл сондай. Өйткені еліміздің астанасын басқа аймақтармен жалғайтын сапалы жолдар салынса, біздің елдің экономикасына да тың серпін беріліп, халқымыздың әл-ауқаты да еселеп артатынына Елбасы өте сенімді. Оның үстіне жаңа экономикалық саясат тек автомобиль жолдарын ғана емес, теміржолдар мен әуе жолдарының сапасын арттыруды да қоса көздеп отыр. Соның

айқын дәлеліндей, өткен жылдары Ұлытауға барған кезінде Елбасы Жезқазған – Бейнеу, Арқалық – Шұбаркөл теміржол желілерін іске қосқан болатын. Енді, міне, Батыс Қазақстаннан шығатын жол Түрікменстан арқылы Парсы шығанағына да жол ашты. Өз кезегінде бұл жол торабы теңіздерден шалғай жатқан біздің мемлекет үшін теңіз жағалауында орналасқан көрші елдердің порттарын жалға алып, сыртқы экспортты ұлғайтуға да зор мүмкіндік туғызатын болады.

Жаңа Жолдауында Елбасы ұлттық қорды тиімді пайдалануға да баса назар аударды. Мәселен, өткен дағдарыс кезінде экономика мен банк жүйесін сақтап қалу үшін, Ұлттық қордың бір бөлігі орнымен жұмсалып, елді әлгі дағдарыстан аман-есен алып шыққан болатын. Міне, дәл сондай жағдай екінші рет қайталанған кезде де экономикалық тығырықтан шығарып алу үшін Ұлттық қордан бөлінетін қаражат тағы да көмекке келді. Бұл орайда Елбасы «Нұрлы жол» бағдарламасының маңызды тармағы болып табылатын шағын және орта бизнесті дамыту және кәсіпкерлерді қолдау үшін жүз миллиардтай қаржы бөлінетінін атап өтті.

Жолдауда банк жүйелеріне тағы да баса мән берілді. Өйткені мұның да өз себебі бар. Мәселен, Батыс әлемінде банк жүйелеріне қатысты «*улы несие (toxic credit)*» деген ұғым бар. Бұл ұғымның біздің банктерге де тікелей қатысы бар. Өйткені кезінде көптеп несие алып, оны қайтара алмай жүрген азаматтар банктерге үлкен зиян келтіруде. Осындай түйткілдерді жою үшін мемлекет тарапынан үлкен қаржы бөлініп отыр. Бұл – еліміздегі банктерге Президент тарапынан жасалған үлкен көмек. Ал банк жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, яғни ондағы қаржы жеткілікті болмаса, ел экономикасының орнықты болмасы да айқын. Бұл тұрғыдан келгенде, Елбасының жаңа Жолдауы елімізге төнген қаржылық қауіп-қатерлер мен дағдарыстарды еңсеріп, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуға мүмкіндік беретін тиімді бағдарлама екені дау туғызбайды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын халқымызға 2017 жылы арнаған инновациялық Жолда-

уының да бүгінгі әлемдік сын-қатерлер мен заман талабынан туындап отырғаны ешбір күмән тудырмайды және бұлайша пайымдауға толық негіз бар.

Мәселен, 2017 жылы қаңтардың он бірі күні жарық көрген «Төртінші өнеркәсіп революциясы» атты еңбегінде әлемге әйгілі экономист және 1971 жылдан бермен қарай Давоста өтетін Бүкіләлемдік экономикалық форумның тұрақты президенті Клаус Шваб былай дейді: «Біздер бүгінгі таңда күллі өмірімізді, жұмыс істеу үрдісімізді және қарым-қатынасымызды түбегейлі өзгертетін революцияның бастау көзінде тұрмыз. Масштабы мен ауқымдылығы және күрделілігі жағынан төртінші өнеркәсіп революциясына тең келетін үлгі адамзат тарихы мен тәжірибесінде бұрын-соңды болып көрмеген. Міне, сондықтан да біз жасанды интеллект, роботтандыру, робот-автокөліктер, үшөлшемді принтер, нанотехнология, биотехнология сияқты күллі әлемді өзгертетін ең пәрменді және таңғажайып технологиялық болмыстың куәсі бола бастадық».

Міне, осы тұрғыдан келгенде, Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын халқымызға арнаған инновациялық жолдауының мәні ерекше.

Жолдауда Үшінші жаңғырудың бес бағытына басымдық берілген. Біріншіден, Президент экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуына үлкен екпін беріп, бұл орайда Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» деп аталатын арнайы бағдарламаны әзірлеп, ІТ саласын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ететін халықаралық технопарк құруды бірінші кезекке қойып отыр. Бұл өте дұрыс шешім. Өйткені оза дамыған батыс елдердің барлығында дерлік университеттердің қасында ұтымды идеяларды қысқа мерзім ішінде бизнеске айналдыратын бизнес-инкубаторлар мен технологиялық парктер және сайнс-парктер белсенді қызмет атқарады. Сонымен қатар негізгі нысанасы бакалавр емес, магистрлер мен ғылым докторларын даярлауға бағытталған заманауи зерттеу университеттері қоса қалыптасқан. Бұл тұрғыдан келгенде, елімізде осыдан бірнеше жыл бұрын

қабылданған ғылым туралы заңының басты нысанасы зерттеу университеттерін құру болғанымен, әзірге бұл мәселе толық шешімін тапты деуге әлі ертерек.

Екінші басымдық – елімізде бизнес ортаны, нақтырақ айтқанда, кіші және орта бизнесті түбегейлі өзгерту, жақсарту, дамыту және кеңейту арқылы олардың 2050 жылға дейін елдің жалпы ішкі өнімінің 50 процентін қамтамасыз етуі көзделіп отыр. Өз кезегінде бұл басымдық мыңдаған жұмыс орнын ашудың да кепілі болмақ. Бұл тұрғыдан келгенде, дамыған елдердің экономикасының бел омыртқасы кіші және орта бизнес екені – жақсы үлгі.

Президент екпін беріп отырған үшінші басымдық еліміздің макроэкономикасын тұрақтандыруды, Ұлттық банк пен өзге банктердің жұмыстарын жандандыруды және министрліктер мен ведомстволардың қаржы игеру тиімділігін арттыруды, сондай-ақ Ұлттық қор қаражатын пайдаланудың ұтымдылығын арттыруды және ел экономикасына шетел инвестициясын тартуды қамтамасыз ететін «Астана халықаралық қаржы орталығын» тез іске қосуды көздейді.

Жолдауда көрсетілген төртінші басымдық адам капиталын жақсартуды, білім мен ғылымды экономикалық өсімнің басты тетігіне айналдыруды, сондай-ақ, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға ерекше екпін беруді көздейді. Бұл орайда мемлекеттік тілдің басымдығын сақтай отырып, әсіресе, ағылшын тіліне екпін беру көзделген. Өйткені бүгінгі таңда ағылшын тілі ғылым мен білімнің, кибернетиканың, инновация мен ақпарат технологияларының, сондай-ақ, халықаралық еркін сауда мен туризмнің де басты құралына айналып отыр.

Президент назар аударып отырған бесінші басымдық оза дамыған мемлекеттердің тиімді үлгілерін негізге ала отырып, институционалдық өзгерістер жасау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сол сияқты, жемқорлықпен күресті күшейтуге бағытталған. Бұл орайда, жүргізілетін реформалар, ең алдымен, жекеменшікті қорғауға, заңның үстемдігі мен заң алдында күллі азаматтың құқының теңдігін қамтамасыз ету және сот жүйесіне сенімділікті арттыруға бағыт-

талған. Сонымен қатар елдің қауіпсіздігіне қатер төндіретін терроризммен күресті және әлеуметтік желілерде діни экстремизмді уағыздауға жол бермейтін іс-шараларды да қоса күшейту көзделген.

Жаңа жолдаудың түбегейлі мақсаты ел экономикасының жекелеген саласын ғана емес, күллі саласын қатар әрі толық жаңғырту және соның негізінде мүлде жаңа экономикалық модель құру болып табылады. Сонымен қатар Үшінші жаңғыруды Президент тек қана сын-қатер емес, керісінше, елімізге тағдыр сыйға тартқан мүмкіндік және «Қазақстан – 2050» Стратегиясында көзделген мегамақсаттарға жеткізетін нақты көпір немесе жол картасы ретінде ұсынып отыр. Сосын, бұл жолдауда басымдық берілген цифрлық технологиялардың ел экономикасының барлық саласында қолданыс табатыны, атап айтқанда, агроөнеркәсіп секторына да, транспорт және логистикаға да, тау-кен өнеркәсібіне де, мұнай мен газ өндірісіне де, құрылыс саласы мен құрылыс материалдарын өндіруге де, білім, ғылым және медицина салаларына да, заңдарды жетілдіруге де соны серпін беретіні және аталған салалардың барлығында да еңбек өнімділігін күрт арттыратыны дәйекті негізделген.

Жолдауда нысанаға алынған мақсаттарға қол жеткізу оңай болмайтыны көрініп тұр. Өйткені бүгінгі заманға тұспа-тұс келген Төртінші өнеркәсіп революциясының элементтерін, атап айтқанда, автоматтандыруды, роботтандыруды, жасанды интеллект қалыптастыруды және солардың негізінде ақпарат алмасуды, сол сияқты, еңбек өнімділігін еселеп арттыруды қамтамасыз ету, ең алдымен, еліміздің ғылым және білім жүйесінің сапасына, нақтырақ айтқанда, адами ресурстарының деңгейі мен өресіне тікелей байланысты болатыны айқын көрініп тұр. Демек, күллі Қазақ елінің үшінші жаңғыруы балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейінгі деңгейлерге арналған оқулықтар мен білім бағдарламаларын қайта жасақтаудан бастау керек екендігі және аталмыш сала қызметкерлерінің білімін заман талабына сай қайта жетілдіру кезек күттірмейтін мәселе екені көзге ұрып тұр.

СӨЗ САҢЛАҒЫ, ПОЭЗИЯ БАҒБАНЫ

2015 жылы Қазақ ПЕН-клубының бастамасымен «Біз қазақпыз» атты іргелі жобаның аясында Америка Құрама Штаттарында Ұлы Дала елінің классик жазушылары қаламынан туған үздік шығармалар сериясының алғашқы легі жарық көре бастады. Олардың ішінен, бірінші болып, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың жыр жинағы топ бастаса, екінші болып, қазақ балалар әдебиетінің көшбасшысы атанған Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты әйгілі повесі ағылшын әлеміне жол тартты. Мұхит асқан қос шығарманың екеуін де АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы «Metropolitan Classics» компаниясы шығарып, тұсауын кесті.

Баспагерлердің қос кітапқа арнаған аңдатпасында, ең алдымен, қазақтың классик жазушыларының қанатты туындыларының томағасын сыпырып, ағылшын тілді әлемге ұшыру идеясын алғаш рет Лондонда көтеріп, содан бері осы жасампаз жобаны іске асыруға бағытталған логистикалық іс-шараларды үйлестіру үшін аянбай тер төгіп жүрген халықаралық ПЕН-клубтың қазақстандық тармағының президенті Бигелді Ғабдуллинге ризашылық білдірген. Баспагерлер, сонымен қатар Мұқағалидың іріктелген жырларын тәржімелеуге қолғабыс берген Қайсар Жорабеков, Елена Михеева, Меруерт Тілеубаева, Ғосман Төлеғұл және Амантай Өтегенов сынды азаматтарды да назарларынан тыс қалдырмай, оларға да, сондай-ақ осы жобаға көмек қолын созған Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы Өкілетті елшісі Қайрат Омаров пен Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Тұрақты өкілі Қайрат Абдрахмановқа да жылы лебіздерін жеткізген.

Мұқағалидың жинағына алпысқа тарта таңдамалы жыры енген. Олардың көш басында мұз жарғыш кемедей, тыңнан түрен салған көріпкел ақынның көзі тірісінде емес, тек бақилық өмірге аттанғаннан кейін ғана шындыққа айналған мына бір нышанды да астарлы поэтикалық ғажап жолдары тұр:

*Туады, туады әлі нағыз ақын,
Нағыз ақын бал мен у тамызатын.
Жесірдің айырылмас сырласы боп,
Жендеттің көзінен жас ағызатын.
Жыр сөздері жай болып атылғанда,
Атылғанда, аспаннан оқылғанда,
Мылқауларға тіл бітіп, керең естіп,
Жанар пайда болады соқырларға.*

Фәнилік өмірден ерте озарын күні бұрын сезгендей, Мұқағалидың жас қайыңмен сырласып, жүрек алмастырып, өмір ұзартпақ болғаны да, ғайыптағы Моцартпен тілдесіп, өз жаназасын жырына өргені де, үйрек ұшып, қаз қонған Қарасазына деген мұңлы сағынышы да, бір сөзбен айтқанда, мұқият іріктеліп, сапалы тәржімеленген өзге жырлары да Батыс оқырманының жүрегіне жол табатыны күмән тудырмайды.

Орыс тілінен ағылшын тіліне ақынның жан тебіrentетін отты жырларын америкалық ақын Марина Карцева тәржімелеген. Ал Бердібек Соқпақбаевтың туындысын орысша нұсқасынан аударған әлемдегі танымал тәржімешілердің бірі, атап айтқанда, Википедия энциклопедиясына енген, сондай-ақ И. Сталин, Б. Ельцин және В. Путиннің кітаптарын ағылшын тіліне аударған кәсіби маман Кэтрин Фитцпатрик (Catherine A. Fitzpatrick). Сосын қос шығармаға жазылған ұтымды кіріспе сөздер де ағылшын тілді оқырманның көкейінен шығатыны қуантады.

Айтса айтқандай-ақ, Мұқағали туындысына мәнді де тартымды беташар сөзді бүгінгі таңдағы отандық поэзия майданының ірі өкілі, елімізге аты мәшһүр, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, ақынның тірі кезінде сан мәрте көзін көрген замандасы Ұлықбек Есдәулет жазған.

Аузы дуалы, сөзі уәлі Ұлықбек өз сөзіне эпиграф әрі тақырып етіп, Мұқағалидың «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз...» деп басталатын мұңлы да шерлі шумағындағы «Өмірде ақындардың бәрі жалғыз...» деген бүгінде қанатты

философиялық аксиомаға айналған, асылдың сынығындай айшықты фразаны бекер таңдамағаны байқалады. Себебі «Мұқағали поэзиясы – таңғы шықтай мөлдір, сырлы, мұңлы поэзия» деп Фариза қыздың өзі де жазып кеткен ғой. Оның үстіне алып ақынның қамшының сабындай ғана қысқа ғұмыры мен тағдыр-талайы ғана емес, қанатты поэзиясы да мұң мен шерге толы екенін жырсүйер қауым жақсы біледі.

Міне, сол мұңлы мұраның арқауын суыртпақтай суыра отырып, көзі тірісінде кеңестік өгей қоғамнан сыбағасы мен әділетті бағасын ала алмай кеткен Мұқағалидың құдіретті жырларына Ұлықбек қайта бойлап, терең де тамырлы талдау жасайды. Жасай отырып, өзі де поэзия алыбымен бірге күйініп, оның қайталанбас дара болмысы мен өміршен туындыларына күрсіне сүйінеді. Алыппен бірге күй кешіп, бірге қамығады. Жасампаз да жауһар поэзиясымен қайта сусындап, еңсесін қайта көтереді. Сөйтеді де өзі қайыра ашқан Мұқағалиына таңдана таңдай қаққанын жасырмай, кіршіксіз таза ақындық жүрегімен ұлы дарын иесінің болмыс-бітімі мен поэзиясының сиқырлы сырын аша түсіп, ағылшын тілді әлемді елең еткізер түйінді ойларын көсілте ортаға тастайды.

Сонымен қатар Ұлықбек Мұқағалидың өзге ақын замандастарындай емес, заңғар поэзия әлеміне тек отызға қараған шағында ғана, яғни тым кештеу келгенін еске алады. Сөйтеді де, аққан жұлдыздай өмірден өте шыққан мұзбалақтың қырық беске толар-толмас қысқа ғұмырының соңғы 10-15 жылында ғана жеті жүзге тарта жасампаз жырлар мен поэмалар топтамасын, оның сыртында Уильям Шекспирдің соннеттерін, Данте Алигьеридің «Құдіретті комедиясындағы» «Тамұқты», Уолт Уитмен, Роберт Бернс, Александр Пушкин, Николай Некрасов, Александр Блок сынды және өзге де классик ақындардың көлемді-көлемді поэмаларын, ұлттық тілге түпнұсқаларынан айнытпай, қалай ғана тәржімелеп үлгерген деп, тағы да тамсана таңдай қағады. Сондай-ақ Мұқағалидың жанартаудай атқылаған пассионарлық қуатына тағзым ете отырып, Ұлықбек қайсыбір әдебиет

тарихшыларының: «Мұқағали бір түйір жыр жазбай-ақ, тек поэтикалық аудармаларының өзімен ғана қазақ әдебиетінен орнын ойып алған болар еді» деген ұрымтал пікірінің нағыз шындық екеніне ағылшын тілді оқырманның назарын аударады.

Беташар сөзінде Ұлықбек, сондай-ақ алып ақынның өмір сүрген заманына арнайы тоқтала келіп, сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының басқармасы арнайы қаулы қабылдап, Мұқағалидың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған поэмаларынан саяси астар іздеп, ақынға «пессимист», «декадент» деп айып тағып, «дер кезінде қырағылық таныта алмаған» редакция алқасын да қоса тұқыртып, жөнсіз сынға алғанын, ал мұның салдары, ақынның құлашын кең жазуға мүмкіндік бермей, отты жырларының уақтылы жарық көруіне тосқауыл болғанын еске салады.

Дәл осындай негізсіз сын мен жасанды кедергіге ағылшын тілді әлемге алғашқылардың бірі болып жол тартып бара жатқан «Менің атым Қожа» сынды классикалық туынды мен оның әлемге әйгілі авторы Бердібек Соқпақбаев та дұшар болғанын бүгінгі ұрпақтың бірі білсе, бірі біле бермейді. Бұл тұрғыдан келгенде, айтулы туындының ағылшынша нұсқасына кіріспе сөз жазған жазушының туған қызы Самал Соқпақбаева әкесінің ағылшын тілді әлемнің жаңа оқырмандарына өте тың мағлұматтар береді. Кеңестік саясаттың сойылын соғып, қазақтың өз елінде өзегіне тепкен билік өкілдерінің тыйым салғанына қарамастан, тек қана шындықты ту еткен Бердібектің ешбір мойымай және ешкімнің алдына барып бас имей, тастүйін боп бекініп, аталмыш шығармасын үлкен табандылықпен, алдымен Мәскеуде орыс тілінде, содан соң Францияның атақты жазушысы, халықаралық Лениндік сыйлықтың иегері Луи Арагонның қолдауымен француз тілінде, тек содан кейін ғана туған топырағында жарық көргенін және кейінірек әйгілі туындысымен аттас кинофильм қойылып, оның Канн кинофестивалінде жүлделі орындардың біріне ие болғанын, ең бастысы, о баста әкесінің ұсынысын құрмет тұтып, шығарманың қазақ тіліндегі түпнұсқасынан орыс тіліне аударған

да өзі екенін әрі әкесінің оған қатты риза болғанын Самал үлкен мақтанышпен еске алады.

Самал айтпақшы, әкесінің шындық жолында алған бетінен қайтпайтын, өр мінезді, қайсар тұлға болғанын өмір жолын поэзиядан бастап, қазақ әдебиетінде қайталанбас із қалдырған классик-прозаик Бердібек Соқпақбаевтың өз қаламынан өрбіген мына бір өлең шумағы да дәлелдеп тұрғандай:

*Ел тегіс адасты деп адаса алмай,
Ел тегіс жарасты деп жараса алмай,
«Бақ үшін» таққа биік таласа алмай,
Өмірден қарапайым өткен адам –
Бір шыққан биігінен аласармай!*

Шындығында да, сол замандағы ресми цензураның Бердібек Соқпақбаевтың өзге шығармаларына да тістерін терең батырып, қолдарынан келгенінше күзеп-жонып, олардың толыққанды жарық көруіне еш мүмкіндік бермей, көп қырсық келтіргенін де, соның салдарынан әкесінің шер мен мұңға булығып, ресми билікті ашық сынаймын деп, жауын көбейтіп алғанын да, түптеп келгенде, қатыгез болмыстың отбасы шырқының бұзылуына әкеп соққанын да Самал өкінішпен ашына еске алады. Солай бола тұрғанмен, Самал Бердібек Соқпақбаевтың әдебиет майданында бағындырған сол биігінің ешқашан аласармайтынын және қазақ деген халықтың Марк Твені болып қала беретінін Батыс әлемінің оқырмандарына әдемі жеткізе білген.

Сөз соңында, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, күллі қазақтың рухын асқақтататын бұл ірі жобаның іске асырылуына риясыз қолдау көрсеткен Алматы облысының әкімдігі мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына әдебиетсүйер қауымның тек қана рахмет айтары даусыз және үлгі аларлық бұл үрдістің болашақта өзгелер тарапынан да жалғасын тауып, кезекте тұрған классикалық шығармалардың келесі легінің жарық көруіне себін тигізсе, нұр үстіне нұр демекпіз.

ӘЛЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ӘЙГІЛЕГЕН

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылып, түркі әлемінің ғылым мен білім саласындағы үйлестіруші орталығына және интеллектуалдық платформасына айналған Халықаралық Түркі академиясы өзінің миссиясына сай міндеттерді қолға алып, жүйелі шараларды жүзеге асырып келеді. Штаб-пәтері Астанада, Бейбітшілік және келісім сарайында орналасқан халықаралық ұйым түркі мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындауға бағытталған ізгі мақсаттарға іс жүзінде атсалысып отыр. Осы орайдағы маңызды жұмыстардың бір парасы халықаралық беделді ұйымдармен тұрақты байланыс орнатып, әлемдік биік мінберлердің ықпалына жүгінуді қамтиды. Бұл ретте, жер жүзіндегі 40-қа жуық беделді ғылыми құрылыммен меморандумға қол қойылғанын сөз етпегеннің өзінде, мысалы, 2015 жылғы 15 сәуірде ЮНЕСКО-ның Париждегі бас ғимаратында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г. Әбдіқалықованың қатысуымен Қорқыт мұрасына арналған халықаралық алқалы жиынның өткізілуін, сол жылы ИСЕСКО-да халықаралық ұйымдар арасында бірінші болып бақылаушы мәртебесін иемденуін айтуға болады.

Еуропаға және ислам әлеміне ғылыми ынтымақтастық есігін айқара ашып үлгерген Халықаралық Түркі академиясы өрісін одан әрі кеңейтіп, 2016 жылғы 28 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде «2030 Жоспары үшін Жібек жолы бойындағы синергия» атты халықаралық симпозиум ұйымдастырды.

Осы жиынға қатысқан Академия делегациясының мүшесі әрі баяндамашы ретінде кейбір әсерлеріммен және пікірлеріммен бөліскенді жөн санадым.

Ең алдымен атап айтылуы тиіс нәрсе: симпозиумның тақырыбы өте өзекті, атына заты сай, себебі бұл оның мақ-

сат-мүддесі бүгінгі таңдағы әлем өркениетінің алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бәрімен де, нақтылай түскенде, адамзаттың өсіп-өркендеуіне ең басты іргетас болып отырған қоршаған ортаны қорғау, жер бетіндегі кедешілікті түбегейлі жою және әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті көздейтін Біріккен Ұлттар Ұйымының 2015 жылы қабылдаған 2030 жылға дейінгі тұрақты даму бағдарламасымен сабақтас. Оның үстіне, бұл – бағдарламаға байланысты өткізіліп отырған тұңғыш ауқымды жиын.

Екінші жағынан, бұл симпозиумның Біріккен Ұлттар Ұйымының өз штаб-пәтерінде өтуінің де ерекше мәні бар. Өйткені Халықаралық Түркі академиясының осы симпозиумды бірлесіп өткізу туралы ұсынысына БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесі (ECOSOC) қызығушылық танытып қана қоймай, бірден қолдау көрсетіп, өз платформасын тегін ұсынған болатын.

Үшіншіден, бұл симпозиумға Түркітілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесінің Хатшылығы ғана емес, сол Кеңеске мүше Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекеттерінің Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Тұрақты өкілдіктері тарапынан да толық ынтымақтастық танытылды. Сонымен қатар ТҮРКСОЙ, Түркі мәдениеті және мирас қоры сияқты әріптес ұйымдар да қатысты.

Төртінші қырынан қарасақ, адамзаттық мүдделер тоғысқан бұл жиынға Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы Өркениеттер Альянсы ыстық ықыласпен қол ұшын созды. Сөйтіп, қатысушы тараптар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарудың өзара тиімділігін көрсетті.

Тағы бір кереметі, халықаралық симпозиумның жұмыс барысы басынан аяғына дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының телеарнасы арқылы бүкіл әлемге тікелей эфирден таратылып жатты (<http://webtv.un.org/watch/synergies-along-the-silk-road-for-agenda-2030/4820404503001>).

Алқалы жиынға Біріккен Ұлттар Ұйымының жауапты тұлғалары, сонымен қатар халықаралық ұйым басшылары, Түркі мемлекеттерінің БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілдіктерінің мүшелері, дипломаттар мен әйгілі ғалымдар

қатысты. Симпозиумның ашылу салтанатында ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Ержан Ашықбаев Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алқалы жиын қатысушыларына жолдаған арнайы құттықтау хатын оқып берді.

«Адамзаттың ортақ мүддесі үшін Қазақстан да өзінің сүбелі үлесін қосып келеді. Біз азаттықтың алғашқы жылдарынан бері ядролық қару-жарақтан бас тартып, қауіпсіздік мәселелері бойынша көптеген бастамалар көтердік. Қазіргі алмағайып кезеңде әлемнің кейбір өңірлерінде терроризм мен экстремизмнің белең алғаны баршаға белгілі. Сондықтан, адамзатқа төнген жаңа қауіп-қатерлердің алдын алу, оған бірлесіп қарсы тұру – баршаға ортақ міндет. Бұл орайда қоғамдық ұйымдар мен ғалымдар, сарапшылар мен мамандар күш жұмылдыруға тиіс. Осы ретте Біріккен Ұлттар Ұйымында Халықаралық Түркі академиясы ұйымдастырып отырған алқалы басқосу өркениеттер мен халық-тар арасындағы келісімді, өзара сенімділікті одан әрі арттыра түседі деп сенемін. Симпозиум жұмысына табыс тілеймін!» делінген Елбасы құттықтауын қатысушылар зор қошеметпен қабыл алды.

Сондай-ақ Түркия Республикасы Премьер-министрі Ахмет Дауытоғлының, БҰҰ жанындағы Өркениеттер Альянсының басшысы Абдулазиз әл-Насердің және БҰҰ-дағы ЮНЕСКО-ның арнайы өкілдерінің құттықтау хаттары да жылы лебіздерге толы болды.

Салтанатты жиынды ашқан БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің (ECOSOC) президенті О Джун мырза симпозиум жұмысына сәттілік тіледі және Орталық Азия елдерінің мәдени мұрасына тоқтала отырып, тұрақты даму үшін экономикалық және мәдени салаларда қатар ынтымақтасу қажеттігін атап өтті.

Бұдан кейін симпозиум жұмысы 2 панельді отырыстармен жалғасты.

Каспий стратегиялық институтының басқарма төрағасы Халил Акынджының модераторлығымен өткен «Жібек жолында және одан тысқары аймақтарда әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту; трансұлттық қауіп-қа-

тер мен экстремизмге қарсы әрекет ету» атты алғашқы отырыста Каспий стратегиялық институтының басқарма мүшесі, адмирал Метин Атач, Түркі мәдениеті және мирас қорының президенті Гюнай Эфендиева, Шетелдегі түріктер және туыс халықтар жөніндегі басқарма басшысының орынбасары Сердар Гүндоған, Висконсин университетінің профессоры, түркітанушы Юлай Шамилоғлы, Мичиган университетінің Еуропа, Ресей және Еуразия зерттеу орталығының директоры Норман Грэм және осы жолдардың авторы баяндамалар жасады. Норман Грэм өз сөзінде: «Энергия шикізаттары бағасының төмендегеніне қарамастан, Қазақстанда білім реформалары мен модернизацияға шынайы және тұрақты түрде назар аударылатыны байқалады. Алдын ала жүргізген зерттеулерімізге сәйкес, инвестициялар инфрақұрылымды, жоғары білім институттарын және энергетика саласындағы бизнесті дамытуға бөлінген» деп атап өтті.

«Жібек жолын қайта жаңғырта отырып, мәдениеттерді жақындастыру арқылы тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру» атты екінші панельге модератор болған Нью-Йорктегі Халықаралық дамушы экономикалар академиясының президенті Владимир Квинт Жібек жолын жаңғыртудың Қазақстан үшін маңыздылығына тоқталды. «Жаңа Жібек жолы орналасқан үш жол торабы да Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан Қазақстанның Жаңа Жібек жолы жобасының дамуына қолдау көрсетіп отырғаны таңғаларлық жайт емес. Бұл жолдардың басым бөлігі қазақ жерін кесіп өтетіндіктен, Қазақстан өзінің теңіз порттарының, темір жолдарының және көлік жолдарының әлеуетін арттырады. Мысалы, Каспий теңізіндегі Ақтау порты жылына шамамен 13 млн тонна тауар өткізеді. Бұл көрсеткіш 2020 жылға дейін 25 млн тоннаға дейін жетеді» деді ол өз баяндамасында. Бұл панельде ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Түркі кеңесі бас хатшысының орынбасары Абзал Сапарбекұлы, «Манас» қырғыз-түрік университетінің профессоры Османакын Ибрагимов, Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаоглу, Каспий стратегиялық институтының бас хатшысы Халдун Яваш пен Дамушы мемлекет-

терге арналған зерттеу-ақпараттық жүйесінің сарапшысы, үндістандық профессор Рам Упендра Дас баяндама жасады.

Халықаралық Түркі академиясы зерттеу жұмысындағы іргелі жетістіктерімен мойындалып, әлемдік ғылымға зор үлес қосқан түркі әлемі ғалымдарын көтермелеу үшін өз тарапынан арнайы марапаттар тағайындаған болатын. Осы халықаралық симпозиум аясында дәстүр жалғасын тауып, 2015 жылы Нобель сыйлығының лауреаты атанған түркиялық биохимик Азиз Санжар және Америкада тұратын көрнекті тарихшылар Кемал Карпат пен Эдвард Олуорт Жібек жолы бойында орналасқан мемлекеттер мен Орталық Азияға қатысты ғылыми-зерттеулерді дамытуда халықтар арасындағы ынтымақтастықты, мәдени байланыс нығайтқаны үшін академияның арнайы алтын медалымен марапатталып, көрсетілген құрметке шынайы алғыс білдірді.

Симпозиум аясында Халықаралық Түркі академиясының басшысы Дархан Қыдырәлі БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің (ECOSOC) президенті О Джун мырзамен, Біріккен Ұлттар Ұйымы Өркениеттер Альянсының кеңсе басшысы және баспасөз хатшысы Нихаль Саад ханыммен кездесулер өткізді. Әңгіме барысында екіжақты ынтымақтастық, бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері жан-жақты қамтылды.

Симпозиум соңында қатысушылар ТҮРКСОЙ ұйымы өнерпаздарының Наурыз мерекесіне арналған концертін тамашалады.

Сөйтіп, Нью-Йорктің төріндегі халықаралық симпозиум өзінің көздеген мәресіне жетті. Бұл алқалы жиынның өткізілуі әлемде жантүршігерлік оқиғалар болып жатқан қиынқыстау, қым-қиғаш, қарама-қайшылықты тұсқа қоса-қабат келгенін айтуға тиіспіз. Симпозиумның қарсаңында мазасыз планетаның әр жерінде бомбалар жарылып, лаңкестік қанқұйлы әрекеттер орын алғандығы туралы ақпараттар легі толастамай жатты. Басқосуға қатысушылардың бәрі бірдей осыған алаңдаушылық білдіріп, өздерінің сөйлеген сөзінде жер жүзіндегі бейбітшілікті сақтаудың, қауіпсіздікті нығайтудың өлшеусіз құндылық екендігін тілге тиек

етті. Симпозиумның БҰҰ-ның аясында көтерген өзекжарды проблемалары, адамзатқа тығырықтан шығар жолдың нұсқаларын белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің аузымен ұсынуы әлемдік қоғамдастықтың жарқын болашағы үшін қосқан елеулі үлесін айқындайды.

Вашингтонда Елбасының қатысуымен өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммиттің қарсаңында ұйымдастырылуы да аталмыш симпозиумға айрықша сипат енгізді. Оған қатысушылар Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше мәртебесін алуына лайықты екендігін білдіріп жатты.

Күллі түркі баласы осындай ең биік мәртебелі мінберден ғылым саласында бір мезгілде пікір бөлісу, ой тарату мүмкіндігіне жұбын жазбаған күйде тұңғыш рет ие болды. Бұл – ең алдымен бірқатар түркі халықтарының мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізгендігінің нәтижесінде орын алған тарихи оқиға. Оған да, міне, 25 жыл толып отыр. Сондықтан Жібек жолындағы ынтымақтастық мәселесін жаңғыртқан симпозиумның осындай мерейтойлармен сәйкес келуінде үлкен символикалық мән, айқын бетбұрыс бар деп ойлаймыз. Халықаралық Түркі академиясы өз кезегінде БҰҰ-да бақылаушы ұйым мәртебесін алуға ықыласты және әзір екендігін айтқымыз келеді.

Жиынға қатысушылар Қазақстанның бейбітсүйгіш саясатына, экономикалық жетістіктеріне, білім саласындағы жаңашыл реформаларына, мәдениетаралық диалогтегі белсенді рөліне назар аударды. Әсіресе бүтін түркі әлемі интеграциясының ұйытқысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тегеурінді тұлғасына деген құрмет айрықша сезіліп тұрды. Қырғызстанның белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Османакын Ибрагимовтің: «Бүгін Қазақстанның, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың күні болды» деп тебірене сөйлегені жұрттың жадында қалды. Бұл БҰҰ биігінен біздің елдігімізге берілген шынайы бағаның бір көрінісі деп қабылдадық.

Egemen.kz,

(№33527), 8 сәуір, 2016 жыл

МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ӨРКЕНИЕТТІК МҰРАТТАРЫ

Бүгінгі таңда тарихи уақыттың адам айтқысыз жылдамдықпен жылжып келе жатқаны – дау туғызбайтын шындық. Бұл әсіресе жаһандық ақпараттық-коммуникация технологияларының өте тез әрі үздіксіз жаңаруынан айқын сезілуде. Бұл үдеріс, сонымен қатар кезінде алғашқы индустриялық революцияның қозғаушы күші – көмір мен будың біртіндеп ығысып, екінші индустриялық революцияның энергетикалық қуатына негіз болған мұнай мен газға, одан соң атом қуатына, енді, міне, үшінші индустриялық революцияның энергия иіріміне айнала бастаған балама қуат көздеріне орын бере бастағанынан анық көрініп тұр. Бұл құбылыс, сонымен қатар төртінші индустриялық революцияның күретамырына айналып үлгерген *роботтану* үдерісінің жылдамдауы мен *информатика, биотехнология, нанотехнология және цифрлық технология* синтездерінен туындап жатқан соны ғылыми жетістіктерден анық сезіліп отыр.

Өз кезегінде аталмыш құбылыстардың геосаясатқа да, мемлекетаралық қарым-қатынастар мен әлемдік нарықтарға да, сол сияқты, азаматтық қоғамның жаңаша қалыптасып, адамзат ой-санасының жаңаша дамуына да тікелей әсер ете бастағаны күмән тудырмайды. Өйткені бүкіләлемдік мегаөзгерістер толқыны қазірдің өзінде-ақ айқын сыр беріп, планета тынысының болашақ болмысын болжайтын әйгілі футурист-философтарды да, физиктерді де, экологтер мен биологтерді де, макроэкономистер мен микроэкономистерді де, тіпті мемлекет тізгінін ұстаған саясаткерлерді де жаппай ойландыра бастағаны шындықтан алыс емес және мұның дәлелдері жеткілікті.

Мәселен, Елбасының «Қазақстан – 2050» – Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылы халыққа жариялаған Жолдауы – Еліміздің ХХІ ғасырдың бірінші жартысының соңына дейінгі тұрақты дамуына бағытталған алып жобалардың бірегейі. Енді, міне, сол стратегиялық, саяси-экономикалық және әлеуметтік

мәні зор ұзақ мерзімді жоспардың аясында қыруар шаралар толассыз іске асырылып жатыр. Олардың ішіндегі өзектілері – жаппай индустрияландыруға бағытталған мемлекеттік үдемелі инновациялық бағдарламаның екінші бесжылдығы мен сол бесжылдықтың өзегіне өрілген Астанада өткен әлемнің болашақ энергетикалық технологияларына бағышталған «ЕХРО – 2017» көрмесі болды.

Жоғарыда айтылғандардың бұлтартпас дәлелдерінің енді бір айқын мысалы – Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты биылғы Жолдауы мен сол құжатпен өзектес әрі сабақтас, әрі жуырда ғана ақпарат құралдарында жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты заманауи мақаласы.

Бұлай деуге толық негіз бар. Өйткені өзге мемлекеттер секілді дамудың тұрақты жолын таңдаған біздің төл мемлекетіміз де геосаяси, геоэкономикалық және геотехнологиялық мегаөзгерістер ағынынан тыс қалып отырған жоқ. Кезінде қол жетпестей болып көрінген қиял-ғажайып дүниелер бүгінгі таңда еліміздің күнделікті болмысына қалай тез еніп кеткенін байқамай да қалдық. Кезінде Ыбырай Алтынсарин көксеп кеткен тастан сарай да салдырып, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар да алдырып, сәйгүлік тұлпарларды – заманауи автокөліктер мен ұшақтар, хат пен хабарды – SMS, телефон стансалары мен почта қызметтерін – ұялы телефондар, сия мен қаламды – компьютерлер, кітапханаларды – интернет-порталдар, баспаханаларды – принтерлер, кинотеатрларды – телевизорлар мен видеотекалар алмастырып отырғанына да етіміз әлдеқашан үйреніп кетті. Оны былай қойғанда, бүгінде тұтынушылардың қолында жүрген алақандай ғана айфондар мен планшеттер бүкіл ақпараттық-коммуникация технологияларының көмегімен іске асырылатын заманауи қызмет түрлерін түгел дерлік қамтамасыз ететін әмбебап құралға айналып кеткені де үйреншікті жай болып қалды.

Демек, бүгінгі таңда қалыптасып отырған технологиялық жаңғыру және әлемдік геосаясат картасынан біздің елі-

міз шет қалып отыр деуге ешбір негіз жоқ, себебі интернет арқылы бүкіләлемдік ақпарат мұхитынан еркін сусындау өз еліміздің де шексіз игілігіне айналып кеткені күмәнсіз.

Тәуелсіздік тізгініне ие болған ширек ғасырдан астам уақыт ішінде Қазақстан әуел баста қолбайлау болған экономикалық қиындықтарды артқа тастап, дамудың тұрақты жолына түсіп қана қоймай, бұл күнде бүкіл планетаға танылып, әлемдегі экономикасы тез дамып келе жатқан санаулы мемлекеттердің санатына қосылып үлгерді.

Дәл осы тұста және бір шындықтың басын ашып айту парыз. Бүгінгі таңда әлемде өзге мемлекеттермен терезесі тең болуды армандамайтын, сондай-ақ геосаяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, демографиялық, мәдени, әскери және қауіпсіздік тұрғысынан өз әлеуетінің зор болуын аңсамайтын, сол сияқты, өз халқының ауқатты және тұрақты дамуын көздемейтін немесе өз қатарының арасынан суырылып шығып, арындап алға кеткен мықтылардың ортасына қосылуды көксемейтін бірде-бір ел жоқ десек, артық айтқандық емес.

Сосын, мұның дәлелін алыстан іздеудің де қажеті жоқ, себебі алдына стратегиялық мегамақсаттар қойып, мәңгілік ел болуға бел буған Қазақ елінің өзі де дәл бүгін жоғарыда айтылғандардың нақты дәлелі. Алайда асқақ армандарды іске асыру кез келген субъектінің қолынан оп-оңай келе бермейтіні де шындық. Себебі геосаяси мүдделер неғұрлым ауқымды және көздеген нысаналар неғұрлым биік болған сайын оларға қол жеткізудің де соғұрлым күрделі болатыны хақ. Содан соң, биік мұратқа қажырлы еңбек етпей, ащы тер төкпей қол жеткізу әсте мүмкін емес екені де айдан анық. Демек, бұралаңы мен соқпағы көп бұл жолда тұйыққа тіреліп қалуға болмайды. Керісінше, кез келген субъект, мейлі ол мемлекет болсын, мейлі ірілі-ұсақты компания болсын, тіпті қатардағы кәсіпкер немесе жеке тұлға болсын, қайрат пен жігерін жанып, жақсыдан үйрене, жаманнан жирене жүріп, көздеген мақсатқа жеткізетін жол табуға толассыз тырысуы шарт.

Міне, дәл осы тұрғыдан келгенде, Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан үстіміздегі – 2017 жылы Елбасы өз Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялап, қайта түлеудің айрықша маңызды екі ірі бағытын, атап айтқанда, саяси жаңғыру мен экономикалық жаңғыруға ерекше басымдық берген болатын. Аталған саяси және экономикалық жаңғыру процестерін іске асыруда Елбасы ең алдымен біздің санамыздың ісімізден озып жүруі керектігін, яғни рухани жаңғырудың қажет екенін және мұны аталған алдыңғы екі реформаның өзегіне айналдыру керектігін міндеттеп, ол міндетті қалай іске асырудың нақты алғышарттарын да айқындап берді. Сондықтан да болар, аталмыш мақалада ерекше мән берілген *бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы, ұлттық сана, ұлттық мәдени генетикалық код, туған жер қасиеті, латын әліпбиіне көшу мәселелеріне* қатысты Елбасының инновациялық ойтолғамдары мен ұсыныс-пікірлері ел азаматтарының көкейіне ұялап, ерекше үндестік табуы және ол құндылықтардың бүгінгі қоғамда белсенді талқыланып жатқаны жайдан-жай емес.

Түптеп келгенде, Елбасы Жолдауы мен жоғарыда сілтеме жасалған заманауи мақаласында ерекше мән берілген құндылықтар түгелдей – Қазақстанның мәңгі ел болуы мен өркениеттің биік сатыларына көтерілу жолындағы рухани мұраттары және олардың барлығы да бір-бірімен өте тығыз байланысты нысаналар.

Айтса айтқандай-ақ, бәсекеге қабілетті мемлекеттің экономикасы ғана емес, білім саласы да, денсаулық саласы да, ғылымы да, озық технологияға негізделген өндіргіш күштері мен еңбек өнімділігі де, жекелеген азаматтары да бәсекеге өте қабілетті болуы шарт.

Қазақстанның эволюциялық жолмен дамуды таңдауының да өз сыры бар. Өйткені революциялық жол таңдаған алыс-жақын елдердің бірде-бірінің мұратқа жеткені жоқ, қайта дағдарыстан-дағдарысқа тап болып, халықтары азып-тозып, босқын болып, бодандыққа ұшырап жатқанын

өз көзімізбен көріп отырмыз. Сол сияқты, ұлттық санасы мен ұлттық генетикалық кодынан, дәлірек айтқанда, тарихи санасы мен салт-дәстүрінен, тілі мен ділінен, дінінен айырылған халықтардың болашағы қараң болатыны да күмән тудырмайды. Өйткені тарих қойнауында бұған дәлел болатын мысалдар жетіп артылады. Мәселен, келмеске кеткен, шумер, вавилон, аккад және ассирия өркениеттері – жоғарыда айтылғандардың бұлтартпас дәлелі.

Президент көлденең тартып отырған *прагматизмнің* де астары терең құндылық. Қолда барда алтынның қадірін бағаламай, ысырапқа жол беріп, қолдан шығарып алған кезде өкініп жататынымыз жалған емес. Сондықтан Елбасы кез келген шешімді жеті рет өлшеп, бір рет қана кесу керектігін меңзеп отыр. Бұл тұрғыдан келгенде, егемен жылдары Президент ұсынған мегажобалар мен стратегиялық Жолдаулардың қай-қайсысы да салмақты прагматизмге негізделген. Сосын Елбасы қозғап отырған ұлттық сана мен ұлттық мәдени-генетикалық код, туған жер қасиеті – бір-біріне етене жақын құндылықтар әрі олардың іргетасы ұлтымыздың мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінде тұнып тұр. Елбасының әлгі құндылықтарға сілтеме жасау арқылы қоғамымыздың санасы түзелмей, ісіміз түзеле қоймайтынын және ұлтымыздың генетикалық кодын құрайтын салт-дәстүріміз бен ана тіліміз, дініміз және ділімізден айырылатын болсақ немесе туған жер қасиеті мен киесін ұмытатын болсақ, ел болудан қалатынымызды өте нанымды ескертіп отыр.

Президент көтеріп отырған латын әліпбиіне көшу мәселесі де елімізді рухани егемендікке апаратын тура жол, өйткені бұл – әлем өркениетінің басым көпшілігінің әліпбиі, одан да нақтырақ айтар болсақ, бұл әліпби – озық ғылым мен білімнің, заманауи технологиялар мен ақпараттық-коммуникация құралдарының, қаржы мен банк жүйелерінің, сауда-саттық пен туризмнің, бүкіләлемдік ғаламтор мен интернеттің әліпбиі, демек, ең басты да тиімді құралы.

Және бір айқын мысалды еске салудың реті келіп тұр. Жоғарыда айтып өткендей, бүгінгі таңда қарқынды мегаөз-

герістерге толы әлем динамикасы футурист-философтар мен ғалымдарды да бейжай қалдырып отырған жоқ. Мұның айқын дәлелі төмендегідей. Әлем қауымдастығына әйгілі әрі жарты ғасырдан астам тарихы бар «Экономист» деген айдармен ағылшын тілінде Ұлыбританияда апта сайын шығып тұратын ғылыми іргетасқа негізделген халықаралық басылымның білікті сарапшыларының «Мегаөзгерістер: 2050 жылғы әлем» деген атпен 2012 жылы жарық көрген біртөмдік туынды бүкіл әлем назарын өзіне бірден аударып алған болатын. Себебі білікті де кәсіби сарапшылар тобының қаламынан шыққан әлгі басылымда үстіміздегі ХХІ ғасырдың алдағы 40 жылында әлемдік геосаясат пен халықаралық қатынастардың да, қаржы жүйелері мен экономикалық байланыстардың да, сол сияқты, ғылым мен мәдениеттің де, қоршаған орта мен әлем қауіпсіздігінің болашақ болмысының қалай өзгертіні жайында салмақты да салиқалы пікірлер түйінделген. Аталмыш туындыда, сонымен қатар қоршаған ортаның күйреуі тоқтала ма, геномика мен денсаулық сақтау саласында революция бола ма, әлемнің дамыған елдеріндегі теңсіздіктің ұлғаюы жалғаса бере ме, осыдан 40 жылдан соң әлемнің қай елінің экономикасы басымдыққа ие болады секілді өзекті сауалдарға әлгі туындыны құрастырған 20 сарапшы дәйекті де дәлелді талдау жасайды және әлемнің 2050 жылдарға дейінгі болмысын өте нанымды суреттейді.

Кітаптың өн бойынан құрастырушылардың бәріне ортақ бір сипат айқын байқалады. Өз жазбаларында олардың қай-қайсысы да болашаққа үңілмес бұрын, алдымен, өткен тарихқа көз жүгіртеді. Бұл әдіс оларға бүгінгі өркениет болмысында орын алып отырған сан қилы мегаөзгерістер мен үдерістердің мәні мен ауқымын дәл бағамдап, олардың динамикасын терең түйсінуге мүмкіндік берген.

Кәсіби сарапшылардың пікірінше, әлем экономикасының таяу болашақтағы қозғаушы күші, біріншіден, әлемдік жаһандану үдерістері болса, екіншіден, Азия экономикасының әуел бастағы тарихи басымдықтарына қайта ие бола бастауы болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, «жаһан-

дану» деген ұғым әлемдік нарықтардағы интеграциялық үдерістердің екінші атауы деуге лайық. Ол үдерістердің негізгі басымдықтары, біріншіден, транспорт пен коммуникация жүйелерін дамыта түсуге мүмкіндік беретін технологиялық инновациялар болса, екіншіден, еркін сауда мен инвестициялық климатты және миграциялық процестерді жеңілдететін саяси шешімдер.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі таңдағы «жаһандану» дегеніміз – әлемдік нарықтардың мемлекеттік шекараларды аттап өтіп, сыртқа қарай кең қанат жаюы. Бұл үдеріс, сонымен қатар, тек экономикалық қатынастармен ғана шектелмейді. Бұдан былайғы жерде «ұлттық шекаралар» мен «географиялық кеңістіктер» деген ұғымдар әлсіреп, керісінше, халықаралық қатынастар деген ұғымның аясына жұмыс қолы мен тауарлардың да, капитал мен технологиялардың да, тіпті идеялар мен мәдени-рухани құндылықтардың да сыйып кететіні және олардың емін-еркін айналуына еш нәрсе бөгет бола алмайтыны көзге ұрып тұр.

Мұның айқын дәлелі ретінде осыдан біраз уақыт бұрын Қытай астанасы Бейжіңде әлемнің 29 елінің басшысы мен жүзден аса мемлекеттің өкілдері және ең ірі халықаралық саяси және қаржы ұйымдарының жетекшілері бас қосқан «Белдеу және жол» ынтымақтастық форумын атауға болады. Бұл форум – жаһанданған ХХІ ғасырдағы мүдделер тоғысының ең айқын көрінісі. Дәл осы халықаралық мегафорум мен оның арнайы сессияларында сөз сөйлеген Қазақстан Президентінің пікірі мен ұсыныстары Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин тарапынан өте жоғары бағаланып, біздің еліміз трансқұрлықтық транзиттік тасымалдаудың «чемпионы» деген шынайы мадаққа ие болды.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды төмендегідей болмақ. Еліміз осылайша, эволюциялық жолмен дами берсе, халқымыз көздеген мақсат-мұратына міндетті түрде қол жеткізеді.



Үшінші бөлім

МУСЫЛМАН ӘЛЕМІ

ИСЛАМ ДІНІ ЖӘНЕ МҰСЫЛМАН ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Бүгінгі таңда бүкіл әлем халқының 25 пайызына жуығы мұсылмандар. Бұл дерек Америка Құрама Штаттарының Діндермен қоғам өмірін зерттейтін (Pew Forum on Religion and Public Life) агенттігінің жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жасалған есептен алынып отыр және аталмыш көрсеткіш бойынша, 2030 жылдары мұсылмандар саны 26,4 пайызға дейін өседі деп күтілуде. Және бір назар аударатын нәрсе – әлемдегі күллі мұсылманның 60 пайызынан астамы Азияны мекендесе, 20 пайызы Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада, 15 пайызы Сахараның етегіндегі Африкада, 2,7 пайызы Еуропада, 0,3 пайызы Америка континенттерінде қоныс тепкен. Алайда, кейбір жаңсақ пікір бойынша, Еуропа мұсылмандары келімсектер болып есептеледі. Ал шындығында, тек Батыс Еуропадағы мұсылмандар ғана иммигранттар, болмаса Еуропаның қалған бөлігіндегі, атап айтқанда, Ресей, Албания, Косово сияқты мемлекеттердегі мұсылмандар – әлгі елдерді әлмисақтан бері мекендеп келе жатқан жергілікті халықтар. Тұтастай алғанда, Еуропадағы мұсылмандардың саны 38 миллионға теңеледі. Бұл күллі мұсылманның бес пайызын ғана құрайды, бірақ соған қарамастан олар Орталық Азиядағы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан мемлекеттеріндегі мұсылмандардың санынан басымдау. Жоғарыда аталған Агенттіктің және бір мәліметтері бойынша, Америка континенттерінде шамамен 4,6 миллион мұсылман бар және олардың жартысынан көбі АҚШ-та тұрады делінген. Алайда Пре-

зидент Барак Обаманың 2009 жылы 4 маусымда Каирдің әл-Азхар университетінде оқыған лекциясында келтірілген деректерге сүйенсек, тек АҚШ-тың өзінде 7 миллионға жетеғабыл мұсылман тұрады. Тіпті ондағы мұсылмандар саны одан да көбірек болуы мүмкін. Себебі Америкада жүргізілетін халық санағы кезінде толтырылуға міндетті сауалнамаларда азаматтардың қай дінді ұстанатыны талап етілмейді. Мұндайда нақты дерек алудың мүмкін еместігі айтпаса да түсінікті.

Әрине, жоғарыда келтірілген мәліметтердің қаншалықты дәл екенін дөп басып айту қиын. Бірақ солай болғанның өзінде де, мұсылман әлемі мен ислам дінінің және сол дінді ұстанатын мұсылман өркениетінің жер шарындағы аса ірі өркениет екендігіне ешкім де шүбә келтіре алмайды. Өйткені бүгінгі жаһандану заманында жер бетінен мұсылманы жоқ елді елестету мүлде мүмкін емес. Оны былай қойғанда, мұсылман өркениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесі де өте салмақты. Бұған дәлелді алыстан іздеудің қажеті жоқ. Себебі төмендегі деректер пікіріміздің дұрыстығына толық көз жеткізеді.

Мұсылман әлемі – шексіз әлем. Алислам діні – ғаламшарға тамырын терең жайған көшбасшы діннің бірі. христиан дінінің де әлемде алатын орны ерекше. Ал иудаизм болса, осы аталған монотеистік үш діннің ішіндегі ең алғашқысы, бірақ ол дінді ұстанатындардың саны 16 миллион ғана. Исламның да, христиан дінінің де, иудаизмнің де арғы тегі бір. Себебі монотеистік үш діннің түп-тамыры Ибрагим пайғамбардан бастау алады. Тарихқа үңілсек, пайғамбарлардың арғы тегі Ибрагим пайғамбарға келіп тіреледі. Мұхаммед пайғамбар Ибрагим пайғамбардың үлкен ұлы Ысмайылдың ұрпағынан тараса, Мұса мен Иса пайғамбарлар Ибрагим пайғамбардың кіші ұлы Исаактан тараған.

Мұсылман әлемінің киелі қаласы Меккенің негізін қалаған да Ибрагим пайғамбар. Меккедегі миллиондаған мұсылман сыйынатын Қағбаны да о баста Ибрагим пайғамбар мен Ысмайыл тұрғызған. Бірақ, өкінішке қарай, бұл күнде аталмыш шындықты мойындағысы келмейтіндер де баршылық.

Сондықтан да болар, Батыс әлемінің оңшыл саясаткерлері әлгі діндердің арасындағы ортақ құндылықтарға баса назар аударудан гөрі олардың айырмашылығына көбірек басымдық беріп, ислам дінін кемсітіп, мұсылмандарды шеттетуге дайын тұрады. Ол – ол ма, тіпті исламды әлемнің ең ықпалды діндерінің бірі деп танудың орнына оған қасақана «кеселді идеология» деген айдар тағады немесе оны экстремизм, терроризм және фундаментализмнің ұйтқысы деп, адамзатты исламға қарсы бағыттауға, сондай-ақ аталмыш діндердің арасына от жағып, оларды ұстанатын халықты бір-бірімен қақтығыстыруға тырысатындар да жетіп артылады.

Ислам діні мен мұсылман әлеміне деген мұндай жаңсақ көзқарас Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің арасында да орын алып отырғаны жасырын емес. Мысалы, интернет арқылы Мұхаммед пайғамбарды келемеждейтін карикатура тарату, мұсылмандардың киелі кітабы Құранды өртеу немесе мұсылмандарды шеттету үшін Норвегияда орын алған террористік жарылыстар мен қанды қырғын – жоғарыдағы теріс пиғылдың іс жүзіндегі нақты көріністері. Ал мұсылмандар тарапынан әлгіндей айуандыққа барып, өзге діндегілердің киелі кітабын өртеу немесе пайғамбарларға күйе жағу, оларды даттау еш уақытта болған емес.

Ал шындап келгенде, ислам мен мұсылман әлемінің ұстанымы терроризммен де, экстремизммен де, фундаментализммен де үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Мұсылмандардың киелі кітабы Құранда жамандықты уағыздайтын сүре немесе аят атымен кездеспейді. Керісінше, Мұхаммед пайғамбар арқылы Алладан жеткен әділеттікке шақыратын төмендегідей нақылдар бүкіл адамзатқа ортақ құндылық екені күмән тудырмайды. Мысалы, «Басқаларды мүсіркемеген адамды Құдай мүсіркемейді», «Өзі тоя ішіп-жеп, көршісі аш жүрген пенде Құдайдың құлы емес», «Басқаны ұрып жыққан мықты емес, ашуын ақылына жеңдірген адам мықты» немесе Құранның 60-сүресінің 8-аятындағы: «Алла дініне қарсы соғыс ашпаған, баспанаңнан айырмаған адамдарға қайырымды болуға тыйым салмайды. Алла әділетті

пенделерді сүйеді» деген мәнді сөздер ислам дінінің нағыз бейбіт дін екенінің нақты дәлелі. Құранда Иса пайғамбарға да үлкен құрмет көрсетілген. Сосын, Мұхаммед пайғамбар өзінен бұрынғы пайғамбарлардың бәрін де сыйлаған, олар туралы ғайбат сөз айтпаған. Ең бастысы, Алладан Құран түскеннен бері он төрт ғасырдан астам уақыт өтсе де, киелі кітаптағы 114 сүре мен 6346 аяттың бір әрпі де өзгеріске ұшыраған емес. Олар еш уақытта бұрмаланған да емес.

Бұл күнде ислам әлемінің 57 мемлекеті бір тудың астына біріккен. Бұл туды Ислам Ынтымақтастық Ұйымы берік ұстап келеді және әлемдік қауіпсіздік, бейбітшілік, ынтымақтастық және өркениетаралық үнқатысуды дамыту үшін аталмыш ұйымның мәні мен қажеттілігі күннен-күнге артып отыр.

Бүгінгі таңда ислам әлемі үлкен қиындықтарға тап болуда. Африканың солтүстігінде, Таяу Шығыс елдерінде орын алып отырған қақтығыстар мен соғыстар ешкімді бейжай қалдырмайды. Сондықтан дәл қазір ислам қауымдастығына бұрынғыдан бетер жаңғыру керек, озық ғылыми-техникалық жаңалықтар мен білімге қарай пәрменді бет бұру ауадай қажет. Бұл мақсаттар мен мүдделерді іске асыруға мұсылман мемлекеттерінің мүмкіндігі жеткілікті, себебі ислам әлемінің жиынтық экономикалық пәрмені ұшан-теңіз. Ендеше, әлгі мүмкіндіктерді шегіне жеткізе пайдалана отырып, ислам әлемі иық тірестіре күш біріктірсе, экономикалық қарым-қатынастарды күшейтіп, өзара көмектің ең тиімді механизмдерін іске қосса, дамудың жаңаша жолына түсетіні сөзсіз. Сондықтан ислам әлеміне үлкен реформа керек. Ол реформа басталып та кетті. Оның бір сипаты мынадан байқалады. 2011 жылдан бастап мұсылман мемлекеттерінің келешек мақсат-мүдделеріне сәйкес, бұрынғы Ислам конференциясы ұйымы Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ) болып қайта құрылды. Бұл тарихи шешім бұрынғы Ислам конференциясы ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері бас қосқан жиналысына төрағалық еткен Президент Н. Назарбаевтың бастамасымен Астанада қабылданды.

Сол жиында Елбасы ИЫҰ-ның ең басты қағидасы ретінде сауда-саттықты жандандыратын инвестициялық, технологиялық, әлеуметтік және ғылым-білім салаларын қамтитын пәрменді бағдарламалар қабылдып, оларды бірлесе отырып іске асыруға жол сілтеді. Сонымен қатар Президент Н. Назарбаев ислам әлемін кері тартып отырған негізгі факторларды да айшықтап атап өтті. Мәселен, бүгінгі таңда Ұйымға мүше елдердің жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) көлемі тоғыз жарым мың АҚШ долларын құраса, бұл көрсеткіш Еуропа елдерінде жиырма төрт мыңға теңелетінін алға тартты. Ұйымға мүше елдердің даму үдерісінде де айтарлықтай айырмашылық бар екеніне назар аударып, жан басына шаққанда ЖІӨ-нің ең дамыған мұсылман елдері мен дамуы кенжелеп қалған мұсылман мемлекеттеріндегі айырмашылық 100 есеге жететініне назар аударды. Дәл қазір ИЫҰ елдері әлемнің энергетикалық байлығының 70 пайызын иемденіп отырса да, ол елдерге әлемнің ЖІӨ-нің 7,5 пайызы және әлемдік тауар айналымының 11 пайызы ғана тиесілі екенін батырып айтты. Бұл кемшіліктердің Ұйымға үлкен сын екенін әрі мұндай жағдайдан құтылу үшін ислам мемлекеттерінің әрқайсысы белсенділік танытып, бәсекеге төтеп бере алатын жеке қабілетін күшейтпесе болмайтынын шегелей келіп, осылардың негізінде ИЫҰ-ға мүше мемлекеттер өздерінің экономикалық дамуының бірлескен стратегиясын жасақтау керектігіне баса назар аударды.

Нұрсұлтан Назарбаев, сонымен қатар Ұйымға мүше елдердің Сыртқы істер министрлері назарын Астанада өткен жетінші Әлемдік ислам экономикалық форумында жасаған өз ұсыныстарына аударды. Өйткені әлгі форумда Елбасының бастамалары үлкен қолдау тапқан болатын. Өзекті де нақты бастама ретінде Нұрсұлтан Назарбаев ислам әлемінің ең дамыған 10 мемлекетінің басын біріктіріп, ислам үнқатысу алаңын ашу керектігіне министрлердің назарын қайта аударды.

Айтса айтқандай-ақ, бүгінгі таңда Ислам Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің ең дамыған ондығымен бүкіл әлем есептеседі. Өйткені әлгі ондық күллі ИЫҰ мемлекеттерінің жиынтық өнімінің 80 пайызын өндіреді.

Әлемдік азық-түлік қауіпсіздігіне төніп тұрған қатерлерді ескере отырып, Елбасы ИЫҰ аясында өзара азық-түлік көмегін қамтамасыз ететін БҰҰ-дағы ФАО (Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы) секілді аймақтық қор жүйесін қалыптастыру мәселесін де көтерді. Қазақстанның азық-түлік экспорттаудағы әлеуетін ескере отырып, ондай ұйымның штаб-пәтерін біздің елде орналастыруға да Қазақстан әзір екенін алға тартты. Әлемге төніп тұрған энергетикалық қауіп-қатер де Елбасының назарынан тыс қалған жоқ. Халықаралық энергетикалық агенттіктің бағамдауы бойынша, 2030 жылға дейін энергетикалық ресурстарды өндіру мен тасымалдауды қамтамасыз ету үшін 17 триллион АҚШ доллары керек болады екен. Осы мәліметтерді негізге ала отырып, Елбасы біздің елде «Болашақ энергиясы» деген тақырып аясында әлемдік «ЭКСПО 2017» көрмесін ұйымдастыру туралы бастама көтеріп отырғанын және ол бастаманың ИЫҰ тарапынан қолдау табатынына сенімді екенін жеткізді.

Нұрсұлтан Назарбаев ИЫҰ Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде жасаған өз баяндамасында ислам әлемін реформалаудың жол картасын да жан-жақты айқындап берді. Президент ұсынған мына ұсыныстар жоғарыда айтылғандардың бұлтартпас дәлел деуге әбден лайық.

Біріншіден, мұсылман мемлекеттерінің алдында тұрған мәселелердің шешімін сол мемлекеттердің өздері айқындауы керек.

Екіншіден, ислам әлемі дамудың шикізаттық векторынан шығып, индустриалдық-инновациялық деңгейге көтерілуі керек.

Үшіншіден, ИЫҰ шеңберінде ұсақ және орта бизнесті қолдайтын озық жүйе қалыптастыру қажет. Ол үшін Ислам Даму банкінің аясында ұсақ және орта бизнесті қолдайтын арнайы қор құрылуы керек. Қаржыландырудың исламдық үрдісі мен құралдарын ислам әлеміне кеңінен енгізу қажет.

Төртіншіден, ИЫҰ аясында энергетика саласы бойынша технологиялық және инвестициялық әріптестіктің бірлескен жоспарын жасап, Халықаралық инновациялық орталық құру қажет.

Бесіншіден, исламдық банк жүйесінің қызметіне басымдық беру үшін арнайы халықаралық конференция ұйымдастырып, Алматы қаласын исламдық қаржы орталығы ретінде дамыту керек.

Алтыншыдан, ислам әлемі өзінің басымдығы болып саналатын демографиялық потенциалын тұрақты экономикалық дамудың ең маңызды тетігі деп қарауы қажет.

Жетіншіден, халықаралық сарапшылардың болжамына қарағанда, 2030 жылдары мұсылмандардың саны 2,2 миллиардқа жетіп, әлем халқының төрттен бірін құрайтын болады. Демек, соншама халықты білім-ғылыммен қамтамасыз ету үшін білім мен ғылым деңгейін көтеріп, жаңа идеялар тудыратын, сөйтіп, ислам өркениетінің жаңғыруы мен қайта өрлеуін қамтамасыз ететін интеллектуалдық элита тәрбиелеу қажет.

Бұған ислам әлемінің әлеуеті жететініне ешбір күмән болмауға тиісті. Себебі орта ғасырларда ислам әлемі адамзат өркениетіне математика, химия, астрономия, медицина, архитектура, философия және поэзия салаларында үлкен жаңалықтар ашып, адамзат өркениетіне, оның ішінде Батыс өркениетіне де өз үлесін еселеп қосқан болатын. Багдад, Кордова, Толедо, Александрия қалалары ол замандарда бүкіл әлемнің интеллектуалдық орталықтары болатын.

Сегізіншіден, ИЫҰ-ны реформалау мен жаңғырту аясында оның институттары мен органдарының тиімділігін арттыру қажет. Ол үшін Ұйым терең сараптамалық жұмыстардың негізінде алдын ала жоспарлар мен зерттеулер жасай алатын арнайы институт немесе орталық ашуға тиісті.

Тоғызыншыдан, соңғы жылдарда Ауғанстанда өндірілетін героин мен есірткі тасымалдау он есеге өсіп кетті. Ал Ұйым болса, есірткімен күрес жүргізуде өз мүмкіндіктерін толық пайдалана алмай отыр. Сондықтан Ұйым аясында Ауғанстанға көмек беруді үйлестіріп отыратын арнайы жұмыс тобын құру қажет.

Оныншыдан, бүгінгі таңда ислам мен ислам әлеміне ғаламторда жасалатын жала мен қысымға төтеп беру үшін әрі исламның толерантты әрі бейбіт дін екенін бүкіл әлемге паш етіп отыратын «e-ISLAM» интернет ресурсын қалыптастыру қажеттігін күн тәртібіне қою керек.

ИЫҰ елдерінің Сыртқы істер министрлері кеңесіне басшылық еткен Президент Назарбаев Ұйымды реформалауға бағытталған жоғарыда белгіленген іс-шаралармен қатар ислам әлемінің намысын қайрайтын кейбір ащы шындықтардың да бетін ашып, келешекте олардан тиісті қорытынды шығаруға жетелейтін мына бір мәнді де астарлы сұрақтарды көлденең тартты: «Бүгінгі таңда ислам мемлекеттері соншалықты мол табиғи, адами әрі қаржы ресурстарына ие бола отырып, неліктен әлемдік даму көшінің соңында келеді? Ислам әлемінің университеттері әлемдік жоғары білім саласында неліктен басқаларға үлгі көрсете алмай отыр? Соңғы 20 жыл ішінде мұсылман елдерінде табиғаттану және техникалық ғылымдар саласында бірде-бір әлемдік мәні бар жаңалықтың ашылмау себебі неліктен? Бұл олқылықтар көзге ұрып тұр. Сондықтан оларды байқамау мүмкін емес» дей келіп, өзі төтесінен қойған әлгі сұрақтардың жауабы ретінде: «Бәлкім, озық идеялардың пісіп жетілуі және әлемдік мәні бар ғылыми жаңалықтардың ашылуы үшін ақша мен табиғи байлықтардың мол болуынан гөрі, ең алдымен, интеллектуалдық орта мен қоғамдық-саяси климат қалыптастыру керек шығар» деген түйінді уәжді де көлденең тартты.

Ислам әлемінің Сыртқы істер министрлері Астанада өткен Кеңестен үлкен сабақ алып қайтты деуге толық негіз бар. Егер Кеңесте ұсынылған ислам әлемін реформалаудың жан-жақты ойластырылған тетіктері басшылыққа алынып, кезең-кезеңімен іске қосылатын болса, мұсылман мемлекеттерінің инновациялық әрі тұрақты дамудың сара жолына түсетініне ешбір күмән жоқ. Бұған дәлелді алыстан іздеудің қажеті жоқ. Себебі төмендегі деректер пікіріміздің дұрыстығына толық көз жеткізеді.

Мәселен, қазіргі ғылым мен технологияның тез дамып келе жатқанының ең негізгі себебін білгісі келген кез келген көзі ашық адам бұл құбылыстың сырын ислам өркениетінен табатыны сөзсіз. Себебі ислам өркениеті о бастан-ақ, ғылымның көптеген бағыттарының дамуына тікелей ықпал еткен. Сосын, әлемге небір айтулы ғалымдарды сыйлаған

да осы өркениет. Мәселен, аэроавтика саласының техникалық сөздігіне көз жүгірткен кез келген ғалым онда сипатталған жұлдыз атауларының 60 пайызының араб тіліне тән екенін бірден аңғарады. Тіпті көп заман бойы мұсылман ғалымдарының еңбектері алғашқы ғылыми бағыттардың бастау көздері ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар олар Еуропадағы қайта жаңғыру дәуірі мен Еуропа университеттерінің оқу бағдарламасына да негіз болғаны тарихтан белгілі. Орта ғасыр түнегінен арылып, қайта жаңғыруға серпін алған Еуропа, ең алдымен, мұсылман ғылымы мен өнеріне және әдебиетіне қарыздар. Оның үстіне Үндістан, Қытай және ежелгі Түркия ғалымдарының ғылыми еңбектерін зерттеп, оларды тәржімелеп, бір жүйеге түсірген де мұсылман ғалымдары. Сондықтан да көп ғылымды Шығыс Еуропа мұсылман өркениеті арқылы қабылдаған болатын. Тіпті орта ғасырда аспан денелерінің координаттарын анықтайтын «астролябия» сияқты астрономиялық құралды ойлап тапқан да мұсылман өркениеті болатын. 760-850 жылдар аралығында өмір сүрген Абу Абдуллах Мұхаммад ибн Мұса әл-Хорезми ғылымның алгебра, арифметика, геометрия және тригонометрия бағыттары бойынша еңбектер мен оқулықтар жазған ұлы математик болған. Ал Рейхан Мұхаммад ибн Ахмад әл-Буруни орта ғасырдың 973-1048 жылдары өмір сүрген энциклопедист-ғалым болған. Оның ғылыми еңбектері математика, астрономия, физика, ботаника, география, жалпы геология, минерология, этнография, тарих және хронология салаларын қамтыған. Бұл ғалым Жердің өз осімен қатар Күнді де айналып отыратынын Галилейден алты ғасыр бұрын ашқан болатын. Еуропаны ауылшаруашылық өнімдерінің түр-түрімен алғаш таныстырған да мұсылман әлемі болатын. Мәселен, VIII ғасырда Испанияда күрішті, гранат ағашын, жидек пальмасын, жібек құртын және мақтаны өсірген де мұсылмандар болатын. Суармалы жерлерге егін егіп, каналдар тартуды да алғаш рет қолға алған арабтар. Қағазды бірінші болып пайдаланып, астрономиялық обсерваториялар мен алғашқы кітапханаларды ашқан да солар.

Өкінішке қарай, біз өмір сүріп отырған жаһандану заманында, негізінен, ақпарат құралдарының кесірінен қоғамдық санада ислам өркениетін тым артта қалған, кер-тартпа, білім мен ғылымнан жұрдай, надан, ғылым мен техникадан, прогрестен мүлде аулақ, діни фанатизм, экстремизм және фундаментализм ошағына айналған құбыжық өркениет етіп көрсету белең алып отыр. Бұл үрдіс, әсіресе 2001 жылғы 11 қыркүйекте орын алған Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік сауда ұйымының қос ғимаратының жарылуын «Аль-Каидамен тамырлас мұсылман экстремистері жасаған қылмыс» деген ақпараттан кейін мүлде өршіп кетті. Соның салдарынан Батыс әлемінің мұсылмандарға деген көзқарасы күрт өзгерді. Мұсылмандарды шеттету мен кемсіту, олардың мектептері мен мешіттерін өртеп кету, қиратып тастау, мұсылмандарды сабап немесе атып кету, ия болмаса мұсылмандардың діни бостандығына шек қою, мұсылман бейіттерін бүлдіріп кету жиілей бастады. Мұндай қылмыстар Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше елдерге де тән.

Мәселен, мұсылман дінінің әлемнің ең ірі діндерінің бірі екенін мойындамай, оны аса қатерлі діни идеология деп, шындықпен мүлде жанаспайтын теріс пікірлер қалыптастырып, оларды Батыстың ақпарат құралдары арқылы тарату белең алды. Кейбір мұсылман мемлекеттеріне Аль-Каидамен байланысы бар деген желеумен экономикалық қысым көрсету, соғыс ашып басып алу немесе оларға қисынсыз тиісу жиілеп кетті. ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің кейбірінде мешітке рұқсат берілсе де, мұнара салуға тыйым салу немесе мұсылман әйелдеріне мұсылман дәстүріне сәйкес киінуіне, ия болмаса білім алуына, жұмысқа тұруына, баспана алуына шектеу қою бой көрсетіп отыр.

Алайда бұл құбылыстарға қарсы күрес жүргізіп, мұсылмандар құқығының бұзылмауын қадағалайтын халықаралық ұйымдар да жоқ емес. Мәселен, Варшавада орналасқан ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы, АҚШ-тағы Хельсинки комиссиясы немесе Human Rights First сияқты институттардың

жұмыстары айтуға тұрарлық. Мұндай институттар Біріккен ұлттар ұйымының аясында да жұмыс істейді. Аталмыш институттар тек мұсылмандардың ғана құқығын қорғамайды, олар сонымен қатар, анти-семитизммен де күрес жүргізіп, христиан немесе басқа діндегілердің де құқықтарының бұзылмауын қоса қадағалайды. Солай бола тұрғанмен, мұсылмандарды шеттету мен кемсітушілікті немесе ксенофобияны толық ауыздықтауға немесе тоқтатуға жоғарыда аталған институттардың шамасы жете бермейді. Сондықтан мәдениетаралық, дінаралық және өркениетаралық диалогтерге арналған Қазақстанда Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен өтіп тұратын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі секілді тұрақты халықаралық форумдардың жүйелі түрде жүргізілуі – өте құптарлық шара. Өйткені ондай форумдардың мінбелеріне көтерілетін шешендердің бәрі дерлік халықаралық аренада абырой-атағы биік, қоғам және мемлекет қайраткер. Олар дінаралық, мәдениетаралық және өркениетаралық диалогке, ксенофобия мен адам баласын шеттету мен кемсітуге бағытталған күресті күшейте түсуге, нәсілшілдікті жоюға, дінаралық айырмашылықтардан гөрі олардың арасындағы ортақ құндылықтарды дәріптеуге шақырады. Бұл тұрғыдан алғанда, көзі тірі кезінде Қазақстанда болып қайтқан Ватиканның басшысы, II Иоанн Павелдің мына бір сөзі ойға оралады. Ол өзінің естеліктерінің бірінде: «Діндердің арасындағы айырмашылықтарға таңғалудың орнына олардың арасындағы керемет ұқсастықтарға таңданған жөн» деген өсиет қалдырған екен. Шындығында да, мұсылмандардың киелі кітабы Құранға немесе христиандар мен иудейлердің киелі кітаптарына көз салған адам мұсылман дінінің Ибрагим (Авраам) пайғамбардан басталатынына және арабтардың арғы тегі әлгі пайғамбардың үлкен ұлы Ысмайылдан, ал еврей халқының тегі Исаактан, яғни Ибрагим пайғамбардың екінші ұлынан тарайтынына бірден көз жеткізеді. Сосын, бұл екі халықты жақындататын басқа да құндылықтар бар емес пе? Мәселен, тіл жағынан келгенде, араб тілі хамит тобына жатса, еврей тілі алдыңғыға туыстас

семит тобына жатады. Бірі «сәлем» деп амандасса, екіншісі «шолом» деп амандасады. Түр-сипаттары да ұқсас. Екеуі де солдан оңға қарай жазады. Екеуі де адал ас ішеді. Екеуі де ұлдарын сүндеттейді. Бірақ осылардың бәріне қарамастан екеуінің басы бір қазанға сыймай келеді. Мұның басты себебі әкелері бір болғанымен, Ысмайыл мен Исаактың бір анадан тумағандығында жатыр. Екінші үлкен себеп Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлардың бәрі де еврей халқынан болған. Тек соңғы пайғамбар Мұхаммед ғана араб тегінен. Бар болғаны осы ғана. Демек, екі халықты бөліп тұрған айырмашылықтардан гөрі оларды жақындастыратын ортақ құндылықтар басым тұр. Ендеше, осы құндылықтар жиірек дәріптелсе, көп нәрсе түзелер еді. Сосын ислам діні мен басқа діндердің арасындағы қайшылықтарды жоюдың тағы бір мүмкіндігі бар. Бұл ұлы мемлекеттердің басшылары мен саясаткерлерінің құзырында жатқан мәмілегершілік шеберлік дер едім. Мұның бір жақсы үлгісін Америка Құрама Штаттарының бұрынғы Президенті Барак Обама көрсетті. Ол өзінің 2009 жылғы 4 маусымда Египетке жасаған ресми сапары кезінде Каир қаласындағы мың жылдан аса тарихы бар әл-Азхар университетінде лекция оқып, бүкіл мұсылман әлеміне үндеу салды. Президенттің бұл үндеуі мұсылман өркениетінің алдында батыс өркениетінің қарыздар екенін бүкіл әлемге паш етті. Сонымен қатар, Обаманың бұл сөзі қиюы кетіп бара жатқан Батыс пен Шығысты тауластыруға, жақындастыруға жол ашатын көпір секілді әсер қалдырды. Бұл халқымыздың «Жылы-жылы сөйлесе, жылан інінен шығады» немесе «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген аталы сөздерінің жайдан-жай айтылмағанын және олардың еш уақытта да мәнін жоғалтпайтын асыл мұра екенін дәлелдеп тұрғандай. Шындығында да, мұсылман әлемі Барак Обаманың Каирдегі сөзін жылы қабылдап, бір сәтке болса да батысқа риза болып қалды. Бұл ризашылық Обаманың көп ұзамай Нобель сыйлығының иегері болуына да себепші болды.

Бұдан шығатын қорытынды мынау болмақ. Жылы сөйлеп, тыңдаушысын өзіне тарта білген шешен саясаткерлерді

кім де болса сыйлайды және бағалайды. Сосын «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» демекші, мұндай салиқалы сөздер бүкіл әлемді бір демде шарлап кетеді. Демек, ел мен елді, мәдениет пен мәдениетті, өркениет пен өркениетті, дін мен дінді татулыққа шақыруда әлемнің көшбасшы саясаткерлерінің атқаратын ролі мен жауапкершілігі ерекше болмақ. Өйткені абырой-атағы биік ел басшылары мен атақты саясаткерлердің шынайы да жүрек тебіренер сөздері, ең алдымен, тыңдаушының санасына сәуле түсіріп, ойын қозғайды. Ал ойы мен санасы түзелсе, кез келген азамат пен бүкіл адамзаттың іс-әрекеті түзеледі. Міне, осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, қазір ЕҚЫҰ-ның іс басында жүрген төрағасы – Қазақстанның аталмыш ұйымға мүше мемлекеттерге көрсететін үлгісі мол. Бұған «Сырт көз сыншы келеді» демекші, аталмыш Ұйымның іс басындағы төрағасының жеке өкілі ретінде АҚШ-тағы мұсылман қауымының жағдайымен танысып, сондағы үкіметтік емес мұсылман ұйымдарының уәждерін АҚШ Конгресінің ғимаратында отырған Хельсинки комиссиясына баяндағанда көзім анық жетті. Әлгі елде орын алып отырған мұсылмандарды кемсіту мен шеттетудің нақты мысалдарын моншаққа тізгендей етіп, ағылшын тілінде баяндап едім, құрамының басым көпшілігі конгресмендерден тұратын әлгі комиссияның мүшелері құлақ түріп тыңдады. Жарыссөз соңында комиссия мүшелері сұрақ қойып, біздің елдегі мұсылман және өзге дін өкілдері құқығының сақталу дәрежесін білгісі келді. Мен көп этносты және көпконфессиялы Қазақстандағы ауызбіршілік пен татулықтың орнықтылығын, адамды кемсіту мен шеттетудің біздің елге жат қылық екенін және олай етуге Атазаңымыз – Конституциямыз жол бермейтінін шегелеп айттым. Сөз соңында комиссия төрағасы ризашылығын білдіріп, Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық татулықтың жоғары деңгейде екенін жақсы білетінін және бұл тұрғыдан, Қазақстанның басқаларға үлгі мемлекет екенін жасырмады. Іссапардан қайтқан соң АҚШ пен Канада мұсылмандарының жай-күйі туралы Ұйымның Венадағы Тұрақты кеңесіне баяндап бердім.

«ИСЛАМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҰЙЫМЫ» (ИКУ) ҚАЗАҚСТАН ТӨРАҒАЛЫҒЫНЫҢ ҚАРСАҢЫНДА

2011 жылы Қазақстан төрағалық етпекші болып отырған «Ислам конференциясы ұйымы» (ИКУ) – Азия, Африка, Еуропа және Оңтүстік Америка құрлықтарының үлкен географиялық аймақтарын мекендейтін, халықтарының жалпы саны 1,5 миллиардты құрайтын 57 мемлекеттің (оның сыртында бес бақылаушы ел мен бес халықаралық ұйым бар) басын біріктіріп отырған үлкен халықаралық форум. Ұйымға мүше елдер жер шарының алтыдан бір (32,4 млн кв.) бөлігін иемденеді және олардың жалпы ішкі өнімінің көлемі 2009 жылы 7,5 трлн АҚШ долларына теңелді. Бұл көрсеткіш бойынша, бүгін олар алпауыт Қытайдан сәл ғана артта тұр. Қазір аталмыш ұйымға мүше 45 елдің (12 кедей елдерді қоспағанда) жиынтық алтын-валюта қоры 981 млрд АҚШ долларын құрап отыр. Олардың табиғи ресурстары да өте бай. Бұл көрсеткіш бойынша, Ұйымға мүше елдер қазір әлемдік жер байлығының 65 пайызына қожалық етіп, шикізаттың 45 пайызын өндіреді.

Бұл күнде ірілігі жағынан Біріккен Ұлттар Ұйымынан кейінгі екінші орынды иемденетін Ислам конференциясы ұйымы 1969 жылы құрылған болатын. Бірақ о баста аталмыш ұйым «Бүкіләлемдік ислам конференциясы» (1926 ж.) деген атпен құрылып, кейін «Ислам конференциясы форумы» және «Әлемдік ислам конференциясы» деген атауларды да иеленген.

1969 жылдан бермен қарай Ислам конференциясы ұйымы өзіне мүше елдердің саяси проблемаларымен қатар олардың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени салаларына қатысты түйінді мәселелерді шешумен үнемі айналысып келеді. Ұйымның ұстанған негізгі мақсаты – мұсылман елдерінің өзара қарым-қатынасын тереңдете түсіп, олардың ортақ табиғи және адами байлықтарының сол елдердің өз мүддесіне тиімді қызмет етуіне және тұрақты

дамуына оң ықпал жасау және олардың әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету.

Ұйымның Бас хатшылығы Сауд Арабиясының Джидда қаласында орналасқан. Ұйымның Уставы бойынша, Бас хатшыны бес жылдық мерзімге Ұйымға мүше елдердің бірінен Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі сайлайды. Қазіргі Бас хатшы Экмеледдин Ихсаноглу мырза бұл лауазымға 2005 жылдың бірінші қаңтарында тағайындалған болатын. 2008 жылы өткен Ұйымның он бірінші саммиті Э. Ихсаноглуның бұл мандатын тағы бір кезеңге ұзартты. Бас хатшы 2007 жылы Қазақстанға жасаған ресми сапары кезінде Президент Н. Назарбаевпен кездесіп, біздің елде «Орталық Азиядағы ислам өркениеті» тақырыбы аясында өткен халықаралық конференцияға қатысқан болатын. Э. Ихсаноглу Қазақстан мен Ислам конференциясы ұйымының арасындағы қарым-қатынастың кеңейе түсуіне үнемі атсалысып келеді. Ол Қазақстанның 2011 жылы аталмыш Ұйымға төрағалық етуіне байланысты көтерілген ұсынысты да бірден қолдаған болатын.

Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан бүгін ислам өркениетінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Халқының саны жағынан әлемде 62-орында тұрған Қазақстан мұсылман әлемінде 23-орынды иеленсе, жер көлемі жағынан олардың арасында бірінші орында. Сосын еліміздің тарихының мұсылман әлемімен ғасырлар бойы сабақтас және халқымыздың рухани мәдениетінің ислам өркениетімен ежелден тамырлас екені ешбір дау туғызбайтын шындық. 1995 жылдан бері ИКҰ-ға мүше мемлекет ретінде Қазақстан бұл ұйымның атқарып келе жатқан іс-шараларына белсене араласып, оның әлем қауымдастығы алдындағы беделінің өсуі мен ислам әлемінің абыройлы форумы ретінде бұдан да былай нығая беруіне атсалысып келеді. Ендеше, 2011 жылы осы беделді ұйымға басшылық етуге Қазақстанның тағайындалуын жер жүзіндегі мұсылман қауымдастығы тарапынан біздің елге деген үлкен сенім мен қолдау деп қабылдған жөн.

Мән бермеуге болмайтын тағы бір фактор мынау. Бүгінгі таңда Қазақстан тек Азия мемлекеттерінің ғана емес,

сонымен қатар ТМД, сол сияқты күллі мұсылман елдерінің арасынан Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының төрағалығына тағайындалған бірінші мемлекет. Ал бұл шешімді ең әуелі мұсылман мемлекеттері мақтанш сезіммен қабылдады. Олай болатын жөні де бар. Себебі Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының мақсат-мүдделері мен Ислам конференциясы ұйымының басты нысаналары, кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, бір арнаға тоғысып жатады. Өйткені екі ұйымның да көздегені – әлемдегі қауіпсіздік пен халықтар арасындағы ынтымақтастық, экономикалық-экологиялық қатерлерді тізгіндеу, адам құқығын сақтау және ксенофобиямен күрес жүргізу. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, қазір Қазақстанның аталмыш халықаралық екі үлкен ұйымның арасын жақындата алатын мүмкіндігінің мол екенін батыс та, шығыс та өте жақсы түсініп отыр. Ендеше, әлгі мүмкіндіктерді жете пайдалансақ, екі өркениеттің де бұдан ұтпаса, ұтылмайтыны анық.

Осы орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың үстіміздегі жылы Ресейдің «Известия» газетінде жарияланған мақалаларының бірінде көтерген сындарлы бастамалары ойға оралады. Онда Президент Қазақстанның халықаралық аренадағы ролінің алдымыздағы жылдары ұлғая түсетінін, атап айтқанда, біздің елдің бірнеше абыройлы халықаралық ұйымдарға басшылық ететінін тілге тиек ете келіп, еліміздің осы мүмкіндіктері мен әлеуетін ЕҚЫҰ мен өзге де халықаралық ұйымдар ұтымды пайдаланса, олардың абыройы бұрынғыдан да арта түсетінін мәлімдеген болатын. Айтса айтқандай-ақ, Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығынан алған тәжірибесінің келесі жылы еліміздің Ислам конференциясы ұйымына немесе Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына немесе Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесіне, ия болмаса ЕУРАЗЭК немесе ТЮРКСОЙ-ға төрағалық еткен кезде үлкен еуразиялық аймақтағы қауіпсіздіктен бастап, әлемдік саяси, экономикалық, экологиялық, энергетикалық немесе азық-түлік саласындағы қауіпсіздіктің түйінді мәселелерін шешуде үлкен себеі тиіп, пайдаға асатынына шүбә келтіруге болмайды. Сосын ке-

лесі жылы Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын біріге басқаратын үштіктің құрамында тағы да бір жыл бойы жұмысын жалғастыра беретінін естен шығармаған жөн.

Осы тұста және бір елеулі саяси факторды атап айтсақ, артық бола қоймас деген ойдамыз. Ол – еліміздің қазіргі мұсылман әлемімен орнатып жатқан қарым-қатынастарының биік белестерге көтеріліп келе жатқандығы. Бұл үрдіс еліміздің болашақ мүдделеріне де, ішкі-сыртқы саясатына да толық сай келеді. Осы тұрғыдан қарағанда, елімізге Ислам Даму банкі тарапынан қаржыландырып, осыған дейін іске асырылған және алда да іске асырылатын ірі-ірі инвестициялық жобалардың қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Сонымен қатар, Қазақстанның бүгінгі таңда Ислам конференциясы ұйымының толыққанды мүшесі дәрежесіне көтерілуі де жоғарыда аталған оң үрдістің тағы бір белгісі. Өйткені жақында ғана Тәжікстанда өткен аталмыш ұйымның Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезекті сессиясында Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаевтың Ислам конференциясы ұйымының Жарғысына бүкіл мұсылман әлемі өкілдерінің алдында қол қойды. Сосын Қазақстан делегациясының жетекшісі аталмыш Кеңесте тек Қазақстан үкіметінің мүшесі ғана емес, Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтатық ұйымның қазіргі іс басындағы төрағасы ретінде екі үлкен халықаралық форумды бір-біріне жақындата түсетін мәмілегершілік қызметті де қоса атқарды. Бұл аталмыш ұйымдардың да, Қазақстанның да абыройын биіктете түседі десек, артық айтқандық болмас. Себебі, жоғарыда атап өткендей, Душанбеде атқарылған әлгі шара Елбасы айқындаған мемлекетіміздің көпвекторлы сыртқы саясатының нақты іске асырылып жатқан сәтті үлгілерінің бірі болды.

Қазақстан қазір Ислам конференциясы ұйымының басты институттарының жұмысына, атап айтқанда, ИКҰ-ға мүше елдері көшбасшыларының тікелей қатысуымен әр үш жылда бір рет өтіп тұратын Ислам саммитіне, Сыртқы істер министрлерінің жыл сайын өтетін кеңестеріне, Тұрақты кеңес

отырыстарына қатысып келеді. Оның оң нәтижелері де жоқ емес. Мәселен, 2008 жылы Қазақстанның ИКҰ-ға мүше елдермен алмасқан тауар айналымының көлемі 10 млрд АҚШ долларын (экспорт – 8,7 млрд долл., импорт 2,6 млрд долл.) құрады. Бұл көрсеткіш, әрине, аз да емес, көп те емес. Ал егер Қазақстан мен ИКҰ-ға мүше елдерінің экономикалық әлеуеттерінің барлық мүмкіндіктерін толық жұмылдырып, жан-жақты іске қосқан жағдайда, бұл үрдістің екі жақтың экономикалық даму қарқыны мен халық тұрмысына тигізетін оңтайлы әсерінің қаншалықты зор болатынын елестету онша қиынға соқпаса керек. Бұлай топшылаудың негізі де жоқ емес. Мәселен, Ислам конференциясы ұйымының келешекке бағытталған 10 жылдық бағдарламасы бойынша, ұйымға мүше елдердің ішкі өзара саудасының деңгейін қазіргі 16 пайыздан 20 пайызға дейін көтеру көзделіп отыр. Міне, дәл осы тұрғыдан келетін болсақ, Қазақстанның 2011 жылы іске асырмақшы болып отырған бастамасының мақсаты Астанада жетінші Әлемдік экономикалық ислам форумын өткізіп, оны мұсылман елдері үкімет басшылары мен мемлекет органдары жетекшілерінің және әйгілі экономистер мен мұсылман әлемінің іскер топтарының диалог алаңына айналдыру болып табылады. Өйткені ХХІ ғасырда сапалы ақпаратқа қол жеткізу экономиканың қай саласында болсын табысқа жетудің ең тиімді кілтіне айналып отыр. Сосын Қазақстанның бұл бастамасының Біріккен Ұлттар Ұйымының 2010 жылды «Мәдениеттер жақындастығының халықаралық жылы» деп атау жөнінде қабылдаған арнайы шешімімен де әдемі үйлесім тауып тұрғанын елемей кету мүмкін емес.

Сөз соңында Ислам конференциясы ұйымының 2005 жылы Мекке қаласында өткен кезектен тыс саммитінде қабылданған ұйымның он жылдық бағдарламасының да мәнінің өте зор екенін атап өткен жөн сияқты. Өйткені ұйымға мүше елдердің демократиялық жолмен дамуына ауадай қажет көпнысаналы бұл бағдарламаның нақты іске асуына Қазақстан да тікелей араласып, атсалысатынын естен шығармаған жөн.

2011 жыл

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз: Үйлесімнің үлгісі. *Б. Омарұлы*.....3

ЖАҢАҢДАҢҒАН ӘЛЕМНІҢ ГЕОСАЯСИ КЕЛБЕТІ

Ли Куан Ю әлемі.....	17
Ізгілік иірімі	27
Сұңғыланың пайымдары	35
Нарық пен мораль.....	39
XXI ғасыр: футуристің көзімен.....	44
Сына қағылған сызат.....	48
Америкада өткен Президент сайлауы.....	52
Ақ Үйде саясат сабақтастығы бар ма?	59
Британияда өткен Парламент сайлауының ерекшеліктері	64
Задача консерваторов – повторить подвиг «Железной леди»	73
Әлем күтпеген саяси-тектоникалық сілкініс	77
Жаңа экономикалық парадигма.....	83
Еуропа мен еуро тағдыры	87
Өркениет құндылықтарының құлдырауы – әлеуметтік тұрақсыздыққа апаратын сын-қатер.....	91
Америкалық макроэкономистің пайымдары нені аңғартады?	98
Әлемнің азық-түлік қауіпсіздігі.....	107
Генри Киссинджер таразылаған Қытай	114
«Қолайсыз шындықтың» астары.....	119
«Financial Times» 125-ке толғанда	126
Этносаралық қатынастардың кейбір ерекшеліктері	131

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ЖАҒАНДЫҚ ГЕОСАЯСАТТАҒЫ ДАРА ЖОЛЫ

Шерлі шежіре шындығы.....	137
Желтоқсанның көлеңкесі мен күншуағы	142
Еуразия жүрегіндегі елорда	148
Қазақстан сыртқы саясатының тарихи белесі	154
Хельсинки комиссиясымен бетпе-бет.....	164
Суыртпақтай суырылған сұхбат-кітап	167
Қазақстан дипломатиясының жеңісі	173
Бітімгерлік болмыстың сипаты.....	176
Канадалық ғалым пайымдаған Астана	179
Ғасырға татыр 25 жыл	184
Әлем қауіпсіздігінің кепілі.....	189
Ел бірлігінің іргетасы	195
Ядролық ғасырдан – азат болашаққа	198
Геосаяси өзгерістер заманындағы «Жібек жолы»	203
Үлкен әріптестік жолында	209
Жаһанданған заман сипаты	215
Ұлы Дала елінде жаңғырған ұлттық сана	219
Елбасы Жолдаулары – ел ертеңі.....	226
Сөз саңлағы, поэзия бағбаны	231
Әлемдік құндылықтарды әйгілеген	236
Мәңгілік Елдің өркениеттік мұраттары.....	242

МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІ

Ислам діні және мұсылман қауымдастығы	251
«Ислам конференциясы ұйымы» (ИКҰ)	
Қазақстан төрағалығының қарсаңында.....	264

Әділ Ахметов

ҒАСЫР ҒИБРАТЫ

Кітап автордың редакциялауымен шығып отыр

Көркемдеуші редакторы Жеңіс Қазанқапов
Техникалық редакторы Эльмира Заманбек
Дизайнері Сұлтан Мұсаев
Корректоры Айдана Сыдықбай
Компьютерде беттеген Ақмарал Кадикенова

Басуға 16.02.18 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 17,0.
Тапсырыс №19. Таралымы 500 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Регис-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

Әділ Құрманжанұлы Ахметов



1941 жылы 23 мамырда Алматы облысының Нарынқол селосында дүниеге келген. Алматы шет тілдері институтын ағылшын және қазақ тілі мамандығы бойынша бітірген (1958-1963). Ресей және Қазақстан Жоғары мектеп ғылым академияларының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

1963-1990 жылдары – Алматы шет тілдері институтының мұғалімі, аға мұғалімі, ағылшын тілі факультеті деканының орынбасары, факультет деканы, институттың оқу ісі жөніндегі проректоры.

1990-1992 жылдары – Алматы қаласы әкімшілігінің сыртқы байланыстар бөлімінің бас маманы және АҚШ-тың Алматымен бауырлас Тусон қаласындағы уәкілі.

1992-1997 жылдары – Алматы шет тілдері институтының ректоры.

1997-1999 жылдары – ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Білім комитетінің төрағасы.

1999 жылы – Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ректоры.

1999-2000 жылдары – ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші вице-министрі.

2000-2001 жылдары – ҚР Ұлыбританиядағы Төтенше және өкілетті елшісі.

2001-2004 жылдары – Қазақстан-Британ техникалық университетінің ректоры.

2004-2007 жылдары – ҚБТУ-дың халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры.

2007-2013 жылдары – ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комитетінің хатшысы әрі 2009-2013 жылдары – ЕҚЫҰ Іс басындағы төрағасының Мұсылмандарды кемсіту және шеттетумен күрес жөніндегі жеке уәкілі.

2011 жылдан бері ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары комиссиясының мүшесі.

2013 жылдан бері Қазақстан халқы Ассамблеясының және сол Ассамблеяның ғылыми-эксперттік комитетінің мүшесі.

2013 жылдан бері Түркітілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық кеңесі жанындағы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі.

2013 жылы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ЮНЕСКО кафедрасының профессоры.

2014 жылы – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры.

2015 жылдан бері Халықаралық Түркі академиясының профессоры.

Еңбектері: «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» (1995, 2016); «Азия – Берингия – Америка немесе америкалық үндістердің азиялық тегі» (қазақ және орыс тілдерінде, 2003, 2006); «Түбі түркі өркениет» (2009); «Америкалық «үндістердің» алтайлық тегі» (2011); «Еуразия коды. Бесінші өркениет қарсаңында» (орыс, қазақ, поляк тілдерінде, 2011, 2012, 2013); «Ғалым, саясаткер және дипломат жазбалары» (2015); «Жаһанды жалғаған терең тамырлар» (2016).

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «ҚР дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атақтарымен, «Құрмет» орденімен, ТМД елдерінің Парламентаралық Ассамблеясының «Содружество» орденімен, бірнеше медальдармен, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы және төсбелгісімен марапатталған.



ISBN 978-601-302-893-4



9 786013 028934

FOLIANT